ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

МӘДЕНИЕТ КОМИТЕТІНІҢ

«САРАЙШЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК ТАРИХИ-МӘДЕНИ МУЗЕЙ-ҚОРЫҒЫ

САРАЙШЫҚ ОҚУЛАРЫ-2025

Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары

Сарайшық, 2025 ж.

ӘОЖ 94(574)
КБЖ 63.3 (5 Қаз)
С22

Жауапты редактор

Ә.Қ. Мұқтар - тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

Редакциялық алқа

У.Т. Ахметова – т.ғ.д., қауымдастырылған профессор, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ

Ж. Мұстафин - т.ғ.к., профессор

Ж. Диярова - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директор орынбасары

А. Тұраруұлы - «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК бас инспекторы

А. Жумабаев – магистр, «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК ғалым хатшысы

Сарайшық оқулары-2025: Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары (11 сәуір, 2025 жыл) / Жалпы ред. басқ. Ә.Қ.Мұқтар. - Атырау-Сарайшық, 2025. – 312 б.

ISBN 978-601-08-5111-5

Жинақ 2025 жылғы 11 сәуірде Атырау облысы, Махамбет ауданы, Сарайшық ауылында өткен ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи рөлін жаңғырту, еліміздің тарихи-мәдени және ғылыми мұрасын зерделеу мақсатында ұйымдастырылған «Сарайшық оқулары-2025» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдарынан құралған. Материалдар жинағында Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер, Жошы ұлысы тарихы туралы зерттеулер, Жошы ұлысы тарихының білім беру саласында оқытылуы, Қазақстандағы музей ісін дамыту, музейлердің туризм саласындағы орнын анықтау, туризмді дамыту бойынша ұсыныстар мен жобалар мәселелеріне баса назар аударылады. Басылым тарихшыларға, мектеп мұғалімдеріне, өлкетанушыларға, студенттерге, оқушыларға және ғылыми көпшілікке арналған.

Ескеру: Мақалалар мен баяндамалардың мазмұны мен мәтініне жинақты дайындап, шығарушы жақ жауап бермейді.

ISBN 978-601-08-5111-5

© «Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК, 2025

ПЛЕНАРАЛЫҚ МӘЖІЛІС

ЕДІГЕ БАТЫР ҰРПАҚТАРЫ: ӘЗБЕРГЕН БАТЫР

Асан Жұманазар – филология ғылымдарының докторы
Баишев университетінің профессоры
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа: Мақалада 18 ғасырда өмір сүрген Едіге ұрпағы Әзберген батыр туралы айтылған.

Кілт сөздер: Едіге, Әзберген, Хива, Конрат, көтеріліс,батыр.
Резюме: В статье упоминается герой Азберген-батыр, потомок Едиге, живший в XVIII веке.

Ключевые слова: Едиге, Азберген, Хива, Конрат, восстание, герой.
Resume: V stat'ye upominayetsya geroy Azbergen-batyr, potomok Yedige, zhivshiy v XVIII veke.
Keywords: Edige, Azbergen, Khiva, Konrat, vosstaniye, geroy.

Әзбергеннің Ер Едігенің ұрпағы екеніне мынадай деректер бар. Алматыдан 1992 жылы жарық көрген «Алты ата Әлім» атты кітапта Ноғай Ордасының билеушісі Мұса, одан Сирақ (Сейдақ – А.Ж), одан Қалу, одан Бөлек, одан Айт, одан Қабақ пен Тілеу туған деп таңбаланған [1,21 – 23 б.]. Әзберген Қабақтан тарайды.

«Ақтөбе» энциклопедиясында Қабақ жайлы: «Айтұлы Қабақ (шамамен 1611-1689 ж. қазіргі Өзбекстан, Шыршық өзені, Аққайран деген жер) Ноғай Ордасының билеушісі Мұсахан ұрпағы. Ел ұйытқысы болған би. Есімі руға шыққан. Сайрам соғысының (1681-84) қаһарманы Тілеу Айтұлының туған ағасы. Ағайынды екеуіне қатысты «Тілеу-Қабақ» дейтін ән бар. Ойраттарға қарсы күрескен Бақтыбай, Жарас, Қарабас батырлардың, батырлардың, Әзберген Мұңайтпасұлының т.б. әйгілі адамдардың арғы атасы. Ақтөбе облысында ондаған мың ұрпақтары тұрады» деп жазылған [2,221 б.].

Алматыдан 1994 жылы жарық көрген «Кіші жүз рулары (шежіресі мен тарихы)» деген кітапта да Қалу Сейдақтың баласы екендігіне куәлік берілген [3,51б.]. Осы кітапта «Қабақтан атақты адамдар баршылық. Солардың ішінде Қарадан хан болған (қазіргі Өзбекстанның Бұхар, Хиуа жерінде) Қалдыбай, Әзбергендер» деп аққа қарамен таңбалаған [3,53 б.]. Ежелгі астанамыз Түркістан қаласында Тілеудің атында және Қалдыбайдың атындағы екі бірдей көше бар. Тілеудің есімі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне жерленгендер тізімінің бел ортасында тұр.

Әзберген Мұңайтпасұлының (1813ж.т.) есімі Кеңес өкіметі кезіндегі «Қазақ Совет энциклопедиясына»[4,214б.] кейінгі шыққан Ұлттық энциклопедиямызға енген. 1943, 1949, 1957 жылдары басылған ресми нұсқа «Қазақ ССР тарихының» бірінші томдарында жүр. Әзберген 1847 – 1858 жылдар аралығын созылған Есет Көтібарұлы бастаған ұлт-азаттық

көтерілістің қаһармандарының бірі болған. Даңқты ақын Бердақтың, Кердері Әбубәкір, Сарышолақ шайыр, Сары Батақұлы өлеңдерінде, атақты ғалымымыз Ш.Уәлиханов еңбектерінде құрметпен аталады[5]. Орыс-қазақ жылнамаларында тұр, 1860 жылы 10 қазақ зиялысының бірі есебінде Петерборға барған. Мұрағаттарда жатыр. Ол туралы ондаған зерттеу мақала жазылып, диссертация қорғалды. Туған жері Ақтөбе мен Шалқар қалаларында Әзберген Мұңайтпасұлы атындағы көше бар.

Ұлы Борсық бойының ең соңғы көне көз шежірешісі марқұм Бисенғали Өтебалыұлы Әзберген батырдың Қарақасқа ат, Қарамел ат дейтін тұлпар мінгенін, Есей, Алғыр дейтін ақылды жәрдемшілері болғанына дейін білетін.

Әзбергеннің Орта Азия мемлекеттері алдындағы беделінің зор болғанын совет тарихшысының мына сөздерінен де көреміз: «Иногда Исет Котибаров совместно с родственником Азбергеном Мунайтбасовым жил недалеко от Кунграда, в местности Азберген. 21 июня 1857г. оперативные работники форта Перовского отмечали, что мятежник Исет Котибаров находится ныне с аулами на Караталаке, недалеко от Хивинского города Кунграда, близ берегов Аралского моря…» [6,52 б.].

Әзберген Әмудариядан Қараумбет шыңының астындағы «Малшы» деген жерге дейін ұзындығы 36 шақырымдық канал қаздырған. Көтерілісшілер үшін, келгенде шөлдемесін деп. Оның ізі осы уақытқа шейін сақталған.

Патша әскерінің қорғансыз қалған ауылдардағы бала-шағаны аяусыз қыруы тоқтамаған соң, 1858 жылы көтеріліс басшылары патша өкіметімен амалсыздан келісімге келеді. Мұны төмендегі дерек растайды:«Бий чиклинского рода, кабакова отделения, Азбергень Мунайтмасов. В последние годы преследовался, как один из деятельнейших соучастников мятежа, произведенного в 1855 г. бием Исетом Кутебаровым, и бежал в хивинские пределы, но в 1858 г. прощенный по высочайшей благости, оказал различные услуги бывшей под Конградом экспедиции под начальством флигель-адьютанта Бутакова и возвратился в наши пределы. Вместе с собой Азбергень вывел из Хивы в Зауральскую степь несколько сотен кибиток киргиз, подвергшихся разорению в Хиве, вследствие тамошних смут и дорогой оказывал этим несчастным всевозможную помощь из собственных своих, крайне не больших средств.

Мунайтмасов получал награды: 1) в 1859 г. – суконный кафтан с галуном и 300 руб. сер.; 2) по случаю представления в числе прочих ордынцев в 1860 г. к высочайшему двору – 150 руб. сер. и кроме того избавлен лично от взноса кибиточной подати; 3) при представлении в 1861 г. г-ну генерал-губернатору Мунайтмасов удостоился получить от него лично серебряный поднос; и 4) за усердие и преданность правительству 20 июля 1862г. – револьвер.

Бий Исет Кутебаров – влиятельнейший бий в целом чиклинском роде, в последние годы преследовался за мятеж, произведенный им между киргизами, но в 1858 г. по высочайшей благости прощен. Он получал награды: а) в 1857 г. от генерал-адьютанта Катенина – бархатный кафтан с позументом; б) в 1859

г. от него же – 300 руб. сер; в) в 1860 г. от нынешнего г-на генерал-губернатора генерал-адьютанта Безака – серебряную чашку для кумыза и 100 руб. сер., в 1861 г. от него же – серебряный поднос и чашку для кумыза, а в 1862 г. - золотые часы.

Кроме того, при представлении в 1859 г. в числе прочих ордынцев к высочайшему двору, Кутебаров избавлен лично от взноса кибиточной подати. В настоящее время Кутебаров управляет кабаковым отделением чиклинского рода [7,38 б.].

Қазақия мен Орта Азияда ықпалды би, белгілі саясаткер, даңқты батыр болған соң Әзбергенді орыс патшасы Александр II 1860 жылғы қазақ зиялыларының IV-ші депутациясының құрамына енгізуге келісім береді. 1985 жылы басылып шыққан Шоқан Уәлихановтың бес томдық шығармалар жинағында Л.Н.Плотниковтың «Моя встреча с Валихановым в Петербурге» деген 1860 жылы қараша айында Орынборда жазған мақаласы бар.

«В 1860 году отправлена отсюда на Петербург четвертая депутация. В составе ее были от области Оренбургских киргизов восточной части: султан-правитель ее, есаул, султан Мұхаммед Джантюрин, и бий Джугары-Чектинского отделения аргинского рода зауряд-сотник Беримжан Чегенов, средней части: управлющий чумекеевским родом, войсковой старшина, султан Ермухаммед Касымов и Чеклинский бий Кабаков отделения *Азберген Мунайтбасов;* западной части султан-правитель ее подполковник, султан Мухаммедкали Таукин», - деп басталып, депутация құрамында Мұхаммед-Салық Бабажанов пен тархан Ғұбайдолла Есенбаев бар, барлығы он адам екені айғақталады [8, 244б.]. Депутация мүшелерінің Эрмитажға барғанын атүсті сөз етеді.

Депутация Санкт-Петербургта 31 шілдеден 24 тамызға дейін болған. Сонда жүргенде Әзберген Әлмұхаммед Сейдалин және Мұхаммед-Салық Бабажановпен бірге суретке түскен. Суретті түсірген – А.И.Шпаковский деген фотограф. Әзберген батырдың қазақтың сол кездегі ең атақты адамдарымен таныс-біліс болуы, қатар отырып, тең дәрежеде кеңес құруы оның қандай адам екенін айқындай түседі. Әзбергеннің есімі Орынбор генерал-губернаторлары В.А.Перовский, А.В.Катенин, Түркістан генерал-губернаторы К.П.Кауфман арқылы Ресейге, Ресей патшасы Александр II-ге мағұлым болған.

Әзберген көтерілс басылған соң жазалаудан сескенген адамдарын ертіп, Хиуа хандығына қарасты Қоңырат қаласы жанындағы өзі салдырған қорғанға көшіп кетеді.

Әзберген батыр патша өкіметіне берген уәдесінде тұрмайды, 1868 жылғы реформаға байланысты Торғай облысында толқу басталғанда соның ортасынан табылады. 1943 жылғы, редакциясын академик А.Панкратова басқарған ресми тарих кітабының «Орал және Торғай облыстарындағы көтерілістер» деген тарауында: «Барлық көтерілісші отрядтардың басшылығына кедей қазақ Әзберген Мұңайтпасов сайланды» деп таңбаланған [9,411 б.]. Мұндағы көтеріліс басылған соң, Әзберген жеті мың шаңырақты

өзімен бірге Хиуа хандығына көшіріп әкетеді[10,422б.]. Жер әперіп, үш жылғы салықтан босаттырады.

Оның жанында біраз уақыт бірге жүрген Қарақалпақтың әйгілі ақыны Бердақ:

Құдайым бір сондай ерді жаратмыш,
Баян етсем, аты оның Әзберген.
Бүлбіл ғоя кібі, шірін дүр сөзі,
Мәулім збанына жүз мың сөз берген.

Һешкім бұндай емес адам зурияттан,
Қазақ, қарақалпақ, өзбек елаттан.
Сөздері шіріндүр қанты-набаттан,
Сөйлескенде кеулін ашып һаз берген.

Қылышы өткірдүр һешкім бара алмас,
Батырлығын дұшпандары көре алмас,
Өзі әдалатты, һаргіз пара алмас,
һәркімдерге дуры төре сөз берген! – [11,113 б.]

деп мадақ тұтады. Білген соң, бірге жүріп қадір-қасиетін көрген соң.

Сол жылы трікмендерді Қоңыратқа бастап келген Атамұрат қарақалпақтарға ауыр салықтар салып, тонауға ұшыратады. Олардың зорлығынан қашқан қарақалпақ Молда Пірім деген кісі қорған салдырады. Талдық өзенінің сол жақ құяр сағасына, 1500 шаңыраққа лайықтап салынған бұл қорғанға да түрікпендер шабуыл жасайды. Хиуа ханы дер кезінде көмек бере алмайды. Жәуміттер қоршауға алып, сырттан ешкімді беттетпейді. Арада бірнеше күн өткен соң, іштегі біреулер сатқындық жасап, қақпаны ашып береді. Түрікпендер жас нәрестеден бастап кемпір-шалға дейін қырғынға ұшыратып, мүлкін тонап, өңді қыз-келіншегін алып кетеді. Әжінияз шайырдың:

Қала башы болдың сен молда Пирим,
Өзиң талип-илим, көңлиңде кириң.
Қоңырат балаңды алса ол хәм өз бириң,
Хош аман бол бизден қалдың Бозатау.
Сен бағ едің бұлбіл ушты зағ қалды,
Бүкіл денем жанды іште дәрт қалды,
Қисық порқан атау сені жау алды,
Басың құтты, соңың қашқын Бозатау, –

дейтіні содан [11,396 б.].

Атамұрат Әзбергеннің қорған-бағына әлденеше рет шабуыл жасады. Қорғандағы ержүрек қазақтар мен қарақалпақ жігіттері жанкештілікпен қорғанды. Ал олардың даңқты басшысы Әзберген өзінің ақыл-парасатымен, ұмсынғаны қапы кетпейтін шалт қимылымен, соғыс өнеріне жетік сайыпқырандығымен өзгелерге өнеге көрсете білді.

Әзбергенді тәрип етсем мен сізге,
Құлқы-пейілі ұқсар Сұлтан Табризге,
Кімге тиық, һәмде найза ұрып кімге,
Көп әскерді қашқын қылған Әзберген.

Сауаш етер дұшпанмен ұшырасып,
Нар кібі аузынан көбіктер шашып.
Кім сені дүпеңдеп, кім сені шаншып,
Көп лашкерді басылдырған Әзберген, – [11,113б.].

дейді қанмайданда қасына ерген Бердақ шайыр. Талайы озық басшысы бар, рухы биік қорған жәуміттерге алдырмайды. Оны паналап келушілердің саны күн өткен сайын еселеп өседі. Хиуа ханынан да көмек алады. Бұл оқиға хақында совет тарихшылары: «Туркменские феодалы нападали и на казахов. Которые, отделившись от Кунграда раньше каракалпаков, построили укрепление на правом берегу Таллыка. Казахский бии Азберген Мунайтбасов получил от хивинского хана в помощь 500 нукеров», – деп жазды [12,245б.].

Әзбергеннің бұдан кейінгі өмірі Қазақстанды игеріп, енді Хиуаға ауыз сала бастаған патша өкіметімен күрес үстінде өтеді. Қарақалпақтың классик ақыны Бердақ Қарғабайұлы оны соғыс үстінде көрген. Көріп:

Әзбергенді тәрип етсем сөзбенен,
Ұрыс айлер танһа өзі жүзбенен.
Инанбасаң барып көрің көзбенен,
Көруге һәммеге бірдей көз берген,
Білсең Әзбергеннің теңі-тайы жоқ,
Ұрыс майданында қайғы-ғамы жоқ,
Тәрип етсем Горұғылыдан кемі жоқ,
Рүстемі дастаннан артық Әзберген! – [11,129 б.] деп куәлік берген.

Оның игілікті ісі Орталық Азия халықтарының тарихтарында бедерленген: Қоңырат қаласын билеген, 1870 жылы «Хиуаның ханы» деген құрметті атаққа ие болған[13,53 б.] .

Қорытып айтқанда, Едігенің кейінгі ұрпақтары ішінде елінің азаттығы үшін күрескен Әзберген батырдың алар орны айрықша.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дәуренбекұлы Ж., Құттыбайұлы С. Алты ата Әлім. – Алматы: Рауан, 1992. – 32 б.
2. «Ақтөбе» энциклопедиясы. - Ақтөбе, 2001. – 667 б.
3. Табылдиев Х., Қалмұратов А. Кіші жүз рулары (шежіресі мен тарихы). – Алматы: Ер Дәулет, 1994. – 110 б.
4. ҚСЭ. 8т. – Алматы: Ғылым, 1976. – 640 б.
5. Уәлиханов Ш. Орта Азия халықтары: Хиуа, Бұхар мен Қоқан және олардың Ресеймен қарым-қатынастары // Ақиқат, №9. 1995.
6. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. - Ташкент, 1966.

7. ЦГА КазССР, ф. 4, оп. 1, д. 3112, лл. 14-15 об. Отпуск.
8. Валиханов Ч. Собрание сочинений в 5 томах. т. 5. – Алматы, 1985.
9. Қазақ елінің тарихы.3-ші басылым. – Алматы,2011ж.
10. Қазақ ССР тарихы. 1 том. – Алматы, ҚМБ, 1957. - 640 б.
11. Бердақ. Өленděр жинағы. – Нөкіс, 1941.
12. Кималов С. Каракалпаки XVIII-XIX веках. – Ташкент, 1968.
13. Сайфулмаликова С.С. Әзберген Мұңайтпасұлы кім еді?//Қазақ тарихы. – 2006. - №5.

ӘБІЛҒАЗЫ БАһАДҮРДЫҢ «ТҮРІК ШЕЖІРЕСІ» ҚАҚЫНДА (1603-1664). «ШЕЖІРЕ» ТУРАЛЫ.

Мұстафин Ж.Ж – тарих ғылымдарының кандидаты,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының
аға ғылыми қызметкері
Атырау қаласы

XVII ғасырдағы түркі жазбаларының ішінде Әбілғазы еңбегі елеулі орын алады. Себебі, Шыңғыс ұрпақтары – өздерінің ұстаған саясаттарына сай тарихи жазба – жылнамаларын әдетте жылнамашыларға жаздырғанды. Мысалы: Шыңғыснама, Батырнама, Шейбанинама, Жамиғ – ат тауарих, т.б.

Ал, Әбілғазы шежіресінің өзіне ғана тән екі ерекшелігі бар. Біріншіден, авторы Шыңғыс (төре) ұрпағынан шыққан хан бола тұрып, өз тарихын өзі жазған; екіншіден, кітап тарихи, әдеби жағынан аса құнды. Ол автордың жеке басының біліктілігіне байланыстылығы, яғни әскери өнерге, ақындық пен аймақтағы көп тілді біліуі және тарихи өткен уақиғалар мен ертеде болған хандардың аттарын олар құрған мемлекеттермен, жер-су аттарында жатқа білуі. Сөйтіп, автор енбегін 1664 жылы қайтыс болып, кітапті ұлы Ануш Мұхаммед аяқтайды.

Әбілғазы Баһадүр 1603ж. Хиуа хандығының астанасы Үргеніш қаласында Жошы ұрпағынан тараған Араб Мухаммедхан отбасында туылған. Шешесі Мейірбану ханымда Шыңғыс хан әулетінен, яғни Әбілғазы 4-5 атадан қосылатын Жанғазы сұлтаннан туады, ол Арал теңізі маңындағы қазақ руларын билеген.

Әбілғазы – жеті ағайынды, рет – ретімен айтсақ: Хибаш –Жолбарыс – Спандияр – Әбілғазы – Шәріп Мұхаммед, Хорезмшах және Ауған атты бірге туған сұлиандар болған. Әбілғазының 6 (алты) жасында анасынан айырылып, өгей шешесінің қолында тәрбиеленеді. Әкесі салдырған Арысхан медрессесінде білім алып, ғұлама ғалымдардың дәрістерін тыңдайды. Осы жылдарда ол халық ауыз әдебиеттерін сүйіп, тарихты зерттеді және әскери өнер мен мемлекет басқару істерінде игереді. 16 жасқа шыққанда – Араб Мұхамбет хан үйлендіріп, Үргеніш қаласының жартысын билетіп қояды. Араб Мұхамбет ханның қартайғанын пайдаланған сұлтандармен мен жоғарыда

аттары аталған бауырлары да тақ таласына кірісіп, Әбілғазы да еріксіз 17 жасынан бастап күреске араласуға мәжбүр болады. Осы тартыстарда 1621 жылы ауыр жараланып, Әмудариядан жүзіп өтіп қашады. Сөйтіп, ол Маңғыстаудағы түрікпендердің Есім мен Тұрсын хандарын пайдаланады. 1628 ж. кезекті қақтығыста қолға түсіп, Иранға (Парсы) жер аударылады. 10 жыл бойы Исфахан қаласында тұтқын, бақылауда болады. Осы жылдары ол көптеген тарихи, дәрігерлік және әдеби шығармаларды оқып, араб-парсы тағы басқа тілдерді жете меңгереді. 1638-жылы Әбілғазы қашып шығып, түрікпен руларының арасында жасырынып жүреді. 1640-1641 жылдары Жем (тембі -embі) өзенін жайлаған қалмақ ханы – Хо – Орлектің ордасында тұрады, Арал өзбектері көп сыйлық беріп, Әбілғазыны қайтарып алады. Ілияс би бастаған Арал қазақтары Хиуа ханы Спандиярға қарсы көтеріліске шыққанда Әбілғазы соларға қосылып, бірақ жеңіледі. 1643 жылы оны қазақтар хан көтеріп, Хиуадағы бауыры Спандияр ханға наразы қазақ – өзбек қарақалпақтардың бірігуінің арқасында Хиуаны талқандап, таққа отырады (1,2б.).

Хан болғаннан кейін де көршілес ел-жұрттармен ұрысып, көптеген соғыстар жүргізеді, тек 1663 жылы тақты баласына беріп, өзі шығармашылыққа біржолата бет бұрады.

Ғылыми айналысқа XVIII ғасырдың басында ғана Ресейде тұтқында жүрген швед офицерінің Тобыл қаласында қолына түсіп, ол кітапта Бухар ахунына орысшаға аудартады. Одан швед Шенстрем неміс тіліне аудартады. Аударма біраз кешігіп 1780 ж. Баспадан шығады. Одан бұрын 1726ж. Лейденде француз тілінде басылап шығарылады. Осы басылымнан 1770 жылы Тредьяковский орыс тіліне аударылады. Алайда, бұл аудармаларға көңілдері толмай, граф Н.И. Румянцев 1825 жылы Қазанда (Татария) «Шежіренің» тұпнұсқасын И. Хальфиннің көмегімен араб графикасында батсырып шығарады.

Міне, осы басылым «Шежірені» жан-жақты зерттеуге жалпы тарихты, әсіресе шығыстанушы ғалымдарды қызықтырып, академик Х. Френ, И.Н. Березин, Т.С. Саблуков, П.И. Демезин жоғары бағалайды. Бұлардың барлығы Ресей мұсылмандарында ата-бабаларының тарихын білуге көмектесіп қана қоймай, тарих ғылымына деген көзқарастарын оятты.

Бұл шығарма – Шыңғыс ханнан бұрынғы және одан кейінгі дәуірлерде Орта Азия, Таяу Шығыс елдерінде болған ірілі-ұсақты оқиғалар мен мемлекет басқарған қайраткерлер жүргізген саясаттардын да қамтитын. Автор шығармасына шығыс тарихшылары – Рашид ад-дин, Шәрафаддин смяқты ғұламаларды пайдаланғанын ашық айтады. Бұны батыс тарихшылары да теріске шығармайды. Мысалы, белгілі арабист Г.С. Саблуков «Шежірені» 3-ке бөліп қарайды: 1) Адам Атадан Шыңғыс Ханға дейінгі тараулар аңыздар мен шежірелерге сүйенеді; 2) Шыңғыс хан және оның жорықтары туралы тарауларда ешқандай ауытқулар жоқ; 3) Шыңғыс хан ұрпақтары мен олардың ел басқаруы жайындағы тараулар Әбілғазының тікелей өзі қатынасқан не ата-бабаларының естеліктерінен алынғандықтан, шындыққа толықтай сай келеді.

XIII ғасырдың алғашқы ширегінде басталып, Орталық – Оңтүстік Азия мен Европаның көп елдерін моңғолдың бағындыру жолындағы жойқын шапқыншылықтардың егдей-текжейлері зор деректемелік дәлдікпен қамтылғанын тарихшылар бекерге шығарған жоқ. Мысалы, Шыңғыс хан Хорезм мемлекетін аяусыз қырғынға ұшыратуының дағдылы тирихи баяндауларда айтыла бермейтін себептері жөнінде Әбілғазы назар аударарлық бірқатар нанымды мәліметтер келтіреді. Солардың басты біреуі – сол замандағы мәдениет пен сауданың аса ірі орталығы Отырар шаһарына бейбіт мақсатпен келген Шыңғыс хан елшілері мен саудагерлерін ішінде жансыз-тыңшылар бар деген желеумен Хорезм шах Мұхаммедтің тегіс өлтіруге жарлық беруі – автордың Түркістан аймағын түршіктірген қан төгістің басталуына дәл осы оқиға себеп болды – деп, түйіндейді (2, 4 б.).

Әбілғазы өзі Шыңғыс ұрпағы екеніне қарамастан қаған мен оның балаларының қатігездік істерін жасырып, қымтамай шындығын айтады. Мысалы, Жошының Сығанақ қаласына жіберген бейбіт нөкері – Хасан қажыны өлтіргені үшін шаһардың 10 000 (он мың) тұрғындарырын нақақ қырғанын жазады. Мұндай деректер көп. Термезді алғанда бір жүкті әйел өзін аман қалдырса, ішіндегі інжі-маржан тастарды беретінін ант-су ішіп айтсада, ішін жарып асыл тастарды жинатады, яғни көптеген әйелдер жарылып өтіріледі. Осы сияқты Шыңғыс хан Бамиян қаласына шабуылдағанда Шағатайдың ұлы оққа ұшып опат болады. Жақсы көретін немересі үшін қаған тұрғындарды тегіс қырғызып, қаланы жермен жексен еткізеді.

Әбілғазының ақиқат шындығы түрік батыр – қолбасшыларының ерліктерін сүйсіне жазуларынан көрінеді. Мысалы, Ходжент билеушісі Темірлік пен Мұхаммед шахтың баласы – Жалалетдиннің қайсарлықтары «шежіреде» бірнеше жерде айтылады.

«Шежіреде» қазақ халқын құраған ру-тайпалардың көне тарихы, кәсіптері, мәдениеттері мен әдет-ғұрпы, яғни этнографиясы жайлы жан-жақты өте мол деректер табамыз. Алайда бұл аса маңызда еңбекті «Хандар шежіресі» - деп, ұзақ уақыт әсіресе, тарихшылар идеологиялық ықпалдарға сай мән бермей келді. Өткен ХХғасырдың 60 жылдарынан бермен қарай әуелі филолог ғалымдар мысалы, профессор Бабаш Әбілқасым ұлы еңбектің тілдік, әдеби және мәдени жағын зерттеп, жалпы еңбекті ғылыми айналысқа еңгізіп, негізінен кітаптың тарихи маңызын түсінгендіктен дербес қолтаңбасымен шынайы түрде маған ұсынған. Сондықтанда ғалым ағамызға бас иіп, сеніміне ықыласымызбен алғыс айтамыз!.

Халқымыздың құрамына енген ру-тайпалар аттары-найман, жалайыр, керейт, қоңырат, қыпшақ тағы басқалар «Шежіреде» жиі кездеседі. Сондай ақ ұйғыр, татар, қырғыз, өзбек халықтарының тарихтарына тікелей қатысты деректерде жеткілікті. Олардың монғол шапқыншылықтарына дейінгі қоныстары, билеушілері туралы мәліметтер бар.

Жеке қазақ рулары туралы маңызды деректер болғанмен, тұтас қазақ халқының тарихына кірісетін оқиғалар өте көп емес. Оның себебі, біздіңше шежіреде Шыңғыс ұрпақтарынан болған Хандар тарихына мән беруінде

сияқты. Бірақ, хандар халықсыз жеке-елсіз, жерсіз болмағаны, баршамызға аян емес пе? «Тоқай темір нәсілінен қазаққа хан болғандарынвң баяны» - деген тақырыпшада Өзтемір, Хожа Бадақұл ұғлан, Орыс хан, Құйыршық хан, Баракхан, Әбусағит (лақабы – Жәнібек хан) аталады. Енді бір жерінде Жошы әулетінен Дешті- қыпшақта Хан болғандарды атағанда Берке хан, Өзбек хан, Жәнібек (Әз) хандарды ерекше ілтипат, яғни құрметпен жазады, сол сияқты Туда Менку, Бердібек хандардың залымдық – пасықтықтарын тағы да жасырмай жайып салады. Бердібектің өлуімен Бату хан әулетінің аяқталып, билігі хандық билік Жошының өзге ұрпақтарына ауысқанында бұлжытпай келтіреді.

Берке ханнан бастап хан ордасы Сарайшықта болғанын, одан кейінгі ханның да сонда жерленгендерін жеткізеді. Берке хан бастап мұсылмандықты қабылдап, шариғат заңдарын берік, қатақ сақтайды, інісі Тоғай Темірде мұсылман болады. Ол 25 (жиырма бес) жыл тақта отырып қайтты дейді.

Әбілғазының «Түркі шежіресі» - атты тарихи еңбегінің «Түркітанудағы» орнын біз төмендетпей-ақ бүгінгі қазақ халқы оқырмандарына жеткізуді толғағы жеткен аса құнды мәселе деп, ойлаймыз.

Тағы бір ескеретін жай – оқырманды адастырмау мақсатында еңбектің тарихилық маңызып «шежіренің» жазылу ретімен жазуды бізде жөн көрдік.

ҚОРҒАНША ҚАЛАСЫНДАҒЫ 2024 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

Марат Сейтжанұлы Касенов[1], Мұхамбетқали Қуанышқалиұлы Кипиев[2]

[1]аға ғылыми қызметкер, т.ғ.к., Атырау облыстық тарихи –өлкетану музейі,
Атырау қ., Қазақстан. E - mail: kasenov.1959@mail.ru
[2] музей басшысы, магистр, Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі,
Атырау қ., Қазақстан. E - mail: Mkipiev@yandex.ru

Аңдатпа

Мақала Атырау облысы жеріндегі Қорғанша қаласына арналған. Қаланы жан - жақты және терең зерттеу қажеттілігі, еліміздің егемендік алуына сәйкес заман талабынан туған қажетілік, бүгінгі қоғам өмір сұранысынан туған, тарих ғылымы үшін керек.

Зерттеу жұмыстарының нәтижесі жүйелі сарапталып, ғылыми есебі жарияланды. Келешекте қала тарихы мен археолгиясын зерттеуде кешенді жұмыстар жалғаса бермек.

Қорғанша қаласы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қаракөл ауылының солтүстік – шығысында – 15 км, қашықтықта, Жаңақора мекенінен – 4 км шығыста орналасқан, жақсы сақталған.

Қаланың үстіңгі қабаты Алтын Орда кезеіңіне жатады. Қала туралы жазбаша деректер табылмай отыр. Негізгі дерек көзі жыр – дастандар мен аңыздар. Ел аузындағы деректер қаланы Асан Қайғы салған дейді. Қала

«қамал қала» қызметін атқарғаны айқын. Келешектегі зерттеулер қала туралы тың деректер бермек.

Кілт сөздер: Алтын орда дәуірі, қамал – қала, қала мәдениеті, дәстүрі, кезеңі, зерттелуі.

Аннотация

Статья посвящена городу Курганша на земле Атырауской области. Необходимость всестороннего и глубокого изучения города, необходимость, рожденная в соответствии с требованием времени в соответствии с суверенитетом нашей страны, потребность, рожденная в запросах жизни современного общества, необходима для исторической науки.

Результаты исследовательской работы были систематически проанализированы, опубликован научный отчет. В дальнейшем будут продолжены комплексные работы по изучению истории и археологии города. Город Курганша расположен в 15 км северо – восточнее села Караколь Кызылкогинского района Атырауской области, в 4 км восточнее населенного пункта Жанакора, хорошо сохранился.

Верхняя часть города относится к временам Золотой Орды. Письменных данных о городе не найдено. Основной источник - поэмы и легенды. Данные в устьях страны говорят о том, что город был построен Асан - Кайгы. Очевидно, что город служил «городом-замком». Будущие исследования предоставят новые данные о городе.

Ключевые слова: эпоха Золотой Орды, город - замок, городская культура, традиции, период, изучение.

Annotation

The article is devoted to the city of Kurgansha in the Atyrau region. The need for a comprehensive and in-depth study of the city, a need born in accordance with the demands of time, in accordance with the sovereignty of our country, a need born in the demands of modern society, is necessary for historical science.

The results of the research work were systematically analyzed, and a scientific report was published. In the future, comprehensive work on the study of the history and archeology of the city will be continued. The city of Kurgansha is located 15 km northeast of the village of Karakol in the Kyzylkoginsky district of Atyrau region, 4 km east of the settlement of Zhanakora, and is well preserved.

The upper part of the city dates back to the time of the Golden Horde. No written information about the city was found. The main source is poems and legends. The data at the mouth of the country suggests that the city was built by Asan-Kaigi. Obviously, the city served as a «castle town». Future research will provide new data about the city.

Keywords: Golden Horde era, castle town, urban culture, traditions, period, study.

Қорғанша қаласы Атырау облысы, Қызылқоға ауданы, Қаракөл ауылының солтүстік – шығысында, 15 км, қашықтықта, Жаңақора мекенінен – 4 км шығыста орналасқан. Координаты: N48º42.202. EO52º59.14, жобасында төрткүл пішіндес. 1 сурет.

Қаланың маңынан Ойыл өзеннің бір саласы Құройыл өзені өтеді. Оның арнасы қазіргі уақыта құрғап қалған, маңына қалың шалғын шөп өседі. Қала көлемі: 375 х 375 м, сыртқы қорғаныс қамалының жалының биіктігі – 3 м, ені – 25 м, оның сыртын ені – 20 м, тереңдігі – 1 м, ор қоршап жатыр. Ішкі жағының солтүстігінде көлемі: 180 х150 м, биіктігі – 1 м болатын құрылыс қалдықтарының орындары бар [1].

Оңтүстік – шығысында көлемі: 120 х 150 м, тереңдігі – 0,5 м, болатын ойпат алаң бар. Бұл су сақтаған тоған болса керек. Қала ішінің оңтүстік – батысында биіктігі – 1 м, болатын құрылыс орындары байқалады. Қала құрылыстары мен қамалы шикі кірпіштен қаланған. Қазір құрылыс үсті тегістелген. Қала көлемі мен қамал жалынның биіктігіне қарап, ол орта ғасырда үлкен қала болған деп есептеуге болады. 2 сурет.

2024 жыл 21 қыркүйек – 19 қараша аралығында «Атырау облыстық тарихи – өлкетану мұражайының» археологтары қалаға кең ауқымды археологиялық қазба жұмысын жүргізе бастады.

1 – қазба. Қаланың оңтүстік – батысындағы қамалына салынды. 20 см тереңдіктен сынған саз кірпіштер сынықтары шыға бастады. Үстіңгі құлама топырақты толық тазартқан соң қамал қабырғасы ашылды. 3 сурет.

Қамалдың сақталған биіктігі – 1,5 м, қалыңдығы – 9 м. Саз кірпіштен қаланған. Кірпіш көлемі: 40х25х10 см; 40х23х9 см. Өте сапалы, арасына лай ерітіндісін салып қалаған. Қалану тәсілі: кірпіштер ұзынынан, көлденең қойылып отырған. Қамал биіктігі сақталған 13 қатар кірпіштен тұрады. Қамалдың ішкі және сыртқы қабырғасыда текшеленіп қаланған. Сыртқы қамал қабырғасы қатты бұзылған.

2 – қазба. Қазба – 1 - дің оңтүстік - шығыс бөлігінде – 50 м, қашықтықтағы биіктікте жүргізілді. Төбешік көлемі: биіктігі – 2 м, диаметрі – 25 м болатын, үсті тегіс алаңқай. 4 сурет.

Қазба көлемі: 20х20 м. Қазбаның ортасынан жақсы сақталған құрлыс ашылды, ішкі көлемі: 13х13 м. Қабырғаның сақталған биіктігі – 50 см, ол суфаға жалғасқан. 4 қабырғасына толық бойлай суфа жасалған. Суфа ені –1,25 см, биіктігі – 40 см, едені тегіс.

Еден үстінде қалыңдығы – 20 см-ге жететін күйген ағаш пен күл қабаты жатыр. Ағаш негізінен үй төбесін жапқан шатыр құландысы болған. Қатты өрт кезінде ол еденге құлап түскен. Өрт қатты болғаны сонша, еден үстінің сылақтары қатты температурадан қызыл түске өзгеріп күйген. Күйген бұталар түрі белгісіз, жуандықтары 5 - 10 см аралығында, ұзындықтары әр - түрлі. Суфа үстінен көлемі: 5х5 см, еденен 2 қыш құмыра сынықтары табылды.

Қабырғалары сазды сылақпен салынған. Оңтүстік - шығыс, батыс, солтүстік қабырғаларының беті түрлі - түсті бояумен боялған. Қызыл, көк, ақ

түспен қабырғаларға мазмұны белгісіз, қатты бұзылған суреттер салынған. Көлемдері: 20х20 см, 10х10 см, аралығында болады.

Бөлменің сыртқы қабырғасының қалыңдығы – 3,40 м, биіктігі – 1,40 м. Қабырғасына қалаған кірпіштер көлемі: 40х25х15 см.; 40х24х14 см. Кірпіштер арасы – 2, 3 см, қалыңдықта саз ертіндісі салынып қаланған.

Бөлменің батыс қабырғасы, келесі бөлмеге жалғасқан. Ол қазылған жоқ. Бұл құрлыс қала ортасына салынуымен және құрлысына қарап, сарай болған деп топшылауға болады. Құрлыстың үстіне жерленген қабірлер кездеседі.

1 – қабір. Бөлменің шығыс қабырғасы суфасы үстінен жерленген бала сүйегі ашылды. Шалқасынан жерленген, басы батысқа қаратылған, аяқ – қолдары тік созылған. Құлақтары тұсынан моншақ пен мыс сым табылды. Бұл сырғасы болған.

Ойыл өзені бойындағы шұрайлы жерлерге ел қоныстанып, қала мен мекендер салған. Сонымен бірге жаугершілік замандарда шекаралық аймаққа «қамалды қалалар» салынған. Қорғанша қаласының жобасына қарап, ол «қорғаныс қала» болғаны анықталды.

Қала туралы жазбаша деректер табылмай отыр. Негізгі дерек көзі жыр – дастандар мен аңыздар. Ел аузында Қорғанша үстіне қамал тұрғызып, жау келгенде хабарлау үшін қарауыл мұнарасын орнатқан деген аңыз бар.

Аңыз бойынша оны Асан Қайғы салған. Ол Еділден бері көшкенде бірнеше жүз адаммен сол жерге үйге салып он жыл отырған дейді.

Ол туралы жыршы Мұрат Мөңкеұлының (1843-1906 жж.) «Үш қиян» –деген жыр толғауынында кездестіреміз.

«Ақтөбе мен Қоғанша,
Асанқайғы бабаның.
Қызыл тастан үй салдырып,
Он жыл тұтас отырып.
Әңгіме құрып кеткен жер...» - дейді [2, 58 б.].

Ал, академик Ә.Х. Марғұлан бұндай қалаларды «жан қорғайтын қамал» деп атаған. [3].

Қорғанша қаласы осындай мақсата салынған. Келешекте Батыс Қазақстан аймағындағы ортағасырлық қалалар мен мекендерге жүйелі зерттеулер жүргізу арқылы, өңірдегі отырықшылық мәдениетің қалыптасуы мен өркендеуін анықтау керек [4].

Қорғанша қаласы туралы жазба дерек жоқ, бұндай жобадағы қамалды қала батыс қазақстан аймағында кездеспейді. Қай кезеңде салынғаны, қай елдің қаласы, қандай мақсата салынғаны туралыда толық мәлімет жоқ. Археологиялық қазбадан жәдігерлер аз жиналды. Алдағы кезеңдегі кешенді зерттеулер оның сырын толық ашпақ.


Пайдаланылған дебиеттер тізімі:

1.Қорғанша қаласындағы, Жолайшағыл құмтөбелі қабіріндегі археологиялық зерттеу жұмысының және Атырау облысында жүргізілген археологиялық барлау жұмысының 2006 жылғы есебі. - Атырау, 2007.

2. Тарихи тұлғалар. Есет, Алдар, Мұрат, Шернияз. - А., 2004. – 17 - тарау. - 58 бет.

3. Маргулан А. Х. Из истории городов и строительного искусства древнего Казахстана. - А.-А., 1950.

4. Касенов М.С. Атырау – Каспий ойпатындағы отырықшылық ескерткіштері. – Атырау: «Ағатай» баспасы. 2011. 113 бет.



1 сурет. Қорғанша қаласы картада



2 сурет. Қорғанша қаласы



3 сурет. Қала қамалы



4 сурет. Қаланың орталық құрлысы



5 сурет. Қыш шығыр.

КӨНЕ САРАЙШЫҚТЫҢ ОТАНДЫҚ ТУРИЗМДІ ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Абдуахитов Ерқожа Сейтжаппарұлы,
«Отырар» мемлекеттік археологиялық музей – қорығы» РМҚК ғылыми қызметкері, магистр,
Түркістан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылы

Аңдатпа. Мақалада ортағасырлық Сарайшық қаласының тарихи – мәдени мұра ескерткіштерінің Отандық туризмді дамытудағы рөлі мен мүмкіндіктері, тетіктері айтылады. Сонымен қатар, Алтын Орданың материалдық және материалдық емес мәдени мұраларын сақтау және насихаттау арқылы әлемдік туризмнің ордасына айналдыру мәселесі қарастырылады.

Annotation. The article discusses the role and opportunities of monuments of historical and cultural heritage of the medieval city of Sarayshyk in the development of domestic tourism, mechanisms. In addition, the issue of turning the Golden Horde into a horde of World Tourism through the preservation and promotion of material and intangible cultural heritage is considered.

Кілт сөздер: керамика, жәдігер, салт – дәстүр, мәдени мұра, архитектура, инфрақұрылым, инвестиция.

Key words: ceramics, relic, tradition, cultural heritage, architecture, infrastructure, investment.

Алтын Орда – Жошы ұлысының орнына құрылған алғашқы мемлекеттердің бірі. Жошы ханның баласы Бату ханның кезінде Орда Алтай тауынан Дунай өзеніне дейінгі ұлан-ғайыр жерді алып жатқан үлкен мемлекеттің орталығы алғашында Еділ бойындағы Сарай-Батуда болса, кейін Сарай-Беркеге көшірілді. 1227-1502 жылдар аралығында, үш жүз жылға жуық салтанат құрған сәулетті-сәулелі қағанат тарих көшінде Қазақ хандығының билігіне ұласа отырып, табиғи-тарихи тұрғыда мұрагерлік құқығын иемденген. Көне Сарайшық қаласының пайда болуын тарихшы ғалымдар XIII ғасырда яғни, Шыңғыс хан мен Батудың жасаған шапқыншылығымен байланыстырады. Сарайшық туралы алғашқы жазба дерек қалдырған арабтың белгілі географ-ғалымы, саяхатшысы Ибн-Батута. Ол өзінің саяхаттарының бірінде, 1334 жылы «Үлкен Сарай» қаласынан шығып, Азияға жасаған сапарында Сарайшық қаласында болған. Бұл жөнінде ол: «Біз Сарайшық қаласынан ат жеккен арбамен он күн жол жүріп, Сарайжук қаласына жеттік. Бұл Ұлысу деп аталатын үлкен, терең, ағысы қатты өзеннің

жағасындағы гүлденген әсем қала екен және дүние жүзіндегі Бағдаттан кейінгі екінші жүзбелі көпір осында екен» деп жазған. Сарай-жук – монғолша «кіші Сарай» деген мағынаны білдіреді. Ол кезде Алтын Орда үлкен Сарай, Сарайшықты кіші Сарай деп атаған. Осыған байланысты қаланың атының да Сарайшық аталуы (қала-қалашық, сарай-сарайшық, кішкентай деген мағынада). Сарайшық қаласы Қасым ханның кезінде қазақ хандығының тұңғыш астанасы болған. Қала 1580 жылы орыс патшасы Иван Грозныйдың әдейі жіберген казактардың қолынан қиратылған.

Көп жылғы ғалымдардың зерттеулері, қала орнына жүргізілген қазба қорытындылары әсіресе, 1996-2000 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының Сарайшық қаласының орнына жүргізген зерттеулеріне сүйенсек, көп жылдардан жинақталған жәдігерлерді толықтырып, 1999 жылы 3қыркүйекте көне Сарайшық қаласының тарихын, жалпы XI-XVII ғасырдағы қазақ халқының тарихына арналған «Хан Ордалы Сарайшық» мұражай қорығы ашылды. Музей Атырау қаласынан 50км қашықтықта, Махамбет ауданында орналасқан. Кешен үш құрамнан тұрады.

I.Хандар Пантеоны.

Авторы сол кездегі облыс әкімі Иманғали Тасмағамбетов. Биіктігі 17 метр, 8 қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арнап құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға қара мраморға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған мезгілдері жазылған.

Бұл хандар:

1. Мөңке-Темір (1266-1282 жж)
2. Тоқтағу (Тоқты) (1291-1312 жж)
3. Жәнібек (1343-1353 жж)
4. Әмір – Оқас (1440-1447 жж)
5. Қасым хан (1511-1518 жж)
6. Ших Мамай (1542-1549 жж)
7. Жүсіп (1549-1554 жж).

Орта ғасырда Сарайшық қаласы мәдениеті мен қолөнері дамыған білім мен ғылым ордасы болды. Азия мен Европа мәдениеті мен өнерін қоса қабылдаған қалада мәдениет жылдам өркендеген. Мұнда сәулетті құрылыстар салынып, қала қорымы адамдар тәуіп ететін қасиетті әулиелі орынға айналған. Әсіресе, қолөнер бұйымдары дамып, қыштан ыдыстар мен түрлі бұйымдар жасау өркендеген. Соның нәтижесінде жергілікті маман-қолөнершілер өзінің сапалы әрі сәнді қыш - ыдыстарын тауар ретінде сатумен де айналысқан. Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалалардағы қыш өндірісі моңғол шапқыншылығынан соң тоқырауда болса, ал Сарайшық көзешілері халық сұранысын қанағаттандырып отырған [1, 3б.].

XIII ғасырда Европа мен Азия арасындағы керуен саудасы кең құлашын жайды. Қытайға теңіз жолы ашылғанға дейін керуен жолдарының мәдени маңызы зор болды. Осы керуен жолындағы ең басты тораптарының бірі – Сарайшық қаласы болатын. Сарайшық қаласының орнын алғаш зерттеген академик Ә.Х.Марғұлан Бүкіл Одақтық археологтар кеңесіндегі

баяндамасында ерекше атап өткен болатын. Қазба нәтижесінде табылған заттардың барлығы да Сарайшықтың өзінде дайындалған, себебі ірі шеберханаларды айтпағанның өзінде, қалада керамикалық ыдыстарды жасау кезіндегі өндірістік қалдықтар өте жиі кездесетін. Ғалымның негіздеуінше, көп қызықтыратын заттардың бірі ірі құрылыстардың қабырғаларын әшекейлейтін плиталардың табылуы. Бұл плиталар басқа керамикалық жәдігерлер сияқты өндірістік қалдықтар өте мол кездеседі деп көрсетеді. Ғұлама ғалым бұл заттарды жасаған жергілікті шеберлер екенін атап көрсеткен және қыш ыдыстардың атауының қазақша баламасын жазған. Бүгінгі күндерде бұл атауларды археологтар сөздік ретінде пайдалануда [2, 75б.].

Алтын Орда көп ұлтты мемлекет болды. Оның құрамына бір-бірінен қоғамдық-экономикалық даму деңгейі жақынан айырмашылығы бар, өзіндік мәдениеті мен салт-дәстүрлері сақталған көптеген ұлттар мен халықтар кірді. Көшпелілер негізінен түркі халықтары – ең көбі қыпшақтар, сондай-ақ қаңлылар, наймандар және т.б. болды. Отырықшылардан бұлғарлар, мордвалар, орыстар, черкестер, хорезмдіктер, т.б. кірді. Мұнда моңғолдар азшылық болды. XIII ғ. аяғы мен XIV ғасырда моңғолдар толығымен түркіленіп, Алтын Орданың халқы “татарлар” деген атау алды [3, 53б.].

Алтын Орданың қоғамдық құрылысын атап кетсек, толығымен Шыңғыс хан енгізген мемлекет үлгісін қайталады. Мемлекет Жошы хан әулетінің меншігі болып саналды. Маңызды мемлекеттік істі шешу үшін билік басындағы әулет мүшелері бастаған ақсүйектер жиналысы — құрылтай шақырылды. Армияны және өзге мемлекеттермен дипломатиялық қатынастарды беклербек басқарды. Қаржы, алым-салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін жүргізетін орталық атқарушы орган диванның басында уәзір тұрды. Қалалар мен бағынышты ұлыстардан алым-салық, сыбаға жинау міндетін атқаратын даруғтер басқалар тағайындалды. Хан отбасының мүшелері маңызды қызметтер атқарды. Ірі нояндар, бектер, әмірлер бахадүрлер түмендерді, мыңдық, жүздіктерді басқаратын әскербасылары болып сайланды [4, 235б.].

Ұлт тарихын түгендеуде қашанда күрделі мәселелер бар. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде: «Біз Алтын Орданың негізін қалаушы Жошы ханға міндетті түрде құрмет көрсетуіміз керек. Аса маңызды миссия: бүкіл әлемнің назарын осындай тарихи тұлғаға аудару және оның кесенесін мәдени туризм нысанына айналдыру» қажеттігін айтқан болатын. Сарайшық қаласы – бүгінде сан мыңдаған турист сапарлайтын қала. Өйткені, әлемнің әрбір тұрғындары Алтын Орда тұсындағы дүниенің ең сұлу, ғажайып қаласының орнын тамашалағысы келеді. Сондықтан Сарайшық ескі қала орнына үлкен мемориалды кешен тұрғызып, туристік әлеуетін дамытсақ деген пікірлерде көп. Бірақ, әлем туристерін өзіне ынтықтырған Сарайшықтың туризм әлеуеті зор деп айта алмаймыз. Сарайшық жер бетінен тез жоғалып бара жатыр. Бұл жағдайға Жайық өзенінің арнасының ауытқуы басты себеп болып отыр. Судың асау толқындарынан қаланың шеткі аймақтары суға

шайылып, олардан ертедегі адамның қаңқалары, бас сүйектері, қолданыстағы ескі заттар табылып жатыр. Ол тіпті Сарайшық қаласының әлі де күрделі археологиялық зерттеуді қажет етіп тұрғанын айғақтайды[5, 2 б.].

Кезінде кореялық мамандар қазақ жеріне келіп, Сарайшықты туризмнің ордасына айналдыру үшін Сарайшықтың табиғатын зерттеп, жұмсаған қаржыларын ақтай алмайтын болғандықтан, олар ойларынан бас тартқан болатын. Енді бұл жерге түрік компаниялары қызығушылық танытып отыр. Жалпы, Сарайшықты әлемдік туризм ордасы мен аспанасты мұражайына айналдыру үшін әлдеқашан еліміздегі ірі кәсіпкерлер мен инвесторларды тарта отырып, Отандық туризм кластерін дамытуға мол мүмкіндіктер болды. Алайда, бұл мәселе өз тұғырына көтеріле алмай келеді. Қазақстан Отандық туризмді жандандыру үшін арнайы туристік нарықтарды құрып, республикалық және жергілікті атқарушы органдардың, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен мәдени мұра объектілерінің әкімшіліктерінің, инвесторлардың, туроператорлардың, қонақ үй иелерінің және білім беру туризмі өкілдерінің қатысуымен консультациялар мен жан-жақты талқылауларды жиі өткізіп тұруға жағдай жасау керек деп санаймын.

Бүгінгі таңда көптеген елдерде көне тарихи қалаларды, елді мекендерді туризм орталығына айналдыру қатты қарқын алып отыр. Мысалы, жыл сайын Түркияның Каппадокия жеріне екі - үш миллионға жуық турист келеді. Жергілікті гидттердің айтуынша, олар Қазақстаннан келген туристермен бірінші рет танысқан. Біздің туристер Түркияны көбінесе жағажайдағы демалыспен байланыстырады. Бірақ Каппадокия - белсенді демалыс орнымен, бай архитектуралық тарихи мұрасымен, көрікті жерлерімен, қайырымды, әрі ұлттық колоритімен ерекшеленетін, халқымен тартымды жер. Каппадокия келушілерге базарлықтардың түр-түрін ұсынады. Туристердің ағылып келуіне байланысты жергілікті халық қосымша табыс табады. Ал, өзімізбен көршілес өзбек ағайындарымыз да тарлан тарихта ойып тұрып орын алатын, әлемге әйгілі Самарқанд пен Бұхара қалаларын туризмнің ордасына айналдырып алды. Олар аталған қос қаладағы табиғи апаттардан қираған ғажап ғимараттарды XX ғасырдың 70-80-ші жылдары көне технологияларды қолдана отырып, қайта тұрғызды. Ал бүгінгі күні тарихтың талай-талай тылсымын жүрегіне бүгіп жатқан сұлу да ғажайып Самарқандқа күн сайын мыңдаған туристер толассыз ағылып жатыр. Яғни, ежелгі дүниенің қаһарман қалаларын қайта тұрғызған мемлекеттер туризм арқылы қыруар пайда тауып отыр. Көне Сарайшықтың Отандық туристік әлеуетін дамыту үшін не істеу керек? Мен осы мәселелерді шешудің арнайы тетіктерін ұсынамын:

- Көне Сарайшықтың туристік индустриясын мемлекеттік реттеу мен мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, Сарайшық қаласының туризмін дамыту туралы арнайы ұзақ мерзімді бағдарлама әзірлеу;
- Алтын Орданың тарихи нысандарының инфрақұрылымын қалпына келтіру, қонақ үйлер мен шайханалар, маусымдық киіз үйлер, демалыс саяжайлары мен мәдени саябақтар салу;

- Махамбет ауданының туристік қызмет бағаларын қолжетімді ету мен жергілікті туристік жарнама агенттерін құру, ауданның туристік беделін қалыптастыруда республика аймақтарында және шет елдерде туристік ақпараттық орталықтарды ұйымдастыру;
- Аудан ішінен шетелдік қонақтарға сапалы қызмет жасайтын туристік ірі фирмаларды ашу;
- Шетелде Махамбет ауданының тарихы мен туризмі туралы сапасы жоғары полиграфиялық және аудиобейне жарнама материалдарын шығару және белсенді түрде тарату қажет. Махамбет ауданының туристік фирмаларының web-сайттарын құруға айрықша мән беру қажет.
- Алтын Орданың тарихи ескерткіштерін тамашалауға келетін туристердің әуе тасымалының бағасын төмендету (топпен саяхаттайтын туристерге ыңғайлы болу үшін чартерлік рейстердің санын көбейту);
- Турпакет бағасының төмен болуына байланысты автобуспен саяхаттайтын туристер санын арттыруға басымдық беру;
- Туристерге әлемдік деңгейде қызмет көрсету арқылы Отандық туристік саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруымыз қажет;
- Көне Сарайшықтың туризм секторына мемлекеттік және жеке инвестициялар көлемін ұлғайтуды жеделдету;
- Үкімет шетелдік және ішкі инвестицияларды арттыру арқылы кәсіпкерлік ортаны жақсартуға сапалы түрде жағдай жасау қажет;

ТҮЙІН. Сарайшық біздің тарихымыздың бөлінбес бөлшегі. Қазіргі таңда қаланың жер бетінен жойылып кету қаупі туып отырған сәтте, қаланы сақтап қалу керек. Сарайшықта сол заманда болмаған көпір болған, аңызға сүйенсек, аққу көлі болған, кең бөлмелі үйлері мен ұстаханалары, мешіттер мен керуен сарайларға толы қала болған. Түркістаннан бұрын, алғашқы хандар жерленген пантеон Сарайшықта орналасқан. Жоғарыда аталған мақсаттардың барлығына қол жеткізу үшін Қазақстан Үкіметі, ҚР Мәдениет және спорт министрлігі, ҚР Білім және ғылым министрлігі, туризм индустриясы, үкіметтік емес ұйымдар мен жұртшылық арасындағы серіктестіктерді қалыптастырып, Сарайшықтың мәдени - туристік әлеуетінің оң бағытта дамуына тиісті жағдайлар мен мүмкіндіктерді жасап, жеделтенуіміз қажет деп санаймын.

ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕККӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1.Бақытгүл Абайқызы.«Сарайшық–бабалар» мұрасы. EL.KZ. 09.11.2020 жыл.
2. Мұстафин Ж. «Қазақ тарихы». – Алматы, 2001 жыл. – №4. 75 б.
3. Байпақов К.М. «Орта ғасырдағы Қазақстан тарихы» – Алматы, 1995. – 53б.
4. Ж.Жұмабаева, М.Қ. Кипиев. «Сарайшық қалашығының тарихы туралы дерекөздер». – Атырау: «Ағатай» баспасы, 2015. – 224 б.
5. Алтынбек Құмырзақұлы. «Тарих – туризм тұрғысынан. Қызыл алаң немесе Сарайшық құпиясы». «Қазақстан тарихы» порталы. 04 Қыркүйек 2015жыл.

РУХ, ДӘМ, ТАҢБА: ТУРИСТІК БРЕНД ҚҰРАУШЫ ҮШ ТАҒАН

Гашихова Лариса Тариховна - №41 Әбіш Кекілбайұлы атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәні мұғалімі (Атырау қаласы)

Қазір біз әлгі айтқан көне қала – Сарайшықтың әбден мүжіліп, су жегеннен қалған аз-мұз пұшпағында тұрмыз. Аспаннан алтын күн күйдіріп, астынан тандыры кепкен тақыр жер қуырады. Қасымыздағы көне көз қария арғы- бергіден әңгімелер ағытып, өз білгенінше сыр шертеді. Кейбірі шамаға жуыса, кейбірі тіпті маңайламайды. Бірақ тарихтың аты тарих. Мейлі ол аңыз болсын, немесе шындық. Бәрі де сол объектіні сүю, ұнатудан шыққан түйін[1, 56б].

Қай дәуірде де халықтың жады мен рухани болмысы бейвербалды таңбалар мен символдарға арқа сүйейді. Қазақ халқының тарихи жадында киелі мекен саналатын Сарайшық қаласы – тек ортағасырлық урбанистік феномен ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдени коды шоғырланған орын. Демек, оның музейлік кеңістігінде тарихты танымдық тұрғыда ғана емес, сезімдік әрі мәндік қабатта ұсыну – уақыт талабы. Бұл ретте, туристік тәжірибені эмоциялық деңгейде байыту үшін символдық сыйлықтар мен кәдесыйлық өнімдерді ұлттық мағынамен үндестіру – маңызды бағыттардың бірі болмақ.

Әлемдік тәжірибеде бұл әдіс мәдени мұраның танымалдылығын арттыруда өзін тиімді дәлелдеп келеді. Соның бір мысал ретінде Қырғызстан астанасы Бішкек қаласындағы «Supara Ethno Complex» кешенінде қолданылатын әдісті атауға болады. Бұл кешенге келген әрбір қонаққа билетпен бірге талқан – ұлттық тағам үлгісі ұсынылады. Бұл жай ғана тағам емес: ол көшпелі өмір философиясының символы, қарапайымдылық пен рухани тазалықтың, табиғатпен үндестік пен даналықтың бейнесі ретінде ұсынылады. Одан бөлек, Жапонияның Киото қаласындағы Фусими Инари Тайша (Fushimi Inari Taisha) ғибадатханасында келушілерге омамори деп аталатын дәстүрлі тұмарлар ұсынылады. Бұл тұмарлар өзіндік халық наным-сеніміне орай мағыналары бар. Ал, Түркия мемлекетіндегі Стамбул қаласы Топкапы сарайының (Topkapi Palace) музейінің дүкендерінде назар бонжук немесе «көз моншағы» түріндегі кәдесыйлар сатылады. Бұл көгілдір моншақтар түрік мәдениетінде көз тиюден қорғайтын символ ретінде кеңінен танымал. Қытайлықтар Пекиндегі Лама ғибадатханасы (Yonghe Temple) келушілерге қызыл жіпке байланған нефрит тастарын ұсынады. Қытай мәдениетінде нефрит тазалық пен даналықтың символы болып саналады, ал қызыл түс сәттілік пен қуанышты білдіреді.

Осы секілді ерекше тәсілдердің туристтерді тарту тәжірибесіндегі нәтижелеріне сүйене отырып, Сарайшық музей-қорығына да ұлттың тарихи бейнесін жеткізетін, терең мағынасы бар кәдесыйлық бастаманы ұсынғым келеді. Бұлар тек материалдық өнім ғана емес, тарихи сана мен ұлттық рухты сезінуге мүмкіндік беретін «мәдени код» болары сөзсіз. Ұсынылатын кәдесыйлар мен олардың мәдени мәніне тоқтала өтелік.

«Хан тағамы» жиынтығы: тарих дәмі арқылы ұлттық рухты таныту тетігі: Тарихты сезіну үшін оны тек көзбен көру жеткіліксіз – оны дәммен түйсіну, иіспен ұғыну, жан-дүниемен қабылдау керек. Қай халықтың болсын тағамы – оның тіршілік философиясы, өмірге көзқарасы, рухани кеңістігінің айнасы. Қазақ халқы үшін талқан мен жент – бұл жай ғана қорек емес, ғасырлар бойғы көшпелі өркениеттің бүкіл болмысын бойына сіңірген рухани-мәдени код. Осы тағам түрлері күнделікті тұрмыстан бастап, жорық өміріне дейін кеңінен қолданылған. Бір уыс талқан – мың сөздің орнына жүретін, ыстық пен суыққа, бейбіт күн мен соғыс сапарына бірдей жарайтын, әрі қарапайым, әрі қасиетті азық. Осы орайда, Сарайшық музей-қорығында ұлттық тағамның символдық мәнін кәдесыйға айналдыру – тарихи-мәдени туризмнің жаңа деңгейге көтерілуінің жарқын мысалы бола алады. "Хан тағамы" атты шағын кәдесый қобдиша – бұл бір мезетте бірнеше мағынаны қамтитын мәдени өнім. Бұл қатарға құрт секілді тағамдық феноменді қосудың маңыздылығы ерекше. Қазақ халқының дәстүрлі ас мәзірінде құрттың орны – тек тағамдық қажеттілікпен шектелмейтін, тереңірек, рухани һәм символдық деңгейде түйсінетін дүние. Ол – көшпелі тіршіліктің ең төзімді, ең үнемді әрі ең ұзақ сақталатын тағамы ғана емес, тіршілік пен тірі қалу философиясының өзі.

Құрт — ғасырлар бойы кең далада көшіп жүрген халықтың тамақтану мәдениетінің шыңдалған түрі. Тарихи деректерге сүйенсек, жорыққа шыққан сарбаздар мен ел кезген елшілер қоржынына ең алдымен құрт салып отырған. Оның ұзақ сақталуы, салмақ түсірмейтіндігі, бойға қуат беруі – дала адамын табиғатпен үйлесімді өмір сүруге икемдеген амал. Құрт қазақтың күнделікті тіршілігін ғана емес, тағдырға көндіккен мінезін, қарапайымдылықты қадірлеуін, артықсыз өмір сүруді де бейнелейді. Бұл – «аз – көптің көлеңкесі» деген ұлт философиясының дәл көрінісі.

Осы тұрғыдан алғанда, «Хан тағамы» жиынтығына құртты қосу – мағыналық тұрғыдан толық әрі тарихи әділетті шешім. Турист қолына алған қобдишаның ішінде бір түйір құрт жатса, ол – жай ғана сүттен жасалған кепкен дөңгелек емес. Ол – бабалар ізімен келген рухтың дәмі. Ол – тағдырлы халықтың мың жылдық тәжірибесінен сүзілген тағам үлгісі. Оның өзіндік иісі мен дәмі – туристің санасына Сарайшықты тек тарихи дерек ретінде емес, тірі естелік ретінде енгізеді.

Тағы бір маңызды деталь – құрт визуалды тұрғыда да тартымды. Оны түрлі пішінде, оюлы қаптамамен, шағын қалташаға салып ұсыну – кәдесыйдың эстетикалық сапасын арттырады. Мұндай форма әсіресе шетелдік туристер үшін ерекше әсер қалдырады, себебі олар үшін бұл өнім –

экзотика ғана емес, ұлттық рухтың «дәмді коды». Экономикалық тұрғыда да құрт қосу тиімді: оны ауылдық жерлерде шағын кәсіп ретінде өндіруге болады. Бұл жергілікті қоғамдастықты музейлік индустрияға тартудың нақты жолы. Мысалы, музей жанындағы ауыл тұрғындары жент пен құрт өндірісіне маманданса, бұл қосымша табыс көзіне айналып қана қоймай, ел ішінде де рухани байланыс пен мақтаныш сезімін нығайтады.

Құрт – «Хан тағамының» ажырамас бөлшегі ретінде танылуы тиіс. Ол – көне шаһардың аңызын, хандардың тағдырын, көшпенділердің өмір сүру салтын бойына сіңірген табиғи жәдігер. Турист оны музей қабырғасынан тыс жерде – үйінде, жұмыс орнында, дос-жаранына тарту еткенде, сол арқылы Сарайшықтың тарихы мен рухы әлемнің өзге бір бұрышына үнсіз жетіп барады. Бұл – музей қызметінің шын мәніндегі миссиясы емес пе?

Біріншіден, ол – дәм арқылы берілетін тарих. Турист, мейлі шетелдік болсын, мейлі отандық болсын, экспозициядан шыққан соң қолына алған осы бір уыс талқан арқылы өзін хан ордасының рухани аурасына бір табан жақын сезінеді. Екіншіден, бұл – эмоционалдық тәжірибе. Қазіргі заман туризмінің басты талабы – әсер. Ал әсер қалдыру үшін, көргенді сезінуге, сезінгенді есте сақтауға мүмкіндік беретін мәдени интерфейс керек. «Хан тағамы» дәл осы миссияны атқара алады. Мұндай тәжірибе тек идея күйінде емес, көрші елдердің туризм индустриясында нақты іске асырылып отыр. Мәселен, Бішкек қаласындағы «Supara Ethno Complex» этнографиялық кешенінде әрбір келушіге билетпен бірге ұлттық тағам – талқан ұсынылады. Бұл маркетингтік айла емес, мәдени мағынасы терең салт. Кешен өкілдері мұны «көшпенділердің дәмі», «ата-бабаның аманаты» ретінде түсіндіреді. Турист бұл тағамды жей отырып, қырғыз халқының философиясын сөзсіз түйсінеді. Мұндай әдіс – жадыны активтеу, сезімді ояту және сол арқылы тарихпен байланысты нығайтудың тиімді құралы. Сарайшық та дәл осындай мазмұнды өнім ұсына алады.

«Хан тағамы» жиынтығының ішіне талқан, жент, құрт және көне аңыз жазылған пергамент қағаз салу – бұл жай ғана кәдесый емес, мәдениет пен тарихтың шағын капсуласы. Турист бұл дәмді үйіне апарып, отбасы мүшелерімен бөліссе – Сарайшықтың хикаясы сол үйдің дастарқанына жайылады. Сол сәтте тарих мұражай қабырғасынан шығып, тірі, жанды, шынайы болмысына енеді. Тағы бір маңызды қыр – бұл бастама жергілікті кәсіпкерлер үшін де табыс көзі бола алады. Ауыл әйелдері жент жасайды, шөптер жергілікті табиғаттан жиналады, ал қобдишаны өңірлік қолөнершілер жасайды. Осылайша, музей тек мәдени мекеме ғана емес, экономикалық мультипликатор ретінде де әрекет етеді. Сонымен қатар, бұл өнімдер экологиялық таза, жергілікті шикізаттан жасалатын болғандықтан, жаһандық туризмнің «жауапты тұтыну» қағидасына да толық сәйкес келеді. Түйіндей айтқанда, «Хан тағамы» – тарихты тек баяндап қана қоймай, дәммен жеткізудің озық үлгісі. Бұл – эмоция, жады, таным және экономика тоғысатын, ұлттық болмысты терең ұғынуға мүмкіндік беретін бірегей туристік өнім. Сарайшықтың рухын туристің санасында ғана емес, жанында қалдыру үшін

осындай мәні бар мәдени сыйлықтар ауадай қажет. Себебі, дәм арқылы берілген тарих – ұмытылмайды.

Көшпелі әлем сөзбен емес, таңбамен сөйлейді. Таңба – ежелден бері көшпенді халықтардың дүниетанымында тек белгі емес, таным мен биліктің, ру мен реттің, тіпті бүкіл ғаламдық үйлесімнің қысқа коды іспетті. Қазақ тарихында таңба – ұрпақтар арасындағы сабақтастықтың көрінісі ғана емес, мемлекеттілік идеясын бекіткен тұрақтылықтың бірден-бір айғағы. Сол себепті де хан жарлығы тек сөзбен емес, мөрмен мықталады. Ол мөр қағаздағы мәтінді заңға айналдырып, билік нышаны ретінде ғасырлар бойы сақталып келеді. Сарайшық қаласының археологиялық қабаттарынан табылған таңба үлгілері мен мөр фрагменттері – сол кезеңдегі әкімшілік жүйенің күрделілігі мен құрылымының дәлелі. Бұл таңбалар – белгілі бір рудың, ханның немесе елші өкілінің ресми легитимдігін танытқан. Сол тарихи таңбаны заманауи музейлік кәдесый нұсқасына бейімдеу – тек эстетикалық қадам емес, тарихпен байланысудың деректі тәсілі. Мұндай кәдесый, өз функциясымен қатар, сана мен рухқа әсер ететін символикалық жүк арқалайды.

Шетелдік турист үшін бұл шағын металл тұмар – жай ғана кәдесый емес. Бұл – өзі тұрған елде кездеспейтін, басқа өркениетке тән, көшпенді болмысқа сіңген материалдық мәдениеттің шағын шифры. Олар үшін «бізде мұндай жоқ» деген ұғым – қызығушылықты тудыратын басты фактор. Бұл таңба – қазақ хандарының билігімен ғана емес, сонау Алтын Орда кезеңінен бері келе жатқан мемлекеттілік жалғастығының архетипі. Ал турист оны мойнына тағып кетсе – бұл әрі жадта қалатын зат, әрі мәдениетке деген құрметтің белгісі болады. Отандық келушілер үшін бұл тұмарша тарихи романтикаға негізделген артефакт ретінде ғана емес, ұлттық рух пен тарихи жадыны бекітетін сезімдік импульс. Әсіресе жастар үшін, материалдық рәміздер – идеядан бұрын жүрекке жететін алғашқы нышан. Олар ата-бабаның ел басқарудағы салт-дәстүрін тек оқулық бетінен емес, өз қолына ұстаған символ арқылы тани бастайды. Бұл – тәрбиенің заманауи тәсілі. Мұндай кәдесый түрінің ұсынылуы музейлік тәжірибені кеңейтіп, оны кеңістіктен тыс жалғастыруға мүмкіндік береді. Турист музейден шыққан соң, бір парақ қағаз не магнит емес, жанымен байланыс орнатқан бір нышанды өзімен бірге алып кетеді. Осы тұмарша – Сарайшықтың үнсіз, бірақ шынайы елшісіне айналады.

Экономикалық және өндірістік тұрғыдан бұл жоба тиімді әрі ықшам. Металл құю техникасы арқылы дайындалатын тұмарша өндірісі жергілікті қолөнершілер мен цехтарға жұмыс бере алады. Әр тұмарша арнайы орамда ұсынылып, ішіне түсіндірме қағаз, шағын аңыз немесе тарих дерегі салынса – бұл өнімнің құндылығын арттырады. «Бұл таңба – Сарайшық рухының белгісі» деген жолдарды оқыған адам, еріксіз бұл нышанның астарындағы мәдени салмақты сезінеді. Сонымен қатар, бұл бастама музейдің өзіндік брендін қалыптастыру жолында шешуші рөл атқара алады. Мысалы, Түркиядағы «Топкапы» сарайы мен Жапониядағы «Никко» храм кешені туристерге символдық мәні бар кәдесый ұсына отырып, өз мәдени рәміздерін жаһандық нарыққа шығара білді. Сол секілді, «Сарайшық таңбасы» да

халықаралық деңгейде қазақтың хандық кезеңдегі билік формасын, мәдениетін, көркемдік стилін көрсететін мұрағатсыз мұра болуға әбден қабілетті. Тұмарша – сөйлемейді. Бірақ ол тарихты үндемей жеткізеді. Оның салмағы граммен емес, ғасырлармен өлшенеді. Осындай кәдесыйларды музей тек сату үшін емес, мәдени байланыс орнату, тарихи жадыны тірілту, санада сарай салу үшін ұсынуы қажет.



«Сарайшық таңбасы» *тұмаршасының визуалды жобасы*



"Хан тағамы" *жиынтығының визуалды жобасы*

Сарайшықта жеті хан жерленген. Әрқайсысы – ел басқарған, дәуір түзеген, тағдыр шешкен тарихи тұлғалар.

Өзіміз білетіндей қазіргі уақытта хандарға арналған Хандар Пантеоны бар, бұның биіктігі 17 метр, 8-қабырғалы. Қабырғалар арасына Сарайшықта жерленген жеті ханға арналып құлпытастар қойылған. Бұл құлпытастарға қара мәрмәрға жазылған хандардың аттары мен хандық құрған жылдары жазылған.

Бұл хандар:

- Мөңке-Темір (1266–1282 ж.ж.)
- Тоқтағу (Тоқты) (1291–1312 ж.ж.)
- Жәнібек (1343–1353 ж.ж.)
- Әмір Оқас (14...–1447 ж.ж.)
- Қасым Хан (1511–1518 ж.ж.)
- Ших Мамай (1542–1549 ж.ж.)
- Жүсіп Хан (1549–1554 ж.ж.) [2, 78б]

Бірақ олардың есімдері, өмірі, мемлекетке қосқан үлесі әлі де толыққанды танылып, тиісті деңгейде насихатталып отырған жоқ. Хандар жайлы деректер көбіне кітап беттерінде қалып қойған. Ал жас ұрпаққа – тек оқу емес, көру мен сезіну қажет. Сол үшін бізге «Хандар павильоны» қажет.

Бүгін біз тек тарихи кешен ұсынбаймыз. Біз – ұмыт қалған ұлылықты қайта тірілту идеясын ұсынамыз.

Себебі Сарайшық – жай ғана көне қала емес. Ол – бүгінгі тәуелсіз Қазақстанның тамыр тартқан топырағы. Бұл жерде хандар билік құрды, мәмілелер жасалды, дұшпанмен де, доспен де келіссөздер жүргізілді. Бұл жер – ел тағдыры шешілген даладағы дипломатия ордасы болды.

Иә, Сарайшықтың үстінен ғасырлар көшіп өтті. Қала қирады. Қамал қақпалары құлады. Тіпті, хан сарайлары мен кесенелер құмға айналды. Алайда ұмытылмаған бір нәрсе бар – бұл қаланың рухы. Ол – халық жадында, шежірелерде, тарихшылар жазбаларында, жырау толғауларында өмір сүруін тоқтатқан емес.

Халық арасында кеңінен тараған: «Сарайшықта жеті хан мен он үш әулие жерленген» деген киелі сөз бар. Бұл – тек аңыз емес, бұл – ұлттың тарихи жады. Рас, археологиялық тұрғыда олардың барлығы толық дәлелденбеген. Бірақ ұлт болашағының негізі – дәл осы рухани сенімде жатыр. Біз осы сенім арқылы тарихи ізденіске жол ашамыз, өткенімізді зерттеп, қазіргі ұрпаққа ұғынықты формада ұсына аламыз. Осы мақсатта хандарымыздың рухани мұрасын заманауи әдіспен қайта танытудың ең тиімді жолы – жеке павильондар арқылы тарихи бейнесін жандандыру. Мұндай ұсыныстың, ең алдымен, Сарайшықтағы алғашқы хан – Мөңке Темірге арналған павильоннан бастау орынды деп білеміз.

1. Мөңке Темір (1266–1282) павильоны: «Тәуелсіздіктің бастауы»

Экспозициялық идеялар:

- Алтын Орда картасы: Жошы ұлысының шекараларын бейнелейтін үлкен электронды интерактивті карта.
- Алғашқы теңгелер: Көшірмелері мен нақты деректері (түсіндірме тақташалармен).

- Құрылтай көрінісі: Визуалды панорама – үш өлшемді (3D) диорамада Талас құрылтайын бейнелеу, Хайду мен өзге билеушілердің келбеттерімен.
- «Құбылайға қарсы» дербестік декларациясы: экраннан деректер, дипломатиялық грамоталар үлгілері.
- Орыс кінәздері мен Венеция-Генуя көпестерімен дипломатиялық байланыс бұрышы: бейнелер, құжат көшірмелері, аудио-гид арқылы баяндалады.

2. Тоқта хан (Ғийас ад-дин Тоқтай) (1290–1312) павильоны: «Ордадағы бірлік пен тазару»

Экспозициялық идеялар:

- "Батыстың патшасы" атанған хан – Марко Поло картиналары мен баяндаулары.
- Ноғаймен одақ және оның күйреуі – Тактикалық картада Тоқта мен Ноғай соғысы анимация түрінде.
- Сыртқы саясат интерактиві: Ильхандармен, орыстармен, византиялықтармен қарым-қатынасқа арналған экрандық ойын ("хан шешімі").
- Тоқта жарлықтарының көрмесі: электронды столда дипломатиялық хаттар, жарлықтар көшірмесі.

3. Жәнібек хан (1343–1357) павильоны: «Дін мен әділет жолындағы хан»

Экспозициялық идеялар:

- Исламның таралуы: мешіттердің макеттері, діни кітаптар үлгілері, шежірелер.
- Сауда жолдары: Ұлы Жібек жолы бойындағы қалалардың макеті, Сарайшық – Қырым – Болғар бағыты.
- Алым-салық жүйесі: "Салық жинаушы" интерактивті кейіпкер арқылы кезеңдік симуляция.
- Жәнібек – реформатор: әкімшілік басқару картасы, өз баласы Бердібектің сатқындығын көрнекі драма сахнасы түрінде көрсету.

4. Әмір Охас (1428–1447) павильоны: «Ноғай ордасының алтын дәуірі»

Экспозициялық идеялар:

- Ноғай Ордасының картасы: Сарайшықтың астана ретіндегі рөлі.
- Әбілхайырмен достық және оның соңы – көріністі интерактив: “Кімге сенесіз – дос па, билік пе?”
- Әмірлердің шежіресі: Едіге – Нұреден – Охас – Мұса шежіресін ағаш тәрізді графикада көрсету.
- Ұрыс көрінісі (Өзгентті алу) – AR технологиясымен соғыс алаңы бейнесі, қолданушы планшет арқылы аралай алады.

5. Ших-Мамай (1542–1549) павильоны: «Сауда мен саясаттың шебері»
Экспозициялық идеялар:

- Қазан мен Мәскеу арасындағы тартыс – тарихи карта арқылы ұлыстар арасындағы қатынас.
- Мәскеумен сауда байланысы: айырбас тауарларының нақты көшірмелері, өнімдер витринасы.
- Сафа-Гереймен туыстық байланыс: Қазан ханы мен Ших-Мамай қызының үйлену көрінісі, ұлттық киім, тұрмыс заттары.
- Өндірістік мәдениеттің әлсіздігі – көшпенді тұрмыс пен қала өмірінің салыстырмалы бұрышы.

6. Қасым хан (1511–1523) павильоны: «Қасқа жолдың иесі»
Экспозициялық идеялар:

- Қасқа жол заңы: 3 бөлімнен тұратын аудио-визуалды бағдарлама: Әскери, Азаматтық, Қылмыстық заңдары.
- Қазақ хандығының ең кең шекарасы: карта арқылы визуализация.
- Алтын Орда мұрагері: Жәнібекпен бірге хандық негізі, шежірелік байланыс.
- Шибан ұрпағымен қақтығыс: экранда шешім қабылдау тренажері (“қашу ма, қарсыласу ма?”).

7. Жүсіп (1549–1554) павильоны: «Сабырлы саясаткер»
Экспозициялық идеялар:


- Қазан хандығы мен Сүйімбике: тарихи көркем панно – қызын орыстардың тұтқындауы, Сүйімбикенің тағдыры.
- Мәскеумен мәміле: Жүсіп пен інісі Ысмайыл арасындағы айырмашылық – екі түрлі көзқарасты бейнелейтін экран (кезекпен көрінеді).
- Ноғайдың күйреуі: интерактивті уақыт шкаласы – хандықтардың ыдырау сәттері.
- Юсуповтар әулетіне жалғасқан шежіре: генеалогиялық ағаш, Ресей тарихымен байланыстыру.

Біз хандар тарихын тек аңыздан емес, нақты жазба деректерден де танып білуге тиіспіз. Сарайшықтың тарихи маңызын ортағасырлық саяхатшылардың жазбалары да дәлелдейді. Солардың ішінде ең құнды деректерді әйгілі араб саяхатшысы Ибн-Баттут қалдырған.

Ол XIV ғасырдың 30-жылдары Сарайшыққа арнайы келіп, қаланың Еділ бойындағы орналасуын, көпірлерін, көшелерін, сауда байланысын егжей-тегжейлі сипаттап жазып кеткен. Ол: *«Из Сарая мы ехали 10 дней и прибыли в город Сарайджук (Сарайшық)…[3,140б]»* – деп жаза отырып, бұл қаланың Алтын Орда дәуіріндегі ірі орталық болғанын көрсетеді. Бұл дерек Сарайшықтың тарихи ғана емес, геосаяси және экономикалық маңызын ашып береді. Яғни, хандар жай ғана жерленген тұлғалар емес, өз заманында осындай

өркендеген қалада билік жүргізген мемлекет қайраткерлері болған. Сондықтан да әр ханға арналған павильон – сол өркениетті қайта жаңғыртудың нақты жолы болмақ.

Біз күні кешеге дейін бұл қалаға дөпдеп назар аудармадық. Ол туралы жазылған аз-мұз дүниелер болса, оның өзі де жергілікті өлкетанушылардың желге қарап айқайлаған, бірақ ешкім ескеріп, құлақ аспаған үні деп ұққан дұрыс. Бірақ уақыт бір орында тұрмайды, ұрпақтар да ауысады, тарихтың сипатын өзгертіп, жаңа түр беретін де кез болады. Сарайшыққа да сондай шақ туған сияқты[1, 81б].



«Мөңке Темір павильонының ішкі көрінісі»

Интерактивті карта, алғашқы теңгелер, тарихи тұлғаның бейнесі мен заманауи технологиялардың үйлесімі.



«Сарайшық хандар павильондарының ашық кеңістіктегі жалпы көрінісі»

Жеті ханға арналған павильондардың симметриялы орналасуы, көгалды аймақ және тарихи архитектура үлгісі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сарайшық / Әлімгереев, Өтепберген ... – Алматы : Өлке, 2000. - 71 б.

2. Сарайшық қаласы / Қасенов, М. С. ... – Атырау : Ағатай, 2011. - 103 б
3. Сарайшық - бабалар мұрасы: Сарайшық қалашығының тарихы туралы дереккөздер / – Атырау : Ағатай, 2015. - 223 б.

САРАЙШЫҚТАҒЫ №2 ҚАЗБАНЫҢ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ (2024 жыл бойынша)

Айбек Тұраруұлы
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК бас инспектор

Аңдатпа. Мақалада 2024 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы №2 қазбадағы археологиялық зерттеулердің кейбір нәтижелері айтылады. Соның ішінде, ортағасырлық қала көшесі бойындағы үйлердің құрылымы, табылған артефактілер және оларды мерзімдеу әрекеттері жария етілген.
Кілт сөздер: археология, артефакт, көше, бөлме, радиокарбон әдісі

Аннотация. В статье представлены некоторые результаты археологических исследований, проведенных в 2024 году на раскопе №2 на средневековом городище Сарайшык. В том числе, обнародованы структуры домов вдоль средневековой городской улицы, обнаруженные артефакты на раскопке и попытки их датирования.
Ключевые слова: археология, артефакт, улица, комната, радиоуглеродное датирование

Abstract. The article presents some results of archaeological research conducted in 2024 at excavation №2 in the medieval Saraishyq settlement. Including the structures of houses along the medieval city street, artifacts found during excavations and their dating attempts were published.
Keywords: archeology, artifact, street, room, radiocarbon dating

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғарғы білім министрлігі Ғылым комитетінің «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасы бойынша қаржыландырылған археологиялық қазба жұмыстары 2024 жылғы маусым-шілде айларында ортағасырлық Сарайшық қаласы орнындағы №2 қазбада өтті. Зерттеу жұмыстарын «Сарайшық» музей-қорығының археологиялық экспедициясы жүргізді.

2023 жылы бұл жерде зерттеу жұмыстары қолға алынған болатын. Осы маусымда ортағасырлық көшенің бір бөлігі анықталып, көшенің екі бетіндегі тұрғын бөлмелер сипатталған [1]. Жаңа маусымда зерттеудің мақсаты: қазба жұмыстарын жалғастырып жаңа нысандарды анықтау, оларды зерттеп-зерделеу.

Жұмыс міндеті көшені шығыс бағытқа қазып кеңейту болды. Әрі төменгі мәдени қабаттардан жаңа құрылыс нысандарын ашу.

Зерттеу әдістемесі қазба алаңын шаршылы-қабатты ашу әдісімен, кездескен нысандарды белгілеп, тіркеп отыру арқылы жүргізілді.

Зерттеу жұмысына Сарайшық ауылының тұрғындары - уақытша жұмысшылар алынды. Қазбадан жұмыстары аяқталған соң барлық табылған құрылыс нысандарына уақытша консервациялау жұмыстары жүргізілді.

Қазба жұмысы басында зерттеу алаңының солтүстік бөлігіндегі секторлар арасына қалдырылған топырақ кескіндері алып тасталынды. Бұл жерлер әрі қарай тереңдеп қазылды. Бірақ көктемгі Жайық өзенінде су мол тасуынан өзенге жақын аумақтың топырағында ылғал көбейіп, бетіне сыз шығып кетуіне байланысты әрі қарай тереңдетіп қазу тоқтатылды. Сонымен бірге, №1 қазбамен аралықтағы топырақ жалы да алынды, екі қазбаға да ортақ бөлмелер біріктірілді.

Қазбаның оңтүстік-шығыс бөлігінен көлемі 5х5 м төрт сектор қазылды, осы арқылы зерттеу алаңы кеңейтілді [2].

Көше бойын шығыс бөлікте тереңдете қазу кезінде секторларда төменгі деңгейде құрылыс қабырғалары ашыла бастады. Қабырғаларды түгелдей ашу кезінде олар біртұтас көпбөлмелі ғимарат екені анықталды. Ғимараттың шығыс жағы 2019 жылғы №2 қазбада анықталған, кейін 2020 жылы консервацияланған XVI ғасырға тиесілі мазардың астында жатыр. Ғимараттың кем дегенде бес бөлмесі бар екені анықталды. Үш бөлме толық ашылса, екі бөлме жартылай ғана ашылды. Бөлме қабырғалары шикі балшықты кірпіштерден құйылған. Сырты саз балшықпен бірнеше қабат сыланған. Бөлмелер батыстан шығысқа қарай ретімен нөмірленді (1-сурет).


1-сурет.

Үшінші бөлменің үстін қазу барысында 3 жеке адамның жерлеулері ұшырасты. Олардың бәрі жерленгеннен кейін бұзылған, қозғалған. 1 сүйектің белден жоғарғы бөлігі, екіншісінің тізеден төменгі бөлігі жоқ болып шықты. Тағы біреуінің антропологиялық тәртібі түгел бұзылған. Бұлар XX ғасырда осы жерде болған христиан зиратына адам жерлеу кезінде, немесе зиратты басқа жерге көшіру жұмыстары салдарынан бұзылуы мүмкін.

Төменгі қабаттан ашылған ғимарат бөлмелерін сипаттайтын болсақ;

№1 бөлме ғимараттың оңтүстік-батысынан анықталды, көлемі 3х2 м (СО-БШ). Батыс, оңтүстік және шығыс қабырғаларының қалыңдығы 50 см болса, солтүстік қабырғасының қалыңдығы 70 см. Оңтүстік, батыс және солтүстік қабырғаларының биіктігі 1 м, ал, шығыс қабырғасы 50 см биіктікте сақталған. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышы жоғарғы қабаттағы мазардың қабырғалары астында жатқандықтан, түгел қазылмай, аздаған топырағы қалдырылды. Бөлменің есігі шығыс қабырғаның оңтүстік шетіне таман, оңтүстік-шығыс бұрыштан 20 см шығыңқы орналасқан. Есіктің ені 70 см. Табалдырықта қалыңдығы 14 см ағаш қалдығы сақталған. Ол ағашты еденге ойып орналастырған, екі шеті есік жақтауына, қабырғалардың ішіне еніп тұр. Оңтүстік-шығыс бұрыштан батысқа 50 см жерде, оңтүстік қабырға бойында еденде көлемі 38х26 см ағаштың қалдығы сақталған. Одан басқа, бөлменің ішкі көрінісінде ешқандай құрылыс жоқ. Едені нығыздалып, саз балшықпен сыланған. Қабырғалар да сазбен сыланған.

№2 бөлме алдыңғы бөлмеден шығысқа қарай орналасқан. Үстіңгі қабатта орналасқан мазарды сақтау үшін бөлме толықтай ашылған жоқ, Қабырғалары оңтүстік-батыс бұрыштан шығысқа қарай 1,6 м ұзындықта, солтүстікке қарай 1,55 м ұзындықта үшбұрыш түрінде ашылды. Басқа бөлігі

мазар астында қалған. Оңтүстік қабырғасының биіктігі 1 м, қалыңдығы 50 см. Батыс қабырғасының биіктігі 50 см, қалыңдығы да 50 см. Едені, қабырғасы сазбен сыланған. Батыс қабырғада алдыңғы №1 бөлмеге кіретін есік бар. Ал, бұл №2 бөлмеге кіретін есік қазба аумағында анықталған жоқ. №1 бөлме есігінің солтүстік жағынан еден деңгейінде ойылып жасалған құрылыс бар. Кан тәріздес келген, қос арнасы солтүстікке созылған. Қабырғаларын саман кірпіштерден қалаған. Бөлменің батыс қабырғасынан 10 см, оңтүстік қабырғадан 67 см қашықтықта еденде орналасқан. Екі арнасының ені 15 см болады. Арналардың арасы ені 27 см болатын қабырғамен бөлінген. Құрылыс оңтүстік жағында ені 12 см саман кірпішті қабырғамен тұйықталған. Арналардың іші топырақпен толып қалған, күйенің немесе күлдің іздері табылған жоқ. Құрылыстың қандай мақсатта салынғаны әзірге белгісіз.

№3 бөлме ғимараттың батысында орналасқан, көлемі 4х3,1 м (СО-БШ). Бөлменің батыс қабырғасы түгелдей бұзылған, тек солтүстік қабырғада шығыңқы бұрыш байқалады. Осы жерді бөлменің батыс қабырғасы деп санадық. Оңтүстік қабырға да батысқа 2,3 м-ге дейін созылып, әрі қарай бұзылған. Бұл қабырғаның қалыңдығы 50 см болса, шығыс және солтүстік қабырғалардың қалыңдығы 70 см. Қабырғалардың сақталған биіктігі 70 см. Солтүстік-шығыс бұрышында қабырғаның жоғарғы жағында бұзылулар болып аласарып кеткен. Солтүстік қабырғаның орта тұсында, қабырғаға тақалып ошақ пеш салынған. Бөлменің солтүстік-шығыс бұрышынан батысқа ошаққа дейін 1,1 м. Ошақтан шыққан кан арнасы шығысқа созылып, бөлменің солтүстік-шығыс бұрышында тік мұржаға жалғасады. Пеш саман кірпіштерден салынған, ошақ көлемі 80х40 см. Канның ені 40 см. Бөлме ішінде басқа құрылыс орны жоқ. Едені нығыздалып, сазбен сыланған. Бөлме қабырғалары да бірнеше мәрте сазбен сыланғаны көрініп тұр.

№4 бөлме алдыңғы сипатталған №3 бөлменің шығыс жағында орналасқан. Бөлменің көлемі 4,5х2,3 м. Қабырғалардың қалыңдығы 70 см, биіктігі 1 м-ге сақталған. Шығыс қабырғасының биіктігі ғана 65 см болды. Қабырғалар сазбен сыланған. Бөлменің оңтүстік-батыс бұрышында мұржа болған, оның қабырға ішіне ойылған орны сақталған. Пештің орны анықталмады, түгелдей бұзылған болуы мүмкін. Бөлменің оңтүстік-шығыс бұрышы ғана толық ашылған жоқ. Жоғарыда орналасқан мазар қабырғалары құлап кетпес үшін бұл жерде аздаған мәдени қабат топырағы қалдырылды. Бөлменің ішінен ешқандай құрылыс орны табылған жоқ. Бөлмеге кірер есік орны шығыс қабырғаның солтүстік шетіне таман орналасқан, ені 80 см. Есіктің солтүстік жақтауы бөлменің солтүстік-шығыс бұрышынан 30 см шығыңқы салынған. Бөлмеге №5 бөлме арқылы кірген. Есік табалдырығында ені 14 см босағаның ағаш қалдығы сақталған. Ол ағаштың екі шеті қабырғалар ішіне қарай еніп тұр. Еден нығыздалып сазбен сыланған. Кей жерінде ойыстанған бөліктер бар.

№5 бөлме №4 бөлменің шығысында орналасқан. Бұл бөлменің жарты бөлігі ашылды. Бөлменің солтүстік-батыс бұрышынан шығысқа 1,9 м, оңтүстікке 3,1 м ұзындықта үшбұрышты бөлікте ашылды. Одан әрі топырақ

қабаты үстіңгі қабатта орналасқан мазардың құлап кетпеуі үшін қалдырылды. Қабырғалардың қалыңдығы 70 см. Батыс қабырға 65 см, солтүстік қабырға 80 см биіктікте сақталған. Қабырғалар сыланған, еденде де сылақ бар. Еденнің ортасындағы жер ойыс келген. Бөлменің батыс қабырғасы №4 бөлмені қамтитын үлкен шұңқырдың үстіне салынғаны байқалады. Бөлменің ашылған бөлігінде ішкі интерьерден ештеңе табылған жоқ (2-сурет).



2-сурет.

Қазбада бұл ғимараттан бөлек көшенің оңтүстік жағында орналасқан тағы бір бөлменің сұлбасы ашылды. Ол былтыр ашылған көшенің оңтүстік бөлігіндегі №5 бөлменің қатарында, шығыс жағында орналасқан. Бөлмені шартты түрде **№6 бөлме** деп атадық. Оның көлемі 3,1х3,5 м (СО-БШ). Бөлменің солтүстік, батыс, шығыс қабырғалары сақталған, қалыңдығы 50 см. Шығыс қабырғасының сақталған ұзындығы 1 м, биіктігі 40 см. Солтүстік қабырғаның биіктігі 50 см болса, батыс қабырғаның биіктігі 1-1,2 м-дей сақталған. Бөлменің оңтүстік жағында үлкен шұңқырдың орны бар. Шұңқырдың іші күл, күбірге, қоқысқа толы. Шұңқыр бөлменің оңтүстік бөлігін бұзып кеткен. Солтүстік қабырғаның бойын түгел алып жатқан ені 1,3 м болатын суфа салынған. Батыс қабырғаның орта бөлігінде қабырғада тігінен ойылған ойық бар. Бұл қабырғадағы ойықтың мақсаты әзірге белгісіз (3-сурет).



3-сурет.

Қазбада көшенің оңтүстік бөлігіндегі №5 және №6 бөлмелердің оңтүстік шетін бұзып кеткен, ішіне күл-қоқыс толтырылған шұңқырлардан жұмыс барысында ірі малдың көптеген сүйектері шықты. Бұл үлкен көлемді шұңқырды тұрмыстық қалдықтармен, күл-қоқыспен толтырып отырған секілді. Осындай үлкен көлемді шұңқырлар жертөле үйлердің орны болуы мүмкін. Алдағы зерттеулерде бұл ескерілу керек.

Қазба барысында көптеген қыш бұйымдар сынықтары, мал сүйектері кездесіп отырды. Қыш бұйымдар ішінде үш жақты жалғағыш муфта түріндегі құбыр бөлігі ерекше назар аудартты. Бұл қалада күрделі кәріз жүйесі болған деген ойға жетелейді. Қазбадан табылған заттар Алтын Орда дәуіріндегі қаланың сауда және мәдени байланыстарының көрсеткіші ретінде өте қызықты. Материалдар Сарайшықтың тарихи-мәдени ролін зерттеу үшін маңызды боп табылады (4-сурет).

Қазбадан 2023 жылы Қызыр, Құлына, Мүрид сияқты хандардың және көптеген анонимді тиындар табылды. Бұлар негізінен «ұлы кесапат» кезінде билікте болған хандардың тиындары екені байқалып тұр.



4-сурет.



5-сурет.

Жоба аясында Сарайшық қаласы орнынан 5 түрлі ғылыми үлгі алынып радиокөміртегі әдісімен жасын анықтау бойынша зерттеу жүргізілді (1-кесте). Зерттеу жүргізген мекеме Литва Республикасы Вильнюс қаласындағы «Барнас» компаниясы. Кестеде көрсетілген 2 адам сүйегі мен 1 адам тісі, 1 жануар сүйегі және жерлеуге қолданылған 1 ағаш материалдарына зерттеу сертификаттары алынды.

1-кесте

Р/с	**Шифр**	**Материал**	**Деректері**
1	Sar 1	Сүйек	№3 қазба, жеке жерлеу
2	Sar 2	Тіс	№4 қазба, мазар 2, бас сүйек I
3	Sar 4	Ағаш	№4 қазба, мазар 2
4	Sar 5	Сүйек	№4 қазба мазар 1, орталық жерлеу
5	Sar 7	Сүйек	«Хан моласы» қазбасы, жануар сүйегі

Радиокөміртегі әдісімен жасын анықтауға зерттеуге жіберілген материалдар:

1. 2023 жылы №3 қазбада ашылған монша маңындағы жеке жерленімдердің бірінен алынған үлгі. Бұл жердегі жерлеулер моншаның қызмет етуі уақыты аяқталғаннан кейінгі кезеңде болған. Радиокөміртегі әдісімен зерттеу нәтижесі 1404-1455 жылдар, 1417-1445 жылдар аралығын көрсетті. Шамалап алғанда XV ғасырдың I-жартысында жерленген деп айтуға болады.

2. 2017 жылы №4 қазбада ашылған №2 мазар ішіне жерленген адам сүйегінен алынды. Зерттеу нәтижесімен мазардың салынған уақыты да сәйкес келуі мүмкін. Зерттеуде мазардан алынған ғылыми үлгінің мерзімі 1409-1455 жылдар аралығын қамтиды. Яғни мазар құрылысы мен онда жерленген адамдар шамамен XV ғасырдың I-жартысына сәйкес келеді.

3. Осы №4 қазбадағы №2 мазардың жерлеу шұңқырынан табылған ағаш қалдығын зерттеу нәтижесі 1428-1507 жылдарды көрсетті. Мұны шамамен XV ғасыр орта тұсы деп санауға болады.

4. №4 қазбадағы №1 мазарда орталық жерлеу шұңқырындағы адам сүйегінің зерттеу нәтижесі 58,7% - 1276-1321 жылдарды көрсетсе, 36,7% - 1358-1390 жылдарды көрсетті. Бұл адам жерленген уақыт XIII ғасырдың соңы – XIV ғасыр деп саналды.

5. «Хан моласы» қазбасынан қазылған шурфтан төменгі мәдени қабатта жануар (түйе) сүйегі табылған болатын. Осы сүйектің зерттеу нәтижесі 1299-1401 жылдарды көрсетті (6-сурет). Яғни, бұл сүйек XIV ғасырдікі деп саналады.



CENTER FOR PHYSICAL SCIENCES AND TECHNOLOGY

Accelerator Mass Spectrometry Laboratory

Vilnius Radiocarbon

Performed by

Page 1 of 2

DATING CERTIFICATE

No. 2024-05-15-FTMC-QW58

18th September 2024

1. Applicant for analysis: Aibek Turaruly
2. Material of sample: Bone
3. Date of sample receiving: 2024-08-23
4. Analysis date: 2024-09-18
5. Equipment used for analysis: Single stage accelerator mass spectrometer (SSAMS, NEC, USA), Low-Energy Accelerator (LEA, Ionplus AG, Zürich), Automated Graphitization Equipment AGE-3 (Ionplus AG, Zürich).
6. Method of analysis: Samples were pretreated using acid-base-acid and collagen extraction protocol. NIST-OXII and phthalic anhydride were used as reference materials.
7. Results of analysis:

Sample designation	Lab. code	Radiocarbon age, BP	pMC
Sar 7	FTMC-QW58-7	614±29	92.65±0.34

The results are given in years before 1950 (radiocarbon age BP). The uncertainty in the age determination is given +/- one standard deviation. All radiocarbon ages are corrected for isotopic fractionation using the measured 13/12C-ratio. The radiocarbon ages must be translated to calibrated radiocarbon years.

8. Calibrated radiocarbon dates:




Fig. 1. Radiocarbon date 614±29BP (red), part of the calibration curve (blue) and the calibrated probability density function (grey) calculated in OxCal.

Responsible person: dr. Žilvinas Ežerinskis

6-сурет.

Қазба жұмыстары нәтижелерін қорытындылай келе айтарым алынған материалдар қала топографиясын зерттеу үшін маңызды боп табылады. Табылған заттар Жошы Ұлысы кезеңіндегі Сарайшықтың тарихи-мәдени мұрасының көрсеткіші ретінде өте қызықты.

Былтырғы жылғы қазбада XIV ғасырдың 60-жылдарына дейінгі екі немесе үш құрылыс қабаты ашылса, 2024 жылы олардан да ерте мәдени қабат ашылған болуы мүмкін. Көбіне Бердібек ханның өлтірілуінен бастау алған «ұлы кесапат» кезіндегі, 1359-1380 жылдарда аз уақыт билікте болған хандардың тиындары кездесуіне қарағанда.

Әдебиет

1. «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» ғылыми жобасының 2023 жылғы жылдық есебі. 2023.
2. Ортағасырлық Сарайшық қаласы ескерткішіндегі 2024 жылы атқарылған археологиялық жұмыстар. Ғылыми есеп (№2 қазба). 2024.

1 СЕКЦИЯ
Тарихи-мәдени мұра ескерткіштерін қорғаудағы өзекті мәселелер, Жошы ұлысы тарихы туралы зерттеулер, Қазақстандағы және шетелдердегі археология ғылымының дамуы: нәтижелері және келешегі және Жошы ұлысы халықтарының этнографиясы

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ, ЖАМБЫЛ АУДАНЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ БЕКТӨБЕ ҚАЛАШЫҒЫ РАБАДЫНДА ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ.

Өсеров Талғат Ортайұлы
«Әзірет Сұлтан» Ұлттық тарихи-мәдени музей - қорығы
«Тарихи – мәдени мұра ескерткіштерін қорғау және есепке алу» бөлімінің археологы, Түркістан қаласы

Ежелгі Тараз–Ұлы Жібек жолын жалғап жататын тұрақты дипломатиялық және сауда-саттық қарым-қатынас жасалатын күре тамыры болып табылады. Ол алуан түрлі мәдениеттер мен халықтарды бір-бірімен байланыстырып, сонау ежелгі заманнан бері идеялар алмасудың тұрақты да маңызды факторы ретінде қызмет етіп келеді.

Тараз – Қазақстанның ортағасырлық қалаларының ішіндегі ең белгілісі, ең көнесі. YII ғасырда Тараз Ұлы Жібек жолы бойындағы ірі қалаға айналып, осы кезден бастап ол кеңінен мәлім болады.

Жазба деректер бойынша Таразда 568 жылы Византияның елшісі Земархтың түркі қағаны Дизабулдың қабылдауында болуынан кейін, бір ғасыр өткен соң 630 жылы Қытайдың монахы Сюань Цзянь юаньның батысында (Долос) қаласы орналасқан, қаланың аумағы 8-9 шаршы шақырым онда әр елдің саудагерлері мен соғдылар тұрады», деп жазады.

IX-X ғасырда Тараз қаласының сауда жолы бойына, егіншілікке қолайлы бай алқаптың ортасында, Талас Алатауындағы күміс кеңдеріне жақын жерде орналасуы экономикалық және мәдени жағынан өсіп өркендеуіне өз септігін тигізді.

X ғасырдың жазба деректерінде Әл – Макдиси Тараз қаласын былайша суреттейді: «Тараз – бекіністі үлкен қала, бау-бақшалы, халқы көп, айнала ормен қоршалған, төрт қақпасы және рабады бар. Қақпа алдынан өзен ағып жатады, ар жағында қаланың бір бөлігі орналасқан, оған өтетін жол бар. Ал, базардың нақ ортасындағы мешіті көрініп тұрады»

Тараз – Түргеш, Қарлық онан кейін Қарахан мемлекеттерінің орталығы болып, өзінің ақшаларын шығарған. Қарахан әулеті билеген тұста, ол осы алпауыт мемлеккеттің астанасы болған. Тап сол кезеңде Тараз түрленіп, гүлденіп, қаланың құрымдылық жүйесі, көше жолдары қала стиліндегі бедерлі, сән-сәулетке ие болды.

Тараз қаласының орнын тұңғыш рет ғалым Ә.Х.Марғұлан француз ғалымдары А.Ромоди, Шааванье Де Грата, академик В.В Бартольд еңбектеріне сүйене отырып, көне қала екенін дәлелдейді.

Қала 1856 жылы - Әулие ата, 1936 жылы – Мирзоян, 1938 – Жамбыл есімін иеленген. Ал 1997 жылы 8 қаңтарда Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен ежелгі аты қайтарылып «Тараз» аталады.

2011жылы сәуір және шілде айларының аралығында Жамбыл облысы әкімдігі мәдениет басқармасының «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру дирекциясы» Мемлекеттік мекемесі мен «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық мұражайының қызметкерлері бірігіп, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданындағы ортағасырлық Бектөбе қалашығында археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Бектөбе қалашығы қазіргі Тараз қаласының батысында 12км жерде, қазіргі Бектөбе ауылының оңтүстік-батысында орналасқан. Қалашықтың көлемі 9га шахристан бөлігі және оны қоршаған қорғаныс қабырғасының құланды түріндегі биіктігі 6м. Қалашықтың солтүстік-батыс бөлігінде диаметрі 65-70м-ге жететін биіктігі шамамен 20м болатын төбе орналасқан. Төбенің ортасында диаметрі 9м, тереңдігі 2м шұқыр орны бар. Бұл қаланың цитаделі деп есептеледі.

Талас жазығындағы ортағасырлық қалалар мен елді мекендер жайлы мағлұматтарды көптеген саяхатшылар мен географтар өз жылнамаларында жазып қалдырған. Солардың бірі Кудама ибн Джа’фар, өзінің «Китаб ал-хардж» атты еңбегінде Талас өлкесінің қалаларының бірқатарын сипаттай келе қазіргі Бектөбе, ортағасырда Джувикат аталған қала жайлы да мағлұмат қалдырған[1. 76-77 бб]. Онда Шавғардан Джувикатке дейін 2 фарсах және Джувикаттан оның шығысында орналасқан Таразға дейін 2 фарсах екені көрсетілген (1фарсах-7км тең).

1936 жылы А.Н.Бернштам Тараз қаласынан 14 км батыста орналасқан «Бектепе» атауымен аталатын қалашықта бірқатар зерттеу жұмыстарын жүргізіп, бұл төбенін, «Джувикет» қалажұртының орны екендігіне тоқталады. Бұл туралы А.Н.Бернштамның «Памятники старины Таласской долины» атты еңбегінде баяндалған[2. 5-7 бб].

Бектөбе қалашығын 1938 жылы КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі мен ММТИ-дің Жетісу археологиялық экспедициясы ашып зерттеген[3. 121-бет].

1978 жылы Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану мұражайының экспедициясы, 1989 жылы Тарихи және мәдени ескерткіштері жинағының археологиялық экспедициясы (К.М.Байпақов), 2000 жылы ҚР ҒА Археология институтының тарихи және мәдени ескерткіштері жинағының археологиялық экспедициясы зерттеген (К.М.Байпақов, Д.А.Лобас) [4,138 б.].

2010 жылы Жамбыл облысы «Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау және қалпына келтіру» дирекциясы тарапынан түскен сұранысқа орай, Бектөбе қалашығына Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология Институтының

ғылыми қызметкерлері т.ғ.к. Е.А.Смағұлов, және С.Р. Ілияс. археологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізді [5, 1-125 бб].

Археологиялық зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ортағасырлық Бектөбе-Жувикат қалашығынан X-XIIғғ. қатысты тың мәліметтер (қаланың жалпы сипаттамасы, ғимараттардың архитектуралық жобалары, заттай артефактілер) алынған [6, 339-340 бб].

Ортағасырлық Бектөбе қалашығының шығыс рабад бөлігінде орналасқан мазарлар тізбегінде 2011 жылдың далалық маусымында жүргізілген археологиялық зерттеу жұмыстары негізінен 2010 жылғы зерттеу жұмыстарының жалғасы болып табылады. Қазба жұмыстары негізінен екі нысанда, 2010 жылғы №4б нысанының екінші құрылыс қабатын анықтау сонымен қатар, мазарлар тізбегінің батысында қаланың шахристан бөлігінің дуалына тақау аяқталар тұсынан салынған №7 нысанда жүргізілді. Мазарлар қаланың негізгі бөлігі болып табылатын шахристан бөлігін қоршап жатқан қорған қабырғаларынан шығысында 10-12м. жерде орын тепкен. Мазарлар орны батыстан шығысқа қарай тізбектеле, дм. 10-15м. биіктігі 0,70-1,2м. болатын үйінді төбелер түрінде орналасқан.

Бектөбе археологиялық отрядының (С.Р.Илияс, Т.О.Өсеров), Бектөбе қалашығындағы 2011 жылғы далалық маусымда жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижесінде, қаланың соңғы өмір сүру кезеңі болып табылатын XI-XIIғғ. аралығының архитектурасы мен қолөнеріне қатысты біршама тың мағлұматтар жинақталды. Осы негізде қалашықтың шығыс бөлігінде орналасқан мазарлар тізбегінің (2010 ж. қазба жұмыстары нәтижесі) II-құ. рабад бөлігінде орналасқан үй құрылыстарының орыны екендігі анықталды. Қазба барысында мұнда I құ. және II құ. табылған қабір құрылыстарының осы нысанның II құ. табылып отырған үй құрылыстарына қатыссыздылығы анықталып отыр. Мазарлардың кейбірінің бұл аумақта пайда болу уақытын Ортағасырлық Бектөбе қалашығының өз өмір сүру кезеңін тоқтатқаннан кейінгі кезеңдермен де байланыстылығы анықталып отыр. Сонымен қатар, қалашықтың үй құрылыстарының белгілі бір жобамен салынғандығы және ортағасырлық қаланың даму үрдісіне қарай олардың өз пішіні мен жобасын өзгертіп отырғандығын айтуымызға болады. Құрылыс материалы ретінде негізінен тас пайдаланылғандықтан, қаланың жоғарғы құрылыс қабаттарының бүгінгі күнге дейін өз пішінінің сақталынып қалуының бірден-бір себебі болып отыр.

Қазба барысында қаланың XI-XIIғғ. тән қолөнеріне қатысты көптеген бұйымдар топтамалары табылды. Табылған қыш құмыра заттары шыңылтырсыз, сырсыз және сырлы шыңылтырланған заттардан тұрады. Өзіндік ерекшеліктеріне қарай олар асханалық және тұрмыстық бұйымдар тобына жіктеледі. Асханалық топқа тостағандар, табақшалар, қазандар және


т.б. жатса тұрмыстық бұйымдарды хұмдар, құтылар, құмыралар тобы құрайды. Қыш құмыра заттары жақсы иленген саздан жасалынған, құрамында шамот, майда дәнді құм қоспасы кездеседі. Сырсыз шыңылтырсыз керамикалар тобы отқа біркелкі күйдіріліп, қызғыш сары және қоңыр түсті ангобпен боялған. Қыш-құмыра бұйымдарының ішінде табылған заттардың ең көп бөлігін қазандар құрайды. Сонымен қатар ыдыстардың қақпақтары және құмыра саптары, шыңылтырланған бояулы табақшалар топ-тобымен қарастырылады. Сырлы құмыралар тобына бояулы табақшалар жатады. Табақшалар қоңыр, ақ, қызғылт, сары және жасыл секілді түрлі-түсті сырлармен безендіріліп өрнектелген. Негізінен қара, қоңыр, ақ және жасыл түстерге басымдылық берілген (шыңылтырланған сырлы табақшалар топтамасы). Қазандар екі құлақты және төрт құлақты қазандар болып екі топқа бөлінеді. Негізгі бөлігі жапсырмалы әдісті технологияны пайдалана отырып жасалынған қазандар сырты ақшыл сарғыш түсті ангобпен боялған (ыдыстар топтамасы). Қазан құлақшалары ілмек тәріздес және жапсырмалы құлақша түрінде жасалынған, өзге қыш-құмыра ыдыстарының саптары да осыған ұқсас бүгілмелі және құлақша түрінде жасалынған (құмыра саптарының топтамасы). Табылған қыш-құмыра заттары арасынан қақпақтар тобы ерекшеленеді. Олардың сыртқы беткі тұсына әртүрлі өрнектер салынған және тұтқа бөліктері де әртүрлі пішінді болып келеді. Өрнектер бастырмалы әдіспен салынған әртүрлі толқынды сызықтар және жапырақшалар түрінде салынған. Сызықтар ирек және шырша тәріздес те болып келеді (қыш қақпақтар топтамасы). Қазба барысында қаланың XI-XIIғғ. тән қолөнеріне қатысты көптеген бұйымдар топтамалары табылды.

Табылған қыш-құмыра жәдігерлері өз ұқсастығын ортақ ерекшеліктерімен IX-XIIғғ. аралығымен кезеңделетін Талас алқабы және Оңтүстік Жетісу өлкелерінің қыш-құмыра бұйымдарынан табады[7. 17-19 бб].

Қазба жұмыстары соңында жоғарыда аталған нысандарда консервациялық жұмыстары жүргізілді.




Бектөбе қалашығы. Аэрофото.




Бектөбе қалашығының топопланы





№-4а Қазбаның жобасы. II-ғғ.

Қазба №4б. II-ғғ. оңтүстіктен қарағандағы жалпы көрінісі және жобасы (план).



№7-і Қазбаның жобасы II-і ғғ.




№7 қазба, II-ғғ. жоба және №1 бөлме, солтүстіктен қарағандағы жалпы көрінісі.



Ыдыстар топтамасы



Қыш қақпақтар топтамасы



Шыныстырылған сырлы табақшалар топтамасы



Өрнекті сырлы табақшалар топтамасы

Керамикалық қыш ыдыстар

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Волин С. Сведение арабских источников IX-XYI вв. О долине Талас. //Новые материалы по древней и средне вековой истории Казахстана. Алма-Ата 1960.г. С.76-77.
2. Бернштам А.Н. Памятники старини Таласской долини. Алма-Ата, 1941.г.5-7 бб.
3. Бернштам А.Н. Таласская долина.//Труды Семиреченской археологической экспедиций 1936-1938 гг. Алма-Ата. 1949.г. Т.I. С.121.
4. Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени ескерткіштер жиынтығы Жамбыл облысы. Алматы, 2002 ж. 138-бет.
5. Ілияс С.Р. Ортағасырлық Бектөбе (Жувикат) қалашығында жүргізілген археологиялық ғылыми-зерттеу жұмыстарының есебі. Алматы 2010.ж. 1-125 бб.
6. Ілияс С.Р. Ұлы Жібек жолындағы ортағасырлық Бектөбе (Жувикат YII-XIIғғ.) қаласындағы археологиялық зерттеулер. //IY Халықаралық Түркология Конгресі Түркістан. 2011.ж. 339-340 бб.
7. Шәлекенов У.Х. Y-XIII ғасырлардағы Баласағұн қаласы. Алматы «Жібек жолы». 2006 ж.17-19 бб.

ЕДІГЕ БАТЫР ҰРПАҚТАРЫ: САРЫШОЛАҚ АҚЫН (1858-1929)

Абдуллина Моншақ Сағидоллақызы
Баишев Университетінің магистранты
Ақтөбе қаласы

Аңдатпа: Мақалада Жошы ұлысын 17 жыл билеген Едіге батыр ұрпағы Сарышолақ ақынның шығармалары талданған.

Аннотация: В статье анализируется творчество поэта Сарышолака, потомка Едиге батыра, царствовавшего в улусе Джоши 17 лет.

Annotation: The article analyzes the work of the poet Sarysholak, a descendant of Edige batyr, who reigned in the Joshi ulus for 17 years.

Кілт сөздер: Едіге, Сарышолақ, ақын, поэма, тәуелсіздік, ел.

Ключевые слова: Едиге, Сарышолак, поэт, поэма, независимость, страна.

Keywords: Edige, Sarysholak, poet, poem, independence, country.

Мөңке би Тілеуұлы мұрасы туралы монографиялық зерттеу жазған профессор Мұқтар Құл-Мұхамеддің айтуынша Тілеу Жошы ұлысын 17 жыл билеген Ер Едігенің ұрпағы [1]. Ғалымдар жазған шежіре бойыша да солай[2, 110 б.]. Ұлттық энциклопедиямыз «Қазақстанда» да осылай делінген[3,696 б.]. Олай болса, Тілеудің ұрпағы Сарышолақ та Ер Едігеден тарайды. Жошы

ұлысының ардақтыларының бірі, ел жадында «Ел қамын жеген Едіге» атанған тұлғадан тарайтын кейінгі адамдардың өмірі мен шығармашылығы көпшілік үшін, тарих үшін қызықты әрі маңызды болары сөзсіз.

Сарышолақ ақынның біздің қолымызға тиген көлемді туындыларының бірі – «Намыс» поэмасы. Айшықты сөздің хас жүйрігі Сарышолақ бұл поэмасында жеті-сегіз буынды төкпе өлең үлгісіне жүгінеді. Бұл импровизатор ақын үшін қолайлы, әрі поэманың мазмұны мен көлеміне сай. Шығарма көлемі шағын, небәрі 220 жол ғана[4,199 б.].

Оқиға Жарқамыс жәрмеңкесінде өткен, сондықтан ақын шығарма экспозициясында тыңдаушыларына оқиғанң өтер орны-жәрмеңкенің жайын таныстырады.

Қара қамыс базары,
Малмен кіріп ажары.
Гуілдеп халық шулаған,
Саудаға ауып назары[4,199 б.].

Жәрмеңкеге келген адам көп: төрт түлік малын қоралап айдап келген қазақ; үйрек, қаз, тауық, доңыз сатқан орыс; зат пұлдаған ноғай; ақын назарынан делдалдар мен сан соқтырған ұрылар да тысқары қалмаған. Неше түрлі өнерлілер де осында: қобыз ысқылаған – бақсы, сайқымазақ – күлдіргіш, темір көтерген – күш иесі.

Енді бір тұста айналасындағыларды таң-тамаша қалдырып, әрі ақын, әрі сал Теңірберлі Молдабай да жүр.

Тәңірберлі Молдабай
Әуелете әндетіп,
Белден басып жалғанды-ай
Күлкіге бөлеп сәндетіп,
Ішегі жұрттың түйіліп
Аяқ-қолдан әл кетіп,
Ол шайтанды да ілдірер,
Өлгенді де күлдірер,
Көңілі шат шіркіннің
Не табарын кім білер? [4,200 б.].

Қыж-қыж қайнаған сауда-саттық әбден шарықтау шегіне шыққан.

Берерменге бесеу көп
Аларманға алтау аз,
Базар шалқып аста төк
Болып жатыр бәрі мәз.

Ақын шығарма экспозициясын сағыздай соза бермейді, осыдан соң-ақ оқиға басталып, аттаған сайын мінез-құлқын, іс-әрекетін аңғартып, негізгі кейіпкерлер көріне бастайды. Міне, соның бірі ояз да жәрмеңкеге келді.

Жасауыл еріп қасына,
Шатыр ұстап басына,
Пәуеске арба желдіріп
Жол берді халық ашыла,

Мұжықтар жатыр шоқынып
Еңкейіп төмен бас ұра [4,200 б.].

Қасындағы татар тілмашы бірдеңке деп сыбыр ете түсті. Жасауыл жүгіре жөнеліп, «Қожыр-қожыр білекті» бір дәу мұжықты алып келді. Базар басы бәс тігіп, палуандар күресі басталып кетті. Әлгі мұжық:

Белшеден басып жалғанды,
Тулақтай былғап барғанды,
Жүрегі көптің шайлықты
Жеңіс болған арманды.
Атан жілік, зор кеуде
Сақал-шашы ұзарған,
Екі талмап, бір жеуге
Қанталай көзі қызарған
Тірілей жұтар обырдай
Саусақтары теріс біткен томардай,
Екі етігі қорпылдап
Тері шалбар- қанардай,
Жанынан безген болмаса
Былайғы жұрт бара алмай,
Тіпті тіке қарай алмай,
Сүзеген бұқа секілді
Тура ұмтылып жарардай,
Көрмеген пенде нанар ма-ай [2,201 б.].

Жанына ерткен жандайшабы емес, ояз мырзаның өзі айтты Мырзағұлға:

-Жігіт бар ма күресер
Ана дәумен тіресер,
Мақтанасың елім деп
Ерің бар ма сіресер?

Осыны естігенде құбыжықты қызықтап, мәз боп тұрған қазақтардың жүздері қуқыл тартып, назарларын төмен салды. Бұл күрес той-томалақта өтетін әншейіндегідей күрес болмай шықты. Астарлы дүние екен. Отарлаушылардың көрсеткен үлкен қыры екен. Отарындағы елдің рухын түсіріп қоюдың, жігерін жасытып, сағын сындырудың бір әдісі, жолы екен.

Ұл тумады ма алысар?
Күнім бір өтті-ау жылаумен,
Намысым қане алысар
Оязбенен жарысар?
Халқым-ау, сонша не болдық
Еңкейіп төмен барысар,-
Тілеудің артық асылы,
Мырзағұл солай жасыды.
Отаршылға керегі осы еді:
Түсініп іштей ояз да
Мысқылдай күліп тасыды.

Дегенмен, халықтың аты – халық. Бұратаналар да бір бала туыпты. Бала алға ұмтылды:

- Мен шығамын күреске!

Екеуінің күресі аю мен күзеннің айқасындай болды. Бірақ күзендей епті бала қорбаңдаған мұжыққа алдырмады, жан таласа шайқасты. Жан тері шығып, шүмектей төгілді.

- О, божым? – деп маржалар,
Төңірек сүрен шулаған.
-Әруақ! Әруақ! – деп айқайлап,
Қазақтар тебінді атын тулаған.

Ақын шеберлігі сондай, осы жерге келгенде сіздің де қаныңыз қызып, «Әруақ!» - деп айқайлап, атой салғызғыңыз кеп кетеді.

«Күш атасын танымас» деген ақыры жас талап жықты.

Оязбенен шендесер,
Күштіменен белдесер,
Ұл туыпты елімде
Қараңдар халқым сенбесең! –
Деп Мырзағұл мақтанып
Жарыларға шақ қалып,
Күміс шашты халыққа
Қоржын түбін ақтарып.
-Айналайын сендей ұлымнан ,
Оязды аяққа бастың ғой
Бостан босқа ұрынған,
Намыс үшін – шыбын жан
Мен – Мырзағұл ел білер
Дабысым мәлім бұрыннан.
Ояз шіркін, мұқатқан
Жүрегімде қызыл бар,
Мына атымды өзің мін
Келші бермен,
Бір иіскейін тұлымыңнан [4, 203 б.].

Міне, бұл жеңістің толық бағасы қандай екен енді түгел айқын болды.

Поэма сюжеті бозбала палуанның күш-қайратын суреттеуге құралғанымен, идея – отаршыларға елдікті таныту бір адамның емес, ұлыстың намысын білдіру. Өзгеге өр кеудені бастырмау. Қазақ палуанының күресі – халықтың езгіге қарсы күресінің бір парасы ретінде көрсетіледі. Ақын мұраты да сол бұрынғысынша: ата жұртының езіліп – жаншылған санасына түрткі жасау. Намысын ояту. Поэманың арқауы – темірдей берік, артық-ауыс сөзі жоқ, шып-шымыр. Өз мақсатына жету жолында ақын халыққа барынша ықпал ету үшін ең тиімді әдіс – шындыққа, болған оқиғаға жүгінді. Көзімен көрген істі баян етті.

Тойламаққа жеңісті
Өзенге халқым жиналды-ай,

Сарышолақ сілтер өлеңді
Нөсерлеп жауын құйғандай,
Көзбен көрдік барлығын
Кім қалар бұлай иланбай!

Көңілге қаяу, жанға жара түсірер қаншама қиыншылықтарға қарамастан Сарышолақ бұл дүниені, тіршілікті жан-тәнімен сүйді. Өмірден күдер үзбеді, елінің келешегіне үміт артты. Ол «Ақыл - жастан» екеніне, болашақта халық тағдырын қолына алатын, тығырықтан жол тауып алып шығатын қарымы үлкен, ақылы кеніш жас толқынның пайда болатынына кәміл сенді. Он тоғызыншы ғасырдағы ақындардың көпшілігі «заманақыр жастары» деп келер ұрпақтан мүлде күдер үзсе, Сарышолақ оны теріске шығарып, барлық жарқын істі жасайтын жас толқын деп есептеді.

Үміт, шіркін, болашағым болар ма,
Әлде арман қайғыменен солар ма,
Ұрпақтарым жетісетін күні бар
Ендігі ойым жалын артқан соларда.

Ақын осылайша ой қорытты. Ақын ойы бұл жерде ұлы Мағжанмен үндес. М.Жұмабаев «Мен жастарға сенемін!» деген еді. Ол өзінің «Намыс» атты поэмасында да он төрт жасар баланы басты кейіпкер етеді.

Тар жерде шығар балаң бар
Ауыздағы имандай,
Болаттан қылыш жиғандай,
Намысты жанды қиғандай
Шар асылдан құйғандай, - [4, 204 б.]

деп ұрандатты қаһарман ақын.

Сарышолақ Боранбайұлы ұлтжанды болғанмен нағыз гуманист-ті, себебі ол үлкен ойшыл, философ адам еді. Ол орыстың қарапайым халқының жай-күйін ұқты, көпке топырақ шашпады. Бұл мәселе төңірегіндегі ойын өлең сөзге былайша айналдырады:

Шерменде көп орыста,
Олардың көз алыста,
Қарашекпен айдалған
Шеткерілеу қонысқа [5, 181 б.].

Қарашекпендердің құйтұрқы саясатқа орай, күшпен көшіріліп отырғанын анық білген. Ал, «Шерменде көп орыста, олардың көзі алыста» дегені орыстың өмірінің ақыры үлкен трагедиямен аяқталған, алысқа көз тіккен ұлы ойшылы, гуманист Л.Толстой сынды тұлғаны еске салады.

Ақын көшіп келген қарашекпендерге сіз де біз де Адам ата ұрпағымыз, Тәңір алдында бірдейміз, сондықтан тату-тәтті өмір сүру жағын қарастырайық, ұлыққа арқа сүйеп, зорлық-зомбылық жасамаңыз дейді. Бұл пікірін өлеңмен былайша кестелейді:

Әй, орыстар, орыстар,
Биік тең бе дөңеспен?
Еліме келдің қоныстап

Патша құрған кеңеспен,
Аштарыңа той қылып
Мекен берген есем пе ем?
Тойындың ба бұ қалай,
Мен де өзіңдей емес пе ем,
Дос қайғысы ортақ-ты
Бірігіп қам жемес пе ең?
Сендерде бар қайыршы
Біздерде де жетеді,
Терең ойлап айыршы
Адамның жоқ бөтені,
Адам ата ұрпағы
Алыс қайда кетеді,
Тату болса нетеді?
Адамзаттың бәрі бір
Тәңірге жоқ бөтені [5, 181 б.].

Ақынның пікірінше, екі ұлт өкілдері арасындағы қайшылық жеке адамдар арасындағы сыйыспаушылықтан емес, қоғам дертінен, әлеуметтік қайшылықтардан туындайды.

Сарышолақ тұтас халықты, орыс біткенді жау санамайды, отарлау саясатын құрып оны жүзеге асырушыларды дұшпан тұтып, өткір тілмен соларды тілгілейді. Бұған келгенде сөз қисынын қиыстырады.

Тұрақсыз ғана айтып ап
Мәрттігінен тайқайды-ай,
Айтқан сөзін қайтып ап
Ояздың өтті қайқаңы-ай,
Зәбірі өтіп әскердің
Батқан соң күйіп айтам-ай,
Зәбір емей немене,
Пәтуасыз сайқалдай
Бүгін айтқан сөзіне
Ертең тайқып тұрмаған,
Куә қажет көзіне
Найза қажет қырлаған,
Сескенбесе түсінбей,
Құбыла тайқып зырлаған [5, 182 б.].

Жоғарыда айтып өткенімдей, Сарышолақ ой иесі еді жеп, сондықтан кейбіреулердей ол ақ патшадан үміт күтпеді. Ақын бәленің бәрі берідегі атқа мінерде, ортадағы оязда ғана емес, патшада жатқанын, «бар орыстың биігі бір орыста билігі бар орыстың аулы алыста» екенін анық пайымдады. Терең ұқты. Ұқты да өз танымын елге жеткізу үшін өлеңге айналдырды.

Көркемдік патша панаңды
Салдың-ау елге ермекті,
Ермек емей немене

Бетегелі бел кетті,
Ата бір қоныс жер кетті,
Қарсы тұрған ісіне
Көресіні көрмекші,
Сәл қалыппын тайқыса
Қанды қол әскер келмекші.

Немесе,

…Заманның түлкі бұлаңы
Патшаның көбейд ылаңы,
Бұрынғы дәурен бұлдырап
Сөздің де тайды тұрағы,
Шындыққа ұрып құлашты,
Талай ерлер қыр асты,
Елінен таппай пананы
Алыстан хабар сұрасты,
Жау тигендей іңірде
Бұғаулап айдад Сібірге,
Айқайлап жүрген арыстан
Айналды сыпсың, күбірге,- [4, 108 б.].

деп әшкереледі. Ақын мұнда метафораларды өте ұтымды пайдаланып, сөзді шебер құбылтады.

Отарлаушылар қанша езіп, жалыштаса да ел үшін күрескен Сарышолақтың өз халқына деген ыстық сүйіспеншілік сезімін суыта алмады. Қанша қорқытса да жауыздықтың бетін ашып, шындықты көрсетті. Патшалық Ресей отарлаушыларының ел басына туғызған қара күндерінің ауыр азабын, езгіге түскен халықтың халін реалистік тұрғыдан шыншыл суреттеді. Сондықтан болса керек, оның өлеңдері бұл өңірде әлі күнге дейін атадан балаға мұра есебінде ауысып келе жатыр.

Әй, Мәкалай, Мәкалай,
Асылдардың сынығы-ай
Патша болған бірталай,
Халықтың көрмей тең бәрін
Ойлашы осы бұ қалай?
Сен шықпақ болғанда
Мен тұтанып кетер лампы май,
Қазақ тұрды сертіне
Патша тұрмад антына-ай,
Дегенін істеп солардың
Қырыла ма халқым-ай,
Тіріде жоқ ұжмақты
Өлгеннен соң іздеме,
Сөзіме бұр құлақты
Жердегі артық біз деме,
Осы айтқанға көнбесең

Сызылатын қайтып келген қыз деме,
Жуастан шығар жуан-ды
Билікті еркін бермесең,
Намысты түптеп қуам-ды,
Тәңіріме сиынып
Серттесіп белді буам-ды,- [5, 182 б.]

деп сес көрсетті. Елдігін танытты.

Ал, Мырзағұл ұсталғанда күйінген ақын патшаға тікелей ауыз салып:

Үш Қараса жерінде,
Жайлауымның төрінде,
Мырзағұлды айдатты,
Патша өкірсін көрінде, -

дейді.

Патшалық Ресей отарлау жолында от шашқан қаруын ғана емес, жымысқы айла-шарғысын шебер пайдаланды, екіжүзді саясат жүргізді. Билікті генерал-губернатор уезд бастықтарына беріп қана қоймай, ел ішінен болыс, старшын, тілмаш дегендерді шығарып, қапталына алып, қол жаулығы етті. Мұндай лауазымды орындарға өз жұртын сатқан екіжүзділерді алды. Бұл жайт тарихтан белгілі, өмір шындығын Сарышолақ қалай суреттеді, соны қарастырайық:

Дұрысын айтсақ болысқа
Сөзіңді тыңдар немкетті,
Немкеттінің белгісі
Шен үшін ат терлетті,
Күпіне ісіп еліне
Көрінбекші келбетті.

Мұндай болыстар хақында дана Абай былай деген еді: «Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпен болыстыққа жеткен соң момынды қадірлемейді. Өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер рас болса, біртүрлі өзіме де залал жасау қолынан келеді деп».

…Параменен мал кетті,
Бұрынғы байдан әл кетті,
Тілін тауып ояздың
Тілмаштар кербез әндетті.

Тілмашы осындай, ал биі мынадай:

Ішпей-жемей мал жиып,
Көзін салд бай-пақырға.
Параменен би болды,
Баламенен қатынға.
Би асылдан би болса,
Залалы тиед жақынға,
Қосуынан туған ғойын нар
Аузын салды тақымға[6, 44 б.].

Ақын басқа да бірсыпыра толғауларында отарлаушылардың елді басқару, билеу тәртібіндегі қолданып отырған адамгершілікке қайшы іс-әрекетін ашып көрсетеді. Ізгі ниетті адамдар қуғын-сүргінге түсіп, олардың орнына алаяқ қулар, берекесіз сұмдар келгенін, ондай тексіздердің ойлайтыны қарақан қара басы, қалтасының қамы ғана екенін, осы үшін елін сатып жіберуге дейін баратынын көпшілік алдына жайып салады.

Жайлауым күнде тарылды,
Ат үстінен ойқастап
Күле тыңдайд зарыңды,
Өзіңе басшы сайлады
Араңда жүрген залымды,
Одан туған көрдемше
Сақалдан алды шалыңды,
Аяққа басты арыңды.
…Құл-құтан билік жүргізді -ау,
Маңдайыма не жазбақ,
Қайда қылған еңбегі
Жақсының түбі неге азбақ?

Сарышолақтың бұл өлеңдері зар заман заңғарлары Дулат, Шортанбай, Мұратпен де үндес. Дулат:

Би, старшын мойнына
Жезден, қарғы тағынды,
Аға сұлтан қазылар
Майырға болды жағымды, - [7, 85 б.]

десе, Мұрат ақын:

Замана қайтіп түзелсін
Қоңсыдан туған би болды,
Бұ сықылды күй болды
Көрген жұртқа таң болды,
Азамат ердің баласы
Айдарына малы жоқ
Топ көрерге зар болды,
Қоспақтан туған қортықша
Қатарға шығып нар болды, - [8, 619 б.]

Шортанбай ақын:

Аяқты қия басу жоқ
Орыстың салған жолы бар,
Емін-еркін заман жоқ
Ендігі жүрген жігіттің
Маңдайының соры бар, [9, 19 б.]-

деп замана көрінісін шыншылдықпен көрсеткен еді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1.Мұхтар құл-Мұхамед. Мөңке би// «Егемен Қазақстан» газеті,21.11.2003ж.
2.Табылдиев Х. Қалмұратов А. Кіші жүз рулары (шежіресі мен тарихы) Алматы: Ер-Дәулет, 1994ж.
3. «Қазақстан». Ұлттық энцикопедия.6-Т. – Алматы. 2001ж.
4. Боранбайұлы Сарышолақ. Азаттық еді аңсаған. Жинақ. – Алматы: Ел-шежіре, 2006ж.
5. Асанов Ж. Сарышолақтың ақындық шеберлігі//«Жұлдыз» журналы.-№8,1998
6.Дүйсенбаев Ә. Асанов Ж. Сарышолақ шайыр. Жинақ. – Ақтөбе, 1997
7. Бабатайұлы Д. Замана сазы.- Алматы:Жазушы, 1991.
8.Сүйіншалиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы.-Алматы: Санат, 1997.
9. Шортанбай. Толғаулар, айтыстар, дастандар.-Алматы: Айқап, 1993.

САРАЙШЫҚ ҚАЛАСЫНЫҢ №6 АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ҚАЗБА ОРНЫНДАҒЫ 2024 ЖЫЛҒЫ ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСТАРЫ

Жумабаев Амангелді Женісұлы[1], Байғалиев Жүніс Рустемович[1]
[1]«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК,
Қазақстан, Атырау қ.

Аңдатпа. 2024 жылы ортағасырлық Сарайшық қаласындағы №6 археологиялық қазба орнында жүргізілген далалық зерттеу нәтижесінде күйдірілген кірпіштен тұрғызылған сағана құрылысы және оған жалғас дәліз анықталды. Зерттеу барысында сағананың құрылымдық және стратиграфиялық ерекшеліктері сипатталып, құрылыс технологиясы, материалдары мен қазба барысында табылған заттай деректер (қаңқалар, керамика, металл бұйымдар) ғылыми тұрғыда сараланды. Бұл нысан XIII–XV ғасырлардағы сәулет, жерлеу және мәдени дәстүрлерді зерттеуге тың деректер береді.

Кілт сөздер: Сарайшық, сағана, археология, дәліз, кірпіш, қазба, XIII–XV ғасырлар, Алтын Орда, жерлеу дәстүрі.

Аннотация. В 2024 году в ходе полевых исследований на археологическом раскопе №6 средневекового города Сарайшык были выявлены мавзолейное сооружение, построенное из обожжённого кирпича, и примыкающий к нему коридор. В процессе исследования были охарактеризованы конструктивные и стратиграфические особенности мавзолея, проанализированы строительные технологии, материалы и вещественные источники, обнаруженные в ходе раскопок (останки, керамика, металлические изделия). Данный объект предоставляет новые данные для изучения архитектуры, погребальных и культурных традиций XIII–XV веков.

Ключевые слова: Сарайчик, мавзолей, археология, коридор, кирпич, раскопки, XIII–XV века, Золотая Орда, погребальные обряды.

Abstract. In 2024, field research conducted at Excavation Site No. 6 in the medieval city of Saraishyq revealed a mausoleum structure built of fired bricks and an adjoining corridor. The study described the structural and stratigraphic features of the mausoleum and provided a scholarly analysis of its construction techniques, materials, and artefacts discovered during the excavation (including human remains, ceramics, and metal objects). This monument offers new insights into the architecture, burial practices, and cultural traditions of the 13th–15th centuries.

Keywords: Saraishyq, mausoleum, archaeology, corridor, brick, excavation, 13th–15th centuries, Golden Horde, burial practices.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII – XV ғғ.)» ғылыми бағдарламасы аясында дайындалды.


Сарайшық – XIII–XV ғасырлардағы Алтын Орда дәуірінің ірі саяси-экономикалық және мәдени орталығы ретінде танымал. Қала орнында соңғы жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер нәтижесінде көптеген тарихи және мәдени нысандар анықталып, ғылыми айналымға енгізілуде. 2024 жылы ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII–XV ғғ.)» атты ғылыми жобасы аясында №6 қазба орнында археологиялық жұмыстар жүргізілді. Бұл зерттеу қаланың жерлеу мәдениетін және сәулет өнерін кешенді түрде сипаттауға мүмкіндік береді.

Сарайшық қаласының тарихи-мәдени маңыздылығы оның тек қалалық құрылымымен емес, сондай-ақ зираттық кешендерімен, сағаналарымен және діни-салттық құрылымдарымен ерекшеленеді. №6 қазба орнында анықталған сағана және оған жалғас дәліз – археологиялық, архитектуралық әрі антропологиялық тұрғыдан аса құнды дереккөз. Бұл нысандарды зерттеу нәтижесінде Сарайшықтың урбанистік және сакралды кеңістігін қалпына келтіруге мүмкіндік туады. Сонымен қатар, құрылыс тәсілдері мен материалдық мәдениет заттарын зерттеу арқылы Алтын Орда дәуіріндегі өңірлік ерекшеліктерді анықтауға болады. Осыған орай, №6 қазба орнындағы зерттеу жұмыстарының нәтижелері аймақтық тарих пен мұраны сақтау ісіне қосылған маңызды үлес болып табылады.

2024 жылғы қазба жұмыстары барысында алынған нәтижелер ортағасырлық көшпелілер өркениетінің қала мәдениетімен тығыз байланыста дамығанын айғақтайды. Сарайшықта сәулетті сағана құрылымының ашылуы, алғаш рет XIII ғасырдың басына жататын Хорезмшах Мұхаммед ибн Текештің

теңгесінің табылуы – бұл қаланың ерте кезеңнен-ақ аймақтық сауда мен саяси үдерістерге қатысқанын көрсетеді. Сонымен қатар, Ащысай мен Қарағайлы ескерткіштерінде қала мәдениетінің қабаты, өндіріс орны мен мешіт сынды ірі ғимарат қалдықтарының анықталуы – бұл өңірде дамыған қалалық өмір салтының болғанын дәлелдейді. Аталған жаңалықтар биылғы археологиялық зерттеудің басты ғылыми жетістіктері саналады [1, 8 б.].

2024 жылдың 12 маусым мен 14 қазаны аралығында жүйелі жүргізілген археологиялық қазба орны аумағы 1600 шаршы метрді құрайды. Оның өлшемдері солтүстіктен оңтүстікке қарай – 35 метр, батыстан шығысқа қарай – 45 метр. Археологиялық қазба аумағы әрқайсысы 5×5 метр болатын 64 шаршыға бөлінді. Белгілеу жүйесі ретінде секторлар солтүстіктен оңтүстікке қарай латын әріптерімен (A, B, C, D, E, F, G), ал батыстан шығысқа қарай сандармен (1-9) таңбаланды. (1-сурет). Қазбаның шығыс бөлігінде Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейі жүргізген №12 қазба орны орналасқан. Ал оның оңтүстігінде тарихи маңызы зор Ескі Сарайшық зираты орын тепкен. №6 археологиялық қазба орны 1861 жылы топограф А.Е. Алексеев сызбасында көрсетілген цитадел аумағында орналасқан.



1 сур. 2024 жылғы №6 қазба алаңы (Фото Ж.Байғалиев)

Археологиялық қазба жұмыстары F2 және G2 секторларына кеңейтілді. F1 секторында күйдірілген қызыл кірпіштен тұрғызылған құрылыс орны

анықталып, зерттеу Ғ2 және Е1 секторларында жалғасты. Нәтижесінде, төбесі арка тәрізді, күйдірілген кірпіштен тұрғызылып, ақ алебастр ерітіндісімен бекітілген сағанаға кіретін дәліз ашылды. (2 сурет). Дәліз қабырғаларының өлшемі 23×23×5 см және 27×27×5 см тастардан қаланған. Дәліздің жалпы ұзындығы – 375 см, ені – 117 см, қабырғасының қалыңдығы – 28 см. Сағана есігінің ені – 69 см, табалдырығы – 53 см [2, 20 б.].


№6 археологиялық қазба орнынан табылған сағана құрылысы 2020-2022 жылдары жүргізілген «Хан моласы» зерттеулеріндегі жерленімдерден ерекше келген. «Хан моласы» қазба орнынан табылған көрхана 4х4 м болып, дәліздің ұзындығы – 3,70 м [3, 225-226 бб.].



2 сур. Дәліз (Фото Ж.Байғалиев)

Қазба жұмыстары нәтижесінде дәліз тіктөртбұрышты күйген кірпіштен салынған құрылыс нысанымен жалғасып жатқаны анықталды. Құрылыс әр түрлі температурада күйдірілген кірпіштен тұрғызылған, түсі сарыдан қызылға дейін ауысады. Кірпіш өлшемдері 25×25×5 см, 30×30×6 см және 27×30×5–6 см аралығында. Қабырғаларға 2–3 см қалыңдықта алебастр ерітіндісі жағылған. Қабырғалардың ішкі беті тегіс, ал сыртқы жағы біркелкі емес. Бұл құрылыс сырт жағынан топырақпен көміліп, бекітілген болуы мүмкін екенін көрсетеді. Қабырғалардың өлшемдері әртүрлі: солтүстік-батыс қабырға — 403 см, солтүстік-шығыс — 597 см, оңтүстік-батыс — 399 см. Қабырғалардың орташа қалыңдығы 55–59 см, бірақ нақты бөліктерінде өзгеріп отырады: мысалы, солтүстік-батыс қабырғаның солтүстік шеті — 60 см, батыс жағы — 52 см; оңтүстік-шығыс қабырғаның шығыс бөлігі — 53 см, оңтүстік жағы — 57 см. Іргетастың кірпіштері сағанаға іргелес орналасқан. Сонымен қатар, құрылыс ғимараты арнайы қазылған шұңқырдың ішінде салынғаны анықталды. (3-сурет). Құрылыс арнайы қазылған шұңқыр ішіне салынған. Шұңқырдың солтүстік-шығыс қабырғасы толық ашылса, солтүстік-батыс және оңтүстік-шығыс қабырғаларының тек бір бөлігі ғана анықталды. Бұл

шұңқырдың археологиялық нысанның оңтүстік-батыс бағытына қарай созылуымен байланысты. Сағананың бұрыштарынан шұңқыр шеттеріне дейінгі арақашықтықтар мынадай: оңтүстік-шығыс бұрышынан шығыс қабырғаға дейін — 280 см, оңтүстікке дейін — 250 см; солтүстік-батыс бұрышынан солтүстікке дейін — 275 см, оңтүстік-батыс бұрышынан солтүстікке дейін — 333 см. Шұңқырдың солтүстік бөлігінде 360×420 см аумақта сақталған бес қатарлы кірпіш қаландысы анықталды. Бұл қаланған кірпіштер құрылыс орнын стратиграфиялық тұрғыдан зерделеуге маңызды дерек көзі болып табылады.



3 сур. Сағананың толық көрінісі және сызбасы. (сызба авторы: Ә. Сералиев)

Оңтүстік-батыс қабырғаның ортасынан бастапқыда есік орны анықталған, кейін ол тоғыз қатар таспен жабылып, бекітілген. Есіктің ені 100 см, биіктігі 125 см, солтүстік-батыс қабырғадан 80 см, оңтүстік-шығыс қабырғадан 110 см қашықтықта орналасқан. Қабырғаның ішкі беті мен 25 см биіктікке дейінгі бөлігі ақ алебастрмен сыланған. Оның үстіне қара балшықты сылақпен бекітілген сегіз қатар тас қаланған. Бұл есік сағанаға кіретін алғашқы жол болуы мүмкін. Алайда дәліз салынғаннан кейін есік 33 см қалыңдықтағы қосымша тас қабатымен бекітілген. Сондай-ақ кіре берісте дәліз не сатылы құрылыс болғаны байқалады. Бұған 25 см биіктіктегі алебастр сылағының тас қабаттарының арасына енгені және сыртқы беттегі төртінші тастан кейінгі алебастр іздері дәлел бола алады. Сағананың оңтүстік-батыс қабырғасында орналасқан есік орны кейін тастармен бекітілген. Бұл тастардың жанынан шығып тұрған, сынған бөліктері байқалады. Сағана еденіне 15 қатар тас төселген, олар оңтүстік-батыстан солтүстік-шығысқа қарай бағытталған. Тоғызыншы қатардан кейінгі тастар 3–5 см төмен орналасқан, үш қатар ретсіз қаланған. Еден тастарының өлшемі 26×26×5 см, сағана ішінің жалпы өлшемі — 290×450 см. Орталық бөлікте 5–6 тас алынып, орнына бос топырақ жиналған. Бұл аумақ тазартылып, 5–7 см тереңдікте зерттелгенде 52×104 см көлемінде ақ алебастр іздері табылды. Қабырғалардың биіктігі мен сылақ сақталу деңгейі әртүрлі: оңтүстік-батыс қабырға — 130 см, сылағы 65–70 см; солтүстік-батыс қабырға — 140 см, сылағы 55 см; оңтүстік-шығыс қабырға —

135 см, сылағы жақсы сақталған; солтүстік-шығыс қабырға — 120 см, сылағы толық сақталмаған. Сағанаға кіретін дәліз оңтүстік-шығыстан басталады. Қабырға ортасындағы есік орны кейін 21 кірпішпен (3 көлденең, 2 қатар тігінен) бекітілген. Дәліз шикі кірпіштен қаланған қабырғаны бұзып салынған, ол қабырғаның өлшемі 100×120 см, қалыңдығы 70 см.

Дәліз ішінен жануар сүйектері, сүйектен жасалған ұршық тасы, қыш ыдыс сынықтары, бір дана мыс тиын және сақина анықталды. Сақина тазаланды. Бетінде белгілер мен жазу немесе өрнектердің іздері байқалмайды. Сақина диаметрі – 26,64 мм, ішкі диаметрі – 22,06 мм, қалыңдығы – 2,45 мм. Салмағы – 6,73 г. Дәліз ішіндегі топырақ тазаланып, еден деңгейі анықталды. Сонымен қатар, дәліз ішінде көлденең орналасқан, ұзындығы 119 см, ені 57 см, биіктігі 35 см болатын алты қатардан тұратын кірпіш қаландысы анықталды. Дегенмен, бұл тастардың қандай мақсатта қаланғаны белгісіз. Дәліз сағананың оңтүстік-шығыс қабырғасына келіп тіреледі. Кірпіш қаландысы мен дәліз есігі арасындағы 82 см қашықтықтағы аймақ күйдірілген кірпіштен төселген еден ретінде қолданылған. Сонымен бірге, дәліз кірпіштері мен сағананың оңтүстік-шығыс қабырғасы арасында құрылымдық байланыс жоқ екені анықталды. Бұл дәліздің сағана салынғаннан кейін тұрғызылғанын көрсетеді.

Сағананың ішкі бөлігін топырақтан аршу барысында құлаған тас бөлшектері табылды. Бұл фрагменттер құрылымның жоғарғы жағынан түскен болуы ықтимал. Тастар сағананың ішкі кеңістігінде топталып жатқан. Еден үстінен 12 адамға тиесілі сүйектер анықталды. Олар батыстан шығысқа қарай рет саны бойынша тіркелген. Сағананың оңтүстік-батыс бұрышында екі баланың қаңқасы, ал қалған он сүйек ересектерге тиесілі екені анықталды. Жыныстық, жас ерекшеліктері мен морфологиялық сипаттамаларын негізге ала отырып, олардың қайтыс болу себептерін анықтау үшін антрополог А. Раисова тарапынан ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілді. (4-сурет).



4 сур. Сағанада ашылған адам қаңқаларының көрінісі (Фото Ж.Байғалиев)

Сондай-ақ, зерттеулер ортағасырлық Сарайшық қаласының 1861 жылғы топограф А.Е. Алексеев сызбасында белгіленген цитадель қабырғасын анықтауға бағытталды. А8, В8, С8, А9, В9, С9 секторларында қазба жұмыстары жүргізілді. Дегенмен бір ғана 2024 жылғы қазба нәтижелеріне қарай қорытынды шығару қиын. Алдағы жоспар бойынша жүргізілетін зерттеу жұмыстары қосымша мәлімет берері анық.

Қорыта айтқанда, 2024 жылы жүргізілген археологиялық қазба жұмыстары барысында ортағасырлық Сарайшық қаласының №6 қазба орнынан табылған сағана құрылысы тарихи-мәдени маңызы зор ерекше археологиялық нысан ретінде анықталды. Қазба нәтижелері бұл құрылымның сәулеттік тұрғыда күрделі, құрылыс материалдары әртүрлі температурада күйдірілген кірпіштен жасалғанын және құрылыс барысында ақ алебастр ерітіндісі қолданылғанын көрсетті. Сағананың ішкі және сыртқы құрылымдары, оған кіретін дәліздің салыну ерекшеліктері мұқият зерттеліп, сағана мен дәліздің әр кезеңде тұрғызылғаны дәлелденді. Сағана ішінен табылған адам қаңқалары, сүйектен жасалған ұршық тасы, қыш құмыра, темір шеге мен мыс тиын – зерттеу нысанының тек сәулеттік қана емес, сонымен қатар, әлеуметтік және діни-мәдени қызмет атқарғанын айғақтайды. Бұл олжалар ортағасырлық Сарайшық тұрғындарының жерлеу дәстүрлері мен материалдық мәдениеті туралы құнды ақпарат береді. Қазба жұмыстары барысында алынған деректер Сарайшық қаласының тарихи-археологиялық

картасын нақтылауға, оның құрылымдық дамуын кезең-кезеңімен қалпына келтіруге және ортағасырлық қала мәдениетін жан-жақты зерделеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, анықталған сағана құрылысы мен оның сәулеттік ерекшеліктері археологиялық нысанды әрі қарай сақтау және музейлендіру жұмыстарына негіз бола алады.

Әдебиеттер тізімі

1 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстінде (XIII – XV ғғ.)» ғылыми бағдарламасының жылдық есебі. /Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2024. – 288 б.

2 «Алтынордалық Сарайшық, Ұшқан, Ащысай, Қарағайлы ескерткіштері тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XV ғғ.)» бағдарламасы бойынша ортағасырлық Сарайшық ескерткішіндегі №6 қазбаның ғылыми есебі. /Бағдарлама жетекшісі т.ғ.д. У.Т. Ахметова. – Сарайшық: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі Мәдениет комитетінің «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы, 2024. – 64 б.

3 Ә.Мұқтар, У.Ахметова, П.Петров, А.Тұраруұлы, А.Жұмабаев. Ортағасырлық Сарайшық: тарихи деректер, археологиясы, нумизматикасы, картографиясы. Ұжымдық монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2024. – 368 б.

МАХАМБЕТ АУДАНЫ АУМАҒЫНДАҒЫ ҚОРҒАУҒА АЛЫНҒАН ЕСКЕРТКІШТЕР

Жумабаев Амангелді Жеңісұлы
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы» РМҚК,
Қазақстан, Атырау қ.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің 2023–2025 жж. арналған гранттық қаржыландыруы бойынша № AP19678171 «Астаналық Сарайшық қаласы Жошы Ұлысының тарихи-мәдени мұра контекстісінде (XIII-XVI ғғ.)» жобасы аясында дайындалды.

Ескерткіштер – ел тарихы немесе тарихи-мәдени мұра халық тарихының аса маңызды айғағы, адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі ретінде барлық қауіп-қатерден тұрақты түрде қорғап отыруды талап етеді.

Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні 1984 жылдан бастап жыл сайын 18 сәуір күні атап өтіледі. Мерекені 1983 жылы ЮНЕСКО жанындағы Ескерткіштер мен көрнекті орындарды қорғау мәселелері жөніндегі Халықаралық кеңес Ассамблеясы белгілеген. Мерекенің басты

мақсаты – тарихи ескерткіштерді сақтау және мәдени мұраны қорғау мәселелеріне қоғамның назарын аудару.

Тәуелсіздік жылдарынан бастап қоғам мен мемлекеттің тарихи-мәдени мұраға деген көзқарасы өзгеріп, еліміздің өз заңнамасы қалыптасты, ЮНЕСКО, ICOMOS тәрізді халықаралық ұйымдармен ескерткіштерді қорғау саласында ынтымақтастық белсенді дамыды. Елімізде мұны қамтамасыз ету барлық заңды ұйымдар мен нақты адамдардың адамгершілік борышы және Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 26 желтоқсандағы № 288-VI «Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы» Заңымен белгіленетін міндеті болып табылады [1].

Қазақстан Республикасының тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану, оларды қайта жаңғыртуды, сақтауды және кеңінен танытуды қамтамасыз ету осы Заңның негізгі мақсаттары болып табылады.

Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтауды, есепке алуды, қорғауды және пайдалануды қамтамасыз ету;

2) тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану саласындағы мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;

3) тарих және мәдениет ескерткіштерін халықаралық деңгейде кеңінен таныту;

4) тарихи-мәдени мұра объектілерінің сақталуын қамтамасыз ету.

1. Тарих және мәдениет ескерткіштері мынадай түрлерге бөлінеді:

1) археология ескерткіштері;

2) қала құрылысы және сәулет ескерткіштері;

3) ансамбльдер мен кешендер;

4) киелі объектілер;

5) монументтік өнер құрылыстары.

Атырау облысында ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2020 жылғы 14 сәуірдегі бұйрығымен бекітілген республикалық маңызы бар 4 тарих және мәдениет ескерткіштер - 1943-1948 жылдары салынған Мұнайшылар тұратын қалашығы (Ансамбль мен кешен), 1880-1898 жылдары қаланған Жұбан кесенесі (Қала құрылысы және сәулет), Ақын 1836–1838 жылдардағы көтеріліс басшысы Махамбет Өтемісовтің жерленген орны (киелі нысан), XIII–XVI ғасырлардағы ортағасырлық Сарайшық қалашығы (археология) тіркелген.

Атырау облысы әкімдігінің 2020 жылғы 14 қыркүйегіндегі №19 қаулысымен бекітілген жергілікті маңызы бар 313 тарих және мәдениет

ескерткіштер (қала құрылысы және сәулет ескерткіштері - 21, монументтік өнер құрылыстары - 47, ансамбльдер мен кешендер - 64, киелі объектілер - 10, археология ескерткіштері – 171) есепке алынған [2].

Соңғы жылдары облыс бойынша 1128 ескерткіш алдын ала есепке алу тізіміне қосылған. Махамбет ауданы аумағындағы қорғауға алынған ескерткіштерге тоқталсақ:

Киелі объектілер:

1. Ұлт-азаттық көтеріліс басшылары Исатай Таймануұлы (1791-1838 жж.) мен Махамбет Өтемісұлына (1804-1846 жж.) арналған, 1837 жылы Жайық өзені арқылы өткені туралы естелік стеласы

2. Ақын Бала Ораз Өтебайұлының жерленген жері (1837-1882 жж.)

Монументті өнер құрылысы:

3. Кеңес Одағының батыры Георгий Федорович Канцевтің (1907-1978 жж) бюсті. Махамбет

4. Ұлы Отан соғысында қаза болғандарға арналған обелиск. Алға

5. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған обелиск. Сарайшық

Археология ескерткіші:

6. Қорған (ерте темір дәуірі) (Есбол ауылынан шығысқа қарай 4,5 км)

7. Қорғандар (ерте темір дәуірі) (Кеңөріс ауылынан батысқа қарай 8 км)

8. Сарайшық қалашығы

9. Тұрақ (Сарайшық ауылы, Жайық өзенінің сол жақ жағалауында)

Қала құрылысы және сәулет ескерткіштері (ансамбльдер мен кешендер)

10. Алтын қорымы (Ортақшыл ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 4 км)

Қорым қазақтың ірі руларының бірі беріштен тарайтын Себек атаның рулық бейіті ретінде XIX ғасырдан бастап қалыптасқан және қазіргі кезге дейін пайдаланылып келеді. Жергілікті халық арасында «Алтын мәйіті» деп те аталады, бұл жерде «мәйіт» сөзі («өлік», «өлген») қазіргі контексте «бейіт» сөзінің диалектілік синонимі болып саналады. Дегенмен бастапқыда бұл атау жеке, нақты бір ғана моланы білдірген, яғни қарттардың айтуы бойынша, қоныс ауыстыру кезінде қайтыс болып, осында жерленген қыздың – Алтын деген есіміне байланысты болған (2005 ж. Отырықшы кентінде тұратын 1924 ж. туған А. Мырзағалиұлы мен 1930 ж. туған О. Құсановтан жазылып алынған). Басқа да ақпарат берушілердің мәліметі бойынша (Батыс Қазақстан облысы Алмалы кентінің тұрғыны 1924 ж. туған Ш. Қабибуллиннен 1998 ж. жазылып алынған), бұрынғы «13-ауылдың» (Отырықшы) маңында беріш-себек руының екі ескі қорымы: «Алтын қорымы» және «Қатын қорымы» болған. Олардың атаулары барлығы тоғыз ағайынды болған апалы-сіңлілердің есімдеріне байланысты шыққан. Үлкенін Алтын деп атаған, ал кішісін келесіде ұл болуын қалап, қыз болғанына риза болмаған әкесі ырымдап «Қатын» деген есім берген. Кейін олар осы жерде жерленіп, бейіттердің эпонимдері болды. Сондай-ақ осы мәліметтер бойынша, мұнда Бегалы би

(немесе Бекали би) жерленген. Сонымен бірге Алтын қорымына Каспийдің солтүстік өңіріндегі қазақтар арасында кеңінен белгілі Айтуар би Үсенұлы (1780–1854) жерленгені, оның құрметіне кескінді құлпытас орнатылғаны анық. Оның көптеген дана шешімдерінің бірі – Тұрлан батыр мен Дәулетқали төре арасындағы дауды шешуі, соңғысының қарапайым халықтың жеріне қол салуын қабыл алмауы [3].

11. Жангелді қорымы, XIX ғ. (сағанатам, құлпытастар) (Таңдай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 22 км)

12. Көпмола қорымы (Ақжайық ауылынан шығыс – солтүстік-шығысқа қарай 4 км)

13. Жұмай қорымы (Ақжайық ауылынан оңтүстікке 12 км)

14. Тайлан қорымы (Ортақшыл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 20,1 км)

15. Өскенбай қорымы XIX-XX ғғ. (мазар) (Есбол ауылынан шығысқа қарай 30 км)

Осы өңірдегі белгілі Өскенбай деген ауқатты адамның басына тұрғызылған. Мазар жылқының қылы араластырылып, сүтке илеген шикі кірпіштен салынған. Ішінде он шақты адам жерленген. Ертеде іші сәнді безендіріліп, түрлі әшекейлер болған, бұйым-мүліктер, ыдыс- аяқтар қойылған. Жаздың ыстығында да, қыстың суығында да әрлі-берлі өткен жолаушыларға пана боп, тынығып кетуіне мүмкіндік жасалынған. Биіктігі - 8,8 м. Мазар шамамен 19 ғ-дың бас кезінде ежелгі архитектуралық әдіспен салынған. Композициялық құрылысы 8 - 9 ғ-да Сарыарқада салынған Домбауыл мазарына ұқсайды.

16. Мыңбай қорымы (Ортақшыл ауылынан шығыс – солтүстік-шығысқа қарай 10,4 км)

17. Жазыбай қорымы (Ортақшыл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 12 км)

18. Баймөңке қорымы (Ақжайық ауылынан шығысқа қарай 39,4 км)

19. Жаналы қорымы (Ортақшыл ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 15 км)

20. Дарханбай қорымы (№ 17-разъезден оңтүстік-батысқа қарай 5 км)

21. Бейімбет қорымы (№ 17-разъезден батысқа қарай 11 км)

22. Битенмола қорымы (Құмшығанақ ауылынан оңтүстік-шығысқа қарай 5 км)

23. № 4 қорым (Таңдай ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 29 км)

24. № 5 қорым (Ақжайық ауылынан шығыс – оңтүстік-шығысқа қарай 39,4 км)

25. № 6 қорым (Құмшығанақ ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км)

26. № 7 қорым (Құмшығанақ ауылынан солтүстікке қарай 5 км)

27. № 27 қорым (Есбол ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 8 км)

28. № 92 қорым (№ 17-разъезден оңтүстікке қарай 3 км)
29. № 108 қорым (№ 17-разъезден солтүстік-батысқа қарай 9,8 км)
30. № 111 қорым (№ 17-разъезден солтүстік-батысқа қарай 10 км)

Біздің алдымызда тұрған басты міндеттердің бірі – барша қоғам болып Ұлы дала халқының ұлттық құндылықтарын сақтау және болашақ ұрпаққа аманат ету болып табылады.

Әдебиеттер тізімі.

1 Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы // https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288 Көру уақыты: 19.02.2025 ж.
2 Атырау облысының жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің мемлекеттік тізімін бекіту туралы //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V20T0004728
3 Алтын қорымы // https://old.archaeology.kz/mura?id=574 Көру уақыты: 19.02.2025 ж.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІ ҚОРҒАУ: ЗАҢНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕР МЕН ЗАМАНАУИ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ПРАКТИКАЛАР

Куандыков Даурен
Атырау қаласы, Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің тарих мамандығының магистранты
Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Қ. Мұқтар**

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғауға қатысты қолданыстағы заңнамалық актілер қарастырылып, олардың мазмұны мен тиімділігі талданады. Сонымен қатар, тарихи мұраны сақтау мен оны қоғам игілігіне айналдыру мақсатында қолданылып жүрген заманауи тәжірибелерге шолу жасалады.

Кілт сөздер: тарихи ескерткіштер, мәдени ескерткіштер, заңнама, қорғау, мәдени мұра,

Аннотация. В данной статье рассматриваются действующие законодательные акты, касающиеся охраны историко-культурных памятников Казахстана, анализируются их содержание и эффективность. Кроме того, дается обзор современных практик, используемых с целью сохранения исторического наследия и превращения его в общественное достояние.

Ключевые слова: исторические памятники, памятники культуры, законодательство, охрана, культурное наследие,

Annotation. This article examines the current legislative acts related to the protection of historical and cultural monuments in Kazakhstan, analyzes their content and effectiveness. In addition, a review of modern practices used in order to preserve the historical heritage and make it for the benefit of society will be made.

Keywords: historical monuments, cultural monuments, legislation, protection, cultural heritage,

Кіріспе

Қазіргі уақытта әлемдік мәдени мұраны сақтау – қоғамның ең бағалы әрі айшықты қазынасының бірі. Ол ғасырлар бойы адамдардың сенімі мен білімінің айғағы болып, мәдени дәстүрлердің байлығын көрсетеді және ең бастысы, адамзат дамуының кез келген кезеңінде маңызды рухани құндылықтардың маңыздылығын дәлелдейді. Қазақстан әлемдік тарихи-мәдени мұраның үлкен бөлігін иеленетін елдердің бірі. Еліміздің аумағында ежелгі дәуірден бастап бүгінгі күнге дейін сақталған көптеген тарихи-мәдени ескерткіштер бар. Олар халқымыздың өткені мен мәдениетін бейнелей отырып, ұлттық бірегейліктің, рухани құндылықтардың, сондай-ақ тарих сабақтастығының айқын дәлелі болып табылады [1].

Тарихи-мәдени мұраны қорғау – кез келген мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі. Қазақстанда бұл бағыттағы жұмыстар мемлекеттік деңгейде реттеліп, тиісті заңнамалық негіздер мен халықаралық стандарттарға сәйкес жүзеге асырылуда. Елімізде тарихи ескерткіштерді қорғау, сақтау және қалпына келтіру мақсатында арнайы мемлекеттік бағдарламалар қабылданды, ал бұл салада құқықтық және әкімшілік тетіктер жүйелі түрде жетілдіріліп келеді.

Заңнамалық негіздер

Қазақстан Республикасында тарихи-мәдени мұраны қорғау мемлекеттің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады. Бұл бағыттағы құқықтық негіздер бірнеше заңнамалық және халықаралық актілер арқылы реттеледі.

Алғашқы занамалық акті ретінде Қазақстан Республикасының Конституциясы мәдени мұраны қорғау мәселесін мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі ретінде бекітеді. Конституцияның 37-бабында әрбір азаматтың тарихи және мәдени мұраны сақтау жөніндегі міндеті атап өтілген. Сондай-ақ, 5-бапта мәдени құндылықтарды қорғауға тыйым салынған кез келген әрекетке шектеу қойылады [2].

Екінші маңызды акті ретінде "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының Заңы. Бұл заң 1992 жылы қабылданып, тарихи-мәдени мұра объектілерінің құқықтық мәртебесін,

оларды сақтау, пайдалану және қорғау ережелерін белгілейді. Заңға сәйкес, тарихи-мәдени ескерткіштер мемлекет меншігі болып табылады және оларды жоюға, бүлдіруге немесе заңсыз иемденуге қатаң тыйым салынады. Сонымен қатар, аталған заңнама аясында тарихи-мәдени мұраны қалпына келтіру, зерттеу және оны халыққа насихаттау бойынша нақты шаралар қарастырылған [3].

Қазақстан Республикасы тарихи-мәдени мұраны қорғауға қатысты бірнеше халықаралық конвенцияларға қосылды. Соның ішінде ең маңыздыларының бірі – ЮНЕСКО-ның 1972 жылғы "Дүниежүзілік мәдени және табиғи мұраны қорғау туралы" Конвенциясы. Бұл құжаттың аясында Қазақстан тарихи мұра объектілерін халықаралық деңгейде қорғау мен сақтау міндеттемелерін мойнына алды. Бүгінгі таңда еліміздегі бірнеше тарихи ескерткіш ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген, бұл олардың ерекше құндылыққа ие екендігін көрсетеді [4].

Сонымен қатар, Қазақстан 2003 жылғы ЮНЕСКО-ның Материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы Конвенциясына да қосылды. Бұл құжат дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, фольклорды және басқа да рухани мұраларды сақтауға бағытталған. 2011 жылы осы құжатты ратификациялап жаңа тұжырымдамалар енгізді [5].

Жоғарыда аталған заңнамалық актілер мен халықаралық келісімдер Қазақстан Республикасында тарихи-мәдени мұраны қорғаудың негізгі құқықтық тіректерін құрайды. Олар мемлекет тарапынан мұра объектілерін тиімді басқару мен сақтау үшін кешенді шараларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Заманауи практикалар

Қазақстанда тарихи-мәдени мұраны қорғау мен сақтау саласында заманауи технологиялар мен әдістер кеңінен қолданылуда. Бұл үрдістер тарихи ескерткіштерді зерттеу, қалпына келтіру және оларды халыққа таныстыру жұмыстарын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Сандық технологиялар тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеу, құжаттау және виртуалды түрде қайта жаңғырту ісінде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда соңғы жылдары 3D сканерлеу, дрондық түсірілімдер және цифрлық картография кеңінен қолданылуда. Бұл әдістер:

- тарихи нысандарды дәлме-дәл модельдеуге,
- уақыт өте келе олардың бұзылу деңгейін бақылауға,
- виртуалды шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) арқылы халыққа қолжетімді етуге мүмкіндік береді [6].

Мысалы, Атырау облысындағы ***Таскран шекара белгісін*** айтуға болады. Осы ескерткішке 3D сканерлеу жүргізіліп, оның виртуалды үлгісі «Атырау облысы тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығы» сайтында көрсетілген [7].

Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеудің маңызды бағыттарының бірі – археологиялық қазба жұмыстары. Заманауи әдістер мен ғылыми технологиялар ежелгі қалалар мен ескерткіштердің тарихын анықтауға және оларды қалпына келтіруге көмектеседі.

- Лазерлік сканерлеу, геофизикалық зерттеу әдістері арқылы археологиялық қазба жұмыстарын дәлірек жүргізу мүмкіндігі артып келеді.
- Археологиялық аймақтардағы қалпына келтіру жұмыстары кезінде дәстүрлі құрылыс әдістері мен заманауи материалдар үйлестіріледі.
- Жәдігерлерді ғылыми-консервациялау арқылы олардың ұзақ мерзімді сақталуы қамтамасыз етіледі.

Соңғы жылдары зерттеулерде AI әдістері көне қалалардың орналасуын болжаудан басталып, сынған артефактілерді цифрлық түрде қалпына келтіруге, тіпті қазба жұмыстарын оңтайлы ұйымдастыруға дейін қолданылады. Бұл инновациялар ғалымдарға тарихи деректерді тереңірек талдауға мүмкіндік береді, соның нәтижесінде адамзат өркениетінің даму жолы туралы түсінік жаңаша пікірлермен толықтырылуда [8].

Туризмды дамыту мен ескерткіштерді насихаттау

Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғау тек оларды сақтаумен шектелмейді, сонымен қатар оларды қоғамға таныстыру маңызды. Қазақстанда туризмді дамыту арқылы тарихи мұраны кеңінен насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

- Ұлы Жібек жолының тарихи бағыттарын жаңғырту және туристік маршруттар жасау.
- Музейлендіру арқылы тарихи орындарды мәдени және білім беру орталықтарына айналдыру.
- Заманауи мобильді қосымшалар мен веб-платформалар арқылы туристерге ақпарат беру.

Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен басқа да маңызды тарихи орындарда заманауи инфрақұрылым қалыптастырылып, туристік нысандар халықаралық деңгейде танымал болуда [9].

Заманауи технологиялар мен әдістердің қолданылуы Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын зерттеуді, сақтауды және кеңінен насихаттауды жаңа деңгейге көтеріп, келешек ұрпаққа жеткізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды

Әлемнің барлық мемлекеттері, соның ішінде қазақстан Республикасы да, тарихи және мәдени ескерткіштерді анықтау, қорғау және пайдалану саласында кең заңнамалық негізге ие. Қазақстандағы тарихи-мәдени мұраны қорғау – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті. Тарихи-мәдени мұра халықтың өткенін, ұлттық бірегейлігін айқындайтын маңызды құндылықтардың бірі болып табылады. Сондықтан оны сақтау, зерттеу және келер ұрпаққа жеткізу мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының қатарында тұр.

Елімізде тарихи ескерткіштерді қорғауға арналған заңнамалық негіздер қалыптастырылған. Конституцияда бекітілген нормалар мен "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" заң бұл саладағы құқықтық реттеудің негізін құрайды. Сонымен қатар, Қазақстан халықаралық конвенцияларға қосылып, ЮНЕСКО аясында мәдени мұраны қорғау бойынша міндеттемелерді орындауда.

Қазіргі таңда тарихи-мәдени мұраны қорғауда заманауи технологиялар мен әдістер кеңінен қолданылуда. 3D модельдеу және сандық технологиялар тарихи нысандарды виртуалды түрде қалпына келтіруге мүмкіндік берсе, археологиялық зерттеулер мен реставрация жұмыстарын жетілдіру арқылы маңызды ескерткіштер қалпына келтірілуде. Сонымен қатар, туризмді дамыту және мәдени мұраны насихаттау арқылы тарихи ескерткіштер халыққа кеңінен таныстырылуда.

Осыған орай, Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасын қорғау – тек мемлекеттік органдардың ғана емес, қоғамның да жауапкершілігі. Жергілікті тұрғындардың, ғалымдардың, мәдениет саласының мамандарының және әрбір азаматтың бұл іске үлес қосуы маңызды. Тек осылайша біз ата-бабамыздан мұра болып қалған тарихи құндылықтарды сақтап, оларды болашақ ұрпаққа аманат ете аламыз.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі

1. Тұяқбаев Қ. Реставрация – жаңғырту өнері. Алматы. «Арыс» баспасы, 2007. – 68 бет.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы // *Әділет* құқықтық ақпараттық жүйесі. – 1992. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000_
3. Қазақстан Республикасының "Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғау және пайдалану туралы" заңы // *Әділет* құқықтық ақпараттық жүйесі. – 2019. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288
4. UNESCO. Convention for the Protection of Cultural Property in the Event of Armed Conflict (The Hague, 14 May 1954) // *United Nations Audiovisual Library of International Law*. – 1954. – Қолжетімділік режимі: https://legal.un.org/avl/ha/ccpwcnh/ccpwcnh.html.
5. Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тарихи-мәдени мұра мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" заңы // *Әділет* құқықтық ақпараттық жүйесі. – 2019. – Қолжетімділік режимі: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000288.

6. Ursu V., Stamati M. Protection of Historical and Cultural Monuments: An Analysis of The Legislative Framework // *A New Decade for Social Changes*. – 2022. – Vol. 37.
7. Atyrau Heritage. Атырау облысының тарихи-мәдени мұра объектілерінің картасы // *Atyrau Heritage*. – Қолжетімділік режимі: https://map.atyrau-heritage.kz/public/raion.php?id_raion=3.
8. Capitol Technology University. How AI and Technology is Revolutionizing Archeology // *Capitol Technology University*. – Қолжетімділік режимі: https://www.captechu.edu/blog/how-ai-and-technology-is-revolutionizing-archeology.
9. Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің құрылымдық ерекшеліктері // *Әзірет Сұлтан мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі*. – Қолжетімділік режимі: https://azretsultan.kz/ozha-ahmet-yasaui-kesenesini-rylymdy-erekshelikteri/.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЕСКЕРТКІШТЕРДІҢ САҚТАЛУ ЖАҒДАЙЫ: ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Ескалиева Гульнафис Маратовна
Атырау облысы, Индер ауданы,
Аққала орта мектебінің тарих пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

Аннотация

Бұл баяндама тарихи ескерткіштерді сақтау, қорғау және қалпына келтіру саласындағы өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары туралы маңызды ұсыныстар мен пікірлерді қамтиды.

Этот доклад включает важные предложения и мнения о актуальных проблемах сохранения, защиты и восстановления исторических памятников, а также путях их решения.

This report includes important proposals and opinions on the current issues of preservation, protection, and restoration of historical monuments, as well as ways to address them.

Қазақстан – тарихы терең, ежелгі өркениеттер тоғысқан, тарихи-мәдени мұрасы аса бай мемлекет. Археологиялық, сәулет және тарихи ескерткіштер

елдің өткені мен мәдени дамуы туралы мол мағлұмат береді. Бұл мұралар тек тарихи дерек қана емес, ұлттық бірегейліктің маңызды бөлігі болып табылады. Дегенмен, уақыт өте келе, әртүрлі факторлардың әсерінен бұл ескерткіштердің сақталу жағдайы күрделенуде. Осы баяндамада Қазақстандағы тарихи ескерткіштердің қазіргі жағдайы, оларды сақтау барысында кездесетін негізгі проблемалар және оларды шешудің тиімді жолдары қарастырылады.

Қазақстанда мемлекеттік тізімге алынған мыңдаған тарихи-мәдени ескерткіштер бар.Олардың ішінде ЮНЕСКО-ның Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген нысандар, республикалық және жергілікті маңызы бар тарихи орындар бар. Ең танымал ескерткіштер қатарында Түркістандағы Қожа Ахмет Яссауи кесенесі, Отырар қалашығы, Тамғалы петроглифтері, Жошы хан және Алаша хан кесенелері, Қараман ата жерасты мешіті, Бекет ата мешіті және басқа да маңызды орындар бар. Бірақ, өкінішке орай, олардың көбісі қазіргі уақытта табиғи және антропологендік факторлардың әсерінен құлдырау үстінде. Бұл факторларды жан-жақты қарастыру арқылы мәселені шешудің тиімді жолдарын табу қажет.

Табиғи және климаттық әсерлер. Қазақстанның қатал климаты (жаздағы аптап ыстық пен қыстағы суық, жауын-шашынның ауытқуы) ескерткіштердің тозуына ықпал етеді. Жел мен жауын-шашынның эрозиясы тарихи ғимараттардың құрылымын әлсіретеді. Жер сілкіністері мен басқа да табиғи апаттар да кейбір ескерткіштердің бұзылуына әкелуі мүмкін.

Адам факторы

Туристер мен жергілікті тұрғындар тарапынан вандализм әрекеттері орын алуда. Рұқсатсыз қазба жұмстары мен нысандарды өз бетімен иемдену де тарихи ескерткіштердің сақталуына кері әсерін тигізетін фактор. Құрылыс және ауылшаруашылық қызметі тарихи жерлердің жойылуына алып келеді.

Қаржыландыру мен инфрақұрылымның жетіспеушілігі.

Көптеген тарихи нысандарды қалпына келтіру және сақтау үшін қаржы тапшылығы байқалады. Кейбір ескерткіштер туристік маршруттарға енгізілмегендіктен қараусыз қалып отыр. Мамандар мен зерттеушілердің жетіспеушілігі қалпына келтіру жұмыстарын баяулатады.

Құқықтық және басқару мәселелері.

Тарихи мұраны қорғау туралы заңдар толық орындалмайды. Жергілікті билік пен ұлттық деңгейдегі мекемелер арасындағы үйлестірудің әлсіздігі ескерткіштерді тиімді басқаруға кедергі келтіреді.

Жоғарыда аталған мәселелердің шешц жолдарына келетін болсақ: заңнаманы жетілдіру және әкімшілік бақылауды күшейту, тарихи- мәдени мұраны қорғау туралы заңдардың орындалуын қатаң бақылау қажет. Ескерткіштерді қорғауға жауапты арнайы мекемелердің жұмысын жетілдіру керек. Жергілікті қауымдастықтардағы тарихи нысандарды қорғау ісіне тарту. Ғылыми зерттеулер мен цифрлық технологияларды қолдану. Сонымен қатар тарихи орындардың толыққанды картасын жасау, 3D модельдеу және цифрлық архивтер құру арқылы ескерткіштерді сақтау, археологиялық зерттеулерді заманауи әдістермен жүргізу де оң нәтиже берері сөзсіз.

Қаржыландыру және инвестиция тарту, мемлекет тарапынан қаржыландыруды арттыру, жеке сектор мен халықаралық ұйымдардан инвестиция тарту, қайырымдылық қорларын құру арқылы тарихи мұраны сақтауға қоғамды тарту, білім беру және ақпараттандыру да осы бағыттағы жұмыстар жандандырылса жемісін берері анық. Халықтың тарихи-мәдени мұраға деген жауапкершілігін арттыру үшін мектептер мен жоғары оқу орындарында арнайы бағдарламалар енгізу.

БАҚ пен әлеуметтік желілерде тарихи ескерткіштердің маңыздылығы туралы ақпарат тарату, волонтерлік қозғалыстарды дамыту арқылы жастарды тарихи мұраны қорғауға тарту, экологиялық және мәдени туризмді дамыту, туризм инфрақұрылымын жақсарту арқылы тарихи жерлерді туристер үшін тартымды ету қажет. Қазақстанның тарихы өте бай және әртүрлі. Елдің әртүрлі аймақтарында ерекше тарихи және мәдени маңызы бар орындар бар, олар әлемге әйгілі тұлғалар мен оқиғалардың куәгері болып табылады. Бұл жерлер тек тарихи құндылықтарға ие емес, сонымен қатар туризмді дамыту үшін зор әлеуетке ие. Алайда, тарихи жерлерді туристер үшін тартымды ету үшін бірнеше факторларды ескеру қажет. Тарихи жерлер — бұл мәдениет пен өркениеттің, халықтың рухани және материалдық мұрасы. Бұл жерлердің маңыздылығы тек өткен ғасырлардағы оқиғалармен ғана шектелмейді, олар әртүрлі кезеңдердің өнері, сәулеті, салт-дәстүрлері мен өмір салтының куәгерлері болып табылады. Қазақстанда тарихи жерлердің көптігі, олардың әлемдік мәдениет тарихындағы орны ерекше.

Туризм — бұл тек демалу мен көңіл көтерудің ғана емес, сонымен қатар экономика үшін маңызды сала. Қазақстанда туризмді дамыту, оның ішінде тарихи жерлерді таныстыру, елдің ішкі және сыртқы экономикасын нығайтуға мүмкіндік береді. Бұл саланың дамуымен жаңа жұмыс орындары, инфрақұрылымдардың жақсаруы, жергілікті халықтың әл-ауқаты артады.

Тарихи жерлерді туристер үшін тартымды ету үшін бірнеше тиімді әдістер мен стратегияларды қолдануға болады:

- Инфрақұрылымды дамыту: Тарихи жерлерге апаратын жолдардың сапасын арттыру, көлік қызметтерін жақсарту, ақпараттық стендтер мен жол көрсеткіштерін орнату. Бұл туристердің саяхат жасауын жеңілдетеді және олардың тәжірибесін жақсартады.

- Көрнекілік пен мағлұмат: Әр тарихи жерге қатысты жан-жақты ақпарат пен түсінік беру үшін мультимедиялық ақпараттық орталықтарды, мобильді қосымшаларды енгізу маңызды. Туристер үшін виртуалды турлар мен аудио-гидтерді қамтамасыз ету, олардың мәдени және тарихи маңыздылығын терең түсінуге мүмкіндік береді.

- Қызықтыратын шаралар мен фестивальдер: Тарихи жерлерде түрлі мәдени және өнер фестивальдерін өткізу арқылы олардың тартымдылығын арттыруға болады. Мысалы, тарихи орындарда халықтық өнер, көне дәстүрлер мен салттарды көрсету, тарихи реконструкциялар мен театрландырылған қойылымдар ұйымдастыру туристердің қызығушылығын оятады.

Экологиялық және мәдени туризм бағыттарын дамыта отырып, тарихи ескерткіштерді коммерциялық мақсатта сақтауға мүмкіндік жасау да осы саланы дамытады.

Қазақстандағы тарихи ескерткіштердің сақталуы – ұлттық мәдени мұраны қорғау мен болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды міндеттерінің бірі. Қазіргі кездегі негізгі мәселелерді шешу үшін кешенді шаралар қабылдау қажет. Заңнама жетілдіру, ғылыми зерттеулерді дамыту, қаржыландыруды арттыру, халықты ақпараттандыру және туризмді дұрыс бағытта дамыту арқылы тарихи-мәдени мұраны сақтап қалуға болады. Бұл шаралар Қазақстанның тарихи құндылықтарын келер ұрпаққа жеткізудің кепілі болмақ.

Қазақстанның тарихи жерлерін әлемге таныту үшін халықаралық ұйымдармен және көршілес елдермен ынтымақтастық орнату маңызды. Халықаралық туризм нарығына шығу үшін еліміздің тарихи және мәдени мұрасын жарнамалау, туристердің назарын аудару қажет. Қазақстанның туристік әлеуетін арттыру мақсатында халықаралық көрмелер мен форумдарға қатысу, түрлі елдермен мәдени алмасу бағдарламаларын іске асыру ұсынылады.

Тарихи жерлерді туристер үшін тартымды ету — бұл күрделі әрі көп қырлы процесс. Ол инфрақұрылымның дамуын, мәдени шаралардың өткізілуін, ақпараттың қолжетімділігін және жергілікті халықтың белсенді қатысуын талап етеді. Тарихи жерлерді тиімді пайдаланудың арқасында еліміздің экономикасына пайда келтіріп, әлемдік туризм нарығында Қазақстанның имиджін жақсартуға мүмкіндік береді. Бұл жобаның сәтті жүзеге асуы біздің мәдени мұрамызды сақтау мен ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуге септігін тигізеді. **Бүгінгі ғаламдану процесінде ұлттық құндылықтарды сақтау мен өзінің бет-бейнесін, ізгі дәстүрлерін сақтау жолындағы күрес – ұлттық сананы сақтау күресі. Ұлттық тәрбие деп жеке тұлғаның ұлттық сана сезімі мен мінез-құлқының ана тілін, ата тарихын, төл мәдениетін және ұлттық салт-дәстүрлерді меңгеруі негізінде** қалыптасуын айтамыз. Ұлттық мәдени құндылықтар дегеніміз не? Қарапайым тілмен айтқанда, ұлттық мәдени құндылықтар – белгілі бір ұлтқа, ұлт азаматына тән зат, адами қадір-қасиет, яғни, халық ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық рухани және материалдық құндылықтар. Қайсыбір халықтың немесе ұлттар мен ұлыстардың жаратылыстан алатын өз тарихы мен орны бар. Қазақ халқының тарихында айрықша атауға тұратын қасиетті жердің бірі – «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық-мұражайы. Тарихи-мәдени ескерткіштер – ұлттық тарихымыз бен мәдениетіміздің құнды жәдігерлері болып табылады. Ескерткіштер әрбір елдің тарихы мен өткенінен сыр шертер халықтың ұлттық байлығы ғана емес, оның сол елдің өткені мен бүгінін саралайтын, сол арқылы келешек ұрпаққа тәлім-тәрбие беруде де маңызы зор. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 25 мыңнан астам тарихи-мәдени ескерткіш сақталынған. Солардың бірі – «Таңбалы» шатқалындағы археологиялық ескерткіштер. «Таңбалы» тарихи-мәдени және табиғи қорық мұражайының аумағында сақталынған археологиялық, діни-рухани ескерткіштер өте көп. Аталған ескерткіштердің

5000-ға жуығын қазіргі таңда «Таңбалы» тарихи-мәдени қорық мұражайы тізімге алған. Осы ескерткіштердің басым бөлігі қола дәуірінен бастау алатын жартастағы суреттер мен жерлеу орындары, яғни, қабірлер болып келеді. Ашық аспан астындағы қорық-мұражай жыл сайын ескерткіштерді тиімді қорғау мақсатында бақылау-барлау жұмыстарын жүргізе отырып, жаңадан табылған археологиялық мұраларды есепке алып, оларды жоюдан, бүлінуден қорғау мақсатында іс-шаралар атқарып келеді. Тізімге алынған әрбір ескерткіш орналасқан аумағына қарай, сол жердің өткен тарихынан хабардар ететін ұлт байлығының рухани қазынасы екені баршамызға мәлім. Ескерткіштерді түпнұсқа қалпында сақтау қазіргі таңда өзекті мәселенің бірі болып отыр. Көптеген тарихи-мәдени мұралар жеке тұлғалардың жауапсыздығынан өзгерістерге ұшырап, кейбір жағдайда жойылып кету қаупі төніп отырады. Осы орайда жергілікті халық аталған тарихи-мәдени мұраларымызды бүлінуден, зақым келтіруден қорғап, өсіп келе жатқан жас ұрпаққа ескерткіштерді қорғау елдің, бүтін халықтың баға жетпес асыл қазынасы екенін түсіндіріп, насихаттап, мектептерде өтілетін тәрбие жұмыстарына енгізсе, оның келешек ұрпақты өз елінің мәдениетіне, өткен тарихына жанашырлықпен қарайтын, ұлтжанды етіп тәрбиелеуде маңызы зор. Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау, оларды зерттеу мен насихаттау мемлекеттік деңгейдегі шара болып табылады. Қазіргі таңда «Таңбалы» тарихи-мәдени қорық мұражайының Жартас суреттерін қалпына келтіру және ғылыми зерттеу, қор сақтау бөлімі осы бағытта тыңғылықты жұмыс жасап келе жатыр. Бөлім мамандары жыл сайын археологиялық зерттеулер арқылы Таңбалы аумағынан ғасырлар куәсі болған жартас суреттері мен қорған-қабірлердің, тұрақтардың орнын тауып, зерттеп тізімге алып келеді. Осыған орай әрбір қорық — мұражайдың, әсіресе, Дүниежүзілік мұралар тізіміне енген мұражайдың негізгі мәселесінің бірі – мұра нысандарының тұтастығы мен таза табиғилығын сақтау және қалың көпшілікке қолжетімділікті қамтамасыз ету. Соңғы жылдары халықаралық сарапшылар қауымдастығының назарына ілінген «Таңбалы» археологиялық кешенінің мәдени ландшафты және жартастағы бейнелерді сақтауы туралы, қорық — мұражай басшылығы мен менеджерлері арқылы республикалық және халықаралық баспасөз беттерінде кеңінен жариялап келеді. Қорық-мұражай күнделікті ғылыми жұмыстарында жетекші мемлекеттік мекемелермен, атап айтқанда, А.Х.Марғұлан атындағы археология институтымен, отандық және шетелдік қорық-музейлермен, жоғарғы оқу орындарымен, ғылыми орталықтармен тығыз байланыста. Сонымен қатар, жартас өнері сарапшыларымен, зерттеушілерімен қатар менеджерлерімен де Орталық Азияда, ТМД елдерінде жиі кездесулері (басқосулар) жақсы дәстүрге айналуда. Қазақстанда «Таңбалы» қорық — мұражайы әрдайым түрлі мәдени шаралардың бастауында. Мәдени мұраны сақтау саласы бойынша ұйымдастырылған түрлі аймақтық семинарларға қатысу және ұйымдастыру мәселелері ЮНЕСКО, сондай-ақ IFES (ТМД елдерінің гуманитарлық ынтымақтастық жөніндегі мемлекетаралық қоры) сияқты ұйымдарының

тұрақты қамқорлығында. Қорық мұражай 2010 жылдан бастап соңғы үш — төрт жылда екі аймақтық және халықаралық семинарлардың ұйымдастырушысы, сондай-ақ, ғылыми мекемелермен бірлесе халықаралық семинардың ұйытқысы болды.2010 жылдың қазан айында ЮНЕСКО-ның бастамасымен жартас өнері (CARAD) жәдігерлерінің құжаттары бойынша Халықаралық аймақтық ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Онда Орталық Азия, Сібірдің (РФ) жартас өнері зерттеушілерінің жұмыстары таныстырылды. Семинар Таңбалының бүкіләлемдік мұралар тізімінде екендігінің және ЮНЕСКО-ның Норвегия – Қазақстан жобасының іске асырылуының дәлелі. 2003 жылы НИПИ ПМК МКРК ЮНЕСКО-ның кластерлік бюросының ықпалымен «Орталық Азиядағы жартас өнерінің ескерткіштері: қоғам қолдауы, менеджмент, құжаттама және консервациялау» тақырыбы бойынша Таңбалыда ғылыми-практикалық семинар өткізілді. Қорық – музей семинар ұйымдастырушысы болмаса да оның қалыптастыру мен тану үдерісіндегі маңызды қадамы болды. 2011 жылы МФГС қолдауымен ТМД елдерінің тарихи- мәдени мұралары бойынша халықаралық семинар сәтті өтті. Семинар нәтижесі бойынша оның материалдық жинағы жарық көрді. Таңбалыда өткізілген әртүрлі деңгейдегі іс- шаралар мәдени ландшафтардың қазіргі кездегі қоғамдық санадағы рөлінің күннен-күнге артып келе жатқандығының айғағы.Тарихи-мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңыздылығы жайында көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Өзбекәлі Жәнібеков ағамыз «Қай халықтың болса да рухани әлеміне саяхат оның көне ескерткіштерімен, тарихи орындарынан танысудан басталатыны мәлім» деп жазған. Ескерткіштерді қираудан, бүлінуден сақтау өткен көне замандарда да өткір мәселенің бірі болып отырған. Мәдени құндылықтардың тоналуы, олардың зақымдануы кез-келген елдің, халықтың тарихын, мәдениетінің күйреуіне, жойылуына алып келеді. Бұл тарихи-мәдени мұралар көне тарихтың куәсі, өткенімізден сыр шертіп, бүгінгі күнге дейін сақталып, жетіп отырған ескерткіштерді қорғау мен сақтау, оларды насихаттау әрбір азаматтың еліне, туған жеріне деген жанашырлығы, мәдени мұраларға деген қамқорлығы болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер:

1. Қазақтың тарихи ескерткіштері. Алматы: Қазақ университеті, 2013.
2. Қазақстан археологиясы. Алматы: Білім, 2014.
3. ЮНЕСКО-ның мәдени мұралар тізімі мен Қазақстан. Алматы: Дәуір, 2019.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ТАРИХЫ МЕН ТАҒЫЛЫМЫ

Мукиева Самал Салаватовна
Атырау обл., Атырау қаласы
С.Мұқашев атындағы Атырау Политехникалық жоғарғы колледжі

Аңдатпа: Бұл мақалада Жошы Ұлысы (Алтын Орда) тарихының Қазақстанның білім беру жүйесінде оқытылу маңыздылығы мен өзектілігі жан-жақты қарастырылады. Мектеп бағдарламаларынан бастап жоғары оқу орындары мен қосымша білім беру мекемелеріне дейінгі деңгейлерде Жошы Ұлысы туралы білім берудің мазмұны мен әдістерін талдайды. Мақалада Жошы Ұлысының саяси, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, діни, дипломатиялық және гендерлік аспектілері қамтылып, оның Қазақ хандығының қалыптасуына әсері айқындалады. Сонымен қатар, тарихи үдерістерді оқытудың заманауи әдістері мен құралдары ұсынылады. Бұл тақырыпты оқыту тарихи сана мен ұлттық бірегейлікті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады.

Кілт сөздер: Жошы Ұлысы, Алтын Орда, Қазақстан тарихы, тарихи сана, білім беру, Қазақ хандығы, этникалық әртүрлілік, оқыту әдістемесі, Шыңғыс хан, ортағасырлық мемлекеттер.

Аннотация: В статье всесторонне рассматривается значимость и актуальность преподавания истории Улуса Джучи (Золотой Орды) в системе образования Казахстана. Автор анализирует содержание и методы преподавания данной темы на всех уровнях — от школьной программы до высших учебных заведений и дополнительного образования. В работе освещаются политические, социально-экономические, культурные, религиозные, дипломатические и гендерные аспекты истории Улуса Джучи, а также его влияние на формирование Казахского ханства. Предлагаются современные методы обучения историческим процессам. Изучение данной темы способствует формированию исторического сознания и национальной идентичности.

Ключевые слова: Улус Джучи, Золотая Орда, история Казахстана, историческое сознание, образование, Казахское ханство, этническое разнообразие, методика преподавания, Чингисхан, средневековые государства.

Annotation: This article explores the importance and relevance of teaching the history of the Jochi Ulus (Golden Horde) within Kazakhstan’s educational system. The author examines the content and methods of teaching this topic across various levels, from school curricula to higher education and supplementary educational programs. The paper addresses the political, socio-economic, cultural,

religious, diplomatic, and gender-related aspects of the Jochi Ulus, highlighting its influence on the formation of the Kazakh Khanate. Modern teaching tools and approaches are suggested to enhance historical learning. Teaching this topic plays a key role in fostering historical awareness and national identity.

Keywords: Jochi Ulus, Golden Horde, history of Kazakhstan, historical consciousness, education, Kazakh Khanate, ethnic diversity, teaching methodology, Genghis Khan, medieval states.

Қазақстанның білім беру жүйесінде Жошы Ұлысы (Алтын Орда) тарихын оқытудың өзектілігі арта түсуде. Мектеп бағдарламасына Шыңғыс хан империясы және оның мұрагерлері жасаған ұлыстар, оның ішінде Жошы Ұлысы туралы мәліметтер енгізілген. Оқушылар Түркі-Моңғол империясының ерекшеліктерімен және ұлыстардың аумақтық құрылымымен танысады, бұл өлкедегі тарихи процестерді тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Жошы ұлысының тарихы – Қазақ хандығының қалыптасуы мен дамуына негіз болған маңызды кезеңдердің бірі. Оны білім беру саласында оқыту бірнеше бағытта жүзеге асырылады:

1. Жалпы білім беретін мектептерде

- Қазақстан тарихы пәнінде 7-сыныпта «Моңғол шапқыншылығы» және «Жошы ұлысы» тақырыптары қарастырылады.
- Оқушылар Жошының тұлғасы, оның ұлысының аумағы, саяси құрылымы және Қазақ хандығына әсері туралы мәлімет алады.
- Тарихи карталар мен дереккөздерді талдау арқылы оқушылардың сыни ойлау дағдылары қалыптасады.

2. Жоғары оқу орындарында

- Қазақстан тарихы мен шығыстану, тарих, археология мамандықтарында Жошы ұлысына тереңірек талдау жасалады.
- Студенттер Алтын Орданың мемлекеттік басқару жүйесі, экономикасы, мәдениеті мен әскери құрылымы туралы жан-жақты білім алады.
- Жошы хан кесенесі және оның тарихи маңызы арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылады.

3. Қосымша білім беру мен ғылыми зерттеулер

- Жас тарихшылар клубтары, тарихи үйірмелер мен олимпиадаларда Жошы ұлысының рөлі талқыланады.
- Археологиялық қазба жұмыстары мен тарихи экспедициялар ұйымдастырылады.
- Қашықтықтан оқыту платформаларында бейне дәрістер, интерактивті сабақтар мен ғылыми мақалалар ұсынылады.

Жошы ұлысының тарихын оқыту ұлттық тарихи сананы қалыптастыруға, қазақ мемлекеттілігінің бастауларын түсінуге және тарихи мұраға құрметпен қарауға ықпал етеді.

Жошы ұлысының тарихын білім беру жүйесінде оқыту ортағасырлық Орталық Азия және Алтын Орданың сол кездегі ірі мемлекеттердің бірі ретінде қалыптасуы тарихын зерттеудің маңызды бөлігі болып табылады. Жошы ұлысы Моңғол империясының бір бөлігі болды және моңғолдар үшін де, оны құрайтын халықтар үшін де тарихта шешуші рөл атқарды.

Заманауи білім беру жағдайында Жошы Ұлысының тарихын оқытуды мектептегі және университеттегі тарих, география, этнология және мәдениеттану курстарымен біріктіруге болады. Студенттерге Жошы Ұлысына байланысты ірі оқиғалар мен тұлғаларды ғана емес, сонымен бірге осы кезеңде орын алған саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени өзгерістер сияқты тереңірек процестерді түсіну маңызды[1, б, 8].

Жошы Ұлысының тарихын оқытудың маңызды аспектілері:

1. Жошы Ұлысының құрылу контекстіне қысқаша мәлімет:

- Моңғол империясы Шыңғыс хан қайтыс болғаннан кейін оның бөлінуіне қатысты негіздер.
- Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы мен оның ұрпақтарының Ұлыстың құрылуы мен дамуындағы рөлі.
- Моңғолдардың далада, Шығыс Еуропа мен Орталық Азияда саяси және экономикалық билігін орнату.

2. Әлеуметтік-экономикалық аспектілерін зерттеу:

- Жошы Ұлысының шаруашылығы, оның ішінде сауданың, қолөнердің дамуы, сонымен қатар Ұлы Жібек жолының дамуына сауданың әсері.
- Экономикадағы егіншіліктің, көшпеліліктің және мал шаруашылығының рөлі.
- әртүрлі халықтардың (татарлар, башқұрттар, қазақтар және т.б.) этникалық әртүрлілігі мен өзара әрекеттестігі.

3. Мәдени мұра және дін:

- Монғол мәдениеті мен дәстүрінің жергілікті халыққа және мемлекеттік басқарудың дамуына әсері.
- Жошы Ұлысы аумағындағы діни толеранттылық және исламның, сондай-ақ басқа да діни ағымдардың дамуы мәселелері.

4. Тарихи тұлғалардың рөлі:

- Алтын Орданың негізін қалаған Бату хан сияқты билеушілерді және оның мұрагерлерін, негізгі саяси және әскери жетекшілерін зерттеу.
- Көрші мемлекеттермен және халықтармен дипломатиялық қатынастарды бағалау.

5. Оқытудағы мәселелер мен қиындықтар:

- Шектеулі дереккөздер мен тарихи оқиғаларды түсіндірудегі қиындықтар.
- Монғолдар мен Алтын Орда бейнесін мифологизациялаудың тарихты қабылдауға әсері.

6. Оқытудағы заманауи тәсілдер:

- Жошы Ұлысы тарихының жан-жақты бейнесін жасау үшін мультимедиялық материалдарды, карталарды, тарихи реконструкциялар мен зерттеулерді пайдалану.

- Дүниежүзілік тарихтағы мемлекеттің рөлін неғұрлым толық түсінуге көмектесетін генеалогиялық және мәдени зерттеулерді қосу.

Жошы Ұлысының тарихын оқыту тек моңғол тарихын ғана емес, сонымен бірге бүкіл Еуразияның тарихын түсіну үшін маңызды, өйткені бұл мемлекеттің көрші мәдениеттермен және халықтармен қарым-қатынасы олардың дамуына айтарлықтай әсер етті.

Жошы Ұлысының тарихын оқыту тақырыбын жалғастыра отырып, осы тарихи кезеңді зерделеу кезінде пайдалы болуы мүмкін тағы бірнеше маңызды аспектілерді атап өтуге болады[2, б, 19].

7. Жошы Ұлысының саяси құрылымы:

- Мемлекеттік ұйым:

Жошы Ұлысы (Алтын Орда) Моңғол мемлекетінің ірі мемлекеттерінің бірі болды, оның негізінде Моңғол мемлекетінің өзіндік саяси құрылымы болды. Оқытудың маңызды бөлігі билік құрылымын, өкілеттіктерді беруді және жергілікті билік органдарының қызметін түсіну болып табылады.

- Орталық және аймақтық үкімет:

Оқытуда хандар мен олардың кеңесшілерінің рөлін, сондай-ақ жергілікті билеушілермен қарым-қатынасын атап өту керек. Алтын Орда бірнеше аймақтарға бөлінді, олардың әртүрлі әкімшілік орталықтары болды, мұның саяси-территориялық ұйымдастырылуын түсіндіру үшін маңызы зор.

8. Халықаралық қатынастар және дипломатия:

- Жошы ұлысы өз заманындағы халықаралық саясаттың маңызды қатысушысы болды. Алтын Орданың басқа мемлекеттермен (атап айтқанда, Ресеймен, Византиямен, Қытаймен, Иранмен) сыртқы саясаты мен дипломатиялық қарым-қатынасын зерттеу Моңғол мемлекетінің халықаралық процестерге қалай әсер еткенін түсінуге көмектеседі.

– Батудың Руське жорықтары сияқты дипломатиялық өкілдіктерді, неке одақтарын және әскери жорықтарды, сондай-ақ көршілерімен, мысалы, Ирандағы Хулагуидтермен күресті қарастырған жөн[3, б, 27].

9. Әлеуметтік құрылымы мен этникалық әртүрлілігі:

- Көшпелілер мен отырықшы халықтар:

Жошы ұлысы этникалық жағынан алуан түрлі болды, ал негізгі халқы көшпелі болды. Оқытуда отырықшы және көшпелі халықтардың Алтын Орданың әлеуметтік құрылымына бірігуі, сондай-ақ әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлердің бейімделу үдерісі мәселелері қозғалуы мүмкін.

- Татарлардың рөлі:

Татар халқы Алтын Орданың құрылысы мен қызмет етуінде маңызды рөл атқарды. Олардың әскери және әкімшілік құрылымдардағы рөлін кеңейтілген зерттеу әлеуметтік динамиканы түсіну үшін пайдалы болар еді.

10. Экономика және сауда:

- Сауда жолдары:

Алтын Орда Шығыс пен Батыс арасындағы сауда жолдарының тоғысқан жерінде орналасқан және бұл оның экономикасының негізгі элементі болды. Оқыту Шығыс Еуропа, Орталық Азия және Қытай арасындағы сауда үшін Жібек жолының маңыздылығын зерттеуді қамтуы мүмкін.

- Қаржы жүйесі:

Ақша жүйелеріне, күміс пен алтынның қолданылуына, сондай-ақ Ордадағы теңге соғуға ерекше назар аудару керек. Бірегей ерекшелігі моңғол монеталарының рөлі және олардың кең аймақта қолданылуы болды.

11. Мәдени және діни қайта құрулар:

- Моңғол империясына тән діни толеранттылық идеясын қолдану Жошы Ұлысы тарихын зерттеудің маңызды бөлігі болып табылады. Оқыту Алтын Ордада әртүрлі діни және мәдени дәстүрлердің: буддизм, христиандық, ислам және шаманизмнің қалай бірге өмір сүргеніне назар аударуға болады.

- Жошы Ұлысының исламдануы:

Бұл, әсіресе, кейінгі кезеңде Алтын Орданың Орта Азия мен Шығыс Еуропаға ислам дінінің таралу орталығы болғанын ескерсек, маңызды процесс. Бұл процесті зерттеу саяси және мәдени өзгерістердің аймақтың діни картасына қалай әсер еткенін түсінуге көмектеседі.

12. Жошы Ұлысы тарихындағы әйелдердің орны:

- Алтын Ордадағы әйелдер саяси өмірде де, мәдени дәстүрді сақтауда да маңызды рөл атқарды. Мысалы, Алтын Ордадағы хандардың әйелдері мен маңызды әйел тұлғалары саяси шешімдерге жиі әсер етіп, дипломатиялық келіссөздерге қатысқан.

- Оқытуда Ордадағы әйелдердің өмірін, олардың мәдени және әлеуметтік рөлдерін, саяси және діни өмірге ықпалын талдауды қамтуы мүмкін.

13. Алтын Орданың ыдырауы мен құлдырауы:

- Алтын Орданың құлдырауының ішкі қайшылықтар, шаруашылық мәселелері, көршілердің шапқыншылығы, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени өзгерістері сияқты себептерін зерттеу. Бұл студенттерге орта ғасырлардағы ең үлкен және ең қуатты мемлекеттердің бірі неге осал болып, ыдырап кеткенін түсінуге мүмкіндік береді.

– XIV – XV ғасырлардағы Алтын Орданың саяси-территориялық ыдырауына әкелген факторларды талдау маңызды аспект болмақ[4, б, 31].

14. Жошы Ұлысы тарихының қазіргі маңыздылығы:

- Оның ішінде Алтын Орданың тарихи мұрасын заманауи контексте зерттеу Ресей, Қазақстан, Қырғызстан және басқа елдер сияқты халықтардың өз тарихын осы кезеңмен қалай байланыстыратынын түсінуге көмектеседі. Алтын Орда артына ұлттық бірегейліктің қалыптасуына ықпалын тигізіп келешекке бай мәдени мұра қалдырды.

– Жошы Ұлысы тарихының қазіргі саяси-тарихи пікірталастарда, әсіресе, мемлекетаралық қарым-қатынас пен ұлттық мақтаныш тұрғысында қалай қолданылып жатқанын да қарастырған жөн.

15. Оқыту әдістемесі:

- Жошы Ұлысының тарихын оқыту әр түрлі болуы керек және әртүрлі тәсілдер: дәстүрлі дәрістер мен мәтіндерден тарихи карталарды, мұрағаттық құжаттарды, реконструкцияларды және мультимедиялық дереккөздерді пайдалануға дейін қамтуы керек. Бұл сол уақытты неғұрлым жарқын және толық көрсетуге мүмкіндік береді.

Тарихи рөлдік ойындар, талқылаулар және бастапқы дереккөздерді зерттеу сияқты белсенді оқу әрекеттері оқушылардың оқуын және сыни тұрғыдан ойлау қабілеттерін арттырады[5, б, 81].

Қорытынды: Жошы ұлысының тарихын білім беру жүйесінде оқыту Еуразияның ортағасырлық тарихы туралы тұтас түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл студенттерге және оқушыларға мәдени өзара әрекеттесумен, саяси қайта құрулармен және әлеуметтік өзгерістермен байланысты күрделі тарихи процестерді зерттеуге мүмкіндік береді, бұл Алтын Орданың тарихын ғана емес, сонымен қатар оның қазіргі халықтар мен мемлекеттердің дамуына әсерін түсінуге көмектеседі.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Сафаргалиев М.Г. Золотая Орданың ыдырауы // Құрлықтар мен өркениеттер тоғысындағы кезең. X–XVI ғғ. империялардың құрылуы мен ыдырау тәжірибесінен / Құраст. И.Б. Муслимов. – М.: Инсан, 1996. – 768 б.
2. Федоров-Давыдов Г.А. Алтын Орда хандарының билігіндегі Шығыс Еуропа көшпенділері. Археологиялық ескерткіштер. – М.: ММУ баспасы, 1966. – 275 б.
3. Өскенбай Қ. Жошы ұлысының құрылуы // Абай. – 2002. – №1. – 12–14 б.
4. Сұлтанов Т.И. Жошы ұлысы қалай Алтын Ордаға айналды // Татар әлемі. – 2004. – №12.
5. Бақаев Қ.Ю. Алтын Орда және оның мұрасы. — Алматы: Дайк-Пресс, 2013.

ТАРИХИ МҰРА – БАҒА ЖЕТПЕС ҚАЗЫНА

Қуаныш Гүлден Маратқызы
Атырау обл, Атырау қаласы, Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғарғы колледжі

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихы, бай мәдениеті мен ұлттық құндылықтары – өскелең ұрпаққа аманат етілген баға жетпес мұра. Тарихи мұра – өткеннің жәдігері ғана емес, болашаққа бағдар беретін рухани қазына.

І.Тарихи - мәдени мұраның маңызы

Тарихи - мәдени мұра – қазіргі мәдениеттану мен ескерткіштердің негізгі ұғымдарының бірі. Ол елдің мәдени дамуының көрсеткіші болып табылады. Тарихи мұраның маңызы:

- Ұлттың тарихын зерттеуге көмектеседі;
- Ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етеді;
- Рухани тәрбие беріп, патриоттық сезімді күшейтеді;
- Туризмді дамыту арқылы ел экономикасына үлес қосады;
- Халықаралық мәдени байланыстарды нығайтады

II. Тарихи мұра түрлері

Тарихи мұра бірнеше түрге бөлінеді:

1. Материалдық мұра – ежелгі қалалар, қорғандар, сәулет ескерткіштері, археологиялық қазбалар және тарихи заттар. Мысалы, Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – халқымыздың өткенін айшықтайтын құнды мұра.

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі әлемінің рухани орталығы саналатын, XIV ғасырда тұрғызылған тарихи-архитектуралық ескерткіш. Ол Қазақстанның Түркістан қаласында орналасқан және ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген.

- *Кесененің тарихы*

Қожа Ахмет Ясауи – XII ғасырда өмір сүрген ұлы сопы, ислам дінін насихаттаушы, ақын әрі ойшыл. Ол түркі халықтары арасында исламдық дүниетанымды қалыптастыруға үлкен ықпал еткен. Ясауи дүние салғаннан кейін, оның қабірі басында кішігірім мазар болған. XIV ғасырдың соңында Әмір Темір Қожа Ахмет Ясауи рухына құрмет ретінде жаңа, аса көрнекті кесене тұрғызуға бұйрық береді. Құрылыс жұмыстары 1396–1399 жылдары жүргізілгенімен, кесене толық аяқталмай қалған.

- *Сәулет ерекшеліктері*

Кесене – Орта Азиядағы ең ірі сәулет құрылыстарының бірі. Оның негізгі ерекшеліктері:

- Биіктігі – 38 метр, ұзындығы – 65 метр, ені – 46,5 метр.
- Кесене күйдірілген кірпіштен салынған және ою-өрнектермен безендірілген.
- Орталық бөлмесінде диаметрі 2,45 метр, салмағы 2 тонна болатын алып қазан (тайқазан) орналасқан.
- Кесененің басты күмбезі – Орта Азиядағы ең үлкен күмбездердің бірі (диаметрі 18 метр).
- Жалпы ғимаратта 35 бөлме бар, оның ішінде мешіт, кітапхана, ханақа (зікір салу бөлмесі), Қожа Ахмет Ясауи қабірі және құлшылық ету орындары орналасқан.

- *Рухани және тарихи маңызы*

Қожа Ахмет Ясауи кесенесі – түркі халықтарының исламдық дәстүрлерін сақтау мен дамытуда маңызды орын алады. Ол көптеген зияратшылар келетін қасиетті орынға айналған. Сонымен қатар, бұл кесене Қазақ хандығы дәуірінде билеушілер жерленетін пантеонға айналды.

2. Рухани мұра – аңыз-әңгімелер, шежірелер, халық ауыз әдебиеті, музыкалық және поэтикалық шығармалар. «Күлтегін», «Манас», «Қобыланды батыр», «Ер Тарғын» жырлары, ұлы ақын-жыраулардың шығармалары – халқымыздың рухани қазынасы.

Түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі – **Күлтегін ескерткіші.** Орхон-Енисей жазуына жататын маңыздылығы жағынан баға жетпес құнды дүние.

«Күлтегін» жыры - париоттық рух беретін батырлық жыры. Жыр мәтінінің негізі Түркі ұлтының тек тарихын ғана емес, Күлтегіннің батырлығы мен ерлігін бейнелейді. «Күлтегін» жыр жазуы 53 бөлімнен тұрса, соның 27-ден 53-ке дейінгі жазулары, Күлтегіннің батырлығын және оның соғыстарда мол табыстарға жетіп отырғандығынан мағлұмат береді.

3. Тарихи құжаттар – ежелгі жазбалар, заңдар, ресми құжаттар мен ғалымдардың еңбектері. Мысалы, Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрк» еңбегі, Әл-Фарабидің философиялық трактаттары, Шоқан Уәлихановтың зерттеулері.

«Диуани лұғат ат-түрк» – түркі халықтарының алғашқы энциклопедиялық сөздігі және тіл білімінің маңызды ескерткіші. Ол 1072–1078 жылдары жазылған.

- Бұл кітап тек тілдік зерттеу ғана емес, түркі халықтарының мәдениеті мен өркениеті туралы маңызды дерек көзі.
- Орта ғасырлардағы түркі өркениетінің қаншалықты дамығанын көрсететін бірегей еңбек.
- Ғалымдардың түркітану саласындағы негізгі дереккөзі ретінде әлі күнге дейін маңызын жоғалтпаған.

III.Тарихи мұраны сақтау мәселесі

Қазіргі заманда тарихи мұраны қорғау мен насихаттау маңызды міндеттердің бірі болып отыр. Ғаламдану дәуірінде мәдени ескерткіштердің жойылуы, рухани құндылықтардың ұмытылуы – үлкен қауіп.Тарихи мұраны сақтау үшін:

- Археологиялық және тарихи ескерткіштерді қорғау;
- Ұлттық салт-дәстүрлерді насихаттау;
- Қазақтың ауыз әдебиетін, халық әндері мен күйлерін дәріптеу;
- Жастарды мәдени мұраға тарту;
- Заманауи технологияларды пайдаланып, виртуалды музейлер ашу маңызды;
- Мәдени мұраны оқыту жүйесіне енгізу арқылы мектептер мен жоғары оқу орындарында арнайы курстар өткізу;
- Қолөнер мен дәстүрлі кәсіптерді дамыту үшін шеберлік сабақтарын ұйымдастыру;
- Мәдени мұраны дәріптейтін деректі фильмдер, көркем шығармалар және медиа өнімдер жасалуы қолға алынуы тиіс.

Сонымен қатар тарихи мұраны сақтау үшін мемлекет тарапынан арнайы бағдарламалар қабылдануда. Мысалы, «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында көптеген ескерткіштерді зерттеу, қалпына келтіру және қорғау жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, ЮНЕСКО ұйымының қолдауымен Қазақстанның көптеген тарихи ескерткіштері әлемдік мұра тізіміне енгізілді.

IV. «Мәдени мұра» бағдарламасы

2003 жылы Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында ұсынған бағдарлама ретінде «Мәдени мұра» бағдарламасы дүниеге келді. Сол жылғы жолдауында Н.Ә. Назарбаев: «Руханият пен білім беру салаларын дамытудың аса маңызды құрамдас бөлігі ретінде бірқатар ауқымды жобалардың басын қосатын „Мәдени мұра“ арнаулы орта мерзімді бағдарламасын әзірлеуімен 2004 жылды «Мәдени мұра» жылы деп жариялады.



«Мәдени мұра» бағдарламасы аса ауқымды жоба ретінде ұлттық мәдениетке. ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіруді; археологиялық зерттеулерді; қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды; сондай-ақ ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыруды, кеңейтілген бейне және жұмыс қатарларын құруды мақсат еткен бірқатар бағыттардан құралған .Бұл бағдарлама қазірге дейін көптеген нәтижелерге қол жеткізіп, ғасырлар бойы қаралмай қалып қойған ата-бабаларымыздың мұралары өз өңдеріне келе бастады. «Мәдени мұра» бағдарламасы басталғаннан бері 78 тарихи және мәдени ескерткіштер қалпына келтіріліп, Қожа Ахмет Яссауи Кесенесі мен Тамғалы археологиялық кешені «ЮНЕСКО» Әлемдік мәдени мұрасына кірді. Сонымен қатар Дамаск қаласындағы Сұлтан Әз-Захир Бейбарс кесенесі, Каир қаласындағы Сұлтан Бейбарс мешітінің реставрациясы сәтті аяқталды. Жоба аясында Қытай, Түркия, Моңғолия, Ресей, Жапония, Мысыр, Өзбекстан, Армения, және, АҚШ пен Батыс Еуропаға ғылыми-зерттеу экспедициялар жіберіліп, Қазақстанның тарихына, этнографиясына және өнеріне байланысты 5 мыңнан астам құнды архивті құжаттар, қолжазбалар мен баспа шығарылымдары алынды. Осы құнды тарихи құжаттар арқылы «Мәдени мұра» бағдарлама жұмыстарының нәтижесінде еліміздің бірқатар зерттеу институттарының еңбектері жарық көріп, еліміздің тарих саласындағы оқулықтары мен оқу материалдарын толықтай түсті, бұл келешек ұрпақтарымызға Қазақ елін толық қанды тануға, оның әлемдегі кезкелген ұлттық мемлекеттерден кем түспейтіндігін дәлелдеуге жол ашып берді.

Қорытынды. Тарихи мұра – ұлттың айнасы, оның рухани өзегі. Біз өткенімізді ұмытпай, мәдени мұраларымызды сақтап оны қорғау, зерттеу және келер ұрпаққа жеткізу – біздің қасиетті борышымыз. Ұлттық құндылықтарын сақтап , тарихын білетін, ұлттық мұрасын құрметтейтін халық қашанда рухани кемелдікке жетеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев, Н. Ә. Мәдени мұра бағдарламасы туралы // Қазақстан Республикасының ресми құжаттары. – Астана, 2004.

2. Қасымжанов, А. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1995.
3. Бейсенов, А. Қазақстанның археологиялық мұрасы (Алматы: Өнер, 2010)

ТАРИХИ – МӘДЕНИ МҰРА ЕСКЕРТКІШТЕРІН ҚОРҒАУДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР

Купашев Сәттібек Ермекқалиұлы
Махамбет ауданы білім бөлімінің Дүйсенғали Төленов атындағы жалпы орта білім беретін мектептің тарих пәні мұғалімі

Тарихи – мәдени мұра ескерткіштерін қорғау–ұлттық құндылықтарды сақтап, келешек ұрпаққа жеткізудің маңызды міндеттерінің бірі. Бұл салада бірқатар өзекті мәселелер бар. Олардың негізгілеріне тоқталайық:
Қаржыландыру және ресурстар тапшылығы
- Жөндеу, қайта қалпына келтіру (реставрация) жұмыстарына жеткіліксіз қаржы бөлінуі.
- Жеке және мемлекеттік инвестициялардың аздығы.
- Ескерткіштерді сақтау мен қалпына келтіру үшін қажетті мамандар мен техникалық құралдардың жетіспеуі.
Урбанизация және құрылыс жұмыстары
- Тарихи орындардың маңында ретсіз құрылыс жүргізу.
- Қалалардың кеңеюі салдарынан мәдени мұра нысандарына қауіп төнуі.
- Археологиялық ескерткіштердің заңсыз қазбалардан зардап шегуі.
Климаттық және экологиялық факторлар
Табиғи апаттардың ескерткіштерге зиян келтірілуі.
Климаттың өзгеруі тарихи орындардың бұзылуына әсер етуі.
Қоршаған орта ластануының ескерткіштерге теріс ықпал етуі.
Халықтың мәдени мұраға немқұрайлы қарауы
Азаматтардың тарихи мәдени мұраны қорғау маңыздылығын түсінбеуі.
Тұрғындардың ескерткіштерді сақтау жұмыстарына белсенді қатыспауы.
Тарихи орындарды дәріптеу мен насихаттаудың жеткіліксіздігі.

Шешу жолдары:
Тарихи мәдени мұраны қорғау бойынша заңнаманы жетілдіру және қатаң бақылау орнату.
Қаржыландыруды ұлғайту және мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту.
Урбанизацияны тарихи нысандарды ескере отырып жоспарлау.
Экологиялық факторларды ескере отырып, арнайы қорғау шараларын жүзеге асыру.

Туристік инфрақұрылымды реттеу және тарихи орындарды сақтау шараларын күшейту.
Білім беру және ақпараттандыру арқылы халықтың тарихи мұраға деген жауапкершілігін арттыру.
Осы мәселелерді шешу арқылы тарихи-мәдени мұра обьектілерін болашақ ұрпақ үшін сақтауға болады.
Қазақстанда тарихи мұраны қорғау заңнамалық деңгейде жүзеге асырылуда:
- Мәдени мұра мемлекеттік бағдарламасы (2004-2011 ж.ж) көптеген тарихи нысандар зерттеліп, қалпына келтірілді.
- Рухани жаңғыру және Ұлы Даланың жеті қыры бағдарламалары – ұлттық тарих пен мәдениетті дәріптеуге бағытталған.
1. Атқа міну мәдениеті – энеолит дәуіріне тиесілі «Ботай» қонысында жүргізілген қазба жұмыстары жылқының тұңғыш рет қазіргі Қазақстан аумағында қолға үйретілгенін дәлелдеді. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды.
2. Ұлы даладағы ежелгі металлургия – металл өндірудің амал тәсілдерін табу тарихтың жаңа кезеңіне жол ашып, адамзат дамуының барысын түбегейлі өзгертті. Ата бабаларымыз жаңа, берік металдар өндіру ісін дамытып, олардың жедел технологиялық ілгерілеуіне жол ашты.
3. Аң стилі – мұралардың жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі. Жануарлар бейнесін тұрмыста пайдалану адам мен табиғаттың өзара байланысының символына айналып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап отырған.
4. Алтын адам – 1969 жылы Есік қорғанынан табылған «қазақстандық Тутанхамон» деген атқа ие болған. Жауынгердің алтынмен қапталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады. Жауынгердің жанынан табылған күміс кеселердің бірінде ойып жазылған таңбалар бар.
5. Түркі әлемінің бесігі – Еуразияның басқа да халықтарының тарихында Алтайдың алар орны ерекше. Осынау асқар таулар ғасырлар бойы Қазақстан жерінің тәжі ғана емес, күллі түркі әлемінің бесігі болып саналды.
6. Ұлы Жібек жолы – Еуразияның Шығысы мен Батысы, Солтүстігі мен Оңтүстігі арасындағы сауда және мәдениет саласындағы байланыстардың трансконтинентальды желісіне – Ұлы Жібек жолы жүйесіне айналды.
7. Қазақстан алма мен қызғалдақтың отаны – асқақ Алатаудың баурайы алма мен қызғалдақтың «тарихи отаны» екені ғылыми түрде дәлелденген.
Қазіргі таңда «Қазақ елі» ұлттық паркінің құрылуы, «Киелі Қазақстан» жобасы аясында киелі орындарды зерттеу жұмыстары жүргізілуде.

Тарихи-мәдени мұраны сақтаудың тиімді жолдары – сандық технологияларды пайдалану. Қазіргі кезде цифрлық технологиялар тарихи мұраны қорғауда маңызды рөл атқарады.
3D сканерлеу – тарихи ескерткіштердің нақты көшірмесін жасауға көмектеседі.
Геоақпараттық жүйелер – тарихи орындарды картаға түсіріп, мониторинг жүргізуге мүмкіндік береді.
Виртуалды шындық және кеңейтілген шындық – тарихи орындарды онлайн зерттеуге мүмкіндік береді.
Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасын қорғау үшін заңнамалық, технологиялық және ғылыми тәсілдерді қолдану қажет.
Археологиялық орындарды сақтау үшін инновациялық әдістер мен цифрландыру маңызды рөл атқарады.
Халықаралық тәжірибені пайдалану – тарихи нысандарды сақтап, туризмді дамытуға мүмкіндік береді.
Қазақстанның тарихи – мәдени мұрасын қорғау – ұлттық құндылықтарды сақтау мен болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды шарты.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДАҒЫ ОРНЫ

Рамазанова Лариса Елеугалиевна - Жамбыл атындағы орта мектебінің тарих пәні мұғалімі
Атырау облысы, Индер ауданы, Есбол селосы

Аңдатпа

Мақалада біздің тарихымыздағы өзекті мәселелердің бірі ортағасырларда қазақ территориясында өмір сүрген мемлекеттердің бірі Жошы Ұлысы тарихы туралы мәліметтер ұсынылған. Бұл мақаладағы ең басты мәселе Жошы Ұлысы тарихын зерттеген тарихшылардың өзекті тұстары баяндалған.

Әлемдік тарих сахнасына «моңғолдар» атауымен дамыған ортағасырлық кезең бас кезінде-ақ кең түрде танылған Орталық Азияның көшпелі моңғол-түрік тайпалары мен халықтарының тарихы бірнеше ғасырлардан бері тарихшы, археолог, этнолог, деректанушы, заңгер, әдебиетші және мәдениеттанушылар тарапынан жан-жақты қарастырылып келеді. Қазіргі таңда олардың тарихы мен мәдениетіне қатысты жүздеген іргелі еңбектер жазылған, бұл зерттеулерде түріктер, моңғолдар құрған мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуы, негізгі кезеңдері, өзіндік саяси тарихы мен әлеуметтік экономикалық және рухани өмірі толымды түрде сараланған. Кейбір жайттарға не болмаса түйіні

түйіткілді проблемаларға қатысты соны пайымдаулар мен тұжырымдамалар жасалғанымен, оған қарсы айтылған ой-пікірлердің де жетіп артылатындығы тарихнамадағы қалыпты жағдай екендігі де рас. Көбіне тарих ғылымында орныққан мұндай жағдайды мәселенің байыбына барып, оны тереңінен зерделеген не таразылаған іргелі тарихнамалық ізденістердің жетіспей жатуымен де түсіндіруге болады.[1] Баяндаманың негізгі дерек көздері осы кезеңде жарияланған еңбектер мен мақалалар болып табылады. Жұмыста Жошы Ұлысы тарихына қатысты жаңа теориялық идеялардың топтамасы қазақтың зерттеушілерінің еңбектерін талдау арқылы суреттеледі. Оның ішінде, қазіргі ортағасыр тарихының зерттеу нысанындағы маңызды өзгерістерді қажет ететін тұстары, соның ішінде жаңа «Жошы Ұлысы» тұжырымдамасының қалыптасуы көрсетіледі. Автор мақаланы жазу барысында «Қазақстан Алтын Орданың (Жошы Ұлысының) мұрагері» деген жаңа тұжырымдаманың қазақстандық ғалымдардың қолдап, жаңа бір деңгейге көтерілу үдерісі белгілі бір дәрежеге мемлекеттер сабақтастығын уағыздауда зор серпін берді деп қорытынды жасайды. [2]

Кілт сөздер: Жошы Ұлысы; тарих; отандық тарихнама; қазақ хандығы.

Кіріспе. Тарих-өткеннің ғылымы ғана емес, ол адамның уақыт бойынша ғылымы, ол бізге өзімізді тануға және күрделі, қарама-қайшы дүниенің бір бөлігі ретінде сезінуге мүмкіндік береді.

Тарихқа деген сүйіспеншілік мектеп қабырғасынан басталады. Тарих білім алушылардың белгілі бір білім мен білік жиынтығын беріп қана қоймай, оның дүниетанымын қалыптастырады, өзін тұлға және өзі тұратын елдің азаматы ретінде тануға көмектеседі. Тарих бізді парасаттылық пен даналыққа үйретеді. Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, әлемге және еліміздің болашағына жаңаша көзқараспен қарауға көмектеседі.

Алдағы жас ұрпаққа Жошы ұлысы тарихын зерттей отырып, аты аңызға айналған тұлғалар мен тағдырлардың орасан зор әлемін ашуға және тарихтың адам өмірінде өткеннің, бүгіннің және болашақтың байланысы екенін көсетеді.

«Ұлытау-ұлтымыздың алтын бесігі, тағылымды тарихымыздың куәсі» екеніне тоқталған Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 1269 жылы Талас құрылтайында айдай әлемге жар салған Алтын орданың негізі қаланғанына ерекше ден қойды.

«Алтын Орда ыдырағанда оның қабырғасынан жеті мемлекет (Қазақ хандығы, Москва мемлекеті, Қазан хандығы, Қырым хандығы, Қасым хандығы, Сібір хандығы, Ноғай ордасы) бой көтерді. Солардың ішіндегі алғашқы және қазір де дербес мемлекет ретінде өзін сақтап қалған жалғыз мемлекет ол-Ақ орданың ізбасары Қазақ мемлекеті ғана. Сондықтан да тарихтың жолын қуар болсақ, Қазақ мемлекеті Жошы Ұлысының басты мұрагері болып табылады» деген Зардыхан Қинаятұлының жасаған қорытындысы шындық. [4]

Қазақстан тарихында Алтын Орда тарихының зерттелуі тарихи тұрғыда кең ауқымды маңызды мәселелердің бірі болып қала береді. Моңғолдар мен түркілердің Шығыс Еуропа елдерінің саяси, әлеуметтік және мәдени дамуына қатысты баға беруі ұзақ жылдар бойы тарихи тартысты мәселелердің біріне айналды. Осы тұста Жошы Ұлысы тарихын зерттеуде келесі саяси мәселелерге назар аударылды: мемлекеттің құрылымы, басқару жүйесі, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері, құқық негіздері және көрші елдермен саяси-дипломатиялық қарым-қатынастары. Айта кету керек, XIII-XV ғғ. Алтын Орданың империя ретіндегі тарихы отандық тарихнамада жан-жақты зерттеліп, жүйеленбеген.

XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттер туралы тұжырымдар отандық тарихнамада ерекше көңіл аударылған мәселе еді. Соңғы жылдардағы «Алтын Орда» тарихы бойынша зерттеулер бірнеше топқа бөлінеді, сондай-ақ, олар зерттеу тақырыбы бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Мәселен, біріншісі – Алтын Орданың тарихы мен археологиясының жалпы мәселелеріне арналған еңбектер. Екінші – Алтын Орда терминологиясына арналған ғылыми жұмыстар. Үшінші топ – Қазақ хандығының Алтын Орда тарихымен байланысын көрсетін еңбектер. Бұл аталмыш тарихи үдерістің тарихы мен деректерінің көбейіп және зерттеу ауқымдылығының кеңейіп, Отан тарихы үшін маңыздылығы артып, күннен-күнге өзекті болып келе жатқанын білдіреді. [2]

Негізгі бөлім

Жошы ұлысы туралы тарихи деректемелік мәні бар еңбектердің алдыңғы қатарында «Моңғолдың құпия тарихының» («Монголын нууц товчоо») алатын орны бөлек. Өйткені «Құпия тарих» XI-XIII ғасырларда Моңғол үстіртін мекен еткен түркі-моңғол тайпаларының 500 жылдық тарихи шежіресін қамтиды. «Құпия тарихты» зерттеуші ғалымдардың көпшілігі аталмыш шежіре алғаш Моңғолдың хан ордасына найман [*Ресейлік түріктанушы С.Е.Малов франциялық ориенталист Рене Грусселер Найман ордасының іс басқарушысы, Татунганның ұлтты ұйғыр болғанын алға тартып, бұл жазуды «ұйғыр жазуы» атандырып жіберген еді.]* алфавиті негізінде түрік-монғолша жазылып, кейін қытай тіліне аударылған деп таниды. [***5***] Шежіре қытай иероглифінде, қытай тілінде жазылған дейтін де пікір бар.

«Құпия тарих» қалай дегенмен моңғол шежіресі. Ондағы 282-баптың 166-бабы моңғолдардың өз тарихы және Шыңғыс ханның 22 атасынан бері тараған өмірбаянын көрсеткен.

Жошының бала кезінің өмірбаяны мұнда жоқ. Шежіреде Жошының саяси өмірбаянына қатысты 8 бап (210,239,242,254,255,258, 260,262) бар. [3]

Шежіренің 210- бабында Жошының аты алғаш аталады.Онда Шыңғысхан Хуннан, Хөхөчос екі ноянға: «Менің тұңғышым-Жошы. Сен екеуіңхуннан, генигис тайпаларын иеліктеріңе алып, Жошының басшылығындағы түмен нояны болыңдар» деген.

239- бапта Жошы 1207 қоян жылы батыс майданын басқарып, Орман жұртымен қоса Қырғыз елін қантөгіссіз бағындырып, әкесінен алғыс алғаны туралы баяндалады.

242- бапта Жошыға 9 мың жұрт еншіге бергені туралы айтылған.

254- бабында 1219 жылы Шыңғыс хан Хорезм жорығына аттанар алдында қаған ұлдары Шағатай мен Жошы арасында болған қақтығыс туралы жазылған. Мұнда Жошының інісі Шағатайға айтқан «Садақ тартып сенен жеңілсем, бас бармағымды кесіп берейін. Ал белдесіп жығылсам, жатқан орнымнан тұрмаймын» деген сөзіне қарағанда, Жошы інісі Шағатайдан әлдеқайда қарымды күн иесі болғанын көреміз.

255-бапта Жошыны Қыпшаққа (Тоқымақ) аттандырарда әкесінің айтқан өсиеті берілген. Онда Шыңғыс хан Жошыға: «Үйден үй бөлінді» деп өз бетіңмен кетпе, Ұлұғ үйдің отауы екеніңді ұмытпа»,-деп ескерткен. «Құпия шежіредегі» Жошыға байланысты баптары Сыр бойы қалаларын жаулап алуы, Үргеніш шайқасына арналған. [3]

Жошының өмірбаянына қатысты екінші бір жылнама-ол Лу. «Алтан товч» шежіресі. Ондағы көптеген деректемелер «Құпия шежіреге» ұқсас.

Жошы ұлысы державасы тарихы Қазақстандағы моңғол билігі дәуірінің ең бір маңызды кезеңі болып табылады. Жошы ұлысының қара шаңырағы алғаш Ертісте көтерілді. 1235-1242 жылдары Баты ханның басшылығында моңғол қолының батысқа жасаған жорығы нәтижесінде Жошы ұлысы батысқа кең қанат жайып, әскери оң және сол екі қанаттан құралатын державаға айналды. Жошы ұлысы фронт жағдайындағы әскери мемлекеттік жүйе болды. Державаның шеп-шекарасы Ертістен Днепр, Батыс Сібірден Жетісу, Сырдарияға дейінгі өлкені алып жатты. Державаға 250 жылға жуық (1241-1485жж.) уақыт салтанат құрды. Державаның қанатының астынан тоғыз мемлекет өрбіп шықты. Солардың бірі Жошы ұлысының әскери сол қанатын құрап, дербес мемлекет құрылымы ретінде қалыптасқан Ақ Орда- Қазақ мемлекеті болатын. Жошы-Қыпшақ ұлысының тарихын хатқа түсірушілердің алғы шебінде араб тарихшы-жылнамашылары болды.

Жошы ұлысы қазақ халқының тарихы үшін үлкен маңызға ие. Себебі, дәл осы территорияда Қазақ мемлекетінің іргесі қаланып дамыды.

Шыңғыс ханның үлкен ұлы жөнінде көп дүние мәлім емес. Тек оның 12 ғасырдың 80 жылдары дүниеге келіп, бастапқыда әкесінің сүйікті перзенті әрі басты мұрагері саналғанын білеміз. Уақыт өте келе Жошының жетістіктеріне туған бауыры, Шыңғысханның екінші ұлы Шағатай қырын қарай бастаған. Шағатай аса қатігез әрі шамадан тыс қыңыр болған деседі. Оның ағасына таққан негізгі айыбы тегіне қатысты болды. Шынтуайтында Жошы, аналары Бөрте меркіттердің тұтқынында болып келгеннен кейін туғандықтан, бұл жел сөздің тарауына негіз болған. Біршама уақыт Бөртені тұтқында ұстап, осы арқылы Темучиннің әкесінің әрекеті (Шыңғыс ханның шын есімі) үшін кегін қайтарған тайпаның атауы: бастапқыда ол меркіттің текті батырының қалыңдығын тартып алып, ұлына сол қызды алып бермек болған. Бірде Шыңғыс ханның алдында дауласқан қос бауыр қызды-қыздыға

салынып, төбелесуге дейін барған. Ашуға берілген екеуі жаға ұстасып қалғанымен, айналадағы жұрт ажыратып үлгерген. Сондықтан Шыңғыс хан империяның мұрагері ретінде Үгедейді таңдаған. Үгедей Шыңғыс хан мен Бөртенің үшінші баласы, ұлы хан, яғни Моңғол империясының императоры. Аталған оқиғаларға қарамастан Жошының дәрежесі жоғары болды. Парсы тарихшысы Жувайний оны «Ұлыс-иди» — Ұлыстың билеушісі, яғни хан деп атаған. Польшалық францискан Бенедикт Поляктың дерегі бойынша, Жошы Еділ өзенінің кешіп өтіп, 1223 жылы Қалқа өзені бойындағы қыпшақтар мен орыс князьдеріне қарсы атақты ұрысқа қатысқан: «Екі тарап та көп әскерінен айырылды. Қан сел болып аққаны соншалық, аттың үзеңгісіне дейін жетті». Аталған ұрыста моңғол әскербасылары үлкен жеңіске қол жеткізген. Ұрыс барысында 9 князь көз жұмған.

Жошы империяның тағына апарар жол өзі үшін жабылғанда қандай сезімде болғанын жеткізу мүмкін емес. Дегенмен Парсы тарихшысы: «Туши (Жошыны осылай атайды) Қыпшақ даласының ауасын жұтып, суын ұрттап көрген соң, төрткүл дүниеде бұдан асқан жер, бұдан таза ауа, бұдан тәтті су, бұдан жақсы шабындық пен жайылым жоғына көз жеткізді» деп жазған. Жошының қыстауы Жетісу жерінде, Қойлы маңайында, қазіргі Жетісу облысы, Талдықорған қаласының төңірегінде орналасқан. Ал жаздық жайлауы, Жошы мазары тұр деп саналатын Ұлытау тауларында болса керек.

Жошы 1225 немесе 1227 жылы бұлыңғыр жағдаяттар барысында қайтыс болған. Дегенмен аңыз бойынша, ол тауда құландарға аңшылыққа шығып, садақ тартқанда аттан құлап кетіп, жұлыны үзіліп кеткен деседі. Бірақ Жошы қайтыс болған соң көп өтпей-ақ, Шағатайдың қолымен әкесі Шыңғыс хан өлтіруге бұйырды деген нұсқа тарап кетті. Өйткені Жошы хан әкесіне қарсы қастандық ұйымдастырып, аңшылық кезінде өлтіруді көздеген делінеді. Бізге жетпеген жылнамалар мен құжаттарға қанық болған, 18 ғасырда өмір сүрген орыс тарихшысы Татищевтің айтуынша, Жошы қыпшақтар мен орыс князьдерінің бірлескен әскеріне қарсы Қалқа шайқасында қаза тапқан.

Ұлытау облысында орналасқан, «Жошының мазары» ретінде белгілі қорымда, шын мәнінде Жошы жатпауы да мүмкін. [6] Заманауи зерттеушілердің дерегі бойынша, аталған мазар Жошы ұлысындағы билеуші тап ислам дінін қабылдап қойған 14 ғасырға тиесілі. Жеті атасынан бері келе жатқан дәстүр бойынша, Жошы өзін жасырын мекенге жерлеуді өсиет етуі бек-мүмкін. Айталық, ұлынан кейін қаза тапқан Шыңғыс хан, өзін жерлеген жердің үстінен мың жылқы таптап өтіп, із қалдырмауын өсиет етіп қалдырған.

Тарихшылар Жошы Ұлысын қалыптасқан дәстүр бойынша «Алтын Орда» деп атайды. Аталған атау бертін келе пайда болған және орыс дереккөздерінде тек 16 ғасырдың орта тұсына қарай кездеседі. Ол шақта Жошы ұрпағы қалаған мемлекеттің ыдырап кеткеніне бір ғасырдай уақыт болған. Дегенмен «Алтын Орда» термині 13–14 ғасырларда қолданысқа еніп бастаған. «Алтын» — сол шақтағы тарихшылар Жошы ұрпағына байланысты қолданған жалғыз түс емес. Әскери дәстүр бойынша Жошы ұлысы әрқайсының өз түсі болған оң және сол қанатқа бөлінген. Тарихшылар қай

қанатты Ақ Орда және Көк Орда деп аталғанына қатысты әліге дейін дауласып келеді. Кейбірі Жошы ұлысының Батудың ағасы, Жошының үлкен ұлы Орда Еженнің билік құрған шығыстағы қанаты, яғни сол қанаты Ақ Орда болды деп санайды.

Батудан айырмасы — Орда Ежен ешқашан билікке құмарлығымен көзге түспеген және інісіне тақты өз еркімен босатып берген. Орда Еженнің ұрпақтары өз ұлысының хандарын өздері құрылтай арқылы сайлап отырған және Батудың ұрпағы олардың ішкі ісіне мүлдем мұрнын тықпаған; дегенмен ортақ жорықтар кезінде Алтын Орда Ақ Орданың қолдауына ие болып отырған. Орда Еженнің әскері 50 мыңға дейін жеткен. Бұл — айтарлықтай үлкен күш.

Қалай болмасын, ресми түрде Алтын Орда Жошы Ұлысы немесе Ұлы Ұлыс деп аталған және 13 ғасырдың орта тұсына қарай аталған мемлекет сол кездегі Еуропадағы ең алып империя болған. Сол заманда өмір сүрген шетелдік саяхатшылар Жошы Ұлысын тек «Орда» я «Дешті Қыпшақ», яғни Қыпшақ, Пешенек, Құмық даласы (еуропалықтарға ертеден жақсы таныс болған тайпа атауларымен) деп қана атаған.

13 ғасырда саяхатшы Гильом де Рубрук Моңғол империясының астанасы Қарақорымнан Батудың қонысына Еділ өзені арқылы жеткен. Алыс жолды еңсеруге саяхатшы 2 ай, 10 күн уақыт жоғалтқан. Осы жолда Рубрук бірде бір қаланы, я қандай да бір ғимараттың ізін де көрмегенін айтқан. Жол-жөнекей оларға кілең мазарлар мен жалғыз қыстақ ұшырасқан көрінеді. Ол сондай-ақ тоя тамақ жемегенін және тіптен, аштықтан я шөлден өлім құшайын деп қалғанын да мәлімдеген. Соған қарамастан, Рубрук сол кезеңдегі өлшем бойынша көз ілеспес жылдамдықпен қозғалған.

Осы жолды ертеректе жүріп өткен өзге бір саяхатшы (Плано Карпини), аталған сапар қарашаның ортасынан бастап, мамыр айының басына дейін, қыс біткенше, яғни бес айға жуық уақыт созылғанын баяндаған. Айталық ол жол үстінде қарда да, шөлде де, «бірде-бір ағаш өспейтін жазық далада; кейде тек аяқпен ғана тарпып ашқан» орындарда ұйықтағанын сипаттаған. Жел ұйытқып соққан күндері саяхатшыларды қар басып қалған. Осындай жағдайда алып империяны басқару мүмкін бе?! [6]

Моңғолдардың көзқарасы бойынша, Қазақ даласы жайылымдық жерлерінің көптігіне байланысты империяның ең шұрайлы бөлігі саналған. Бірақ кез келген басқа ұлт өкіліне салсаңыз, бұл өлке империяның қалалары көп, халық көп шоғырланған ұлыстарымен салыстырғанда құнарсыз әрі кедей аймақ көрінері анық. Соған қарамастан Жошы Ұлысы ең төзімді жүйе ретінде танылып, ұмыры ұлы ханның өзге ұлдары мен немерелерінің ұлыстарынан ұзақ болды: Орталық Азияның ежелгі әрі бай құнарлы жерлерін иемденген Шағатай ұлысынан, Таяу Шығысты, Кіші Азияның бір бөлігін, Күнгей Кавказ бен Ауғанстан және Парсы жерін бағындырған Құлағу ұлысынан, сондай-ақ Қытайды басып алып, онда Юань империясын құрған Төле ұлысынан өміршең болды. Бұл империялардың барлығы дерлік 14 ғасырдың ортасына

қарай ыдырап кетті. Ал Жошы Ұлысы, керісінше, осы кезеңде бар қуатын бойына жиған болатын.

Жошы Ұлысында құдіретті жергілікті ақсүйектер, ежелден жалғасып келе жатқан дәстүрі бар ықпалды бюрократия болмады, сондықтан мұнда аймақтағы жалғыз ең бай әрі күшті ойыншы ретінде хандар ғана әрекет етті.[6]

Жошылықтардың билігі жалпы алғанда Шыңғыс ханның құдіретті беделінен тамыр тартты. Бүкіл Алтын Орда жері Жошы тұқымының иелігі ретінде саналып, оның он төрт баласы өзара бөліске түскен. Дегенмен аталған иеліктерді үлестіру ханның құзырындағы іс болған. Хан өзінің туыстары мен орыс князьдері секілді вассалдық билеушілеріне түрлі жарлықтардыі шығарып отырды.

Хан кеңесі — басында бір беклербек тұрған төрт қараша-бектен тұрды. Аталған бектер Ұлыс ішіндегі ықпалды топтардың өкілдері болды. Орданың батыс бөлігінде аталған кеңесті іс жүзінде моңғолдардың өкілетті органы — құрылтай алмастырып отырды. Дегенмен бектер кеңесі мүлдем болмады деп айта алмаймыз. Беклербек пен қараша-бектер өз кезегінде, әскери министр мен Бас штабтың қызметін атқарды.

Қорытынды. Алтын Орда өткен тарихтың белгісі ғана емес, сонымен қатар отан тарихнамада алатын орны ерекше. Жоғарыда қарастырылған отандық тарихнамаға талдау жасай келе, Алтын Орда – орталықталынған мемлекет болып табылады деген тұжырымға келеміз. Тарихи деректерге сүйенсек, билік етуші қазақ хандары Алтын Орда ұрпақтары болып есептелінді, оның сол қанаты Сырдария бойындағы Сығанақ орталығы болды, қазақтардың арғы тегі сол мемлекеттің әскери билік қызметін атқарды. Шыңдығына келгенде, қазақ тарихы тікелей Алтын Орда тарихымен байланысты болып келеді. Жошы ұлысы – бұл Орта Азияның тарихында маңызды орын алатын, өз дәуірінде кең аумақты қамтыған мемлекет. Шыңғысханның үлкен ұлы Жошы ханның билігінде құрылған бұл ұлыс кейіннен Алтын Орда деген атпен белгілі болды. Жошы ұлысының тарихы, мәдениеті және саяси құрылымы бүгінгі қазақ тарихының іргелі бөлшегі болып табылады. Болашақта, отандық зерттеушілердің тарапынан бұл жұмыс әлі де жалғасын табады деген үміттеміз.

АУЫЛ МАҢЫНАН ТАБЫЛҒАН АЛТЫН ОРДАЛЫҚ МОНЕТАЛАР

Таңатов Жалғас Елубайұлы
Атырау облыстық білім беру басқармасы
Махамбет ауданы, Есбол орта мектебі

Аңдатпа

Бұл баяндама ауыл маңынан табылған Алтын Ордалық монеталардың тарихи маңызын талдауға арналған. Ортағасырлық нумизматика – белгілі бір

кезеңнің экономикасы мен саяси құрылымын зерттеуде маңызды дереккөздердің бірі. Монеталардың типологиясы, металл құрамы, соғылған жері мен уақыты анықталып, олардың ерекшеліктері сарапталды. Зерттеу барысында табылған монеталардың айналым аймағы, олардың өңірдегі сауда-саттық пен ақша айналымындағы рөлі қарастырылды. Сонымен қатар, бұл монеталардың жергілікті билеушілер мен орталық билік арасындағы қатынастарды сипаттаудағы мәні талданды. Зерттеу нәтижелері қазақ жеріндегі ортағасырлық ақша айналымын тереңірек түсінуге, сондай-ақ Қазақстан аумағындағы нумизматикалық ескерткіштердің маңызын арттыруға мүмкіндік береді. Бұл монеталар – халқымыздың тарихи-мәдени мұрасының маңызды бөлігі, сондықтан олардың ғылыми тұрғыда зерттелуі ұлттық тарихымызды тереңірек тануға жол ашады.

Аннотация

Этот доклад посвящен анализу исторического значения монет Золотой Орды, найденных в окрестностях села. Средневековая нумизматика — один из важных источников для изучения экономики и политического устройства определенной эпохи. В ходе исследования была определена типология монет, их металлический состав, место и время чеканки, а также их особенности. Рассматривались области их обращения, роль монет в местной торговле и денежном обороте. Также был проанализирован вклад этих монет в описание отношений между местными правителями и центральной властью. Результаты исследования дают возможность глубже понять средневековый денежный оборот на территории Казахстана, а также повысить значение нумизматических памятников, обнаруженных на территории страны. Эти монеты являются важной частью историко-культурного наследия нашего народа, и их научное исследование открывает путь к более глубокому пониманию нашей национальной истории.

Abstract

This report is dedicated to analyzing the historical significance of the coins of the Golden Horde found near the village. Medieval numismatics is one of the important sources for studying the economy and political structure of a particular era. The study determined the typology of the coins, their metal composition, the place and time of minting, as well as their characteristics. The areas of their circulation, their role in local trade and monetary circulation were examined. The contribution of these coins in describing the relations between local rulers and the central authority was also analyzed. The results of the research provide an opportunity to better understand the medieval monetary circulation in Kazakhstan and also increase the importance of numismatic monuments found in the country. These coins are an important part of our nation's historical and cultural heritage, and their scientific study opens the way to a deeper understanding of our national history.

Мұражай – өткен тарихты елестетуге мүмкіндік берертін ең құнды ресурс. Тарихтың бөлшектері сол мұражайда сақталады. Біз үшін, оқушы үшін кітаптан оқып түйген біліміміздің көзбен көріп, қолмен ұстап көру , ол бөлек

сезім. Сондай мүмкіндікті беретін ол - мұражай. Менің мектебімде ең алғаш мұражай бұрышы 1986 жылы жасақталған екен. Кейін 2021 жылы мектеп музей бұрышы қайта қалпына келтірілді. Мектеп мұражай бұрышында 200-ге жуық жәдігер бар. Оның ішінде құмыра сынықтары, тұрмыстық заттар, монеталар, кеңес заманы заттары, патрондар, т.б. жәдігерлер бар. Жәдігерлердің ішіндегі мен үшін ең ерекшесі ауыл маңынан табылған монеталар.

Ауыл тұрғындары ауланы қазған кезде құмыра сынығын тапқан жайттар көп кездеседі. Далада қой бағып жүргенде де құмыра сынықтарын көп кездестіретінбіз. Құмыра сынығы болса, онда ол жерде уақытша тұрақтар болған шығар.

Осыдан 2 жыл бұрын оқушыларым ауыл маңынан мыс, күміс монеталар тауып алыпты. Кейін жәдігерлерді мектеп мұражай бұрышына қойдық. Табылған монеталарды тазалап, аудартып көрсек, Алтын Ордаға тиесілі екен. Алғашқы табылған монетаның бір жағында бес бұрышты жұлдыз бейнеленген, келесі жағында: *«Өзбек хан. 721 жыл. Сарай қаласында соғылған». [1]*




Ауыл маңынан табылған монеталар

Мұндағы 721 жыл хижра жыл санауымен жазылған. Біздің күнтізбемен 1321 жыл. Тарихта Өзбек хан ислам дінін қабылдағаны белгілі. Ол астананы Сарай-Батудан Сарай-Беркеге көшірген3 де белггілі.

Бәлкім бұл мыс монета Сарай-Беркеде шыққан болуы мүмкін. Мыс монетаны «пұл» деп, күміс монетаны «дирхем» немесе «ақша» деп атаған. Русьтіктер пұлды «дань», «данга» деп атаған. Тенге сөзінің шығу тегі де бабаларымыз қолданған монетаның атауы болса керек. Бұл жәдігерлердің табылған жері

Есбол ауылынан шығысқа 2,5 шақырым жерде. Географиялық орны сайдың іргесі яғни сайдың төбесі. [2]



Картадан қарасақ, сай деп отырғанымыз кезінде Жайық өзенінің бір сағасы болған сияқты, ұзыннан созылған орны көрініп тұр. Кейін ауыл маңынан монеталар табылғандығы археологтарға хабарланды. 2023-жылдың қаңтарында Сарайшық музей-қорығы мамандары келіп, монета табылған жерді дронмен шолып шықты. Расымен де жер бедері өзгеше, бәлкім кезінде уақытша тұрақ болған шығар. Келген мамандар GPRS-пен өздерінің карталарына еңгізіп алды.



Кейін облыстық тарихи-мәдени мұраны зерттеу орталығының мамандары келіп, монета табылған жерді қарап, карталарына еңгізді.

Өткен жылы облыстық «Мектеп мұражайлары» сайысына қатысып, «Ең үздік мектеп мұражай жәдігері» номинациясымен марапатталдық. Кейін монеталар облыстық мұражайға тапсырылды.

2023-жылдың маусым айында мектеп оқушыларына өлкетану бағытында жазғы бейіндік лагер ұйымдастырған болатынбыз. Лагердің бір күнін Алтын Ордалық монеталар табылған орынға арнап, оқушыларға экскурсия жасадық. Лагер кезінде бір қызық жайт болды. Мансур есімді оқушы тағы бір монета тауып алды. [3]








Бұл монетаның көлемі алдыңғы монеталардан үлкендеу, әрі қалыңдау екен. Табылған монета мектеп мұражайына мұражай журналына тіркеліп, мұражай бұрышына қойылды.

Монетадағы сөзді аудару үшін тазалау керек. Тазалау үшін өз маманына жүгінуді жөн санадық. Алдыңғы аптада монетаны тазалау үшін Сарайшық музей-қорығының маманы Жүніс Байғалиевке жолықтық. Тазалауға екі монета алып барған болатынбыз. Біреуі бейіндік лагер кезінде табылған монета, екіншісі бұрын табылған күміс монета. Жүніс Байғалиев монеталарды алдымен химиялық қоспаға 20 минутқа салып қойды. Кейін монетаны сумен, содамен жуды. Одан соң лимон қышқылына 10 минут батырып қойды.






Кейін тазаланған монеталардағы жазуды аудару үшін тарих ғылымдарының кандидаты, нумизмат Павел Николаевич Петровке суреттері жіберілді. Павел Николаевичтің айтуынша, *біріншісі мыс пұл – 760 хижра жыл санауы (1339 жылы) Хорезмде соғылған. Екінші күміс монета – ақша, Қажы-Тархан қаласында Мұхаммед хан тұсында соғылған, XV ғасырға тиесілі екен.* Деректерде Алтын Орданың хан тағы үшін бір мезгілде Мұхаммед есімді екі хан күрес жүргізген соң, олардың бірін «ұлық» - үлкен, екіншісін «кішік» - кіші Мұхаммед деп атаған. Кіші Мұхаммед тұқай Темірдің тоғызыншы ұрпағы болса, ұлық Мұхаммед сегізінші ұрпағы. Кіші Мұхаммед 1437 жылы Алтын Орда ханы ұлық Мұхаммедті тақтан ығыстырып, 1461 жылға дейін хан тағына отырды.









Монеталарды химиялық жолмен тазалау нәтижесі



ДИПЛОМ

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұйымдастыруымен 18 мамыр - Халықаралық музейлер күніне орай **«Қоғамдық музейлер қазынасы»** атты облыстағы мектеп жанынан құрылған қоғамдық негіздегі музейлер арасындағы көрме-байқауда **«ҮЗДІК МЕКТЕП МУЗЕЙІНІҢ ЖӘДІГЕРІ»** номинациясымен

Махамбет ауданы, Есбол селосы Есбол орта мектебі

марапатталады

Қазылар алқасының төрағасы: А.Қасеналин

Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің басшысы М.Кипиев

Атырау қаласы, 2023 жыл



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ

ДИПЛОМ

I ОРЫН

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің мектеп оқушылары арасында ұйымдастырған **«МЕНІҢ ҚАЛАМЫМДАҒЫ МУЗЕЙ»** III республикалық ғылыми жоба байқауына «Музей жәдігері-рухани құндылық» бағыты бойынша ұсынған ғылыми жұмысы үшін

Айбекұлы Елдар

марапатталады.

Ғылыми жетекшісі:

Таңатов Жалғас Елубайұлы

Құрметпен,
ҚР Мемлекеттік орталық музейі директорының м.а. Ғ. Теміртон

Алматы 2024

Жетістіктеріміз

Биыл, оқушым Айбекұлы Елдар мектеп оқушылары арасында ұйымдастырылған «Менің қаламымдағы музей» III Республикалық ғылыми

жоба байқауына «Музей жәдігері – рухани құндылық» бағыты бойынша ұсынған ғылыми жобасы үшін I орын иемденген болатын.
Жалпы, ауыл маңында құмыра сынықтары, ескі кірпіш үйінділері кездеседі. Олардың орны Алтын Ордалық монета табылған аумақтан 300 метр эпицентр аумағында орналасқан. Тағы бір қызығы, осы жақында бір оқушым қой бағып жүріп, жебенің ұшын тауып алғанын айтты. Жебені мектеп мұражайына тапсырды. Жебе ұшын тапқан орынды көрсеткенде, Алтын Ордалық теңгелер табылған жердегі сайдың қарсы беті екен. Әзірге жебе ұшы туралы ешқандай мәлімет жоқ. Бір қызығы жебе ұшында арнайы тесік бар. Жүсіп Байғалиевтің айтуынша, бұл жауды үркітуге арналған ысқыратын жебе болуы мүмкін...



Бұл зерттеу жұмыс барысында монеталар туралы біраз ақпарат алдым. Мыс монетаға қарағанда күміс монета құнды боп келеді. Және де әр монетаның сатып алатын тауары болған. Мысалы, мыс пұлмен қанша көп болса да күміс ақшаға алатын тауарды ала алмаймыз. Осындай ерекшеліктері бар. Және күміс пен алтын монеталарды хандар соқтыруға құқығы болса, ал мыс монетаны белгілі саудагер, көпестер жоғарының рұқсатымен соқтыра алған.

Жалпы бұл монеталарды біздің ауылдан табылуы осы маңда Алтын Ордалық уақытша тұрақ болғандығының белгісі. Біз үшін тарихты оқуда, мынандай құнды жәдігерді қолмен ұстап көргеннің өзі керемет. Әр монетаны зерттеу барысында оның шыққан жерін, соқтырған ханды, жылын анықтап, сол кезге бір сапар шеккендей болдық.



Пайдаланған әдебиеттер

1. https://meshok.net/item/319641764_%D0%97%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D1%82%D0%B0%D1%8F_%D0%9E%D1%80%D0%B4%D0%B0_%D0%9F%D1%83%D0%BB_%D0%97%D0%B2%D0%B5%D0%B7%D0%B4%D0%B0_%D0%A3%D0%B7%D0%B1%D0%B5%D0%BA_%D1%85%D0%B0%D0%BD_%D0%A7%D0%B5%D0%BA%D0%B0%D0%BD_%D0%A1%D0%B0%D1%80%D0%B0%D0%B9_721_%D0%B3_%D0%A
2. https://www.google.com/maps/@47.7030182,51.6507194,2141m/data=!3m1!1e3?entry=ttu&g_ep=EgoyMDI0MTAxMy4wIKXMDSoASAFQAw%3D%3D
3. https://www.facebook.com/share/TVyL6vjjcdU6sVmg/?mibextid=WC7FNe

2 СЕКЦИЯ.
Туған өлкені зерттеу, Жошы ұлысы тарихының білім беру саласында оқытылуы және Қазақстандағы музей ісін дамыту, музейлердің туризм саласындағы орнын анықтау, Туризмді дамыту бойынша ұсыныстар мен жобалар, Қалаларды археологиялық зерттеудің заманауи әдістері (цифрлық технологияларды қолдану)

БЕРІШ ЕСЕНҒҰЛ ШОЙТАС БАТЫР СЫРЛЫБАЙҰЛЫ ТУРАЛЫ

Әбілсейіт Мұқтар – тарих ғылымдарының докторы, профессор,
«Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы» РМҚК директоры

XYIII ғасырдың екінші жартысында Сырым бастаған ұлт-азаттық қозғалыс кезеңінде ел алдына жарқырай шығып, көптің сеніміне ие болған тұлғалардың бірі Шойтас батыр Сырлыбайұлы. Ата шежіреде батыр Қара Шойтас деп аталған. Тұлға туралы мұрағаттағы алғашқы құжаттар 1785 жылмен хатталған. Ол бойынша орыс үкіметіне қарсы көтерілген қазақтардың соңына 2669 қарулы жауынгерін ерткен генерал-майор Смирновқа, 1250 казак-орыспен аттанған Орал казак әскерінің старшындары Калпаков пен Паномаревқа, 405 Орал казак-орыстарымен премьер-майор Назаровтар бастаған қарулы әскерге қазақ батырлары Сырым, Барақ, Жиеншөре, Қара Шойтасты ұстау қатаң тапсырылған (Ресей Федерациясы Орынбор облысының орталық мемлекеттік архиві (алда ОрОМА) 5 қ., 1т., 15 іс, 60-63 п.). Міне осы уақыттан бастап Ресей Шойтас батырдың ел ішіндегі беделін танып бақылауға алады.

Шойтас Сырлыбайұлы 1786 жылы өзге би-батырлармен бірге ұзақ талас-тартыстан соң қазақ руларының 1786-1787 жылдағы қыста малдарын ішкі бетке өткізуге қол жеткізеді. Патша үкіметінің Жайықтан өту туралы рұқсат қағазында 45 400 түтінге жауапты етіп 20 старшын және 1 сұлтанды тағайындайды. Тізімге назар аударсақ, ысық руынан Қаратау би 10 000, беріш руынан Шойтас батырға 700, шеркеш руынан Жарқынбай батырға 3000, алаша руынан Сыпыра биге 3000, масқар руынан Дөнен Итемгеновке 1000 түтінді басқару сеніп тапсырылған (Материалы по истории Казахской ССР (1785-1828гг). -Москва-Ленинград, 1940, С.86-87). Осылайша Шойтас батыр жетібаулы Беріш руы қазақтарына жауапты болады.

Ата шежіре бойынша Шойтас батыр Кіші жүз ханы Нұралы Әбілқайырханұлымен құдандалы болған делінеді. Соған қарамастан ол XYIII ғасырдың соңғы ширегінде қазақ-орыс қарым-қатынасы шиеленіскен кезеңде Сырым батырдың азаттық күресін қолдап барлық маңызды жиындарға қатысты, қол астындағы қазақтарды Сырым әскерінің қатарына қосты. Ал 1786 жылы Нұралы хан Ресей территориясына кездесуге шақырылып, Уфаға империя саясатымен жер аударылып тұтқында ұсталған уақытта Нұралы ханды елге қайтауға жұмыстанады. 1790 жылы тамыз айында Нұралы хан

қайтыс болғанда Шойтас батыр өзге би-батырлармен ел бірлігі үшін қызмет жасайды.

Шойтас батыр 1791 жылы наурыз айында Сырым батыр Ресейге қарсы соғыс жариялаған кезеңде де қазақ батырларымен бірге болады. Оны Сырым батырдың Беріш руының би-батырлары Бөдене, Саржала, Шойтасқа жолдаған хатынан байқауға болады. Сырым батыр хатында: «Қыс бойында Жайық пен Қаракөлді жайлайтын халқымның жас балаларын аяп және шекараға соққы берсек, орыс әскерилері сіздерді шауып, тонайтынын ескеріп атқа қонбадық»,- деп ағынан жарылады (ОрОММ. 5 қ., 1 т., 29 іс, 94-97, 134 п.).

Осы тұста Сырым Датұлы болашақ жоспарын ақылдасу үшін беделді би-батырлармен кеңескен. Батыр ат басын арнайы данагөй қарт Көбек биге бұрып, оның батасын алған екен. Көбек би өзінің берген батасында:

Шеркеш биі Тұрмамбет
Сойына барып жолықшы.
Түменді қолды бастаған
Басына сауыт жастанған.
Ерегіскен дұшпанды
Табанға салып таптаған.
Жабыдан туған ер Барақ
Мұның сойына да барып жолықшы.
Атқа мінсе желдеген
Қан ішпесе шөлдеген
Дұшпанын жеңіп меңгерген
Қаратоқай айболаттан туған Итемген
Мұнымен де жолықшы
Арғымақ атын арытқан,
Хан төрені қаратқан,
Қапияда сөз тапқан,
Қараңғыда жол тапқан,
Сырлыбай бек сойынан,
Қажымас қара Шойтасқа да жолықшы, -

деп қазақ батырларының қоғамдық-саяси өмірідегі рөлін айқындайды.
(Алдамжар З. Ұрпақтар сабақтастығы-тарихи проблема // Атамекен, №29, қазан, 2000 жыл).

Шойтас батыр 1797 жылы наурыз айында Есім хан өлтірілген кезеңде де ел тұлғаларымен бірге қазақтың жік-жікке бөлінуіне жол бермеуге ат салысады. Ресей архив деректерінде беріш руынан Шойтас Сырлыбаев, Саржала Жамбаев, Бекқали Ағатаев, Матай Байболатов Жайық бойындағы тыныштықты сақтау жолында күш салғаны жазылады (ОрОММ. 5 қ., 1 т., 63 іс, 64-71 п.). Осы тұста Шойтас батыр ысық Қаратау, шеркеш Құлмамбет, алаша Сыпыра және өзге де белгілі азаматтармен бірлесе Қаратай сұлтанды хан тағына көтереді. Өйткені сол кезеңде Қаратай сұлтан өзінің ел ішіндегі беделімен көзге түскенді.

Шойтас батыр шамамен XIX ғасыр басында қайтыс болғандай. Оның ісін бауырлары мен ұрпақтары жалғастырды. Мәселен, інісі Мәмбетәлі ағасы ізімен беріш руының есенғұл бөлімінің Сырлыбай бөлімін басқарады. Осы Мәмбетәліден Төлеп, Төлептен Бегейсін, Бегейсіннен Есет, Есеттен белгілі тарихшы Зұлқарнай Алдамжар тараған. З. Алдамжар өз атасы турасында: «Менің атам Есет Бегейсінұлы Қазан төңкерісіне дейін көп жылдар бойы Бөкей Ордасында беріш руының Есенғұл, Сырлыбай бөлімінің старшинасы болған... Есет атам әрі би, әрі шежіреші болған адам. Қазақ тарихының мәселелерін одан артық білетін кім бар деп ойлайтынмын. Әсіресе Кіші жүз тарихын ағытқанда өте терең еді... Бір ғажабы Есет атамыздың деректері мен Халел Досмұхамедов, Ығылман Шөреков еңбектері өте үндес. Бұл кісінің қолында Шойтас бабамыздан басталып, жиналған тарихи деректер, шежірелер болған-ды»,- деп жазған болатын (Таным таразысында. (мақалалар жинағы). - Атырау, 2006, 38-40 б.).

Шойтас батыр туралы өзге деректер кездеспеді. Бүгінде батырдың жерленген жерді де нақтыланбаған. Мұның өзі әлі де ел ішінен ақпараттардың толық жиналмағанын, архив құжаттарының ғылыми айналысқа енбегенін айғақтайды. Олай болса Шойтас батыр тарихы өз ізденушілерін күтеді.

ӘӨЖ 94 (574)

АҚЫН ЖЫРАУЛАР ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ БАТЫРЛЫҚ, ЕРЛІК

Бердіғожин Лесқали Базарғалиұлы - тарих ғылымдарының докторы, профессор
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті

Қазақ халқының сан ғасырлар бойғы тарихы негізінен орыс шенеуніктері мен ғалымдары құраған мұрағат материалдарымен шектелмейді.Көп жағдайда ондай жазба деректердің отарлық саясат мүддесінен туындағаны айқын көрінеді. Әдебиеттің тарихилығы туралы проблемаға өткен ғасырдың 20-жылдарынан назар аударылып,оның теориялық,танымдық қырлары анықталды [1].

XIX ғасыр мен XX ғасыр басында өмір сүріп,көптеген құнды дүниелер қалдырған ақын – жыраулар мұрасы, 1836-1838 жылдардағы көтеріліс тарихы мәселелерін де қамтыған зерттеулер жарық көрді [2].

Көтеріліс тарихы туралы мол дерек қалдырған ақын жырауларды айтқанымызда,Исатайдың серігі,жауынгер ақын Махамбет Өтемісұлы (1803-1846) шығармалары ауызға алдымен ілігеді.1917 жылғы Қазан төңкерісіне дейін Махамбет өлеңдері халық арасында ауызша таралған. XX ғасырдың басында Махамбет өлеңдерін жариялауға алғашқы қадамдар жасалады. 1908 жылы Қазаннан ‘‘Мұрат ақынның Ғұмар қазы ұлына айтқаны’’ деген жинақта

‘‘Беріш Махамбет батырдың сұлтанға айтқаны’’ деген өлеңдер топтамасында, 1910-1911 жылдары Орынбордан Каримовтар – Құсайыновтар баспасынан Ғабдолла Мұштахтың әзірленуімен шыққан ‘‘Шайыр яқи қазақ ақындарының басты жырлары’’ атты жинақта ‘‘Исатайдың інісі Махамбет жыраудың сөзі’’ деген өлеңдері де жарияланды.Кеңестік дәуірде жауынгер ақын өлеңдері 1920 жылдардан бастап үзбей жарияланып келеді [3].

Махамбет Өтемісұлының ақындық өнерінің қалыптасып,дамуында өзінен бұрын өмір сүрген, Шалкиіз Тіленішұлы (1465-1560), Асан Қайғы (XVI ғасырдың соңы- XV ғ. 60 жылдары), Сыпыра жырау (XIV ғ.), Доспанбет жырау (1420-1523), Қазтуған жырау Сүйіншіұлы (1420-XVI ғ.) сияқты, батыр жыраулар мұрасы ерекше орын алған.Махамбет өлеңдерінде халық көтерілісінің көркем шежіресі бейнеленген.Бұл жырларда қалың бұқараның көзқарасы, арман-тілегі айқын бейнелегендіктен, ол халық арасында ұмытылмай, ұрпақтан-ұрпаққа тараған.Махамбет шығармашылығын зерттеушілердің бірі Х.Сүйіншіәлиев XIX ғасырдағы әдебиет тарихында өшпес із қалдырған Махамбет пен Абайға былайша баға береді: ‘‘Абай XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ өмірінің шындығын поэтикалық өрнекке бөлей білген кемеңгер ақын болса, Махамбет XIX ғасырдың алғашқы жартысында өмір сүріп, сол кезеңнің зор дүбірлі тарихи оқиғасының жалынды жаршысы,насихатшысы болды.Абай әлеуметтік қайшылықтарды,негізінен оқу,тәлім-тәрбие жолымен шешуді қолдаған ағартушы-демократ болса,Махамбет – бұл мәселелерде шаруалар қозғалысына сүйенген жауынгер,күрескер ақын’’[4].

Махамбеттің өзі жанды куәсі болған көтерілістің барысында және ізінше туған өлеңдерден, халық қозғалысының лебі еседі.Оның арман, үміт толғаныстары,халықты шақырулары,өкініштері,намысты,жігерлі күрескер лебіздері сол кездегі шындық оқиғаларды көзге елестетеді.Махамбет өлеңдерін зерттеушілер екі кезеңге бөледі.Біріншісі – көтеріліс кезіндегі, екіншісі – Исатайдың өлімі мен қозғалыстың жеңіліске ұшырауы туғызған мұңды өлеңдер.Махамбет өлеңдерінің қай-қайсысында болса да өмір оқиғалары мейілінше нақты бейнеленеді.Мәселен: ‘‘Соғыс’’ атты өлеңде хан әскерлерімен қанды шайқастың нақтылы суреті бар.Өтінішке толы: ‘‘Мінкер ер’’, ‘‘Нарын’’, ‘‘Қайда бар’’, ‘‘Аймақ көл’’және жоқтау үлгісіндегі ‘‘Тарланым’’, ‘‘Мұнар күн’’, ‘‘Тайманның ұлы Исатай’’ өлеңдері халықтың көңіл-күйін мейлінше анық суреттейді.Сол сияқты ‘‘Ұлы арман’’, ‘‘Күн қайда’’, ‘‘Ереуіл атқа ер салмай’’, ‘‘Жайықтың бойы көк шалғын’’, ‘‘Шегініс’’, ‘‘Біз неткен ер’’, ‘‘Алғай’’, ‘‘НАрында’’, ‘‘Арғымаққа оқ тиді’’, ‘‘Қызғыш құс’’, ‘‘Жалғыздық’’, ‘‘Әй,Махамбет жолдасым’’, ‘‘Мінгені Исатайдың ақтабаны -ай’’, ‘‘Мен құстан туған құмаймын’’ секілді өлеңдерде,көтеріліс кезеңдері суреттелінеді.Махамбет өлеңдерін зерттеудегі қиыншылық, оның өлеңдерін хронологиялық ізбен зерттеуге бола бермейді.Бірен-саран өлеңдері болмаса, көпшілігінің уақытын белгілеу мүмкін емес.Қай өлеңді бұрын шығарылып,қай өлеңі онан кейін еді деген сұраққа үзілді-кесілді жауап беру қиын.Оның кейбір өлеңдері көтерілістің

тарихи даму жолдарына,жер аттарына,өлеңнің мазмұнына,кісі аттарына,олардың тарихи бір кезеңдердегі қимылдарын суреттеулеріне негізделініп,хроникалық жағы осы ізбен зерттеліп келеді.Мысалы: ‘‘Мұнар күн’’ өлеңін,сөз жоқ 1937 жылы шықты деуге болса, ‘‘Исатай деген ағам бар’’ өлеңі де 1937 жылы,Жайықтың бергі бетіндегі Қаракөл,Қарабау деген жерлерді мекендейтін елге барғанда ақынның Исатайды бұл жақтағы жұртшылыққа ұлығылау мақсатымен шығарылған. ‘‘Тарланымды’’ 1938 жылы Исатай қайтыс болғаннан кейінгі, батырды жоқтау ретінде шығарылған өлең деуге болады.Міне,бүгінге дейінгі Махамбет өлеңдерін зерттеушілердің сүйеніп келген негіздері,жоғарғы айтылған кейбір тарихи мәлімет,тарихи оқиға,кісі аттары,жер аттары шындыққа көп келеді.Соңғы жылдарда Махамбет өлеңдерімен шұғылданушы кейбір зерттеушілер мұрағат материалдарын әлі де тексеріңкіресек,тарихи жазылған еңбектерді салыстыра отырып мұқият қарастырсақ өлеңнің даталарын дәл,не дәлге жақын анықтауға болады деген пікірлерді біз қолдаймыз және өз зерттеуімізде соған ұмтылдық.Жалпы,Махамбет өлеңдерін тақырыбына,мазмұнына және жер аттарына,ел аттарына қарап хронологиялық жағынан екі кезеңге бөлуге болады:көтерілістің алғашқы кезеңі,яғни 1829 жыл мен 1838 жылдар және 1838 жыл мен 1846 жылдар арасы.Кейбір әдебиетшілер идеясы жағынан да,стиль ерекшелігі жағынан да бұл екі кезеңде шығарылған өлеңдерді екі бөліп қарағысы келеді.Алғашқы кезеңді суреттейтін Махамбет өлеңдері оптимистік,прогрессивтік романтизмге жатады да,ал соңғы кезеңдегі өлеңдерінде пессимистік романтизмге жатуға тиісті деген пікірді ұсынды.Бұл пікірдің алдыңғысы дұрыс болатын.Махамбет өлеңдернің ішінде көтерілістің алғашқы өрлеу дәірін суреттейтін бір алуаны дәл солай екендігі рас.Ол туралы біз жоғарыда тоқтап та өттік.

Бірақ Исатай өліп,көтеріліс жеңіліс тапқаннан кейінгі кездердегі Махамбет өлеңдерінен пессимистік сарын аңғарылады дейтін пікірге қосылуға болмайды.Бұл мүлде қате,теріс пікір.Бұлай деушілердің негізгі қатесі – Махамбет өлеңдерінің табиғатын,өзіне тән ерекшелігін түсінбеушілік немесе стиль мен жанр мәселесін шатастырушылық.Махамбеттің 1838 жылдан кейінгі өлеңдерінің көпшілігі лирика–элегиялық өлеңдер.Элегия-ақынның өмір жолындағы өз басынан кешірген қиын-қыстауларының сәулесі,ішкі көңіл күйінің көлеңкесі десек, 1838 жылғы үлкен апаттан кейін ақын өлеңдерінің көпшілігі элегия болып келуі заңды.Өйткені,халық қозғалысы қатты жеңіліске ұшырады,ел ұйытқысындай болған әрі қолбасы батыр,әрі өзінің жан қиысар досы Исатай жау қолынан қаза тапты.Тек ол емес,талай талай қанды көйлек жолдастарының бірі майданда өлсе,екіншісі Сібірге айдалды.Өзімен бір әке,бір шешеден туған екі кісінің біреуі соғыста оққа ұшты,екіншісі 25 жылға Сібірге кетті.Елдің басы айдауға,малы талауға түсті.Бұл жағдайлар ақынның ой-сезіміне әсер етпеуі мүмкін емес еді.Көтерілістің алғашқы жылдарындағы ақынның ерлікке,өжеттікке үндейтін саясат-үгіт лирикасының орнын,енді элегия алады.Ауыр хал,қиын жағдайлар ақынның жанына қатты батады.Қанды қанмен жуып,андысқан жауларымен кек алуға қорқып қалған

көпшілік,іштей аяса да,тұжырымды түрде құралды көмек көрсете алмайды.Осылардың бәрін жақсы түсініп,терең сезінген ақын,қайғы мен мұң,қасіреті мен зарын-қысқасы ішкі жан күйінішін жыр етіп сыртна шығарады.Махамбеттің 1838 жылдардан кейінгі өлеңдерін оқып отырсақ,орындалмай қалған ұлы арманның опығы да,ел үшін еңбек етіп,дегеніне жете алмай кеткен халықтың адал ұлдарының аянышты өлімі де,аңырап қалған ана,жетім қалған баланың зары да,ер басына түскен жалғыздық та,жүрек тербеткендей жылы,ой қозғағандай терең дәрежеде жырланады.Бірақ,сондай қиын хал,ауыр жағдайдың бәрінде өз басынан кешіріп,шындық өмірдің нақтылы кескінін өзгертпей оқушыларының ет-өзегін үзгендей етіп жазылған ақынның өткір жырлары,оқушыларды өмірге,келешекке сенуге,күреске үндейді.Махамбеттің өмірінің соңғы кезеңінде шығарған өлеңдерінде,ақынның мұңаюынан гөрі өз дұшпандарын анықтап,біліп,теке тіресуге және келешек күрестер жеңісіне деген үміті бар.

Мысалы, ‘‘Жайықтың бойы көк шалғын’’ өлеңінде былайша тебіренеді.

Жайықтың бойы көк шалғын,
Күзерміз де жайлармыз.
Күлісті сынды күренді,
Күдірейтіп күнде байлармыз.
Құдай істі оңдаса,
Ісім жөнге келгенде,
Қамалған көп дұшпан,
Әлі де болса,қойдай қылып айдармыз?

1836-1838 жылдардағы Исатай–Махамбет көтерілісіне тікелей қатысып,ол туралы шындық жырлар тудырған ақындар ішінде Шернияз Жарылғасұлы (1807-1867) шығармалары тарихи құнды дерек болып табылады.Ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы бірқатар еңбектер жарияланды [5].

Шернияз Жарылғасұлы Ақтөбе облысы Ойыл ауданының жарып–шыққан бойын мекендеген кете руы ауылында дүниеге келген.Арғы атасы Байтілеу ауқатты болса да,өз әкесі шағын дәулетті,еті тірі ел ағасы болған.Шернияз жас шағынан ел өмірін,мұң-мұқтажын жете түсінген. 1836-1838 жылдардағы халық қозғалысы кезінде Шернияз Ішкі Ордаға өтіп,шешендік тілі мен ақындық таланты арқасында көтеріліс басшыларының серіктерінің біріне айналады.Шерниязды ақын ретінде әдебиет тарихына жазған,осы халық қозғалысы және ол тудырған әсерлі жырлар болды.Дарынды жас көтеріліс кезінде Махамбет рухында өлеңдер шығарып,халықты күреске үндейді.Әсіресе,ол Ойыл,Қиыл өзендерінің бойларындағы ауылдарды,өзінің кете руын көтеріліске тартуда көп еңбек сіңіреді.Көтеріліс жеңілгеннен кейін Махамбетке ілесіп Хиуа хандығын жағалайды,көп жылдар қуғында жүреді.Ұсталатынына көзі жеткен Шернияз Кіші жүздің батыс бөлігінің билеушісі,сұлтан Баймағамбет Айшуақовқа өзі барып жыр сайыстырып,бас бостандығын шешендігімен жеңіп алады.Шернияз ақынның осы кезден бастап

өмірінің ақырына дейін шығарған өлеңдерінде 1836-1838 жылдар оқиғасын,көтеріліс басшысы батыр Исатай Таймановты қамығып жырлағаны,оның өз ісіне адалдығын дәлелдейді.Шернияз ‘‘Исатай мен Науша батыр’’ жырында Исатай мерт болатын ақтық шайқасты баяндайды.Байбақты руынан шыққан Науша батырмен Исатайдың достығы сөз болады.Жауға шапқан Исатай батыр мерт болды.Оны көріп ызаланған,батырды ардақтаған Науша күші басым жауға қарсы шығып,Исатай денесін алып шығады.Ал,ақынның ‘‘Баймағамбет сұлтанмен кездескендегі айтқаны’’ жырында,көтеріліс басшысы Исатай батырға ерекше тоқталады.Исатайды әрі батыр,әрі әділ қазы,әрі ел қамқоры,қайырымды адал жан ретінде суреттейді [6].

Исатай–Махамбет көтерілісінен кейінгі көшпелі қазақ ауылдарының ауыр тұрмысы,көтеріліске қатысушыларды патша және хан әкімшілігінің аяусыз қудалауы жөніндегі деректер Алмажан Азаматқызының (1823-ө.ж.белгісіз) бізге жеткен ‘‘Жетім қыз’’ поэмасында нақты бейнеленген.Алмажан Азаматқызы Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданы Бекетай-Бесқасқа деген жерде дүниеге келген.Әкесі Азамат 1836-1838 жылдардағы көтеріліске белсене қатысып,қаза табады. ‘‘Жетім қыз’’ поэмасы халық аузында ұзақ сақталған,оны академик Қажым Жұмалиев (1908-1968) жинап,өңдеп бастырған.Поэмада Исатай–Махамбет көтерілісінде қаза тапқан Азамат деген жігіттің Алмаш атты қызы мен Төрежан атты ұлына Нарын құмын билеген тоғыз бидің көрсеткен зәбірі сөз болады.Алмаш қыз жас інісін ертіп,Жәңгір ханға шағым айтуға барады.Бірақ қызды хан жасауылдары қуып,ішке кіргізбейді,,жетімнің сөзіне ешкім құлақ аспайды.Осы жайды ақын қыз өзі жырының өзегі еткен [7]. 1836-1838 жылдардағы Исатай–Махамбет көтерілісі туралы өз творчествосында терең із қалдырған әдебиет пен өнер адамдарының ішінде Құрманғазы Сағырбайұлы (1823-1897) есімі де орынды айтылады.Құрманғазының күйшілік өнерінің қалыптасып,дамуында Ұзақ күйші (XVIII ғ.аяғы мен XIX ғ.басы) ерекше орын алған.Жас домбырашының талантының өсуін,сол кезде Ішкі Ордада өмір сүрген атақты халық күйшілері:Байбақты,Байжұма,Соқыр Есжан,Бала Майсан,Шеркештің шығармалары көп көмек болған.Құрманғазының бүкіл өмірі мен шығармашылығы әлеуметтік әділетсіздік пен қанаушылыққа,озбырлыққа қарсы күрес жолында өтті.Азатшыл ойдан,күрес–тартыстан бір сәт басын тартпай,домбырасын қару еткен Құрманғазы 1836-1838 жылдардағы халық қозғалысын өзінше жырлап,мол мұралар қалдырды.Солардың бірі ‘‘Кішкентай’’ күйі.Бұл күй негізінен XIX ғасырдың 30 жылдарының аяғында шығарылған.Белгілі күйші Охаб Қабиғожиннің (1904-1942) көрсетуінше,Құрманғазы бұл күйді ‘‘Кішкене інісінің үлкен ағасы Исатайға арнауы’’ депті.Сондықтан күй ‘‘Кішкентай’’ атанса керек.Себебі,күйдің сырттай көлемі де,мазмұндық тереңдігі де,техникалық дәрежесі де,шыныққан формалық қалыптасуы да шын мәнінде кішкентай шығармаға жатпайды.Күйдің эпиграфы ретінде Құрманғазының беріректе шығарған толғауынан:

‘‘Исатай мен Махамбет,өкіне ме екен,өлдім деп!’’ – деген екі жолды алуға болады. ‘‘Кішкентай’’ күйі өз құрылысы жағынан шағын үш бөлімнен тұрады.Оның алғашқы бөлімінде домбыраның үстіңгі ішегінен басталып,төмен жүретін сыңар ішектегі мелодиялық қозғалыс тыңдаушысына ауыр әсер қалдырып,мұңға батырады.Бірден ауыр басталған мұңды саз біртіндеп екінші ішекті қосып алып,ашық әуенмен ел ішіндегі күйзеліс өмірді баяндауға көшеді.Міне,осы бір ауыр сезім бара-бара кек толқынына ұласқандай,жігерге шақырып,күйдің екінші бөліміне ауысып өжет толқынына ұласады.Исатай қозғалысына қосылған халықтың үлкен күшін суреттейді.Күйдің үшінші кезеңі екпінді бәсеңдетіп,қайтадан бастапқы ауыртпалықты суреттегендей болады.Мелодиялық қозғалыс сазы өшкен үміт,көшкен ел,құлазыған жұртты бейнелейді .Құрманғазы Исатаймен қатар,Махамбетке де арнап, ‘‘Жалын’’ деген күй шығарған.Бұл күйде негізінен Шонты бимен айтыста үнемі сөз табатын Махамбет бейнесі көрсетіледі.Исатай–Махамбет көтерілісін өз өлеңдерінде ту қылып көтерген ақын-жыраулар қатарында Мұрат Мөңкеұлы (1843-1906) да жатады.Мұрат Мөңкеұлы 1843 жылы Атырау облысы,Қызылқоға ауданы,Қарабау деген жерде дүниеге келген.Мұраттың ата тегі мал баққан шаруа,беріштің қаратоқай бөлімі болатын.Туысқан ағасы Матай деген кісі ақын,ал нағашылары адай руынан Азамат,Саламат,Сәмет дегендер өз замандарының шежіреші адамдары болған.Көне тарихи сөздерді,ел шежіресін Мұрат өте жақсы білген.Мұрат ақынның шығармашылық мұралары ‘‘Үш қиян’’, ‘‘Сарыарқа’’толғау-поэмаларынан ‘‘Қазтуған’’, ‘‘Шалгез’’, ‘‘Қарасай-қази’’ жырларынан,айтыстардан,бірнеше толғау термелерінен,арнау өлеңдерден тұрады.Бұл шығармалар әр кезеңде басылып,оқырмандарға тараған [8].Мұрат Мөңкеұлы шығармаларын алғаш зерттеген,ғылыми пікір айтып,мұраттану саласына жол ашқан Халел Досмұхамедұлы (1883-1939) болды.Кейінгі жылдары Мұрат шығармалары туралы М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұмалиев, Ә.Тоқмағамбетов, С.Мұқанов, Ы.Дүйсенбаев, Х.Сүйіншіәлиев, Қ.Сыдиқов, Ш.Керімов, Б.Омаруұлы сияқты әдебиет зерттеушілері пікір айтып,Мұраттану мектебін жаңа зерттеулермен,ой-пікірлермен толықтырды.1836-1838 жылдардағы көтеріліс басшысы Исатай батыр туралы ‘‘Үш қиян’’ жырында айтылады.Исатай халық мұңын арқалаған,арыстандай жауына қаймықпай шапқан ер.Жау дегеніміз Мұрат жырында елінен,жерінен айырған Ресей отарлаушылары.

Еділді тартып алғаны,
Етектен қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,
Жағаға қолды салғаны.
Ойылды тартып алғаны,

Ойындағысының болғаны, - деп жырлап,Ресей отаршылдарымен күресті,халық кегін қуған Исатай батырды жырлайды.

‘‘Еділдің бойы-қанды қиян,Жайықтың бойы – Майлы қиян,Маңғыстаудың бойы шаңды - қиян’’, -дей келіп,осы үш қиянның бойын

жайлаған халықтың өткен-кеткені, халық қамын ойлаған Қобланды,Тарғын сияқты батырлармен Исатайды қатар қояды.Олар елге еңбегі сіңген,дұшпандарға қарсы тұрған,халықтың бостандығын,бірлігін,тірлігін сақтау жолында жандарын қиған,қорғаныш болуды арман еткен,ел тілеуіне сыйымды үлгілі ерлер еді.Солардан үлгі алыңдар, - дейді.Кең даланы дүбірлеткен халық қозғалысы зор әсер еткен ақын-жыраулардың бірі Нұрым Шыршұғұлұлы (1832-1908) болды.Нұрым шығармалары негізінен терме,толғау,өсиет,арнау түрлерінде шығарылған.Оның ‘‘Мен қашаған жүйрігің’’, ‘‘Әлеумет келдің қаумалап’’, ‘‘Ұсынсам қолым жетер ме’’, ‘‘Шешен ер’’, ‘‘Той бастар’’, ‘‘Жырлау’’ өлең – жырларымен қатар ‘‘Тайсойған,Бүйрек-екі құм’’, ‘‘Әтембетке айтқаны’’ толғауларында XIX ғасырдың ащы шындығы сөз болады.Әсіресе ‘‘Байбөз-Жамбөз’’ жырында елді шапқан жаумен шайқасты суреттей отырып,халқымыздың батырларына,жер – суға деген патриотизмді,ауызбіршілікті жырлайды.Исатай–Махамбет көтерілісін,сол кездегі елдегі жалпы жағдайды өз жырларында Абыл Тілеуұлы (1777-1864) әсерлей бейнелей білді.Абыл Тілеуұлы Маңғыстау облысы,Бозащы түбегінде дүниеге келген,Төкпе ақын, Есет, Махамбет, Шернияздармен достық қарым-қатынаста болған.Әр кез елін қорғаған батырларды жыр еткен.Оның ‘‘Сүйінқараны жоқтау’’, ‘‘Құлбарақ батырға’’, ‘‘Нұрымды сынауы’’, ‘‘Шерниязбен кездесуі’’, ‘‘Ноғайлының қырық батыры’’ жырлары халықты ерлікке үндеп,батырларды мадақтайды.Абыл әр кез Махамбет, Шернияздардан алған әсері бойынша 1836-1838 жылдардағы қозғалысты жырлап өткен.XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихи шындығын жырлаған ақындардың бірі Қашан Күржіманұлы (1841-1939) болды.Қашаған Атырау өңірі ақын-жырауларынан өнеге алған.Абылмен, Нұрыммен айтысады. ‘‘Адай тегі’’, ‘‘Атамекен’’, ‘‘Топан’’ дастандарында, Ізіммен, Ізбаспен айтыстарында халықтың көне шежіресі мен өмір шындығын,елдік пен ерлікті жырлайды.Қашаған айтыстарында тек білім сынасу ғана емес, өз елінің ерлік, елдік дәстүрін ұлығылау басым болды.Ілияс Жансүгіров ‘‘Қашаған – жүйрік жырау,елдің тілі’’ деп баға берген.1836-1838 жылдардағы халық қозғалысы туралы Махамбет,Абыл ақындармен тұстас сөз зергері Шынияз Шынайұлы (1819-1875) жырлары Еділ мен Жайық, Нарын өңіріне кең тарады.

‘‘Әрі де бері толғайын’’, ‘‘Бойында Үштемірдің Әлім жүрген’’, ‘‘Жебесі шын болаттан садағымның’’ атты өлең, толғауларында ақын ел басындағы ауыр жағдайды халықтың көне тарихымен байланыстыра жырлайды.Шынияз пікірінше уақыт деген өтпелі.

Әдебиеттер

1.Скифтымов А.П. Поэтика и генезис былин (Очерки).Саратов, 1924..

2.Жирмунский В.Я. Тюркский героический эпос.Ленинград. 1974. 386 с..

3.Петросян А.А. История народа и его эпос. М., 1982. 216 с..

4. Бердибаев Р. К проблеме историзма эпоса // Советская тюркология. 1986. N2. с. 38-42.

5.Жұмалиев Қ. XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасырдың алғашқы жартысындағы қазақ әдебиетінің зерттеу мәселелері // Әдеби мұра және оны зерттеу.Алматы. 1961.

6.Сейдеханов К.Исатай-Махамбет \\ Қазақ тарихи жырларының мәселелері.Алматы, 1979.-354 б.

7. ДосмұхамедұлыХ. Аламан.Алматы, 1991.-372 б.

8.Тілепов Ж. Елім деп еңіреген ерлер жыры.Алматы, 1995.-264 б.

ЖАЙЫҚ ӨЗЕНІНДЕГІ БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ОРЫС ҚАТЫНАСТАРЫ (XIX-XX ғ.ғ.)

Мендигереев Көпжасар Болатұлы -тарих ғылымдарының кандидаты «Сарайшық» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығының аға ғылыми қызметкері

Қазақстандағы Ресей жылы аясында өткізіліп жатқан іс-шаралардың тарих тереңіне тартқан өзіндік ерекшеліктері бар. Ол ерекшеліктер бауырлас екі мемлекеттің ғасырлар бойы қоян-қолтық, әлеуметтік-экономикалық, саяси жағдайларда қарым-қатынас жасауында.

Қазақ-орыс қатынастарындағы елеулі орын алған өзара сауда-саттық қарым-қатынастар күні бүгінге дейін тарихи желісін үзбей, ғасырдан-ғасырға жалғасын тауып келе жатқаны да ақиқат. Сондықтан да экономикалық саладағы қатынастардағы өзара байланыс желісі өткен жолымыздағы өзара қарым-қатынасты тарихи құжаттар арқылы саралауға мүмкіншілік береді. Қазақ-орыс халықтары мекендеген Еділ-Жайық қос өзен аралығында XIX және XX ғасырдың басында балық кәсіпшілігі мен сауда қатынастары кеңінен дамып, екі халықтың өзара байланысына елеулі әсерін тигізді.

Қос өзен аралығындағы ірілі-уақты өзендер мен көлдерде екі халық өкілдері балық кәсіпшіліктерінде жалданып, қоян-қолтық еңбек етті. XIX ғасырдың бас кезінде кәрі Каспий жағалауларында орыс көпестерінің балық батағалары құрылды.

Астрахань қаласынан Гурьев (қазіргі Атырау К.М.) қаласына дейінгі өзен бойында орыс балықшыларының селоларымен бірге қазақ ауылдары да қатарласа орналасып, егін, мал шаруашылығымен айналысты.

Пороховинск елді мекенінен Гурьев қаласына дейінгі балық батағаларында қыс айларында 200 жуық жұмысшы қазақтар қара жұмысқа жегілді. Балық аулау мерзімі саябырсыған тұста қазақ ауылдары жаз шыға 1-2 Приморье округінің солтүстігіне қарай көшетін.

Күз, қыс айларында қазақтар орыс көпестеріне жалданып мұз арқылы Астраханға ауланған балықтарды өз көліктері арқылы тасымалдап жеткізсе, күз айларында Новобогат поселкесінің солтүстігінде қара жол арқылы тасымалданды.(1)

XIX ғасырдың 50-жылдарында Каспий балық кәсіпшіліктері Астрахань қаласында «Балық және итбалық экспедициясын» құрып, Кендіріліде көктем мен күзде қазақ-орыс балықшылары балық аулаумен кеңінен айналысып, балықшылары 4-5 сомға жалданып жұмыс жасады. (2)

Балық кәсіпшіліктерінде қара жұмысқа жалданушылардың көбеюіне байланысты, балық аулау орындары көптеп ашылып, оған қазақ шаруалары көп жалданған.

1851 жылдары Жайық өзенінен ауланған балық теңіз арқылы Астрахань қаласына, Еділ өзені арқылы Царицин қаласына, түйе арбаларға, кірелерге тиеліп, жөнелтілетін. Аулаған қара балықтың мың данасын қазақтар өңдемей, орыс кәсіпкерлеріне 4-7 сом аралығында сатып, күн көрістерін айырған. Жеке қайығы жоқ қазақтар кәсіпшілікке қара жұмысшы ретінде қабылданып, айына 10-12 сомға жалданған.

Балық аулауға керекті ау, тор, қармақ, сүзгі, арқан, багорлар Жанбай поселкесіндегі қазақ-орыс дүкендерінен сатып алынды. Бөкей Ордасының қазақтары Астрахань балық кәсіпшіліктеріне жұмысқа жалданып, Жайық, Еділ, Қиғаш өзендері мен Қамыс, Самар көлдерінде балық аулап айына 5-8 сом аралығында табыс тапты.(3)

Сонымен қатар қыр қазақтары кіре тартуға түйелерін жалдап, Гурьев қаласына дейін ауланған балықтарды жеткізіп, әр түйе басына 5-15 сомнан ақша алған.(4)

1878 жылы патша үкіметі қазақтарға Каспий теңізі жағалауындағы XYII және XYIII бөлімшелерде көшіп-қонуға рұқсат етіледі. Бұл бөлімшелер балық аулайтын кәсіпшіліктермен шектесіп жататын. Қазақтар осы кәсіпшіліктерде, Еділ, Жайық, Қараөзен, Қамыскөл суларында балық аулауға жалданып, 5-8 сом ақы алып жұмыс істеген.(5)

Бөкей Ордасының оңтүстігін ала орналасқан орыс поселкелері: Никольск (Жанбай), Ганюшкино, Конево, Сенюшкино, Кобековоларда орыс тұрғындары балық аулаумен айналысты. Осы поселкелердің ішіндегі ең ірі Никольск (Жанбай) селосы болды, селода 1800 тұрғын тұрды. Жанбай селосындағы үйлердің көпшілігі ағаштан қиылып салынғанымен ерекшеленді.Селода дәрігер, мұғалім, фельдшер, священник, дьякон, акушерлер тұрып, жергілікті қазақ-орыс тұрғындарына қызмет етті. Селодағы орыс балықшылары теңізге құрған ауларын 2-3 күнде бір барып, тексеріп, кейін үйлеріне қайтып, қысты күндері ең батылдары ашық теңізде балық пен итбалық аулау үшін қамыс арасынан қос тігіп, бір айға тамақ қорын жинақтап, көлік аттарына жем-шөбін қоса дайындап, қыс бойы балық аулаумен айналысты.

Жанбайлықтар балық аулаудан түскен қаражаттарының көпшілік бөлігін азық-түлік алуға жұмсады. Себебі, ұн, сөк, сұлы өнімдері тасымалданып әкелінуіне байланысты қымбатқа шықты.

Сол кездегі мұрағат деректеріне сүйенсек орыс балықшыларына қарағанда қазақ балықшылары ауқатты тұрғанын бағамдаймыз. Оның негізгі себебі дәрігер Деминскийдің жазбаларында келтірілгендей үнемі ашық теңізде

суық пен желдің өтінде жүрген орыс балықшылары арақ-шарапты көп ішетіндігін алға тартады.

Жергілікті дәрігерлердің берген деректері бойынша Жанбай тұрғындарының арасында өкпе ауруы да ушығып, емдеу пунктерін ашуға мүмкіншіліктің жоқтығын қынжыла жазады.

Ал, Ракуша поселкесі 25 балық аулаумен айналысатын орыс балық кәсіпшілігі шаруашылығынан тұрды. Онда қазақ жеріне балық кәсіпшілігіне күн көріс қамымен Астрахань, Саратов, Тамбов, Пенза, Рязань, Нижегород губернияларынан көшіп келген орыс балықшылары тұрды. Орыс балықшылары жергілікті тұрғындарменбірдей тұрмыс тауқыметін тартып, көпестердің балық бастағаларында 13-14 сағат жұмыс жасады. XIX ғасырдың аяғында Жылой кәсіпшілігінде көктемгі ау салымында 10000 адам балық аулауға жұмылдырылса, оның 7000 қазақтар болды. Балықшы қазақ жанұяларыЕмбі бойын жағалай жеркепе үйлерде тұрып, тұрмыс кешті.

Қазақ балықшыларының келбетіне сүйсінген орыс дәрігері А.Поленов: «Embі бойының қазақтары Бөкейліктерге қарағанда ұзын бойлы, дене бітімдері ірі, көркем келбетті, түкімен, бұхаралықтарға ұқсас» - деп сипаттама береді. (6)

Олардың көпшілігі теңіз жағалауында тұрғандықтан балық аулаумен айналысады немесе балық кәсіпшіліктеріне жалдамалы жұмыс істейтіндігін баса көрсетеді. Және олардың көрші орыс балықшыларымен өзара тығыз байланыста жұмыс жасағандарын деректерде дәлелдей түсетіндігі.Ембі бойын жайлаған балықшылар Жылойға қарасты Ракуш аулындағы орыс көпестеріне де жалданды. Ракуш балықшылары жазда да, қыста да балық аулағандықтан, аулаған балықтарын Қаратон, Прорва, Ракуш порттарындағы балық қабылдау пункттеріне өткізіп, еңбегіне қарай тауар алып жүрді. Ол кезде Қаратон өзегі шалқыған теңізбен жалғасып жатқан едәуір енді әрі терең болатын. Сондықтан да жан-жағы шалғын шөп, үйрек ұшып, қаз қонып жататын шұрайлы жер болғандықтан қазақ балықшыларының ауылы жиі қостанды. Әйтсе де жүн тиеген үлкен кемелер бұл жерге келе алмайтын. Сол себепті қазіргі Тәжіғали мұнай участогы тұсында зәкір тастап сонда тұрды. Ал кішкентай кемелер өзеннен Қаратон пристанына келіп, балықтарын тапсырып, осы жерде ағаш бөшкелерге тұздалған балықтарды тиеп алып үлкен кемеге жеткізетін. Дегенмен бұл жұмыс бірте-бірте маусымдық кәсіпке айнала бастады. Көптеген балықшылар жұмысын өзгертіп Доссордан Ракушке дейін түйе арбамен мұнай тасымалдайтын мекемелерге ауыса бастаған.(7)

Қазақ-орыс балықшылары күнделікті тұрмыста бір-біріне көмек қолдарын созып отырды.

Ауруларды емдеуге орыс дәрігерлері елеулі көмек көрсетті. Жергілікті амбулаторияда 1898 жылы 1342
1899 жылы 2191
1900 жылы 2623 адам емделген. (8)

XIX ғасырдың екінші жартысында Еділ- Жайық өңірінде балыққа деген сұраныстың өсуі жергілікті балық аулайтын тұрақты кәсіпшілік санының

өсуіне және теңіз, көл, өзен жағалауларындағы балық аулауға қолайлы жерлерді жергілікті тұрғындарға жалға беруді көбейтті.

Жергілікті жерлердегі балық кәсіпшілігімен айналысатын батағалардың жағдайын төмендегі кестеден бағамдауға болады.

Ембі бойын жайлаған балықшылар Жылойға қарасты Ракуш ауылындағы орыс көпестеріне де жалданды. Ракуш балықшылары жаз да,қыста да балық аулағандықтан, аулаған балықтарын Қаратон,Прорва, Ракуш порттарындағы балық қабылдау пунктеріне өткізіп, еңбегіне қарай тауар алып жүрді.

Ол кезде Қаратон өзегі шалқыған теңізбен жалғасып жатқан едәуір енді әрі терең болатын. Сондықтан да жан-жағы шалғын шөп, үйрек ұшып, қаз қонып жататын шұрайлы жер болғандықтан қазақ ьалықшыларының ауылы жиі қоныстанды.Әйтсе де жүк тиеген үлкен кемелер бұл жерге келе алмайтын. Сол себепті қазіргі Тәжімғали мұнай участогі тұсында зәкір тастап сонда түрды. Ал кішкентай кемелер өзеннен Қаратон пристанына келіп, балықтарын тапсырып, осы жерде ағаш бөшкелерге тұздалған балықтарды тиеп алып үлкен кемеге жеткізітін. Дегенмен бұл жұмыс бірте-бірте маусымдық кәсіпке айнала бастады.

Көптеген балықшылар жұмысын өзгертіп Доссордан Ракушкедейін түйе арбамен мұнай тасымалдайтын мекемелерге ауыса бастады. (7)

Кәсіпшіліктің атауы	Қайда орналасқан	Кәсіпшілік-тің жағдайы	Жұмысшы саны			Жұмысшыларға бөлінген үй жай	Өндіріске бөлінген үй-жай	Өнімдер			
			ер	әйел	Қазақтар			Вобла	Қызыл балық	Майшабақ	Уылдырық
Ганюш-кино Көпес Жижин	Ганюш-кинода	Құрғақ жерде орналасқан	20	60	15	3 ағаш казарма	24	2 млн	2 млн	40 мың пуд	
Ганюш-кинский «Лютый и Зайковский» сауда үйі	Ганюш-киноның қасында	Құрғақ жерде орналас-қан	15	30	25	2 ағаш казарма	30	2 млн	3 млн	25 млн	
Поперечный қазақ Таначев	Қазақ жерінде Наркес аралы	Суда			12	Қамыстан жасалған жеркепе	14	150 мың пуд	200мың пуд		
Иголкинский қазақ Төлен-диев	Иголкин аралында	Суда			13	Тас казарма	14	3 мың пуд			
Михайловский қазақ Ахметов	Боль-шая лопата	Құрғақ жерде		6	15	Казарма	22	420 мың дана	935 мың дана		
Бөкен-баев тұрағы	Қара-қамыс	Құрғақ жерде	4	8	7	Ағаш казарма	17	300 мың дана	700 мың дана		
Мало-Забурунский. Қазақ Ищанов	Кіші-Забурын аралығында	Құрғақ жерде	7	19	7	2 ағаш казарма	30	50 мың дана	400 мың дана		
Көпес Казанцевтен арендаға алған. Қазақ Құрман-баев	Күйген аралда	Құрғақ жерде		10	3	Тас казарма	16	20 мың дана	300 мың дана		

Сонымен, балық аулау XIX ғасырдың екінші жартысындағы арзан қол күшін пайдаланып, көп табыс түсіру көзіне айналды, бұл кәсіпшілікпен айналыстан қазақ-орыс балықшыларын ынталандыра түсті.

Каспий теңізі жағалауларын әскери кардон шебі басшылары, Қамысты, Самар көлдері төңірегін үкімет орындары, Жайық бойын Орал казак-орыстары, Еділдің төменгі ағысы бойында орыс елді-мекені тұрғындары қазақтарға балық аулаутын жерлерді жалға берді. Осындай жағдайда балық шаруашылығындағы қазақ-орыс қатынастары XIX-XX ғасырларда жаңа қарқынмен дамып, елдің әлеуметтік-экономикалық саяси дамуына елеулі ықпалын тигізді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1) Поленов А. Пути торгово-промыслового движения в Букеев. Орде и в пограничных и с нею местностях //Букеевской Орде 200 лет. Кн 6. Алматы , 2001, с.141.
2) Турсунова М.С. Казахи Мангишлака во второй половине XIX в. Алматы, Наука 1977, с. 181.
3) Р.Ф. Астрахан облысының мемлекет мұрағаты (АОММ) 1 қор, 6 тізбе, 18 іс, 23 п.
4) Иванин Н.М. Внутренняя и Киргизская Орда (краткий статистический очерк) // Журнал Эпоха 1864. Сп.б. с.12
5) //Уральский округ и его районы Вып YII. Уральск , 1929, с.2
6) Поленов А. Көрсетілген еңбек 206 бет
7) //Мұнайлы Астана. 12. қараша, 2004.
8) // Русское судоходство №1; 1916, с.27

ИСТОРИЯ НЕФТЕДОБЫЧИ АТЫРАУСКОГО РЕГИОНА В НАЧАЛЕ СТАНОВЛЕНИЯ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ

Мендигереев Көпжасар Болатұлы

Аннотация: В этой статье раскрыты вопросы добычи нефти и газа в Атырауской (Гурьевской) области после образования Советского Союза, а также о ее быстром развитии в производстве квалифицированных кадров.

Ключевые слова: нефтедобыча, газ, производство, железная дорога, транспорт, обучение, рабочие кадры, партийные комитеты, Советская власть, управление

HISTORY OF OIL PRODUCTION ATYRAU REGION AT THE BEGINNING OF THE FORMATION OF THE SOVIET POWER

Abstract: This article addresses the issues of oil and gas production in the Atyrau (Guryev) region after the formation of the Soviet Union, as well as its rapid development in the production of qualified personnel.

Keywords: oil production, gas, production, railway, transport, training, workers, party committees, Soviet power, management

Специалисты нефтяники, были в рядах Красной Армии и привезли вместе, с собой военно-организованную дисциплину, закалку и выносливость. Среди них были члены партии, которые прошли через испытания П.И. Масленников, И.Ш. Кузнецов, И.А. Карпов, И.А. Бабашев, П.И. Бубнов, С.Н. Гогулин и многие другие [1]. Возвратились на Родину нефтяники А.В. Бородин, Г.Н. Лысянский, П.И. Нестеров, И.Н. Зип участники гражданской и первой мировой войны [2].

Многие их них возглавили партийные, профсоюзные организации. Например, В.В. Политарский был избран председателем объединения нефтяных фабрик и заводов. И.А. Карпов в Ракушах, А.В. Бородин в Доссоре, который был представителем Атырауского комитета. Посланные представителями Советской властью, а именно Комитетом труда и защиты горный инженер С.И. Кузнецов и Р.Н. Фридман внесли свой вклад для восстановления и развития нефтяного края. В январе 1920 года в городе Атырау было сформировано «Общество Урало-Каспийской нефти» [3] были группированы все нефтяные хозяйства. В целях развития нефтяной отрасли Атырауского региона. Казахстанская партия по заданию Верховной власти оказывала всем организациям огромную поддержку. Они поняли, что борьба за добычу нефти усилится в том случае, если найти ключ и подход к местному населению, пришли к выводу что необходимо готовить национальные кадры. В основном в нефтяном производстве работали казахи. Там нужен был руководитель, который мог вести политические и воспитательные работы, знал национальные обычай и традиции, психологию казахского народа и местного менталитета. Поэтому, были посланы в Каспийский край комитетом областной партии Киргизии, член Президиума Уральской губернии партийного комитета Забирова, член партии с 1917 года, С.Аргинчиева, писателя, общественного деятеля С.Шарипова и многие другие представители.

С Атырауского уезда были посланы люди, получившие закалку, на управление партийной деятельности. В центральных, республиканских редакциях начали печататься статьи «О работе и производстве жизнедеятельности нефтяников Гурьева» [4]. В этой же системе свою профессиональную деятельность проявил журналист и Сабыр Шарипов, им были опубликованы ряд статей в журнале «Красный Казахстан», в газетах «Трудовой казах», «Советская степь» [5].

19 мая 1920 года под руководством Фридмана и Кузнецова, а также с активным участием Атырауских коммунистов в Урало-Эмбинском районе было создано управление нефтяного производства, председателем которого

был назначен Фридман, заместителем инженер Кузнецов, членом В.В. Политомский, секретарем Ю.М. Поляк [6].

Процветание и развитие Атырауской нефти пришлось нелегко несмотря на поддержку со стороны государства и партий. Гражданская война дала знать о себе, хозяйственная деятельность уезда, пошла на спад. В связи с этим в Атырауском уезде из 147 скважин 139 не работали, рабочим не хватало продуктов, транспортировка и перевозка нефти была затруденена еще больше [7].

Транспорт который выполнял перевозку нефти, заменяли в то время домашние животные – из 160 лошадей и 250 верблюд, остались только 60 лошадей и 30 верблюд [8].

Представитель государственного нефтяного комитета прибывший в Атырау С.Михайлин в своем отчете в Кремль сообщал: «По прибытию в Гурьев я увидел целую гору вымерших лошадей, верблюд и других животных» [9].

Советская власть оказывала большую поддержку рабочим, инженерам-техникам, специалисты были обеспечены жильем, продуктами питания, была оказана всесторонняя помощь и льготы. В сентябре 1920 года Фридману начальник Астраханского нефтяного управления Манн написал, что в Атырау было отправлены продукты 2350 пудов сахара, 350 пудов мыла, 175 пудов сигарет, 50 пудов горчицы, 136 ящиков спичек, 10 пудов перца, тем самым дал укзание Уральской губернии о снабжении нефтяков продуктами питания, а Кавказцам снабдить 63 500 пудом муки [10].

В начале 1921 года был издан приказ советом Труда и Защиты «О обеспечении нефтяников Уральской области транспортом и продуктами питания». На основании этого приказа Уральская губерния дала разрешение комитету Труда и Защите сделать бартер, они обменяли 75 тысяч пудов керосина, до 1 млн. пудов нефти на продукты питания, также крупный рогатый скот верблюд, лошадей, коров.

Советская власть неограничилась, обеспечением рабочих и специалистов продуктами питания. 5 июня 1920 году Народный Комиссар по продуктам питания Н.П. Брюханов своему представителю в Ростове написал в виде военного приказа: «На вас возлагается большая ответственность в целях обеспечения 5 тыс рабочих, 10 тыс членов их семьи в Гурьеве. Как говорилось, в апреле по горнодобывающей норме до ноября месяца, в вашу обязанность входит обеспечить их восьмимесячным запасом.

Одну четвертую часть груза для Петровского отправляйте в Гурьев». Беленькин в своем ответе написал: - Буквально, сегодня будет дан приказ об отправке баржы в Гурьев. Ваш приказ принят и будет исполнен. Самым сложным делом в развитии нефтяной промышленности Казахстана, была перевозка и доставка нефти в центральные районы, которые нуждались в нем. Два этапа войны, послевоенные восстановления сильно повлияли на нефтяное хозяйство Атырау. Дефицит транспортировки, недостача животных для перевозки, подкачка воды и водоснабжение, отсутствие железной дороги,

недостача рабочей силы, перевозку нефти труднее было организовать, чем добычу нефти. Советская власть учитывая все это, несмотря на гражданскую войну, не стали прекращать перевозку нефти с Атырау. 24 декабря С.М. Киров писал В.И. Ленину, что в связи с выходом четвертой армии на тракт Урала-Гурьева , нам пришлось транспортировать нефть по суше через Эмбу. В связи с этим мы ведем исследования перевозки нефти по льду с Гурьева до Астрахани. Но нет ни одного вида транспорта [11].

13 января 1920 года В.И. Лениным и Бонч-Бруевичем был подписан приказ Совету Народного Комиссиариата о том чтобы: - Между Гурьевым Уральском и Астраханью срочно был организован автомобильный транспорт для перевозки нефти

26 февраля Советом Народного Комиссириата был издан приказ о мобилизации трудоспособных людей, от 18 до 50 летнего возраста, которые раньше занимались добычей нефти.

Все указания и приказы данные самим В.И. Лениным и властью, дали только поддержку и мотивацию, местным партийным властям, Атырауским рабочим. Были мобилизованы трудоспособные городские люди от 16 до 50 лет.

Деловые люди, которые были членами партийной организации в Атырау, были посланы в аулы для сбора животных, для эксплуатации в качестве транспорта, чтобы перевозить нефть. Собирая животных у людей, для перетранспортировки нефти, они вели пропаганду среди населения, объясняли простому народу, что по заданию власти и партий, им необходима помощь для государственной нужды. М. Шукеев, который вошел первым в члены Совдепа, после управлял Киргизским отделом ревкома, являлся членом президиума от Атырауского партийного комитета, побывав в уездах Симбирты и Есбол собрал более 100 транспорта, и отправил в Атырау [12].

Приказ партий и власти настолько вызвало у народа чувство патриотизма и отзывчивость, поддержки и понимание, что волость №1 аула Жаршы 20 казахов сумели отдать 35 поголовий верблюдей, а жители 2 аулов относящие волости Симбирты отдали 36 голов скота, жители №11 аула отдали 44 поголовий крупного рогатого скота, для перевозки нефти, воды и продуктов питания. Власти на этом неограничились, ими была создана фронтовая военно-трудовая команда, из 600 красноармейцев и 125 транспорта, поддержки с Туркистана и Кавказа, которая была направлена в Атырау, для подмоги. Благодаря результатам организации предварительной работы, 6 марта 1920 года с Уральска в Атырау было транспортировано 350 пудов керосина, 400 пудов нефти, 1200 пудов нефти было в пути по реке, на баржах до Астрахани было доставлено 1,5 млн. пудов нефти.

Но перевозка нефти на тележках не совсем удовлетворяло организаторов. Поэтому «регулируя перевозку Гурьевской нефти, власти искали пути улучшения нефтеперевозки» поставили задачу о построении железной дороги Александров-Гай-Гурьев (Эмба), что как можно ускорить пути использования.

24 декабря 1919 года, В.И. Ленин на Совете Обороны подписал указ, и приказал срочно ускорить и безприкословно исполненить задания. Построение железной дороги было поручено IV военно-трудовой армии Туркестана. 17 января 1920 В.И. Ленин поручил лидеру IV армии Туркетанского майдана Фрунзе и его помощнику Востанову и телефонограммировал: - «Построение в Атырау железно-дорожной линии для перевозки нефти должно вестись с революционным духом и стимулом» [13] и уже 24 января 1920 года В.И. Ленину был послан ответ: - Мы, уже приступили к построению железной дороги Александров-Гай-Гурьев.

Власти, вмести с Народным комиссириатом и гражданским строительным комитетом выделило для построения железной дороги 6 тысяч рабочих, 70 машин, 6 паровозов, 60 вагонов, а также об обеспечении их продуктами питания, также в целях ведения охранной работы участка Туркестан, было поручено Южно-Восточной, и Южному Совету военно-революционной армии. Краскину, комитет по строительству с 1 марта было поручено обеспечить рабочих и агентов бесплатными проездными билетами и раздать 3 тысяча билетов, 1 тысяча агентских билетов, 200 нарядов [14]. Комиссаром строительства железной дороги был назначен М.В. Захаров, а главным инженером А.В. Будассин, им было поручено сообщать о результатах работы, каждые две недели, властям. В.И. Ленин внес свои вклад в развитие Атырауского региона, поднял экономику, использовал нефть во благо народа, давал рекомендации и задания по строительству железной дороги Алгемба.



Алге́мба — проект по сооружению железной дороги и нефтепровода от города Александров Гай до нефтяных месторождений в районе реки Эмбы. Стройка началась в 1919 году, но по многим причинам завершена не была. К 1921 году необходимости в проекте уже не было. Алгемба стала первой «стройкой века»

О, том какой вклад внесено В.И. Лениным лично в постороении железно-дорожной линии Александров-Гай-Гурьев написано в памятках героев труда Советского Союза.

В.Д. Бонч-Бруевич руководитель Совета народных комиссаров писал: - На строительство железной дороги было уделено много внимания и средств.

В.А. Радус –Зенкович писал: - В.И. Ленин был инициатором строительства железной дороги Александров-Гай-Гурьев и транспортировки нефти.

Советская власть в целях достижения запланированной работы обеспечивали рабочими силами, материалами и транспортом. Партийные комитеты и ревком Атырау дали поддержку властям и партии, они дали приказ о мобилизации казахов с городов и уездов людей с 18 до 45 летнего возраста, для работы на строительство железной дороги. По приказу с Атырау на строительные работы должны были быть посланы 8 тысяч казахов и 500 машин [15]. Поэтому, с Атырау на транспорте, строителям доставлялись продукты питания, рыба, пресная вода. Органы Совета, партийные организации Атырау также обеспечивали рабочих жильем, вели культуро-массаовые и политико-воспитательные мероприятия. После проведения таких мероприятии часто прибавлялись и увеличивались ряды рабочих. Если в начале 1920 года насчитывалось 1806 людей, то уже в июле число рабочих увеличилось и составляло 14 206, и в их большинство из них были казахи. Между тем, строительство железной дороги и нефтеперевозка замедлила свои темп, в связи с неопытностью, слабыми материально-техническими ресурсами молодой Совестской Республики, была сильная нехватка меттала, стали, металлических труб, что привело затормажению строительства. Этому к тому же послужило послевоенная разруха, слабое экономическое положение, в конце 1920 года выпуск стальных труб было полностью приостановлено. Железная дорога Алгемба протяженностью 524 км и нефтяной трубопровод в 6 млн. пудов металла, требовало немалых затрат в размере 2,5 млрд.рубдей. К тому же весной 1920 года в нефтяные районы нашей страны – Баку и Грозный были освобождены полностью от врагов. Поэтому, все материально-технические ресурсы направлялись на освоение этих месторождений. 29 апреля на заседании совета Обороны и труда было принято решение о переходе на замедленный темп или приостановить строительство железной дороги [16]. В ноябре 1920 года были приостановлена работа по строительству железной дороги, 1500 рабочих были посланы на строительство другой железно-дорожной линии Жетiсу-Жамбул. Но государство и власть не забыло о Атырауском нефтяном производстве, и его транспортировке через железнную дорогу. В этом деле были заинтересованы и Казахстанские партийные организации, в городе Оренбург в резолюции, первой партийной конференции был поднят вопрос о построении железно-дорожной линии между Эмбой-Журын для освоения богатства региона. Эта резолюция получила поддержку властей, был составлен план на десять лет о прокладке и построении железно-дорожной линии из стали, между Гурьевым и Доссором.

1923 году была закреплена и известна будущая стальная трасса, и осенью 1924 года эта железно-дорожная линия была завершена, затем получили приказ от центрального управления горного производства о строительстве железной дороги назначением Гурьев-Доссор. В приказе было указано

протяженность 88,5 км, прокладки железной дороги Гурьев-Доссор, строительство которого было поручено тресту «Эмбанефть», куда было выделено 1 800 000 рублей [17]. Из – за того, что в этих краях не было железных дорог, большая часть суммы из выделенных средств были потрачены на перевозку воды, людей и грузов. Все эти затраты обошлись дорого. В Атырауской уездной газете «Рабочая правда» писалось: - «одно ведро воды в то время, стоило 8-10 тиынов, один пуд ведра, стоило дороже, одного пуда нефти. Например, только в 1923-1924 году перевозка воды на транспорте из города в производственный пункт составляло 100 рублей, а перевозка груза и людей обходилось за 239 600 рублей. Поэтому, руководители партийного комитета Атырау активно приступили к выполнению этой работы. Присланные оборудования из центра, были присланы раньше времени, для доставки груза, приступили к сбору домашних животных. Благодаря этому, 1 июля 1925 года был заложен фундамент железной дороги направления Гурьев –Доссор [17]. Не считая доставленных техники и оборудовании, присланных из центра, стальная дорога была полностью построена силами рабочих Аьырауского региона. В ходе строительства были трудности, плюсы и минусы. Этому препятствовали нехватка техники, рабочей силы, специалистов, а также проведение работ в зоне засухи, где не было воды. Местные партийные организации старались сделать все, что было в их силах. Были созданы партийные кружки, из состава рабочих были привлечены активные коммунисты и комсомольцы. Для снабжения строителей товарами и продуктами питания, было поручено обществу потребителей «Нефтеработник», а оказание медицинской помощи поручено Атыраускому и Доссорскому отделению здравохранения. В строительство стальных дорог в основном были привлечены батраки-кочевники. В первое время им пришлось трудно, так как им раньше не приходилось выполнять такую работу, не было абсолютно никакой практики. Поэтому, по организации коммунистов, они были разделены на бригады, и закреплены к опытным рабочим, техникам-инженерам, с чей помощью стали выполнять работу. Это повысило качество и стимул работы. С января по июль 1926 года в строительстве железной дороги участвовали 446 людей 77,5% из них были казахами.

Атырауский уездной партийный комитет на заседании, конференциях рассматривали вопросы о строительстве и заслушивали отчеты. Благодаря запланированным работам и планам, строительство железной дороги протяженностью 93 км, закончилось за полтора года и было сдано в эксплуатацию 19 декабря 1926 году. Проведение железно-дорожной линии Гурьев-Доссор, Атырауского региона была большой заслугой рабочих. Строительство железной дороги способствовало во-первых, передвижению автомобильного транспорта, во-вторых, улучшилась перевозка воды, товаров, техники и оборудовании на месторождения нефти и газа. О прокладке Республиканской трассы железной дороги Гурьев-Доссор писалось в газете «Трудовой казах» (сегодня «Независимый Казахстан») «раньше дорога между

Гурьевым и Доссором была бездорожной пустынной. Рабочие Доссора очень сильно нуждались в питьевой воде. Железная дорога между Доссором и Гурьевым была построена во время Советской власти. Связь улучшилась. На каждом рейсе перевозилось четыре-пять тысяч ведер воды. Рабочие полностью были снабжены питьевой водой». Если раньше на транспорте добирались в течение 24-25 часов, то на поезде стали добираться за 5 часов. Буквально, за первые шесть месяцев 1927 года по железной дороге Гурьев-Доссор транспортировалось 14.700 пассажиров, 600 тысяч пудов воды. В 1925-1926 годах с помощью Советской власти и русского народа привели Казахстанскую нефтяную промышленность в стабильное состояние. Основной заслугой была заслуга атыраучан. Атырауские рабочие помогали транспортом, перевозкой материалов в центральные районы, в строительстве железной дороги, оказывали свои услуги по ремонту пароходов, в обеспечении нефтяников и их семей жильем, а также оказывали помощь нефтяникам с выпуском нужных оборудовании. Поэтому, процветанию и получению статуса Эмбинской нефти и Казахстанского отечественного «черного золота», была заслугой атыраучан. Какова была заслуга атыраучан, только лишь в подготовке одного специалиста! Все проблемы освоения Казахстанской нефти были связаны с кадрами и специалистами. Советская власть помогла с подбором специалистов, техников, инженеров. Однако, этого было недостаточно для большого строительства. Поэтому местные партийные комитеты, органы совета, решили готовить свои кадры. В 1923 году открылось фабрично-заводское ученичество (ФЗУ). В 1930 году школа перешла на трехгодичное обучение. В июле того же года открылись подготовительные курсы для поступающих в школу,там обучались 84 людей, и 15 них, были приняты 15 октября на первый курс. Для укрепления технической базы школы ФЗУ, послужило директивное письмо от 8 октября 1931 года Казахстанского Центрального хозяйственного Совета. Всем производственным организациям было поручено об обеспечении школ ФЗУ бесплатными учебными пособиями, станками, инструментами, учебными мастерскими, лабораториями. В связи с этим школы Атырау были оснащены четырьмя станками и мастерскими [18].

Помощь школам Атырауского ФЗУ по оснащению оборудования мастерских , также смогли оказать и Московские предприятия [19]. В 1930-1931 году была построена школа ФЗУ, для иногородних учеников было построено общежитие, этому из государственной казны было выделено 478,2 тыс. рублей

Атырауская школа ФЗУ вступила в ряды крупных учебных заведений. Здесь за 1930-1931 учебный год набралось 380 учеников, 270 из них были казахами. В 1933 году Атырауская школа ФЗУ впервые сделала свои выпуск, из следующих специальностей: слесарь, формовщик, электромонтер, сварщик, фрезеровщик и другие специальности, всего их насчитывалось 76 выпускников.

Список использованных источников и литературы:

1. ҚКП Атырауский областной партархив, ф.3, оп.1, ед.хр.2, л.24.

2. К.Е. Темиргалиев. Формирование и идейно-организованное укрепление партийной организации Урало-Эмбинского нефтеносного бассейна. Вопросы истории Компартии Казахстана. Вып.8, А-А, 1971,стр 49.

3. Государственный архив Атырауской области, ф.146. оп.1, д.6, л.17.

4.С. Бейсембаев Казахстан и Ленин. А-А, 1970 г, стр 118.

5. Труды Е. Утебаева «Сабыр Шарипов» Заслуги С. Шарипова в развитие нефтяного производства. А. 1970 г.

6.Атырауский областной государственный архив, ф.1, оп.1,д.26,л 40.

7. Центральный госархив Казахской ССР, ф.962, оп.1., д. 18, л.39. Труды института истории, археологии и этнографии. Т.II, история. А-А, 1956, стр 70.

8. Атырауский областной госархив, ф.146,оп.1, д.13, л.365-366.

9. Астраханский областной государственный архив, ф.1678,оп.1, ед.хр. 496, л.38.

10. Астраханский областной государственный архив, ф.1678,оп.1, ед.хр. 496, л.л 125,126,127.

11. С.М. Киров Статьи, речи, документы. Том.I,1936, стр 153; Астраханский фронт и С.М. Киров. Сталинград, 1937, стр ЮО; Социалистическое становление нефтяной Эмбы. стр. 136.

12. Атырауский областной государственный архив, ф.1, оп.1,д.32,л.34-35

13. В.И. Ленин Полный сборник сочинении. Том 51. Стр 121)

14. (46) (Ленинский сборник, XXIV. Стр 82)

15. Атырауский областной государственный архив, ф.1, оп.1,д.11,л.219.

16. 54 Идея Ленина не была забыта. На XXIVсъезде КПСС СССР в пятилетнем плане развития народного хозяйства 1971-1975 гг «начать строительство железной дороги Макат-Александровск-Гай. Протяженность 454 км, строительство произведено болат жол.»)

17. Атырауский областной государственный архив, ф.146, оп.1,д.47,л.46.

18. ҚКП Атырау облыстық комитетінің партархиві, ф.3, оп.7,ед.хр.22, л.31.

19. Атырауский областной государственный архив, ф.146, оп.4., д.12,л.277.

ПАТША ҮКІМЕТІНІҢ ОРАЛ ӨҢІРІНДЕГІ РУХАНИ ОТАРЛАУ САЯСАТЫНЫҢ ЗАРДАПТАРЫ

Сеғуатов Даулет Ғабитұлы,
магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34,
Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының докторы, профессор **Ә.Қ. Мұқтар**

Аңдатпа. *Бұл мақалада патша үкіметінің Орал өңірінде жүргізген рухани отарлау саясаты және оның жергілікті халыққа тигізген зардаптары қарастырылады. Ресей империясының діни, білім беру және мәдени ықпалының артуы қазақ халқының дәстүрлі рухани құндылықтарына қалай әсер еткені талданады. Сонымен қатар, миссионерлік саясаттың, шіркеу мен мектептердің рөлін, сондай-ақ жергілікті халықтың бұл өзгерістерге қарсылығы мен оған бейімделу жолдарын зерттеу мақсаты қойылған. Мақала тарихи деректер мен зерттеулерге сүйене отырып, Орал өңіріндегі рухани отарлаудың ұзақ мерзімді салдарын ашады.*

Түйін сөздер*: Патша үкіметі, Орал өңірі, өлкетану, рухани отарлау, саясат.*

Орал өңірі – қазақ халқының тарихи және мәдени орталықтарының бірі. Бұл аймақтағы рухани өмір ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлерге, ұлттық болмысқа негізделген. Алайда, патша үкіметінің отарлау саясаты тек саяси және экономикалық емес, сонымен қатар рухани салада да айқын көрініс тапты. Бұл саясат жергілікті халықтың ұлттық санасын әлсіретуге, діни және мәдени ерекшеліктерін жоюға бағытталды. Оның зардаптары қазақ қоғамына ұзақ уақыт бойы әсер етті. И.Г. Георгидің еңбегінде қазақтар туралы, «олардың аңғал, өте сенгіш» мінезін алға тарта отырып, қазақ қоғамындағы алауыздық, бір-біріне деген сенімсіздікті пайдалана отырып, орыстандыру саясатын тездету керектігі ұсынылады. Қазақтарды бағындырудың оңай жолы - Ресей империясындағы мұсылман халықтары сияқты шоқындыру қажеттілігін түсіндіреді». Бұл ойдан орыс зерттеушілерінің империялық мақсат-мүддесін анық байкауға болады[1, 122 б.]. П.С. Павлов өз еңбегінде: «... Қырғыздар еркін халық, сондықтан өзге халықтардай қауіпті емес», - деп жаза отырып, оқу-білім және рухани мәдениеті туралы мәліметтер береді. Қазақтарда білім саласы өте темен, оларды мәдениеті артта қалған ел ретінде көрсетеді. Отаршыл идеяны қолдай отырып, «Ресей империясы үшін өте орасан зор пайда табамыз», - дейді. А.И. Левшин өз еңбегінде қазақ хандары туралы, қоғамдаты шаруашылық және сауда өзгерістеріне көңіл бөледі. Ол

қазақ халқын заманында дұрыс түсіне алмады. Көшпенділер мәдениетін «жабайы» деп түсіндіреді [2, 232 б.].

Патша үкіметі Орал өңіріндегі қазақ халқын рухани отарлауды жүзеге асыру үшін бірқатар әдістерді қолданды. Біріншіден, ислам дінінің ықпалын әлсіретуге тырысты. Ресей үкіметі қазақтардың дәстүрлі діни басшыларын шектеп, олардың орнына патша әкімшілігіне адал молдалар мен имамдарды тағайындады. Бұл халықтың діни сеніміне деген сенімсіздік тудырып, дәстүрлі діни білім беру жүйесін бұзды. Екіншіден, миссионерлік қозғалысты күшейту арқылы қазақтарды христиан дініне тарту әрекеттері жасалды. Орал өңірінде шіркеулер салынып, жергілікті халықты шоқындыру саясаты жүргізілді. Бұл ұлттық бірегейлікке үлкен соққы болып, халық арасында қарсылық тудырды. Үшіншіден, қазақ тілінің қолданылу аясын шектеу үшін орыс тіліне басымдық берілді. Мемлекеттік басқару, сот және білім беру жүйелері орыс тілінде жүргізіле бастады. Қазақ балалары орыс мектептерінде оқуға мәжбүр болды, ал дәстүрлі қазақ медреселері мен мектептері қысымға ұшырады [3, 232 б.].

Қазақтың тұрмыс-жағдайы мен оқу-ағарту ісі туралы келелі әңгіме өрбіткен қазақ ағартушысы, ғалым Шоқан Уәлихановтың енбектерінің маңыздылығына ерекше көңіл аударуға болады. Орыстардың арасында жүріп, олардын шовинистік көзкарастарын сезіп-білген, әмірінің сонғы кезінде осыдан жиіркеніп, безе бастаған кездері болды. Ресейдегі XX ғасырдын 60-жылдарындаты реформалар туралы ойын білдірген адам - Шоқан «... Ресейдегі реформаларды қазақ даласына енгізу, кандай да бір пайда әкелуі былай тұрсын, нағыз тұрпайылық болар еді», - деп ол әкімшілік басқару реформаларының көшпелілер тұрмысына керағарлығын ашық айтады. Шоқан қазақ халкының болашағын болжай білген. «... Ресей империясына қарайтын барлық өзге тайпалардың ішінен көптігі, байлығы, сірә, болашақта дамуынан үміттендіру жөнінен алғашкы орын - біздің қазақ халкынікі», - деген көреген болжамына қазіргі Тәуелсіз Казакстан дамуы дәлел бола алады [4, 154 б.].

Бұл саясаттың зардаптары ауыр болды. Біріншіден, қазақ халқының рухани және мәдени тұтастығы әлсіреді. Ислам дінінің беделінің төмендеуі және дәстүрлі діни институттардың әлсіреуі халықтың рухани өміріне үлкен соққы болды. Екіншіден, қазақ тілі мен мәдениеті құлдырауға ұшырады. Орыс тілінің үстемдікке ие болуы ұлттық болмысты сақтау мәселесін қиындатты. Орысша білім алған қазақ жастары арасында ассимиляция процесі жүріп, олар өз халқының мәдениеті мен дәстүрінен алшақтай бастады. Үшіншіден, халықтың отаршылдық саясатқа қарсы күресі күшейді. Діни және мәдени қысым қазақ халқының отарлық езгіге қарсы қозғалысын жандандырды. Көптеген көтерілістер мен наразылықтар осы рухани отарлауға қарсылық ретінде көрініс тапты. Кіші жүз қазақтарының тарихын жазған алғашкылардың бірі - В.И. Витевский. Ол өз еңбегінде Орынбор генерал-губернаторы И. Неплюевтің мемлекеттік-саяси қызметін атай отырып, қазақ

даласында Ресей империясы отарлық саясатын өте қатал жүргізгендігін жазады. В.И. Витевский - қазақ даласын игеру мен орыстандырудың жолы - «... Ресейдің ішкі аймақтарынан орыс шаруаларын көшіру» екендігін айтқан адам. Қазақтардын оқу- ағарту саласынын тарихына тоқтала отырып, орыстандырудың бірден-бір жолы - білім арқылы (орыс тілі) деп отаршыл ойын жазады [5, 44 б.]. Ресей империясы отарланған мұсылман халықтарды орыстандырудың шешуші кілті және құралы - оқу-ағартудағы орыс-қазақ (аралас) мектебі немесе әртурлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған шіркеулер жанындағы мектептер мен кәсіптік оқу орындары болу керек деп түйді. Қазақ еліндегі орыстандыру саясатын жүргізген отаршыл-миссионерлер Н.И. Ильминский, И.П. Остроумов, А.Е. Алекторов, Е.А. Малов, Е. Елисеев және т.б. өз орталарынан екшелени шығып, ұзақ жылдар бойы белсене қызмет атқарды [6, 237 б.].

Н.И. Ильминский Ы. Алтынсаринді миссионерлік жолға пайдалану үшін қолынан келгеннің барлығын істеп бақты. Ы. Алтынсарин өз кітаптарын Н. Ильминский ұстанып берген ресми қағидаларға қарай орыс алфавиті негізінде жазып шыгаруға мәжбур болған. Қазақ жазуында орыс алфавитін өзгертпей, сол қалпында алуға амалсыз көндірген Петербург университетінің талабы болды, бірақ өз хаттарында миссионерлік идеяға ішкі танымнан туған қарсы пікірін ашық білдіре алмады. Ол өзінің еңбектерінде орыстандыру саясаты күшпен болып жатқанын түсініп, «... Ресей халықтарын біріктіруді табиғи жолмен жүргізу керектігін» айтқан. Қазақтар арасында орыс алфавитін енгізу арқылы өз заманында отаршыл миссионер Ильминскийдің шәкірті болғандығын ұмытпауымыз керек. Бірақ Ы. Алтынсарин қазақ халқынан шыққан тұңғыш ағартушы педагог болды. Сондықтан да Ы.Алтынсариннің қазақ балаларына білім берудегі еңбектерінің маңызы күні бүгінге дейін жоғалған жоқ, орыс алфавиті арқылы қазақтардың арасында жаңа заманға сай орыстандыру саясатын уағыздаушы болды. Қазақ балаларына арналған өлеңдері мен ертегілерінің мазмұны бүгінгі мектеп бітіргендердің есінде сақтаулы!? М.Тынышбаев өз еңбегінде отарлау саясатын сынай келе: «... Қыргыздар Ресей отарына айналғалы бірде-бір бақытты өмір сүре алмады», - деп қынжылады. Ресей империясының отарлық саясатының мәнің жан-жақты дәлелдеп, тарихи шыңдықта сын көзбен жазған ғалымымыз С. Аспендияров еді. «Қазақ халқын тарихқа кірмейтін жабайы халық деп есептеу - шовинизмнің барып тұрган жері. Бір қатарын ұлы «құдай» сүйген мәдениетті деп, екіншілерін мәдениетсіз, «тарихқа кірмейтін, құдайдан қарғыс алған», - дей отырып, халықты екі топқа жіктеу - отарлық саясаттың басты мақсаты болды» деп өз пікірін білдіреді. «Патшалық Ресей қазақтарды қан төкпей, бейбіт жолмен бағындырды және қазақ даласына тыныштық орнатып, мәдениетті жоғарылатты» деген өтірік пікірді дәлелдемек болды дей отырып, Қазақстанда шоқындыру мен орыстандыру саясатын жүргізген отаршыл-

миссионерлердің қызметін сынайды. И. Ильминский жөнінде: «... оның мақсаты мен әдісі, ең алдымен, мектепте ана тілін орыс әліппесімен оқытты. Сөйтіп көздеген мақсаты орысқа айналдыру болды», - деп миссионерлер қызметін ашып көрсетеді [7, 66 б.].

Н.Г. Апполованың «Присоединение Казахстана к России» атты еңбегі патшалық Ресейдің Қазақстанға қосылу тарихын зерттеуге үлкен үлес қосқан құнды еңбек болып табылады. Бұл еңбек арқылы тарихшы қазақ қоғамының әлеуметтік, саяси құрылымы мен оның даму бағыттарын талдай отырып, сол кезеңдегі маңызды тарихи оқиғаларды жан-жақты зерттейді. Апполова қазақ қоғамындағы саяси жағдайды зерттеуде терең көзқарас қалыптастырады, оның ішінде хандық биліктің әлсіреуі мен қоғамдағы әлеуметтік өзгерістердің себептерін ашып көрсетеді. Оның еңбегінде қазақ қоғамының құрылымы мен әлеуметтік жүйесінің өзгерісі, әсіресе Кіші жүздегі хандық биліктің дағдарысы мен Әбілқайыр ханның саясаты кеңінен қарастырылады. Әбілқайырдың Ресейге деген оң көзқарасы мен орыс әкімшілігімен жасасқан келісімдері қазақ халқының Ресей империясына қосылуының маңызды алғышарттары болды. Апполова Әбілқайырдың хандық биліктегі дағдарыс жағдайында Ресеймен одақ құруының қазақ қоғамының жағдайын жақсартуға бағытталған қадам болғанын атап өтеді. Сонымен қатар, Н.Г. Апполова Қазақстанның Ресей империясына қосылуын тек сыртқы саяси жағдайларға ғана емес, сонымен бірге ішкі әлеуметтік өзгерістерге де байланыстырады. Ол Қазақстанның Ресейге қосылуын ерікті түрде жүзеге асқан тарихи процесс деп бағалайды, әрі бұл қосылудың белгілі бір прогрессивтік маңызы болғанын атап өтеді. Ресейге қосылу арқылы қазақ қоғамы жаңа экономикалық, мәдени және саяси мүмкіндіктерге ие болғанын, сонымен қатар патшалық билікке қосылған соңғы кезеңде көптеген әлеуметтік реформалардың жүргізілгенін көрсетеді. Апполова Қазақстанның Ресейге қосылуын көпқырлы құбылыс ретінде қарастыра отырып, сол кездегі халықаралық жағдайдың да, ішкі саяси ахуалдың да осы процесте маңызды рөл атқарғанын дәлелдейді. Оның еңбегінде Ресей империясының отарлық саясатының, сонымен қатар қазақ халқының тарихи дамуындағы маңызы айқын көрінеді. [8, 188 б.].

Кез-келген халықтардың мәдениеттілігін анықтайтын басты сала білім жүйесі. Патшалық Ресейдің ұлттық саясатының мақсаты қазақтардың орыстандыруды қалыптастыру үшін қоғам мүшелерінің сана-сезімін, идеологиялық, эстетикалық болмысын әлсіреуі барып, үстемдікке жету ушін мұсылмандарға сол кездегі орыс білім жүйесін енгізу арқылы мақсаттарына жете алатындарына сенімді болды. Патшалық Ресейдің ұлтық саясаты білім беру жүйесі арқылы басталды. Мұсылмандық білім беру Қазақстан мен Орта Азия халықтарының ежелден келе жаткан жүйесі еді. Сондықтан мұсылмандарды орыстандыру үшін орысша білім беру жүйесін қалыптастыру қажет болды. Отаршылдар сол замандағы мұсылмандарға орыс тілді мектеп

үлгісін ұсынды. XVIII ғасырдын 70-80 жылдарында Екатерина II шет аймақтарындағы орыс емес халықтарды орыстандыру туралы «... Сии провинцы подлежит мячаишии способом привести к тому чтобы они обрусели и перестали бы глядеть как волки в лес», - деп айтқан [9, 121 б.].

Кіші Жүз қазақтары арасында орысша білім беру ісі Екатерина II кезеңінен бастау алады. Бұл кезеңде Ресей империясы Қазақстанды отарлау саясатын күшейтіп, қазақ жерінде жаңа әкімшілік құрылымдар мен білім беру жүйесін енгізуге бағытталған бірқатар реформалар жүзеге асырылды. Олардың бірі – қазақ балаларына арнап ашылған мектептер мен оқу орындарының желісі болды. 1785-1789 жылдар аралығында Уфа қаласында халықтық мектептер жүйесі құрылып, қазақ балаларына білім беру ісі басталды. Бұл мектептер алғашында тек қана қарапайым білім беруге бағытталған болса да, кейіннен олардың мазмұны мен деңгейі біршама кеңейтілді. Уфа мен Орынбор қалалары Кіші Жүз қазақтарын отарлау саясатында маңызды орталықтар болды, сондықтан да осы қалаларда бірқатар оқу-ағарту училищелері ашылды. 1800-1817 жылдары Орынбор қаласында 8 уездік, 8 приходтық және 1 қыздар училищесі жұмыс істеді. Бұл оқу орындары негізінен орыс тілінде білім беріп, қазақтардың ұлттық ерекшеліктерін ескерместен, Ресей империясының идеологиясын қалыптастыруға бағытталды. Сонымен қатар, Орынбор қаласында Неплюев кадет корпусы, ал Орал қаласында әскери училище құрылып, қазақ жастарының әскери білім алуына да жағдай жасалды. Бұдан бөлек, 51 ауылдық приходтық училище жұмыс істей бастады, олар негізінен жергілікті халықтың балаларын оқытуға арналған еді. Алайда, бұл оқу орындары тек қана орыс тілін үйретіп, қазақтардың дәстүрлі білім беру жүйесіне ешқандай қатысы болмады. Олар көбінесе орысша оқу мен жазу дағдыларын ғана үйретті, бұл қазақ қоғамына толықтай сәйкестендіріле қоймаған еді. Діни оқу орындарының жағдайы да сынға ұшырады. Шоқан Уәлиханов, әсіресе, сол кезеңдегі татар молдаларының оқытқан ауыл мектептерінің ауыр жағдайын айта отырып, оларды сынға алды. Уәлиханов бұл оқу орындарының оқу сапасын «таңқаларлық бір беткейлік» деп сипаттап, олардың «схолистика мен бірде-бір нақты ой-пікірге құралмаған» екенін ашына жазды. Бұл, әсіресе, XIX ғасырдың басында, 1810 жылғы Сенаттың қарарлары бойынша, қазақтар арасында бірде-бір мектеп болмаған кезде айқын байқалды. Бұл кезеңде мектептердің жоқтығы қазақ балаларының білім алуына үлкен кедергі болып, олардың мәдени және әлеуметтік дамуында теріс әсер етті. Сондықтан да, қазақ жерінде мектептер ашу мәселесі өткір тұрған еді. Бұл мәселеге ерекше назар аударылып, мектеп ашуға дайындық жүргізу керектігі атап өтілді. Ол үшін арнайы уақыт бөлініп, материалдық жетіспеушілікті толықтыру қажеттілігі алға тартылды. Бұл кезеңдегі білім беру жүйесі, негізінен, орыс тілін үйретуге, Ресей империясының идеологиясын таратуға

бағытталғанымен, қазақтардың мәдени және білім деңгейін арттыруға толық мүмкіндік бермеді. Орынбор мен Уфа қалаларында ашылған оқу орындары Кіші Жүз қазақтарының отарлық идеологияға бейімделуіне ықпал етті, бірақ олар қазақтың ұлттық білім жүйесіне негізделмеген әрі халықтың рухани қажеттіліктеріне жауап бере алмады. Бұл кезеңде орысша білім беру жүйесі әлі толық қалыптаспағанымен, Ресей империясының саясаты мен мәдениетінің ықпалы қазақ қоғамына біртіндеп енді, және бұл үрдіс ұлттың тарихи дамуына үлкен әсер етті. Оған дейінгі қазақ халқының өзіндік білім беру жүйесі мен мәдениетін сақтау, сондай-ақ ұлттық рухты қорғау мәселесі күрделене түсті. [10, 144 б.].

Патша үкіметінің Орал өңіріндегі рухани отарлау саясаты қазақ халқының ұлттық бірегейлігіне, мәдениеті мен рухани өміріне үлкен зиян келтірді. Бұл саясаттың салдары ұзақ уақыт бойы сезілді және қазақ халқының тарихи санасында терең із қалдырды. Дегенмен, қазақ халқы өзінің мәдени және рухани құндылықтарын сақтап қалып, ұлттық рухын жоғалтпай, тәуелсіздік жолында күресті жалғастырды. Бүгінде ұлттық бірегейлікті қалпына келтіру, тіл мен мәдениетті дамыту – басты міндеттердің бірі болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рычков П.И. Топография Оренбургская, то есть обстоятельное описание Оренбургской губернии. – Спб., 1762. – Ч. 1-2. – С.2.

2. Польное собрание ученых путешествии по России. – СПб., 1894. – С.86.

3. Патшалық Ресей және Кеңес империяларының Қазақстандағы рухани отарлау саясатының зардаптары (XIX ғасырдың 70-80 жылдары - XIX ғасырдың басы) [Мәтін] : монография / С. М. Мәшімбаев; әл-Фараби атын. ҚазҰУ. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2013. - 267, [1] б.

4. Усов Ф. Статистическое описание Сибирского казачьего воиска. – СПб., 1879. – С. 179.

5. Седельников Т.И. Борьба за землю в киргизской степи. – СПб., 1907 – 125 б.

6. Витевский В.Н., Неплюев И.И. Оренбургский край в прежнем его составе до 1758 года. – Казань, 1889. – Т.1. – Вып. 1-3. – 463 б.

7. Аспендияров С. Қазақстан тарихының очерктері. – Алматы: Санат, 1994. – 120 б.

8. Вяткин. М Батыр Сырым. – Алматы: Санат, 1998. – 343 б.

9. Кириллов И.К Цветущие состояние Всероссийского государства. кн. 1-2. – М., 1831. – кн. 1-2. – 384 б.

10. Вальяминов-Зернов В.В. Исторические известия о киргиз-кайсаках и отношениях России с Среднее Азию со времени кончины Абулхаир хана(1748-1765 жж.) // Оренбургские губернские ведомости. – 1853. – 201 б.

ӘОЖ 982.512.174

АТЫРАУДЫҢ БАЛЫҚ ӨҢДЕУ КОНСЕРВІ КОМБИНАТЫ ТАРИХЫНАН

Түгелбай Айшат Асхатқызы
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің 1 курс магистранты
Askhatovna2611@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: *«Қазақстан және дүниежүзі тарихы» кафедрасының профессоры, т.ғ.д. У.Т. Ахметова*

Маңызды әлеуметтік-экономикалық рөл атқаратын еліміздің барлық табиғи ресурстарының ішінде су биологиялық ресурстары, әсіресе балық шаруашылығы маңызды орындардың бірін алады.

Балық өнеркәсібі ел экономикасында маңызды рөл атқарады, біріншіден, Атырау облысындай еліміздің көптеген аймақтарында халықты жұмыспен қамтамасыз етеді. Аталған аймақтарда балық аулау көбінесе жергілікті халықтың, соның ішінде байырғы халықтардың негізгі қызметі болып табылады. Екіншіден, балық өнеркәсібі аталған аймақтардың ел экономикасына айтарлықтай үлес қосады.

Елдің ауыл шаруашылығында балық өнеркәсібі ерекше орын алады, өйткені ол тері шаруашылығына, мал шаруашылығына, құс шаруашылығына, сондай-ақ тыңайтқыштарға арналған арнайы жем қоспаларын (балық майы, балық ұны) шығарады.

Балық өнеркәсібі экономиканың бір-бірімен байланысқан салаларында нақты мультипликативті әсер ететін салаларының бірі болып табылады: балық өңдеу, порттар, кеме жасау, машина жасау, кеме жасау және т.б.

1930 жылы 5 наурызда «Гигант» балықшы колхозы құрылды. Ағымдағы жылдың сәуір айында Перетаска арнасының жағасына ағаш тиелген баржаны жеткізген пароход келді. Құралдары бар бір топ адам кемеден түсіп, «Гурьев тоңазытқышының» құрылысы басталды. 1930 жылғы жұмыс нәтижелері бойынша Гурьев облысы балық аулау бойынша КСРО-да бірінші орын алып, елге 6500000 пұт балық берді [1].

8 сәуірде 1200 пұт құрғақ мұздатқыш балық пен 1500 пұт ылғалды мұздатқыш балықты сақтайтын тоңазытқыш жартылай іске қосылды.

Тоңазытқыштың салтанатты іске қосылуы 1 мамырда өтті. Көктемгі балық аулау маусымында 10 мың центнер балық қабылдап, өңдеуге қосымша жоспар жасалды. 1930 жылдың 1 шілдесіне тоңазытқыш 11666 центнер теңіз өнімдерін өңдеді.

8-9 мамырда Гурьевке КСРО тамақ өнеркәсібі министрі А.И.Микоян келді. Ол тоңазытқышты аралап, аудандық партия комитетінің бюросында балық шаруашылығын дамытудың келешегі туралы: филе зауытын, Новолицево балық шаруашылығын салу, ғылыми-зерттеу станциясын ашу [2], Курилкин торасын кеңейту, Яицкий өзенінің тармақтарында торлар құрылысын аяқтау, балық аулау және техникалық балық аулау училищесі туралы сөз сөйледі. Сондай-ақ мамырда Қазақ халық комиссариаты А.И.Микоянның қатысуымен өткен мәжілісінде Гуревск балық өнеркәсібі кәсіпорындарының мәселесін қарады. Жайық өзенінің сағасын кеме қатынасы басталғаннан тазартып, бір жылдың ішінде тоңазытқыш құрылысын аяқтап, балық консерві зауытына айналдыру туралы шешім қабылданды. 1930 жылы 27 қыркүйекте Гурьевте Орал-Каспий мемлекеттік балық өнеркәсібі тресі қайта құрылды. Осыған байланысты Мемлекеттік балық шаруашылығы тресінің уәкілетті өкілінің кеңсесі таратылды. 5 қазанда бір реттік қуаттылығы 13 мың центнер жылы тұздау цехының бірінші кезегі іске қосылды.


НАРОДНЫЙ КОМИССАРИАТ РЫБНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ СССР

ВСЕСОЮЗНЫЙ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ИНСТИТУТ МОРСКОГО РЫБНОГО ХОЗЯЙСТВА И ОКЕАНОГРАФИИ

ДЛЯ СЛУЖЕБНОГО ПОЛЬЗОВАНИЯ N 1216

АТЛАС

РЫБНОЙ ПРОМЫШЛЕННОСТИ


СССР

СОСТАВИЛ ПРОФЕССОР И. Г. БОРИСОВ

МОСКВА 1939

1-сурет. Балық өңдеу өнеркісібінің картасы.

1932 жылы 15 мамырда жылына 60 мың центнер тұздалған балық өндіретін жаңа алдыңғы балық зауыты іске қосылды (майдан Жайық өзенінің сағасына қойылған бірінші желі желісінің атауы болды). 1933 жылы 6 қарашада КСРО-да қуаттылығы жағынан екінші орында тұрған, консерві зауыты, уылдырық және балық зауыттары, 2100 тонналық тоңазытқыш қондырғысы, 130 тонналық мұздатқышы бар Гуревск балық консерві зауыты іске қосылды [2,524 б].



2-сурет. Балық өңдеу өнеркісібінің картасы.

1934 жылдың 1 қаңтарынан бастап Гуревск балық консерві зауытының құрамына Жайық өзенінде жүзетін барлық балық зауыттары, жөндеу және қызмет көрсету кәсіпорындары, сондай-ақ қосалқы шаруашылықтар қосылды. Одан кейін Гуревск балық консерві зауыты «Атыраубалық» АҚ болып қайта құрылды, ол 2013 жылдың 11 қаңтарында жұмысын тоқтатты. Қазіргі уақытта Атырау облысында 17 балық шаруашылығы субъектісі тауарлық балық аулаумен айналысады. Ағымдағы жылы Атырау облысы шегінде Каспий теңізінде кәсіптік балық аулаумен айналысатын балықшылар саны 1405 адамға жуықтады. Кәсіптік балық аулау кезінде балықтың 19 түрі ауланады, оның ішінде Каспий теңізінің тұрақты тұрғындары болып табылатын кефаль, шұңқыр және майшабақ, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 706 қаулысымен Қазақстан Республикасының Қызыл кітабынан шығарылған кутум. Атырау облысы үшін кутум шегі 10 тонна деп белгіленген.

Кефаль да ерекше атап өтуге тұрарлық. 1930-1934 жылдары Каспий теңізіне Кефальдың үш түрінің – Қара теңізден әкелінген қара кефаль, кефаль және өткір тұмсық тұқымдас балапандар жіберілді. Натуралдануды, яғни өз бетінше көбейетін популяцияларды қалыптастыруды тек кефалдар мен үшкір мұрындылар ғана алды. Өкінішке орай, теңіз қабыршақты кефаль Каспий теңізінде тамыр жайған жоқ. Енгізілгеннен кейін 10 жыл өтпестен тауарлы табындар қалыптасты. Қазіргі уақытта ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша Каспий теңізінде (Атырау және Маңғыстау облыстары) кефаль аулаудың жалпы шегі 2103 тоннаны құрайды.

Айта кетейік, Каспий теңізінің қазақстандық секторында республиканың «Қызыл кітабына» енгізілген балықтың 4 түрі – Еділ майшабақ, Каспий албырты, ақ балық және майшабақ мекендейді.

«Атыраубалық» АҚ 1930 жылдардан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақстандағы ең көне балық өңдеу кәсіпорны. Көптеген ондаған жылдар

бойы компанияның өнімдері, ең алдымен бекіре балықтарының уылдырығы мен балық экспортталды және іс жүзінде Каспий аймағының визит картасы болды. 1977 жылдың рекордтық жылы, көктемгі балық аулау маусымының екі айында кәсіпорын тек бекіре тұқымдас бекіре, осетра және тікенекті бекіре тұқымдас балықтардан 12 мың тонна балық дайындап, 1250 тонна бекіре уылдырығын шығарды. Атыраубалық консерві зауыты жылына 33 түрлі консервілердің 22-23 миллион банкасын өндірді. Түрлі түрдегі кептірілген, ысталған және тұздалған балық көп мөлшерде өндірілді. Кәсіпорынның бұрынғы даңқынан қазір консервілердің көшірмелері ғана қалды. Оның басты себебі – тоқсаныншы жылдардағы браконьерлік және кәсіптік балықшылардың заңды, бірақ бақылаусыз балық аулауымен ықпал еткен Жайық-Каспий бассейніндегі қорлардың сарқылуы. Қазақстан өнеркәсібінің флагманы «Атыраубалық» бұл салдарға төтеп бере алмай, банкротқа ұшырады. Ескі автопарк апатқа ұшырап, цехтар жабылды. Ал тоқсаныншы жылдары Атыраубалық жеке қолға өтіп, кәсіпорын үлескерлері бірін-бірі алмастыра отырып, балық аулау орындарының қалдықтарын аулап, ескі құрал-жабдықтарды іске қосты. Компания қызметкерлері жалақы қарызын төлеуді талап етіп, бірнеше рет ереуілге шыққан. Осы кәсіпорынның базасында «Жайық Балық» МКҚК құрған бұрынғы атқарушы биліктің кәсіпорын жұмысын жандандыру әрекеті оң нәтиже бермеді.

Осы тұста Айнаш Байжігітова туралы атамау мүмкін емес. Ол кеңестік балық шаруашылығының бастаушысы, Ленин атындағы Гурьев балық консерві зауытының кесушісі, Социалистік Еңбек Ері болды. Еңбек жолын 1931 жылы бастады. Алғашында балық шаруашылығында балық тазалаушы болып жұмыс істей бастады. Ал ауысым ауыстыру кезінде немесе шикізат болмаған кезде құрылысшыларға Гуревск балық консерві зауытын салуға көмектесті. Консервілеу цехы біткеннен кейін ол балық кесу бөлімінде кескіш болып жұмыс істей бастады, ал 1933 жылы азық-түлік алыбы өзінің алғашқы өнімдерін шығарды. 1936 жылы Гурев ауданында стахановшылар қозғалысының алғашқы бастамашылары балық консерві зауытының жұмысшылары, олардың арасында нәзік жанды Айнаш қыз бар. 1938 жылы «КСРО балық өнеркәсібінің үздігі» төсбелгісімен марапатталды. Ұлы Отан соғысы жылдарында Байжігітова балық консерві зауытында жұмысын жалғастырды. Ол күндіз-түні, демалыссыз, демалыссыз жұмыс істеді. Барлық консервілердің майданға кетіп жатқанын біліп, балық өнімдерін өңдеді. Бұл ретте цех жаңа өнім шығаруды да игерді; олар сарбаздарға арналған крекер мен концентраттар шығара бастады. Жұмысшылардың өздері барлық дайын өнімді бірнеше шақырым жерден вагондарға жеткізіп, тиеу жұмыстарын орындауға мәжбүр болды. Соғыс жылдарында өндіріс төрт есеге жуық өсті. Соғыстан кейінгі жылдары жеке социалистік жарыста Айнаш Байжігітова өз міндеттемесін 180 пайызға орындап, жеңімпаз атанды.

1935 жылы Гурьев қаласында 40700 адам тұрған. 27 сәуірде КСРО Тамақ өнеркәсібі халық комиссары А.И. Микоян Гуревск балық консерві зауытында болды. Кәсіпорын ұжымы оған жыл соңына дейін 10 миллион

банка консерві шығаруға уәде берді. 3 мамырда партия активінің жиналысында сөйлеген сөзінде ол: «Оралдың Гуревск облысының, Каспий теңізінің қазақстандық жағалауының әлеуеті жете бағаланбайды, бұл диверсияның салдарынан болды, немесе Еділ-Каспий мемлекеттік балық шаруашылығы тресі тарапынан болған ұлы орыс шовинизмі салдарынан болды ... 7-10 мың центнерден өнім беретін, бұл Гурьевтің қосалқы шаруашылығы болуы мүмкін емес. 14 мамырда Гурьевке Қазақстан үкіметінің басшысы, Қазақ Орталық Атқару Комитетінің төрағасы Ұзақбай Құлымбетов келді. Балық консерві зауытында болып, ұжыммен кездесіп, кәсіпорын басшылығымен әңгімелесті. 17 маусымда Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирозян Гурьевке келді.

Балық консерві зауытында, басқа да кәсіпорындарда болып, партия активімен кездесіп, жұмыстағы кемшіліктерді жою, кезек күттірмейтін міндеттерге назар аударды. Гурьевте мұнай құбыры кеңсесі құрылды. Гуревск балық консерві зауытының ұжымы тамыз айында Қазақстан Республикасының құрылғанына 15 жыл толуы құрметіне алған міндеттемелерін мерзімінен бұрын орындағаны үшін республиканың ауыспалы ауыспалы ауыспалы ауыспалы Қызыл Туын облыста бірінші болып жеңіп алды.

Енді бір деректерде келесідей мәліметтер бар. Атыраудағы балық шаруашылығының кеңестік тарихы 1922 жылдан басталып, 1926 жылы алғаш рет балық өндірісінің революцияға дейінгі деңгейі қалпына келтірілді. 1927 жылдан бастап балықшы колхоздары құрыла бастады, көп ұзамай балықшылар съезімен Оралгубрыбаксоюз ұйымдастырылды. 1930 жылдың басында Деңіз аудандық балықшы колхоздары одағы, сол жылдың қыркүйек айында 13 колхоздан тұратын Гурьевский балықшы колхозы одағы құрылды. 1931 жылы Орал-Каспий өңірінің балық алуы рекордтық көрсеткішке жетіп, 1925,6 мың центнерді құрады; сол жылы Қазақстанның балық шаруашылығының барлық кәсіпорындарын біріктірген Орал-Каспий мемлекеттік балық шаруашылығы тресі құрылды. Өндіріс көлемінің артуы қайта өңдеуді дамыту қажеттілігін тудырды.

КСРО керек-жарақ халық комиссары А.И. Микояннның Гурьев облысы активінің 1931 жылы 9 мамырда өткен кеңейтілген жиналысында сөйлеген сөзінен мысал келтіре кетсек: *«Қазір Оралдың Гурьев облысы мен Каспий теңізінің қазақстандық жағалауының экономикалық әлеуеті жете бағаланбағаны белгілі болды. Гурьевск ауданындағы балық өнеркәсібіне бөлінген күрделі салымдар балық өндірісі бойынша бұл ауданның үлес салмағына сәйкес келмейді. Балық шаруашылығының өзіндік бет-бейнесі болуы керек Өз флотыңызды құрыңыз: кеме жөндеу, контейнер жасау, кооперация цехы, сол жылы Гурьевте балық аулау техникумын ашып, жергілікті кадрларды дайындау мәселесі шешілді».*

1931 жылы 4 қазанда Кеңестік Қазақстанның балық өнеркәсібінің болашақ флагманы Гуревск балық консерві зауытының іргетасын қалау

салтанатты рәсімі болды. Құрылыс алаңы «Комбинатстрой» деп аталып, қаладан жеті шақырым жерде Жайық өзенінің бойында, адам өте алмайтын қамыс алқаптарында орналасқан. «Комбинатстрой» басшысы болып бұрынғы Ленинград жұмысшысы, Қызыл Ту орденінің иегері Виктор Рябов тағайындалды.

Құрылыстың алғашқы айларында білікті жұмысшылардың, құрылыс материалдарының, көлік пен электр қуатының тапшылығына байланысты үлкен қиындықтар болды. Партиялық үндеуден кейін құрылыс алаңына Деңіз, Бақсай және Новобогатин аудандарынан 450 адам жіберілді. 1932 жылдың аяғында «Комбинатстрой» құрылыс алаңында 1098 адам жұмыс істеп тұрды. Үлкен қиындықтарды бастан өткерген құрылысшылар тапсырманы орындап, қысқа мерзімде сол кездегі ең ірі кәсіпорынды тұрғызды.

1933 жылы 6 қарашада зауыт іске қосылды. Комбинаттың негізгі міндеті өзіне қарасты балық зауыттарын, цехтарды,өндіріс орындары мен промыслдарды жедел тұрде техникалық жағынан ұйымдастыру қызметтерін жүргізу болды [3, 243б.]. Ал сол жылдың аяғына дейін елге алғашқы 2013 банкі ұсақ тұқымды балық консервілері мен мыңдаған центнер салқындатылған, мұздатылған және тұздалған балық өнімдері алынды. Ол кезде зауытта 2391 адам жұмыс істеген. Гурев ауданындағы стахановшылар қозғалысы балық консерві зауытында басталды; 1936 жылы қыркүйекте стахановшылар саны 484 адам болды.

Балықшылардың бейбіт шығармашылық еңбегін соғыс үзді. Ұлы Отан соғысы жылдарында зауыт соғыс мақсатында қайта салынды. Ұжым «Бәрі майдан үшін!», «Бәрі де Жеңіс үшін!» ұранымен жұмыс істей бастады. Гуревск балық консерві зауытының жұмысшылары, қызметкерлері және инженерлік-техникалық қызметкерлері «Рыбник Казахстана» танк колоннасын салу үшін қорғаныс қорына 30366 сом аударды.

Соғыс жылдарында зауыт ұжымы Орал-Каспий өңірінің басқа кәсіпорындарымен бірге 140 мың центнер артық өнім өндіріп, оны 1943 жылы Қорғаныс комитетіне тапсырды. Орал-Каспий аймағының балықшыларынан сыйлықты Орталық майданның қолбасшысы генерал Константин Рокобацов, атақты генерал З.Рокобатов А Бөпеев. 1945 жылы наурызда зауыт жұмысшылары өздерінің жеке жинақтарынан Қызыл Армия қорына 612 мың рубль аударды[2].

Иосиф Сталин мынадай мазмұндағы құттықтау жеделхатын жолдады: «Қызыл Армияға, Гуревск балық консерві зауытының барлық жұмысшыларына жеке жинақтарынан Қызыл Армия қорына 612 000 рубль аударғаны үшін бауырластық сәлем мен алғысымды білдіремін!».

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін зауыт цехтарды қайта құру, негізгі қорларды жаңарту, технологияны жетілдіру жұмыстарын бастады. 1950 жылдары зауыт жыл сайын 17 миллион банка консерві шығаратын. 1962 жылдан бастап уылдырық және балық зауыты жұмыс істейді.

80 жылға жуық тарихында Гурев балық өңдеу зауыты көптеген мемлекеттік наградалар мен атақтарға ие болды, оның жұмысшылары КСРО-ның жоғары наградаларына ие болды, партия съездеріне делегат болды. Гурьев балық өнеркәсібінің төрт қызметкері Социалистік Еңбек Ері жоғары атағын алды: балық өңдеу зауытының өңдеушісі Айнаш Байжігітова және балық тапсырған балықшы колхоздарының жұмысшылары, Ыбыраш Құдайбергенов, Ізтұрған Уразбаев, Хасан Өтегенов.

Қазан революциясы орденімен Айнаш Байжігітова, Алексей Карамышев, Таисия Юдина, «Халықтар достығы» орденімен Қожақ Бөлекбаев, Әжіғали Қуандықов, Керей Қабдулов марапатталды. Еңбек Қызыл Ту орденімен тоғыз жұмысшы марапатталды: Қайыржан Әлиев, Айнаш Байжігітова, Сәлима Биғалиева, Людмила Жигулевцева, Әжіғали Қуандықов, Бағит Қуанышев, Аяп Құшмұханов, Надежда Толстова, Таисия Юдина. Ленин орденімен консерві цехының жұмысшылары Айтжан Жалғаспаев пен Қадиша Шәріпова марапатталды. Жиырма қызметкер «Құрмет белгісі» орденінің иегері атанды. Уылдырық-балық цехының уылдырық жасаушы шебері Игпар Каберов 2-ші және 3-ші дәрежелі Еңбек Даңқы орденінің кавалері атанды.

Сонымен о баста балық консерві комбинаты атымкен құрылған өндіріс орыны 2013 жылы 24 желтоқсанда АО «Атырау-Балық» атауымен банкрот деп табылып, жабылады [3]. Бұл Қазақстанда балық шаруашылығын дамытуда басты роль атқарған, маңызды саяси, әлеуметтік-экономикалық стратегиялық маңызы бар өндіріс орыны болды.

2019 жылғы 4 маусымда Атырау облысы жұртшылығымен кездесуінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өңірдегі балық шаруашылығын қалпына келтіру қажеттігін айтқан болатын. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Мамин Атырау облысына жұмыс сапары барысында (2020 жылғы 27 ақпан) Қазақстан Республикасының балық шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте еліміздің балық шаруашылығын дамыту бойынша жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін атап өтіп, бірқатар нақты тапсырмалар берді. Осының барлығы елімізде балық шаруашылығы мен аквакультураны қалпына келтіру мен дамытудың қазірде бағыт-бағдар алғанын көрсетеді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 https://pricom.kz/socium/pamyat-o-velikane-rybnoj-otrasli.html
2 Атыраубалық // Казахстан. Национальная энциклопедия. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2004. — Т. I. — 524 б.
3 «Мұрағат қорлары құжаттарының жөнсілтері. -Атырау: «Ақ Жайық», 2017. -274б.
4 Бақытгүл Бабаш, «Атырау облысында аймақтағы балық шаруашылығының жай-күйі талқыланды». «Егемен Қазақстан» гезеті, 2018 ж. 2-3 б.

ӘОЖ 908 (574.1) «19»

XX ҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ҚАЗАҚСТАН МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ӨЛКЕТАНУ ҚЫЗМЕТІ

Рысбеков Тұяқбай Зейітұлы*[1],
ҚР ҰҒА құрметті академигі, т.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті , Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34, tuyakbai.rysbekov@mail.ru,

Рамазанов Мақсат Талғатұлы*[2],
магистрант, М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Қазақстан Республикасы, 090006, Орал қ., Сарайшық 34,

Аңдатпа. *Бұл мақалада XX ғасырдағы Батыс Қазақстан өңіріндегі мұражайлардың өлкетану қызметі қарастырылады. Зерттеу барысында аймақтағы мұражайлардың тарихи-мәдени мұраны сақтау, зерттеу және насихаттау бағытындағы қызметі талданады. Мұражайлардың өлкетану жұмыстарының негізгі бағыттары, олардың қоғамға тигізген ықпалы және аймақтағы ғылыми-зерттеу қызметімен байланысы сараланады. Сонымен қатар, мұражай ісінің дамуына әсер еткен әлеуметтік-мәдени факторлар мен тарихи кезеңдерге мән беріледі. Зерттеу нәтижелері Батыс Қазақстандағы өлкетану ісінің дамуы мен маңыздылығын ашып көрсетуге бағытталған. Бұл зерттеу барысында мұражайлардың білім беру және ағартушылық қызметіне ерекше назар аударылады. XX ғасырдағы тарихи оқиғалардың мұражай ісіне ықпалы, соның ішінде соғыс жылдарындағы, Кеңес кезеңіндегі және тәуелсіздік жылдарындағы өзгерістер қарастырылады. Сондай-ақ, мұражайлардың аймақтық өзіндік ерекшеліктері, олардың жергілікті қауымдастықпен өзара байланысы мен мәдени мұраны жаңғыртудағы рөлі сипатталады. Зерттеу нәтижелері өлкетану қызметінің әдістерін жетілдіруге, мұражайлардың тарихи-мәдени құндылықтарды сақтау және таратудағы орнын айқындауға мүмкіндік береді.*

Түйін сөздер: *Батыс Қазақстан, мұражай ісі, өлкетану, тарихи-мәдени мұра, XX ғасыр.*

КРАЕВЕДЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ МУЗЕЕВ ЗАПАДНОГО КАЗАХСТАНА В XX ВЕКЕ.

Аннотация. *В данной статье рассматривается краеведческая деятельность музеев Западного Казахстана в XX веке. В ходе исследования анализируется роль музеев в сохранении, изучении и популяризации историко-культурного наследия региона. Определены основные направления краеведческой работы музеев, их влияние на общество, а также связь с научно-исследовательской деятельностью. Особое внимание уделяется социально-культурным факторам и историческим периодам, повлиявшим на развитие музейного дела. Результаты исследования направлены на раскрытие значимости краеведческой работы музеев Западного Казахстана. В данном исследовании особое внимание уделяется образовательной и просветительской деятельности музеев. Рассматривается влияние исторических событий XX века на музейное дело, в том числе изменения в военные годы, советский период и годы независимости. Также анализируются региональные особенности музеев, их взаимодействие с местным сообществом и роль в возрождении культурного наследия. Результаты исследования позволяют усовершенствовать методы краеведческой работы и определить место музеев в сохранении и распространении историко-культурных ценностей.*

Ключевые слова: *Западный Казахстан, музейное дело, краеведение, историко-культурное наследие, XX век.*

THE LOCAL HISTORY ACTIVITIES OF MUSEUMS IN WESTERN KAZAKHSTAN IN THE 20TH CENTURY.

Abstract*. This article examines the local history activities of museums in Western Kazakhstan in the 20th century. The study analyzes the role of museums in preserving, researching, and promoting the region's historical and cultural heritage. The main directions of museum-based local history work, their impact on society, and their connection with scientific research activities are identified. Special attention is given to the socio-cultural factors and historical periods that influenced the development of museum affairs. The research results aim to highlight the significance of museums' local history activities in Western Kazakhstan. This study focuses on the educational and enlightening activities of museums. It examines the impact of 20th-century historical events on museum work, including changes during wartime, the Soviet period, and the years of independence. The regional characteristics of museums, their interaction with the local community, and their role in the revival of cultural heritage are also analyzed. The research results*

contribute to improving methods of local history studies and defining the role of museums in preserving and promoting historical and cultural values.

***Keywords**: Western Kazakhstan, museum affairs, local history, historical and cultural heritage, 20th century.*

Кіріспе

Музейлер – қоғамның тарихи жады мен мәдени мұрасын сақтаудың маңызды орталықтары. Олар өткен дәуірлерден сыр шертетін жәдігерлерді жинақтап қана қоймай, халықтың тарихи санасын қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Батыс Қазақстандағы музейлер XX ғасырда аймақтың тарихи-мәдени құндылықтарын зерттеуге, сақтауға және насихаттауға бағытталған өлкетану қызметін белсенді жүргізді.

Бұл кезеңде музейлердің қызметі тек экспонаттар жинаумен шектелмей, ғылыми-зерттеу жұмыстары мен ағартушылық бастамаларды да қамтыды. Әсіресе, аймақтағы археологиялық қазбалар, этнографиялық зерттеулер және тарихи деректерді жүйелеу ісі кеңінен қолға алынды. Кеңес дәуірінде музейлердің өлкетану бағытындағы жұмыстары идеологиялық сипат алғанымен, олар Батыс Қазақстанның мәдени және тарихи ерекшеліктерін сақтап, ұрпаққа жеткізуге ықпал етті.

Осы зерттеуде XX ғасырдағы Батыс Қазақстан музейлерінің өлкетану қызметінің негізгі бағыттары мен олардың қоғамға әсері талданады. Сонымен қатар, музей ісінің дамуына әсер еткен әлеуметтік-мәдени факторлар қарастырылады. Бұл зерттеу аймақтың тарихи мұрасын сақтауда музейлердің алатын орнын анықтауға және олардың өлкетану қызметінің маңыздылығын ашып көрсетуге бағытталған.

Зерттеу материалдарымен әдістері

Зерттеу жұмысы барысында архив құжаттар жинағына талдау жасалынып, өлкетанушы ғалымдардың мақалалары қарастырылды. Монографиялармен жекелеген еңбектерге шолу жасалынды. Музей қорларының жинақтарына, қаладағы мухейлердің қызметтік құжаттарымен жұмыс жасалынды.

Зерттеу нәтижелері.

XX ғасырдың басында Қазақстан аумағында мұражай ісі қарқынды дами бастады. Бұл үдеріс Батыс Қазақстанда да айқын байқалды. Өлкетанушылар, ғалымдар мен жергілікті билік өкілдері аймақтың тарихи-мәдени мұрасын

сақтау қажеттілігін түсініп, алғашқы мұражайларды ұйымдастыруға атсалысты.

1920-30 жылдары Кеңес үкіметінің идеологиялық саясатына сәйкес мұражайлар тарихты зерттеудің негізгі орталықтарына айналды. Бұл кезеңде мұражайлар көбінесе революциялық өзгерістерді, кеңестік биліктің орнауын көрсетуге бағытталды. Сонымен қатар, өлкетанушылардың бастамасымен аймақтың археологиялық, этнографиялық және тарихи мұрасын жинақтау жұмыстары жүргізілді [1].

1950-70 жылдары мұражай ісі жаңа даму кезеңіне аяқ басты. Бұл кезеңде Батыс Қазақстанда бірнеше ірі мұражайлар құрылды, олардың ішінде Батыс Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайы ерекше орын алды. Бұл мұражай аймақтың тарихын, мәдениетін, табиғи ерекшеліктерін зерттеу жұмыстарымен айналысты.

Қазақстан музейлері – елдің тарихи-мәдени және табиғи мұрасын жинақтау, зерттеу, сақтау және насихаттау бойынша басты әлеуметтік-мәдени институттар болып табылады. Осыған байланысты музей ісінің қазіргі даму жағдайын зерттеу және Қазақстан музейлерінің негізгі қызмет бағыттарын талдау мәселелері өзекті болып табылады. Батыс Қазақстан аумағындағы музей қызметі XX ғасырдың 50-60 жылдары кеңінен қанат жая бастады. Соғыс жылдары тұралап қалған өлкетану ісі билік тарапынан қолдау таба бастады.

Өлкедегі басты тарихи-мәдени нысан Ордадағы хан музейі болып саналады. Батыс Қазақстан облысы әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту, архив ісі басқармасына қарасты Хан ордасы тарихи-мәдени, архитектуралық-этнографиялық музей-қорығы 1962 жылдан бастау алады. Хан ордасы тарихи музейі кеңес заманында халықтың игілігіне аса қатты жұмыс жасамады. Музейге қатты назар аударылмады.

1828 жылы салынған Хан Сарайы, 1867 жылы ашылған Казначейчество, 1868 жылы ашылған Тарғын учаскелік мектебі, 1883 жылы ашылған қыздар мектебі сынды тарихи-архитектуралық ғимаратарынан және 1835 жылы салынған хан мешітінің негізінде қалпына келтірілген мешіт ғимаратынан құралған.

1962 жылы Орда тарихи-революциялық музейі қоғамдық негізде болып құрылған. 1967 жылы мемлекеттік Орда тарихи-революциялық музейі. Музейді ұйымдастырған алғашқы директоры А.Ю.Тажетдинов. 1997 жылы Бөкей ордасы тарихи музейі болып өзгерді. Үш бөлім:

I-«Қазына» үйінде Бөкей ордасы тарихы,

II-«Хан сарайы»,

III-«Тәуелсіздікке арналған».

Экспозиция залдарының саны 12. 1986, 1997 жылдары экспозициялар жаңартылып, қайта жасақталды. 2001 жылдан бастап – Бөкей ордасы тарихи кешені. Экспозициясы 2001 жылы 30 қазанда жаңадан жасақталып бітірілді.

Жымпиты ауылындағы қазіргі Сырым Датұлы көшесінде орналасқан Алаш музейі ғимараты тарихи-мәдени ескерткіштердің бірі болып табылады.

Бұл ғимарат — 1880-1890 жылдары салынған екі қабатты үй, қабырғасы саман тастан тұрғызылып, сыртқы ағашпен қапталған. Жалпы ауданы — 76,0 м2.

1917 жылы шілде айында Алаш партиясы құрылды. Осы ғимаратта 1918 жылдың ақпан айынан 1919 жылдың қазан айына дейін "Алашорда" үкіметінің Батыс бөлімі орналасты. Басшысы болып Жанша (Жаһанша) Досмұхамедов тағайындалды.

2007 жылы Сырым Датұлының 265 жылдығына орай ғимаратқа күрделі жөндеу жүргізіліп, батыр атындағы музей ретінде ашылды. 2012 жылы Алаш қайраткері Ж.Досмұхамедовтің 125 жылдығына орай арнайы көрме залдары жабдықталып, Алаш музейіне айналды.

Батыс Қазақстан облыстық тарихи – өлкетану мұражайы – еліміздегі ежелгі мұражайлардың бірі. Ол сонау 1836 жылы Орал әскери училищесінің педагогы М.К.Курилинмен ұйымдастырылған болатын. Мұражайды ұйымдастыруда М.К.Карелин, Н.С.Северцев пен Л.С.Берг сынды белгілі ғалымдар өз үлестерін қосқан. Бірнеше ондаған жылдар өткен соң, ол Орал нақтылы училищесіне ауыстырылып, Орал казактары тарихының мұражайына айналған. Кейін соның негізінде облыстық тарихи – өлкетану мұражайы құрылады. Ұлы Отан соғысы жылдарында мұражай жабық болған. 1980 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін мұражай 1879 жылы тұрғызылған бұрынғы орыс – қырғыз мектебінің әсем ғимаратына орналасады. Бұл жылдары мұражай елдегі ең мықты мұражайлардың бірі ретінде танылып, КСРО Мәдениет Министрлігінің Құрмет Қызыл белгісімен марапатталған. Қазіргі таңда мұражайдың 8 филиалы бар: Кеңес Одағының Батыры М.Мәметованың үй – мұражайы, Е.Пугачевтің үй – мұражайы, суретші С.Гумервтің үй – мұражайы, Орал қаласындағы табиғат пен экология мұражайы, Зеленовский ауданы, Дарьинск ауылындағы белгілі жазушы М.Шолоховтың мұражайлық кешені, Сырым ауданындағы Сырым Датұлы атындағы тарихи – өлкетану мұражайы [2].

Мұражайдың экспозициясы 100 мыңнан астам экспонаттармен ұсынылған. Олар палеолит дәуірінен бастап қазіргі заманымызға дейінгі облыс дамуының тарихын көрсетеді. Мұражайдың бай топтамасы 8 залға орналастырылған: Жайық қаласының Алтын ордалық кезеңі мен пайда болуының археологиялары, Кіші жүз тарихы, Бөкей хандығының тарихы, кеңестік кезең тарихы, өнер тарихы, Батыс Қазақстан облысындағы ғылым

мен білім беру, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі тарихындағы қазақ халқының этнографиясы.

Өткен ғасырларда өлкені мекендеген казактардың тарихы мен тұрмысынан сыр шертетін өлкедегі бірден-бір музей Е.П.Пугачев музей-үйі болып табылады. Орал казактарының Е.Пугачев бастаған шаруалар соғысына Кіші жүз қазақтары қатысып, патша езгісінен құтылуды көздеген еді. Бұл соғыс 3 кезеңнен тұрып, 1775 жылы жеңілді. Е.Пугачевтің өзі Мәскеуге жеткізіліп өлім жазасына кесілді. Орта жүз бен Кіші жүз қазақтары қатысқан бұл көтеріліс қазақ халқының Ресей отаршыларына қарсы ұлт-азаттық қозғалыстарының басталуына ықпал етті.Тарихи мәліметтерге сүйенсек бұл музей-үйі Е.Пугачевтің әйелі У.Кузнецованың әкесінің үйі болған. Кеңес үкіметі тұсында 1967 жылға дейін бұл үйде кітапхана болса, 1991 жылдан бастап тарихи ескерткіш ретінде облыстық тарихи - өлкетану музейінің қарамағына берілді [6].

Батыс Қазақстандағы мұражайлардың өлкетану қызметі бірнеше негізгі бағытта жүргізілді:

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және зерттеу

Мұражай қызметкерлері аймақтың тарихи құндылықтарын сақтау мақсатында археологиялық және этнографиялық экспедициялар ұйымдастырды. XX ғасырдың ортасында көптеген тарихи жәдігерлер мен құжаттар жиналып, жүйеленді.

Ағартушылық және ғылыми-зерттеу жұмыстары

Мұражайлар жергілікті мектептермен, жоғары оқу орындарымен тығыз байланыс орнатып, түрлі лекциялар, көрмелер және экскурсиялар ұйымдастырды. Өлкетану экспедицияларында жинақталған материалдар ғылыми мақалалар мен еңбектердің негізіне айналды.

Тарихи деректер мен фольклорды жинақтау

Мұражай мамандары халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, шежірелер мен қолжазбаларды жинап, оларды зерттеу нысанына айналдырды. Бұл жұмыстар аймақтың мәдени-рухани мұрасын сақтауға мүмкіндік берді.

Кеңестік кезеңдегі идеологиялық қызмет

XX ғасырда мұражайлардың бір бөлігі Кеңес үкіметінің идеологиялық саясатын насихаттау құралы ретінде пайдаланылды. Кеңес дәуіріндегі мұражайлар көбінесе социалистік құрылыстың жетістіктерін көрсетуге бағытталды [3].

Батыс Қазақстан мұражайлары қоғамның тарихи санасын қалыптастыруда үлкен рөл атқарды. Олар халыққа өз тарихын таныстырумен қатар, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге ықпал етті. Сонымен қатар, өлкетану жұмыстары арқылы зерттеушілер жаңа археологиялық, тарихи және этнографиялық деректерге қол жеткізді.

Кеңестік кезеңнен кейін мұражайлардың қызметі жаңа сипатқа ие болды. Тәуелсіздік жылдары өлкетану қызметіне ерекше көңіл бөлініп, жергілікті тарихты жаңаша бағалау үрдісі басталды. Мұражайлар ұлттық мұраны дәріптеу мен сақтауда маңызды ғылыми-мәдени орталықтарға айналды [4].

XX ғасырдағы Батыс Қазақстан мұражайларының өлкетану қызметі аймақтың тарихи-мәдени мұрасын зерттеуде, сақтауда және насихаттауда маңызды рөл атқарды. Кеңес дәуірінде бұл мұражайлар идеологиялық сипатқа ие болғанымен, олардың ғылыми және ағартушылық қызметі өлкетану саласының дамуына үлкен үлес қосты. Бүгінде мұражайлар қоғамның тарихи жадының сақталуына және болашақ ұрпаққа мәдени мұраны жеткізуге ықпал ететін негізгі мекемелердің бірі болып табылады.

Қорытындылай келе, Батыс Қазақстан музейлері ғылыми-мәдение орталықтар болып табылады және солай қала береді. Алайда, бұл тұжырым негізінен республикалық және облыстық музейлерге тән. Ал аудандық және ауылдық деңгейдегі көптеген музейлер ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізбейді, бұл олардың елдің ғылыми жүйесінен алшақтауын көрсетеді. Мұның негізгі себебі – жергілікті жерлерде тұрақты ғылыми қызметпен айналысатын білікті мамандардың жетіспеуі. Сондықтан мемлекет музей қызметкерлерінің ғылыми және жарияланымдық қызметін жандандыруға күш салуда [5]. Мәдени-гуманитарлық салада жағдай біршама оң сипатқа ие: іс жүзінде барлық музейлер дәрістік қызметпен айналысады. Негізгі мақсатты аудитория – балалар мен жастар. Дәрістер жас ұрпақты патриоттық тәрбиелеуге бағытталған. Сонымен қатар, музейлер мәдени-ағартушылық бағытта түрлі іс-шаралар ұйымдастырады. Экскурсиялар, көрмелер, тарихи-танымдық кештер мен шығармашылық шеберлік сабақтары музейлердің қоғаммен өзара байланысын күшейтіп, олардың танымдық және тәрбиелік әлеуетін арттырады.

Батыс Қазақстан музейлері заманауи технологияларды қолдану арқылы да өз қызметін кеңейтіп келеді. Сандық форматтағы экспонаттар, виртуалды экскурсиялар мен мультимедиялық материалдар музейлердің қолжетімділігін арттырып, келушілердің қызығушылығын күшейтеді. Әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттер үшін интерактивті әдістер маңызды рөл атқарады. Дегенмен, кейбір музейлер материалдық-техникалық базаның әлсіздігі мен қаржылық қолдаудың жеткіліксіздігінен инновациялық жобаларды толыққанды жүзеге асыра алмай отыр. Бұл мәселені шешу үшін мемлекеттік қолдау тетіктерін жетілдіру, демеушілер мен меценаттарды тарту маңызды болып табылады. Жалпы алғанда, музейлердің ғылыми, мәдени және ағартушылық қызметі аймақтың тарихи мұрасын сақтап, болашақ ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Сондықтан музей ісін дамытуға бағытталған кешенді шаралар уақыт талабына сай жүзеге асырылуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кайназарова А. Е. Музейное дело в Казахстане (1831–1925): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1995. – 24 с.

3. Кущенко А. В. Музей в системе социокультурной коммуникации // Вестн. КазНПУ им. Абая. Сер. «Ист. и соц.-полит. науки». – 2015. – № 4 (47). – С. 183–186.

4. Мурзагалиева Э. Т. Принцип доступности среды в архитектуре музеев // Вестн. Казах. голов. архитектур.- строит. акад. – 2015. – № 4 (58). – С. 60–65.

5. Мусаханова М. З. Развитие музеев Казахстана (1991–2001): автореф. дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2007. – 30 с

6. https://culturemap.kz/kk/object/zapadno-kazahstanskiiy-oblastnoiy-istoriko-kraevedchesk

УДК 902.904 (574)
МРНТИ 03.41.91

ПОЛЕВАЯ ШКОЛЬНАЯ АРХЕОЛОГИЯ

Г.К. Бейсенбаева
докторант PhD, Казахский Национальный Педагогический университет имени Абая
Алматы, Казахстан
B-gulnaz_80@mail.ru

Абдуллин Алимжан
Магистрант, КазНУ им. Аль-Фараби
Алматы, Казахстан
Alimabdullin@gmail.com

Аннотация. Статья посвящена анализу проведенных полевых археологических раскопок кургана с участием школьников, что позволит интегрировать практическое изучение археологии в образовательный процесс. В статье рассматриваются ключевые этапы подготовки к раскопкам, включая выбор подходящей территории, обеспечение безопасности и разработку технических средств для учащихся. О примененных методах привлечения школьников в процесс археологических исследований, включая обучение основам документирования находок, использование археологических инструментов и техники раскопок. Подобные раскопки-уроки расширяют образовательные горизонты и оказывают положительное влияние на развитие учащихся в контексте современного педагогического подхода.

Ключевые слова: полевая археология, методика, критическое мышление, учитель, учащийся

Введение. Осенью 2024 года совместно с археологами и учащимися одной из школ города Алматы была организована совместная археологическая экспедиция. Всего к раскопкам было привлечено 7 учащихся. Целью данного проекта было привлечь учащихся старших классов к непосредственному участию на настоящих археологических раскопках. Археологические работы наглядно демонстрируют, как на практике реализуется опыт проведения полевых раскопок. Авторы считают, что включение учащихся в полевые раскопки - это не только интересный способ изучения истории и археологии, но и полезный опыт, развивающий критическое мышление, навыки наблюдения, анализа и коллективной работы в группе.

Каждый учитель истории хотя бы раз сталкивался на своих уроках с вопросом от своих учеников: «Как и с чего начинаются раскопки?» На традиционных школьных уроках учителя-историки рассказывают об артефактах и необычных археологических находках, но сам процесс поиска и извлечения археологических находок остается за рамками учебного материала. Ученикам важно увидеть, как археологи проводят разведку, а также понять, из каких этапов составлен весь процесс раскопок. В своей педагогической практике авторы часто сталкивались с подобными вопросами, на которые не всегда легко ответить, поскольку в учебниках по истории этому вопросу уделено недостаточно внимания. Участие школьников в археологических раскопках может стать увлекательным и полезным образовательным опытом, который сочетает теоретические знания с практическими навыками. Для организации этого процесса важно использовать продуманный педагогический подход, чтобы дети получили максимальную пользу и интерес от участия. Посещение археологических раскопок кургана предоставляет уникальную возможность для учащихся познакомиться с историей через реальное взаимодействие с артефактами и археологическим процессом. Это создает глубокую связь с изучаемыми материалами и активирует практическое мышление. Такой метод способствует более глубокому и устойчивому усвоению знаний по истории и археологии как науки.

Материал и методы. Археологические исследования кургана №8 могильника РЖВ проводились в течение октября. (Фото 1) По характеру намогильного сооружения и могильной ямы он датируется временем РЖВ. Исследования могилы, которая четко фиксировалась по стенкам, наличию остатков дерева, костей человека и бронзовых крепёжных изделий, дало основание датировать памятник ранним периодом РЖВ.

Авторы считают, что учащимся нет необходимости знать тонкости мелочей археологических раскопок. Достаточно понять суть раскопок и знать пошаговые действия методики раскопок.



Фото 1. Вид с севера

Методика исследования. Необходимо разъяснить учащимся, что начало поисков исторических находок начинается задолго до фактического копания кургана. Первоначально проводится подготовительный этап планирования раскопок. Важно ясно понимать, что именно археологи надеются найти и изучить. Этот этап включает в себя выбор объекта (в данном случае кургана) и формулирование исследовательско-поисковых задач. На этом этапе определяется, где конкретно будет проводиться раскопки. Археологи исследуют стены для ограждения курганов или других археологических памятников. После выбора места раскопок необходимо получить разрешение на деятельность Учащиеся должны знать, что полевые работы требуют согласования с государственными органами. Археологами ведутся записи в полевых дневниках, зарисовываются схемы, таблицы и бланки для фиксации находок. Важное место в методике проведения раскопок занимает топографическая съемка и составление карты. Шишкина Г.А считает, что необходимо подробнее остановиться на составлении планов раскопов и чертежах профилей как на наиболее трудоемком процессе. [1, 11]

Особое место при открытии погребальных мест считается изучение культурных слоев. По утверждению Артемьева В.А. на месте размещения курганов «Остаются следы перекопов, нарушений почвенного слоя и предыдущих могил. Сюда же следует отнести и следы грабежа могил в разное время, а также впускные захоронения, которые случайно или намеренно сооружались на уже заброшенных кладбищах после длительного перерыва представителями других культур и периодов» [2,16] Действительно, в исследуемом кургане был обнаружен грабительский лаз. Вне всяких сомнений могила была неоднократно ограблена. (Фото 2)



Фото 2. Грабительский лаз. Северный профиль.

Это удачная находка взбудоражила воображение учащихся. В связи с этим, учителем было дано практическое задание. После открытия всех культурных слоев кургана, учащиеся должны были зарисовать курган отдельным вырезками и точно определить количество слоев. (Фото 3) А так же зарисовать лаз и подготовить красочный отчет.



Фото 3. Южный профиль.

В ходе раскопок могильной ямы были обнаружены бронзовые штыри и гвозди. Всего 18 штук. (Фото 4) Ребятам была предоставлена возможность проанализировать и провести первичный осмотр находок с целью их датировки и определения культурного контекста.



Фото 4. Три крюка. Могильная яма

Вместе с тем, эти раскопки дали ценный научный материал по технике строительства могильного сооружения, и дальнейшие исследования этого материала могут привести к интересным аналогиям.

Особое место в процессе раскопок занимает техника работы с почвой и находками. Этот этап работы для учащихся представляет самый большой интерес. Ребятам была предоставлена возможность на ряду с учеными-археологами принять участие в работе с инструментами. Согласно методическим правилам механическая работа подразумевает использование небольших лопаток и совков для осторожного снятия грунта, чтобы свести к минимуму риск повреждения находок. (Фото 5) Используются в зависимости от обнаруженных приспособлений, грунт вокруг находок очищается более деликатными инструментами, такими как кисточки и шпатели. (Фото 6) Для занятием раскопок необходимо «обладать максимально подробными знаниями об археологической культуре, к которой относятся искомые памятники». [3, 10]



Фото 5. Работа с лопатами



Фото 6. Работа с инструментами



Фото 7. Могильная яма



Фото 8. Использование металлоискателя

Анализ и обсуждение. Особенностью для данного исследования является совместная коллективная работа археологов и школьников. В процессе раскопок авторы проводили с учащимся «уроки». Такая форма урока позволяет учащимся познавать новую тему непосредственно находясь на месте изучения самой истории. Итоговые результаты и находки передаются в музеи и научные организации, а также могут использоваться для целей обучения в школах. Вместе с тем, эти раскопки дали ценный научный материал по технике строительства могильного сооружения, и дальнейшие исследования этого материала могут привести к интересным аналогиям.

Отмечается, что подобная форма практической работы способствует лучшему пониманию истории через призму археологии. Учащиеся принимали участие непосредственное участие в раскопочных работах, слушая комментарии археологов ребята выполняли не сложные, но интересные задания. Главным критерием участия на раскопках это были безопасность и организация процесса. Для успешного и безопасного участия школьников важно организовать работу таким образом, чтобы каждый участник понимал правила безопасности. Важно контролировать использование инструментов и соблюдать правила при работе с артефактами.

Заключение. Подобная практика показывает значимый образовательный эффект, позволяющий учащимся не только владеть теоретическими основами, но и получать уникальный практический опыт в изучении курганов. Практика проведения раскопок при непосредственном участии учащихся имеет положительный эффект.

Археологические раскопки - это всегда командная работа. Детям предстоит работать вместе, распределять обязанности и нести ответственность за выполненные задачи. Такой опыт помогает развивать навыки взаимодействия и коллективной ответственности.

На раскопках учащиеся задавали вопросы, обсуждали гипотезы археологов и пытались самостоятельно анализировать находки, что помогает развивать критическое мышление. Брали интервью у ученых. Они учатся различать факты от догадок, понимать процесс научного исследования и видят связь между теорией и практикой.

Очень важно дать школьникам возможность активно участвовать в раскопках: они могут работать с реальными артефактами, участвовать в их анализе и обработке. Это повышает мотивацию и помогает закрепить знания на практике. При этом развивается критическое мышление и аналитические навыки. Школьники учатся анализировать найденные артефакты, сопоставлять их с историческими данными, делать выводы о жизни людей в прошлом. Это помогает развивать критическое мышление и навыки решения проблем. Участие в реальных раскопках помогает учащимся понять важность сохранения культурного наследия, формирует уважительное отношение к прошлому и историческим артефактам.

После завершения раскопок важно обсудить с учащимися результаты работы, что они узнали, какие выводы сделали. Это может быть оформлено в виде отчётов, проектов, презентаций или научных докладов. Учащиеся имеют возможность погрузиться в атмосферу древности и осознать значимость культурного наследия. Это вызывает положительные эмоциональные переживания и укрепляет уважительное отношение к историческим памятникам, а также к науке в целом.

Список использованной литературы

1. Шишкина, Г.А. Основы археологических исследований. М.: Академия, 2005.

2. Артемьев, В.А. Методы и техника археологических исследований. М.: Археологический институт, 2003 г
3. Французов, С.А. Практическая археология: руководство для студентов и преподавателей. СПб.: Гиперион, 2010.
4. Байпаков, К.М., Самашев, З.С. Археология древнего Казахстана: Алматы: Наука, 2002.

ӘОЖ 001.891:069

МУЗЕЙДЕГІ ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ЖҰМЫСЫ: МӘДЕНИ МҰРАНЫ САҚТАУ МЕН ЗЕРДЕЛЕУДІҢ НЕГІЗІ

Молдашева Самал Казихановна
«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ
Қазақстан және дүниежүзі тарихы кафедрасының аға оқытушысы, тарих магистрі

Аңдатпа: *Музейлер - мәдениет пен тарихтың тереңіне саяхат жасауға мүмкіндік беретін құнды орындар. Олар тек көрмелер мен экспонаттарды ұсынумен шектелмей, сонымен қатар ғылыми зерттеулер мен мәдени іс-шараларын жүргізеді. Музейдегі ғылыми зерттеу жұмыстарының маңызы зор, өйткені олар тарихи, әлеуметтік және мәдени білімнің дамуына үлес қосады. Мақалада мәдени мұраны насихаттауда музейдегі ғылыми зерттеу жұмыстарының маңыздылығы сараланып, экспонанттардың тарихын ғылыми зерттеу жұмыстарының өзектілігі қарастырылады.*

Тірек сөздер: *музей, ғылыми-зерттеу жұмысы, жәдігер, экспозиция, мәдени мұра*

Аннотация: *Научно-исследовательская работа в музее – это анализ и исследование различных аспектов истории, культуры и искусства, проводимое на основе материалов, хранящихся в музейных коллекциях. В ходе такой работы исследователи изучают и анализируют экспонаты, архивные документы, фотографии, редкие книги и другие объекты, собранные и представленные в музее. Целью этой работы является расширение знаний о прошлом, понимание исторического контекста и раскрытие новых фактов и интерпретаций. В статье анализируется важность научно-исследовательской работы в музее в пропаганде культурного наследия.*

Ключевые слова: *Музей, научно исследовательская работа, экспонат, экспозиция, культурное наследие*

Abstract: *Research work in a museum is an analysis and research of various aspects of history, culture and art, conducted on the basis of materials stored in museum collections. In the course of such work, researchers study and analyze exhibits, archival documents, photographs, rare books and other objects collected and presented in the museum. The purpose of this work is to expand knowledge about the past, to understand the historical context and to uncover new facts and interpretations. The article analyzes the importance of research work in the museum in promoting cultural heritage*

Keywords: *Museum, research work, exhibit, exposition, cultural heritage*

Музей – еліміздің мәдени мұрасын көпшілікке танытуды қамтамасыз ететін және ғылыми-зерттеу функцияларын жүзеге асыратын мәдениет мекемелердің бірі. Музей жәдігерлері мен музей коллекциялары музей қорының құрамына кіреді және елдің мәдени мұрасының ажырамас бөлігі болып табылады [1.60 б.]. Ғылыми зерттеу мекемелерінің қатарында музейдің өз спецификалық ерекшеліктері бар. Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері ғылыми кеңістіктегі жаңалықтарды толықтыра түсетін, басқа ғылыми салалар жүйесін кең пайдаланатын және қолданатын ғылыми мекеме. Сондықтан да музейге қоғамдық сананы қалыптастыруға едәуір дәрежеде ықпал ететін зерде институты деп қарау керек. Себебі экспозицияда орналасқан әрбір мұра-мұрағаттың астарында сол жеке мұра тарихы ғана емес, осыған байланысты болатын халқымыз өмірінің жүріп өткен ізі, тарихы, мәдени болмысы, өнер үрдісі, салт-дәстүрі жатыр. Музей орта және жоғары арнаулы оқу орындарымен жұмыс істей отырып, жас ұрпақтың санасына ұлт-дәстүрімізді, тарихымызды терең ұғындыру, тіліне, Отанына деген патриоттық құлшынысын жандандыру бағытында жұмыс жасап, ғылыми шығармашылық жұмыс қорғауларына бағыт-бағдар береді.

Музейдің ғылыми зерттеу жұмыстары – бұл музей қорында сақталған экспонаттар мен коллекцияларды зерттеу, тарихи, мәдени және әлеуметтік контексттерде олардың маңызын ашу және түсіндіру үшін жүргізілетін кешенді ғылыми іс-шаралар жиынтығы. Бұл зерттеулер арқылы музейлер өткен оқиғаларды, дәстүрлерді, өнер мен мәдениетті, сондай-ақ қоғамдық өмірдің әртүрлі аспектілерін жаңғыртып, келешек ұрпаққа жеткізеді. Ғылыми зерттеулер музей экспозицияларын дамытуға, жаңа көрмелерді ұйымдастыруға, білім беру бағдарламаларын жетілдіруге және кең аудиторияға музей қорларын таныстыруға ықпал етеді. Музей қызметкерлері мен зерттеушілерінің жұмысы архивтік материалдарды, әдеби көздерді, заттай дәлелдерді зерттеуге және талдауға негізделеді, бұл музейлік экспонаттардың тарихи және мәдени мәнін толық ашуға мүмкіндік береді.

Музейде ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастырудың маңыздылығы тарихи мұраларды жаңғыртып, келешек ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері музейдің білім беру бағдарламаларында қолданылады, көрермендерге жаңа ақпараттар мен тұжырымдар ұсынылады

Музейлерде ғылыми негізделген және жоспарлы түрде қорларды ұйымдастыру, музей заттарын сипаттау, өңдеу ғылыми-зерттеу жұмыстарының негізі болып табылады. Ғылыми зерттеу нәтижелері консервация, рестоврация, музей жәдігерлері мен коллекцияларын қорғау мен сақтау, экспозиция жұмысы, музейге келушілермен жұмыс, музейлердің мәдени білім беру қызметі сияқты қызметтеріне негізделе отырып, музей жұмысының ғылыми дәрежесін, деңгейін анықтайды.

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары кешенді және көп қырлы болып табылады. Музей зерттеулерінің әдіс-тәсілдері музейтанулық, психологиялық, педагогикалық, социологиялық, тарих, қосалқы тарихи пәндер, деректану,

этнографиялық, археологиялық, өнертану т.б. ғылыми салалардың зерттеулері аясына қарастырылады. Музейде ғылыми зерттеулер тарихи, археологиялық, этнографиялық бағытта жүргізіледі.

Әр музейдің ғылыми-зерттеу жұмысының негізгі бағыты музейдің қай бейіндік салаға жататынына, музейдің қоғамдық-әлеуметтік институттар жүйесіндегі алатын орнына байланысты анықталады. Кез-келген бейіндегі музей өзінің негізгі зерттеу методологиясы мен методтарын қолдану мен жетілдіруде ғылыми музейтанулық тұрғыдағы әлемдік музей ісіндегі қалыптасқан тәжірибелер мен принциптерді пайдаланады

Музейдің ғылыми-зерттеу жұмыстары жан-жақты бір-бірімен тығыз байланыста жүргізіледі. Себебі, музейдің экспозиция және көрме жасақтау жұмыстары, ғылыми концепцияларды дайындау, тақырыптық экспозициялық жоспарларды жасақтау барысы ғылыми қорды сақтау және өңдеу жұмыстарын жүргізудегі ғылыми-зерттеу ісінің қорытындыларына тікелей байланысты болып келеді. Сондықтан музей экспозициясын, көрмелерін жасақтау немесе баспадан шығаруға каталогтар, монография, альбомдар дайындау алдымен музей коллекцияларын талдап, ғылыми-зерттелуден басталады[1. 61 б.].

Музейлік зерттеулер музейлік заттарды жинақтау, сақтау, өңдеу сияқты салаларда жаңа білімді, ақпаратты алу мақсатында жүргізіледі. Музей саласындағы зерттеулердің бағыттарына: музейдің ғылыми концепциясын жасау, музей қорын ғылыми жинақтау, музей заттары мен коллекцияларын зерттеу, экспозиция мен көрмелерді ғылыми жобалау, музей ісінің тарихын зерттеу, музейтанудың тарихнамасын зерделеу болып табылады.

Музей ісіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі – ғылыми қор жинақтау, алдымен музей қорындағы экспонатты талдау барысында ғылыми деректер арқылы танып білуден басталады. Музейге келуші әрбір адам немесе көрермен көне дәуірден басталатын күні бүгінге дейінгі өлке тарихын өз көзімен көріп, қолымен ұстап сол дәуірге саяхат жасап қайтқандай әсер алу үшін музейдегі аса бағалы құндылықтар ғылыми негізде толық зерттелген болуы қажет. Ол үшін әрбір бұйым «экспонат» болып музейдің бас кітабына тіркелмес бұрын, қабылдау актісінде экспонаттың барлық деректері, тарихи құндылығы зерттеліп, ғылыми анықтамасы толықтай жазылуында музей қызметкерінің ұқыптылығы мен кәсіби білімділігін қажет етеді [2.].

Музей ісіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі – музейдің экспозициялық және көрмелік жұмысын дамыту.

Бұл үшін ең алдымен ұлттық тарихымызды түгендеуге көңіл бөліп, музейдегі тарихи деректерді, археологиялық және этнографиялық зерттеулерді жаңа әдістемелік тұрғыдан қайта қарастырып, музей экспозицияларын белгілі-бір жүйеленген негізде қайта құру болып табылады. Бұл бағыттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу музейдің белгілі-бір жүйе бойынша құрылған ғылыми концепциясының болу керек.

Ғылыми концепция дегеніміз музей жұмысының ғылыми негіздемесі мен бағыттарын анықтайтын құжат немесе жүйелі тұжырымдама. Ол музейдің негізгі мақсаты, міндеттері, қызмет ету бағыттары, жинақтау саясаты,

экспозициялық және ағартушылық жұмыстарының ғылыми негізін сипаттайды.

Музейдің ғылыми концепциясын жасауда жинақтаудың тақырыптарын терең ойластырып, негіздеп, бағыт-бағдарын анықтап алу керек. Жинақтаудың ғылыми концепциясы бірнеше кешенді жұмыстардан тұрады. Оған музейдегі жинақталған қордың құрылымы мен мазмұнын бағалау, қордағы заттардың толықтығы мен деңгейін анықтау, коллекцияны толықтыру үшін бағыты мен сипатын анықтау, музейдің алдында тұрған мақсат міндеттерге сай материалдарды сұрыптау, талдау мәселелерін қарастыру, құжаттарда жазылған ақпаратты талдау, сұрыптау, музей қорындағы заттардың каталогтар жүйесін жасау кіреді. Жинақталған коллекцияларға ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері бойынша ғылыми есептер жазылады, көрмелер ұйымдастырылады, каталогтар жасалады, мақалалар мен монографиялар шығарылады.


Музей коллекциялары мен жәдігерлерін жан-жақты зерттеу оларды ғылыми айналымға енгізудің негізгі талабы. Әсіресе деректік талдау кезінде музей жәдігерлерінен жаңа мәліметтер алынады. Қоғамдағы үрдістерді, құбылыстарды, заңдылықтарды толықтай түсіну үшін алынған ақпараттың беретіні өте мол. Музейлік құндылық тек заттың ғылымилығымен ғана емес, одан да кеңірек тарихи, өнерлік, эстетикалық, мемориалдық, коммуникативтік жақтарымен мәнді болып келеді. Музей жәдігерлерін зерттеу осы айтылғандар туралы ақпараттың бүкіл кешенді тұстарын қамтуға бағытталады.

Музейде әрбір затты зерттеуде және сипаттауда өзіндік ерекшеліктері бар. Зерттелетін жәдігердің түріне сәйкес оның зерттеу және сипаттау барысы өзгеріп отырады. Музейлік заттарды сипаттауға сәйкес, оларды бірнеше дәрежелерге бөлуге болады:

1. Заттық ескерткіштер
2. Жазбаша ескерткіштер
3. Бейнелеу өнерінің туындылары
4. Фото материалдар
5. Құжатты – бейнелеу материалдары

Ғылыми сипаттама төлқұжаттарында бірінші тарау негізі ғылыми қор жинақтау мақсатында жүргізіледі. Барлық музей заттарының ғылыми сипаттамасында инвентарлық нөмірде фотосуретке түсірілген заттың негативі, атауы және фотосуреті, есепке алу бөлімінен зат туралы мәлімет алу үшін мүліктік және басқа нөмірлері, музейдегі сақталу орны мен түскен кездегі аңыздары болуы шарт. Сондай-ақ, ғылыми сипаттау тарауына ескерткіштің ғылыми мәнін ашатын және музейлік затты зерттеуде қолданған дереккөздерінің көрсеткіштері де жатады. Төлқұжаттың соңында авторы және жазылған уақыты көрсетіледі. Төлқұжатта міндетті түрде фотосуреті болады. Әрі қарай төлқұжаттың мазмұны ғылыми сипаттаманың негізі заттық зерттеуге арналады. Алайда сипаттамалар тарауы сыртқы жағынан (сипаты, мазмұны, тарихы) ұқсас болғанымен, ішкі жағынан мазмұндары әртүрлі болып келеді. Заттық ескерткіштерді зерттеу – тарихи деректері ретінде, музей

жәдігерлерінің мағынасын анықтау болып саналады. Музей саласында заттық ескерткіштерді зерттеу аса қажет, өйткені, тарихи деректанушылар жазбаша ескерткіштерді зерттесе, ал археологтар заттық ескерткіштің бір түрі – археологиялық ескерткіштерді зерттейді. Заттық жәдігердің ғылыми сипаттамасын жазғанда зерттеу объектісі болып музейлік зат танылады [3.74].



[4].

Бірақ бұл затты зерттеу кезінде ескерткіш тарихи дерек ретінде керекті мәліметтерді бере алмайды. Өйткені, ескерткішті зерттеу – тарихи-әдебиеттер, мұрағат, жазбаша, ауызша көрсеткіштер, көркем әдебиеттер және бейнелеу өнерінің туындыларымен байланысты әрі, бар болса, басқа ұқсас заттық ескерткіштер салыстырмалы тәсілмен зерттелінеді. Заттық ескерткішке ғылыми сипаттама жасау төлқұжатында музейлік заттың дұрыс атауы берілуі қажет, бұл атау бұрынғы қабылдау кезіндегі актіде берілген және инвентарлық нөмірдегі атаумен сәйкес келіп, ғылыми түрде анықталуы тиіс. Алайда, зерттеуші жұмыс барысында бұрын жасалған ғылыми анықтамамен келісе салмай, заттық ескерткіштің атауы музей терминологиясына сәйкес келетіндігін тексеруі қажет. Сай келмесе ғылыми әдебиеттерден, қосымша анықтамалар іздеген жөн. Зерттеуші әрбір ескерткіштің сипаттамасын аяқтаған соң, оны ғылыми талқылаудан өткізуі керек. Ғылыми сипаттамаға заттың атауынан басқа – аңызды, заттың музейге түскен уақытын, сақталу орнын, сондай-ақ затқа қатысты барлық құжаттардың есептік мәліметтерін енгізеді. Ғылыми есептік құжаттарға қабылдау актісі, аңызы, экспедиция күнделігі және инвентарлық кітаптары жатады.

Музейлік затты зерттеу төмендегідей тәртіппен жүргізіледі.

Ең алдымен заттың қандай материалдан жасалғанын, әрі көлемін анықтайды. Егер бұйым асыл металдан жасалса, оның салмағы, қалыптау, құймалық қасиеттері егжей-тегжейлі анықталады. Бейнелері, жазулары, өзге де сипаты түбегейлі тексеріледі. Үшінші кезекте заттың сақталуы мен қалпына келтіру тарихына тоқталады. Қорыта айтқанда, осы үш кезеңнен заттың ғылыми каталогі өмірге келеді [5].

Музей ісіндегі ғылыми-зерттеу жұмыстарының бірі – мәдени ағарту және білім беру. Мәдени ағарту және білім беру ісі бұл музей ісінде музейлік

педагогикамен байланысты. Бұл бағытта түрлі танымдық лекциялар өткізу, үйірмелер жұмысын жолға қою, ғылыми жарияланымдар дайындау жұмыстарын айтуға болады. Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмысында конференциялар ұйымдастыру, дөңгелек үстелдер, ғылыми мәжілістер, ғылыми экспедициялар ұйымдастырудың маңызы өте зор. Жалпы айтқанда, музейдің ғылыми - зерттеу және мәдени ағарту саласы бойынша атқарылатын жұмыстар арқылы жас буынға патриотизм қалыптастырып, ұлттық тәрбие беріледі.

Музей мамандары жәдігерлердің тарихи құндылығына көз жеткізу үшін әртүрлі ғылымдардың зерттеу тәсілдерін қолданады: өнер туындылары үшін өнертану ғылымының, археологиялық материалдар үшін археология, этнографиялық материалдар үшін этнология ғылымының тәсілдері қолданылады. Бірақ музейтанушылар заттарды тек дерек көзі ретінде зерттеп қана қоймай, сонымен қатар мәдени мұра және көңіл күйге әсер етуші дерек көзі ретінде де зерттеп, оның аттрактивтік қасиетіне көңіл бөледі.

Музей заттарын зерттеу негізінен заттарды атрибуциялау, оларды жіктеу және жүйелеу, интерпретациялау сияқты үш кезеңнен тұрады.

Музей заттарын зерттеудің алғашқы кезеңінде заттың белгілерін ой елегінен өткізіп, оның физикалық қасиеті, шығу тарихы, әлеуметтік тұрмыстық ортасы, материалы, жасалу әдісі, түр түсі, сыртқы белгілері, ерекшеліктері және заттың авторы, нақтылы оқиға мен тұлғаға қатысты деректер анықталады. Затты анықтау мынандай жағдайларға: атрибуцияланып отырған затқа қатысты тарихи оқиға мен құбылыстың қаншалықты белгілі екендігіне, зерттелу және маңыздылық дәрежесіне, заттың қандай дерек түріне жататындығына және оны оқиға немесе құбылыстың болып жатқан уақытында немесе көп жылдар өткеннен кейін табылатындығына да байланысты. Музей заттарын атрибуциялау ең алдымен көру арқылы анықталатын формасы, түр түсі, көлемі, салмағы сияқты шынайы белгілерін зерттеуден басталады. Заттың бұл белгілері оның негізгі атқаратын міндеттері мен құрылымы туралы ақпарат береді. Заттың материалын зерттеу оның авторын, жасалған орны мен мерзімін анықтауда маңызды рөл атқарады. Осы тұста заттың жасалу тәсілі де анықталып өтеді. Көптеген музейдегі заттар өткен ғасырларға жататындықтан, олардың авторы, жасалған орны мен уақыты туралы ақпараттар сирек кездесуі немесе мүлдем болмауы мүмкін. Сондықтан мұндай деректерді зерттеу музей мамандарынан арнайы тарихи, дерекнамалық, өнертанулық білімді талап етеді. Заттарды атрибуциялау барысында оларға түскен жазулар, таңбалар, сызбалар және оның сақталу дәрежесі анықталып, оған түскен ақаулар сипатталып жазылады [6].

Мысалы, этнос киімін атрибуциялауда:

1. Киімнің пішінін, сыртқы ерекшеліктерін қарапайым түрде сипаттау;
2. Киімнің, оның детальдарының символдық қасиетін сипаттау;
3. Ұлттық атауларын анықтау;
4. Тұрмыстық ортасы мен алынған жерін анықтау.;

5. Рулық, этностық, аймақтық, локалдық шығу “тегі” немесе тарихы; ескеріліп, толыққанды зерттелгеннен кейін ғана көпшілік назарына ұсынылады.

Музей заттарын зерттеудің келесі кезеңі – оларды жіктеу мен жүйелеу. Бұл заттар арасындағы өзара байланысты қалыптастырады.

Жіктеудің мақсаты музейдегі барлық заттарды аса маңызды белгілеріне (жалпы жіктеу) немесе бір ғана белгісі (жеке жіктеу) бойынша топтарға жіктеу болып табылады. Ол музейдің өзі жасаған жіктеу сызбанұсқасы бойынша жүзеге асырылады. Мұнда музейдегі бір зат ғана емес, оған қабылдануға тиісті заттар да қамтылады. Жекеленген жіктеу таңдап алынған принциптеріне сәйкес хронологиялық (заттардың жасалу және тұрмыстық ортадағы уақыты бойынша), географиялы (заттың тұрмыстық ортасы мен жасалынған орнына байланысты), авторлық немесе есімдік (жеке бір адамға байланысты) және заттық (заттың сюжетіне байланысты) болып бөлінеді [7.57].

Әрбір музейде қабылданған барлық заттар карточкалар немесе электрондық құралдардың көмегімен топ-топқа бөлінеді. Жіктеу сызбанұсқасына сай каталогтар жүйесі жасалынады. Жүйелеу әрбір заттың орнын белгілеуге, оның құндылығын анықтауға, заттағы деректерді топтастыруға мүмкіндік береді.

Музей заттарын жіктеу мен жүйелеу үрдістері өзара бір-бірімен тығыз байланысты, жүйелеу жіктеуден шығады, ал заттарды жіктеу үдерісі жүйелеу барысында толықтырыла түседі.

Музей заттарының қорытынды кезеңі оларды ғылыми дерек көзі ретінде сараптау және интерпретациялау. Бұл кезең өте жауапты да маңызды үдеріс болып табылады. Атрибуциялау мен жүйелеу кезеңдерінде алынған деректер жиынтығы ғылыми интерпретациялау барысында терең сараптамаланып, талданып жаңа маңызға ие болады. Бұл кезеңде музей заттарының түпнұсқалығы, аттрактивтік, экспрессивтік, коммуникативтік қасиеттері мен ол беретін деректердің көлемі, оның шынайылығы, яғни заттың құндылығы анықталады.

Осылайша, музей заттары осындай терең ғылыми-зерттеу кезеңдерінен өтіп, оған тән барлық белгілері анықталып, сараптамаланып, қорытынды жасалынғаннан кейін ғана оның ғылыми, тарихи, көркемдік, мемориалдық, саяси құндылығына шынайы түрде баға беруге болады.

Музейдегі ғылыми-зерттеу жұмыстары – бұл музей қызметінің негізі болып табылады. Олар қорды толықтыру, көрмелер ұйымдастыру, мәдени және білім беру шараларын тиімді жүргізу үшін қажет. Сонымен қатар, ғылыми зерттеулер арқылы мәдени мұра терең зерттеліп, сақталып, көпшілікке таныстырылады. Бұл жұмыстар өткенді тануға, бүгінгі күнді бағалауға және болашаққа жол салуға көмектеседі.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Музей ісін дамытудағы өзекті мәселелер. Атырау, 2009. – 60 б.
2. Өлке тарихының өзекті мәселелері: ізденістер, зерттеулер, тұжырымдар. Атырау, 2001. – 131 б.
3. Райымханова К., Қатран Д. Музей ісінің теориясы мен практикасы: оқу құралы. – А., 2002. – 74 б.
4. Атырау облысы тарихи-өлкетану музейі қорынан алынған құжат
5. Мұражай құндылықтарының есепке алынуы, сақталуы және пайдаланылуы. Атырау, «Ағатай», 2015. – 71 б.
6.Қартаева Т., Баудиярова Қ., Әбдаева Л. Музей ісіндегі инновациялар: оқу құралы – Алматы: Қазақ университеті, 2023. – 137 б.
7.Үмітқалиева Ұ., Терекбаева Ж. Музейлердегі қор жұмысын жасақтау: оқу құралы. – Алматы, Қазақ университеті, 2012 . – 57 б.

ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАНДАНУ ТАРИХЫ: АЛТЫН ОРДАДАН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІН

Заулкашев Б.А.
zaul_bakti97@mail.ru
«Тарихшы-педагог» білім бағдарламасының 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы
Ғылыми жетекшісі, т.ғ.д., профессор – Ахметова У.Т.

Аңдатпа. Түркі әлемі – тарих сахнасында айрықша орны бар өркениеттік кеңістік. Түркі тілдес халықтардың мемлекет құру дәстүрі мен саяси-мәдени ықпалы ғасырлар бойы әлемдік тарихқа әсер етті. Соңғы онжылдықтарда түркі елдері арасындағы интеграциялық процестер жаңа серпін алып, Түркі мемлекеттерінің ұйымы (ТМҰ) халықаралық қатынастар жүйесінде маңызды орын иелене бастады. Бұл мақалада түркі ынтымақтастығының тарихи негіздері, саяси алғышарттары және ТМҰ-ның қалыптасу хронологиясы Алтын Ордадан (Жошы Ұлысынан) бастап талданады. Алтын Орда — XIII–XV ғасырлар аралығында Еуразия кеңістігінде түркі және моңғол халықтарын біріктірген ірі саяси құрылым. Бұл империя түркі халықтарының саяси тұтастығының, мәдени ықпалдастығының және экономикалық өзара байланысының тарихи негізіне айналды. Осы кезеңде қалыптасқан өркениеттік және идеологиялық мұра кейінгі дәуірлерде – Алаш қозғалысы, Түркістан автономиясы, кеңестік кезеңнен кейінгі түркі елдерінің тәуелсіздік алуы мен 1992 жылы басталған ынтымақтастық саммиттері арқылы өз жалғасын тапты. Мақалада сондай-ақ қазіргі Түркі мемлекеттері ұйымының құрылуы, құрылымдық дамуы мен стратегиялық басымдықтары тарихи сабақтастық контекстінде қарастырылады.

Кілт сөздер. Түркі халықтары, Алтын Орда, Түркістан автономиясы, Алаш қозғалысы, түркі интеграциясы, Түркі мемлекеттері ұйымы, тарихи сабақтастық.

Аннотация. Тюркский мир - цивилизационное пространство, занимающее особое место на исторической сцене. Традиции государственного строительства и политико-культурное влияние тюркоязычных народов на протяжении веков влияли на мировую историю. В последние десятилетия интеграционные процессы между тюркскими странами приобрели новый импульс, и организация тюркских государств (ОТГ) стала занимать важное место в системе международных отношений. В этой статье анализируются исторические основы тюркского сотрудничества, политические предпосылки и хронология формирования ОТГ, начиная с Золотой Орды. Золотая Орда – крупное политическое образование, объединившее тюркские и монгольские народы на евразийском пространстве в период с XIII по XV века. Эта империя стала исторической основой политической целостности, культурной интеграции и экономического взаимодействия тюркских народов. Цивилизационное и идеологическое наследие, сложившееся в этот период, продолжилось в последующие эпохи – через движение Алаш, Туркестанскую автономию, обретение независимости тюркскими странами постсоветского периода и саммиты сотрудничества, начавшиеся в 1992 году. В статье также рассматриваются создание, структурное развитие и стратегические приоритеты организации современных тюркских государств в контексте исторической преемственности.

Ключевые слова. Тюркские народы, Золотая Орда, Туркестанская автономия, движение Алаш, тюркская интеграция, организация тюркских государств, историческая преемственность.

Annotation. The Turkic world is a civilizational space that occupies a special place on the stage of history. The traditions of State-Building and political and cultural influence of Turkic-speaking peoples have influenced world history for centuries. In recent decades, the integration processes between the Turkic countries have received a new impetus, and the Organization of Turkic states (OTS) has begun to occupy an important place in the system of international relations. This article analyzes the historical foundations, political prerequisites for Turkic cooperation and the chronology of the formation of the OTS since the Golden Horde. The Golden Horde is a large political entity that united the Turkic and Mongolian peoples in the Eurasian space between the XIII and XV centuries. This empire has become the historical basis of the political integrity, cultural integration and economic interconnection of the Turkic peoples. The civilizational and ideological heritage formed during this period was continued in subsequent eras – through the Alash movement, Turkestan autonomy, post-Soviet independence of the Turkic countries and cooperation summits that began in 1992. The article also discusses the

formation, structural development and strategic priorities of the organization of modern Turkic states in the context of historical continuity.

Keywords. Turkic peoples, Golden Horde, Turkestan autonomy, Alash movement, Turkic integration, Organization of Turkic states, historical continuity.

Кіріспе. Түркі халықтарының тарихы бір жарым мыңжылдықты қамтиды және еуразиялық өркениеттің маңызды бөлігі болып табылады. VI-VIII ғасырлардағы Түркі қағанатының Ұлы Даласы мен дәуірінен бастап түркі тайпалары қуатты мемлекеттер құрып, өз мәдениетін, тілін және дәстүрлерін Сібірден Жерорта теңізіне дейінгі кең аумақтарға таратты. Ортағасырлық кезең түркі мемлекеттілігінің гүлдену кезеңіне айналды, оның бейнесі Жошы Ұлысы деп санауға болады - ондаған халықтар мен мәдениеттерді біртұтас саяси-экономикалық кеңістікке біріктірген ең ірі түркі-моңғол білімі. Алайда, кейінгі ғасырларда түркі әлемі мемлекеттер ыдырауын, отарлауын, мәдени бірегейлікті басуды, территориялардың бөлінуін және саяси тәуелсіздіктің жоғалтуын басынан өткерді. Соған қарамастан, түркі халықтарының ұлттық санасы мен рухани бірлігі идеясы ешқашан жойылған жоқ — олар ағарту, қарсылық, реформа және мәдени жаңғыру қозғалыстарында көрініс тапты.

XXI ғасыр Түркі әлемі тарихындағы жаңа дәуірге айналды. Кеңес Одағы ыдырап, бірқатар түркі мемлекеттері тәуелсіздік алғаннан кейін тарихи және мәдени байланыстарды қалпына келтіруге, саяси және экономикалық ынтымақтастықты нығайтуға объективті қажеттілік туындады. Бұл процестер түркі өркениетінің тең құқылы және стратегиялық бірлестік форматында әлемдік аренаға оралуын бейнелейтін құрылым - түркі мемлекеттері ұйымының құрылуына әкелді [1, 78-80 бб.].

Негізгі бөлім. Түркі ынтымақтастығының алғашқы құрылымдық формасы ретінде Жошы Ұлысын атауға болады. Шыңғыс хан империясының мұрагері ретінде құрылған бұл мемлекет XIII–XV ғасырларда Еуразия кеңістігінде түркі-моңғол тектес халықтарды біріктірді. Алтын Орда кезеңінде біртұтас саяси, тілдік және мәдени орта қалыптасып, түркі бірлігіне негіз қаланды.

Бұл біртұтастану үдерісі, әсіресе, Жошы ұлысының құрылуымен тікелей байланысты болды. Жошы хан мен оның ұрпақтары — әсіресе Бату хан — кең далалық аумақтарда тұрақты билік орнатып, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірді. Алтын Ордада түркі тайпаларының рөлі күшейіп, мемлекеттік басқару мен әскер, мәдениет пен күнделікті өмірде түркі тілі, әсіресе қыпшақ тілі, негізгі қатынас құралына айналды [2, жүгінген күні: 07.04.2025].

XIV ғасырдың ортасына қарай Алтын Ордада (Жошы Ұлысында) ислам діні ресми түрде қабылданып, түркілік рухани және өркениеттік негіздер беки түсті. Бұл кезеңде Берке хан, Өзбек хан, Жәнібек хан секілді билеушілер исламды нығайтып, медреселер, мешіттер салдырды, ислам құқығы – шариғат енгізіле бастады. Осылайша Алтын Орда дәуірінде түркі-мұсылман синтезі қалыптасты.

Алтын Орданың Сарай-Бату, Сарай-Берке сынды қалалары халықаралық сауда мен мәдениет орталығына айналды. Ұлы Жібек жолының маңызды тармақтары дәл осы мемлекет аумағы арқылы өтті. Бұл жағдай түркі халықтарының өзара қарым-қатынасын нығайтып, сырт елдермен дипломатиялық, экономикалық байланыстар орнатуына себеп болды.

Сонымен қатар, Алтын Орда тұсында түркі халықтарының өзіндік бірлігі, ортақ саяси санасы мен этникалық тұтастығы дами түсті. Бұл бірлік кейіннен Қазақ хандығы мен басқа да түркі мемлекеттерінің құрылуына тарихи алғышарт болды. Алтын Орданың ыдырауы, әрине, түркі әлеміндегі саяси орталықтың әлсіреуіне алып келді. Дегенмен, оның идеялық және өркениеттік мұрасы кейінгі ғасырлар бойы сақталып, түркі интеграциясы идеясының тарихи түп-тамырына айналды.

Алтын Орданың ыдырауы нәтижесінде Қазақ хандығы, Ноғай Ордасы, Қазан, Қырым, Астрахань хандықтары құрылды. Бұл саяси бөлшектену түркі халықтарының дербес дамуына жол ашты. Алайда XVIII–XIX ғасырларда Ресей империясының отарлау саясаты салдарынан көптеген түркі халықтары саяси тәуелсіздігінен айырылды [3, 53-55 бб.].

XX ғасырдың басында түркі зиялылары арасында пантюркизм, түркі бірлігі идеялары кең тарады. Алаш қозғалысының жетекшілері (Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы және т.б.) түркі әлемінің рухани және мәдени тұтастығын сақтауға күш салды. Түркістан автономиясы мен Алашорда үкіметі осы тұжырымның саяси көрінісі болды [4, 80 б.].

Алаш зиялылары түркі халықтарының бірлігін тек мәдени емес, саяси, экономикалық және рухани тұтастық ретінде қарастырды. Олар түркі дүниесінің отарлық езгіге қарсы тұруы үшін өзара ынтымақтасып әрекет етуі қажет деп санады. Әлихан Бөкейхан бастаған алаштықтар түркі халықтарының біртұтас мемлекетті құруын армандап, оны Түркістан федерациясы түрінде елестетті. Түркістан автономиясы (1917 ж., Қоқан) — осы арманның алғаш саяси көрінісі болды. Оның көшбасшысы Мұстафа Шоқай бұл құрылымды ортақ тіл, дін, мәдениет арқылы бірігіп отырған түркі халықтарының өзін-өзі басқаруының алғашқы үлгісі ретінде сипаттады. Бұл үкіметтің бағдарламасы зайырлы, демократиялық, түркі бірлігін қолдайтын сипатта болды [5, 765 б.].

Алашорда үкіметі де осы бағыттағы параллель қозғалыс болды. Олар қазақ халқының ұлттық мүддесін қорғаумен қатар, түркі тілдес халықтармен одақтас болуға ұмтылды. Мысалы, Алаш қайраткерлері өз бағдарламаларында ортақ әліпбиді енгізу, түркі тілдерінің сабақтастығын сақтау, ортақ оқулықтар мен ғылыми терминологияны қалыптастыру секілді бастамаларды көтерді. Алайда, кеңестік биліктің орнауы бұл ұмтылыстарды тоқтатты. Түркі автономиялары күшпен таратылып, олардың жетекшілері қуғын-сүргінге ұшырады. Бірақ сол тарихи кезеңде көтерілген пантүркілік идеялар мен ұлттық бірлік ұмтылыстары кейінгі ұрпақтың санасында сақталып, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында қайта жаңғыруына негіз болды.

Кеңес Одағы құрамында болған түркі республикаларына ортақ мәдени және тарихи жадыны дамытуға тыйым салынды. Түркі халықтарының байланыстары әлсіреді, тілдік және рухани жақындасу саясатына жол берілмеді. Алайда Кеңес өкіметіне қарамастан, ұлттық сана астыртын түрде сақталып отырды.

Бұл алғашқы кездесуден кейін түркі елдері арасында білім беру, мәдениет, тіл, тарих және ақпарат алмасу салаларында әртүрлі бастамалар қолға алына бастады. Түркі тілдес елдердің ғылыми-интеллектуалдық ресурстарын біріктіру мақсатында Түркі академиясы, ТҮРКСОЙ (Түркі мәдениеті халықаралық ұйымы), Түркі кеңесі (кейінгі атауы – Түркі мемлекеттері ұйымы) секілді ұйымдар құрылды [6, жүгінген күні: 07.04.2025].

2009 жылы Әзербайжанның Нахчыван қаласында Түркі кеңесінің (Түркітілдес мемлекеттердің ынтымақтастық кеңесі) ресми түрде құрылуы – түркі ынтымақтастығы тарихындағы маңызды бетбұрыс болды. Кеңестің құрылтайшы мемлекеттері ретінде Қазақстан, Түркия, Әзербайжан және Қырғызстан танылды. Кейіннен Өзбекстан толыққанды мүше болып кірді, ал Түрікменстан мен Мажарстан бақылаушы мәртебесін алды [7, 283 б.].

Түркі кеңесінің негізгі мақсаты — мүше мемлекеттер арасындағы саяси, экономикалық, ғылыми, білім беру, көлік, экология, мәдениет және спорт салаларында өзара тиімді ынтымақтастықты нығайту. Ұйым қызметі аясында бірқатар нақты жобалар жүзеге аса бастады: ортақ түркі әліпбиі жобасы, жастар алмасу бағдарламалары, тарихи тұлғаларды бірлесіп зерттеу, ортақ мерекелерді тойлау және біртұтас ақпараттық кеңістік құру бастамалары іске қосылды.

2021 жылы Стамбұл саммитінде ұйымның атауы ресми түрде Түркі мемлекеттері ұйымы (ТМҰ) деп өзгертілді. Бұл тарихи шешім ұйымның мәртебесін тек мәдени-рухани деңгейде ғана емес, геосаяси және институционалдық деңгейде де көтеруге бағытталған қадам болды. Сонымен қатар, ұйымның стратегиялық құжаттары қабылданып, нақты бағыттар бойынша бірлескен саясат жүргізу жолға қойылды.

Осылайша, кеңес дәуіріндегі үзілістен кейін түркі әлемі XXI ғасырда жаңа серпінмен қайта қауышып, біртіндеп өзара сенімді, көпжақты ынтымақтастық негізіндегі тұрақты халықаралық құрылымға айналды. Түркі мемлекеттері ұйымы бүгінде Еуразия кеңістігіндегі маңызды аймақтық ұйымдардың біріне айналып келеді.

Бүгінгі таңда Түркі мемлекеттері ұйымының құрамына Түркия, Қазақстан, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан толық мүшелер ретінде, ал Түрікменстан мен Мажарстан бақылаушы ретінде кіреді. Ұйым қазіргі жаһандық турбуленттілік жағдайында Еуразиядағы тұрақтылық пен ынтымақтастықтың маңызды платформасына айналды. ТМҰ аясында ортақ әліпби, көлік дәліздері (Транскаспий маршруты), цифрлық трансформация және жасыл энергетика бағыттарында нақты жобалар жүзеге асуда. Түркі мемлекеттері ұйымының қысқаша хронологиясы төмендегі кестеде көрсетілген (1-кесте) [8, 370-372 бб.].

Кесте 1. Түркі мемлекеттері ұйымының қалыптасу тарихы (Хронологиялық кесте)

Кезең	Оқиғалар	Маңызы
XIII–XV ғғ.	Жошы Ұлысының құрылуы және Еуразия кеңістігіндегі түркі халықтарының бірігуі	Біртұтас саяси-мәдени негіз қалыптасты
XVII–XIX ғғ.	Түркі хандықтарының ыдырауы және Ресей империясының отарлауы	Түркі бірлігінің әлсіреуі, отарлық езгі
XX ғ. басы	Алаш қозғалысы, Түркістан автономиясы, пантүркизм идеясы	Ұлттық сана мен түркі интеграциясының рухани негізі
1920–1991	Кеңестік кезеңдегі оқшаулану, түркі тілдес республикалардың байланыстарының үзілуі	Рухани тоқырау, бірақ ұлттық жады сақталды
1991	Түркі елдерінің тәуелсіздік алуы	Интеграция үшін тарихи мүмкіндік пайда болды
1992	Анкарада түркі елдері басшыларының алғашқы кездесуі	Ынтымақтастық бастамасы
2009	Нахчыванда Түркі кеңесінің құрылуы	Институционалдық интеграция кезеңі
2021	Ұйым атауының Түркі мемлекеттері ұйымы болып өзгеруі	Қазіргі түркі бірлігінің жаңа кезеңі

Қорытынды. Түркі мемлекеттері ұйымы – ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан тарихи-мәдени сабақтастықтың заңды жалғасы. Жошы Ұлысы кезіндегі геосаяси тұтастық, ортақ рухани код, тіл мен дәстүр бүгінде ТМҰ аясында қайта жанданып отыр. Бұл ұйым – тек экономикалық емес, сонымен бірге мәдени, өркениеттік бірігудің де көрінісі. Түркі әлемі XXI ғасырда интеграциялық әлеуетін арттырып, жаһандық диалогтың белсенді қатысушысына айналып келеді. Осы тұрғыдан алғанда, Түркі мемлекеттері ұйымы — түркі халықтарының ортақ болашағын қалыптастырудағы стратегиялық құрал. Ұйым аясында жүзеге асырылып жатқан бастамалар – ортақ әліпби қалыптастыру, білім беру жүйесін үйлестіру, көлік-логистикалық дәліздерді дамыту, цифрлық трансформация және жасыл энергетика бағыттарындағы жобалар — түркі интеграциясының мазмұнын тереңдетіп, оның аясын кеңейтуде.

Сонымен қатар, ТМҰ — жаһандану жағдайында түркі елдерінің ұлттық мүдделерін үйлестіру, ортақ тарихи жады мен мәдени құндылықтарды сақтау үшін маңызды платформа. Түркі мемлекеттері ұйымының қызметі болашақта жаңа деңгейге көтеріліп, оның ықпалы тек Еуразия кеңістігімен шектелмей, халықаралық аренада да айқын сезілетіні анық. Түркі бірлігі — бұл өткеннің рухани мұрасы ғана емес, келешек ұрпақ үшін тұрақты даму мен өркендеудің кепілі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1 Бабаян Д. Арцахская проблема и идеология пантюркизма // XXI-й век. – 2021. – №4(20). – С. 67–99.

2 Балиев А. Киргизия в планах турецкой экспансии в Центральную Азию // Военно-политическая аналитика. – 2020. – 9 ноября. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://vpoanalytics.com/2020/11/09/kirgiziya-v-planah-turetskojekspansii-v-tsentralnuyuaziyu/ (жүгінген күні: 07.04.2025).

3 Гасанова А. Б. Неопантюркизм и Организация тюркских государств // В кн.: Запад – Восток – Россия 2021 / ред. А. С. Прозоровский, В. Г. Хорос. – Москва: ИМЭМО РАН, 2022. – С. 52–56.

4 Чжан Ю. Организация тюркских государств: происхождение, мотивы, особенности и влияние // Вестник Пермского университета. Серия: Политология. – 2023. – №1. – С. 78–88.

5 Комаревцева Н. С., Гайфутдинов Р. И. Россия и Турция в контексте нового Тюркского мира // Вопросы политологии. – 2022. – №3(79). – С. 761–772.

6 Моммаев Н. Цели и задачи Организации тюркских государств // Business.com.tm. – [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://business.com.tm/ru/post/7868 (жүгінген күні: 07.04.2025).

7 Нуриева К. А. Идея создания общетюркского литературного языка // Гилея: научный вестник. – 2014. – №90. – С. 281–284.

8 Аватков В. А., Кудряшова Д. А. Общетурецкая и общеевропейская идея: сходства и различия // Постсоветские исследования. – 2023. – №4. – С. 370–375.

Н.Д. ОҢДАСЫНОВ – ТҰЛҒА, ҚАЙРАТКЕР (1904–1989 ЖЖ.)

Тайпақ Абай Абзалұлы
Тарих мамандығы бойынша 1 курс магистранты
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті КеАҚ
Атырау қаласы, Атырау облысы
a.taypak@mail.ru

Ғылыми жетекшісі: Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихы кафедрасының профессоры, т.ғ.д. У.Т. Ахметова

Аннотация: Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – Қазақстан тарихында ерекше орын алған мемлекет және қоғам қайраткері. Оның ел алдындағы қызметі Қазақстанның экономикалық және әлеуметтік дамуында терең із қалдырды. Өзі басшылық жасаған кезеңдерде ол елдің ауыл шаруашылығы мен өнеркәсібінің дамуына үлес қосып, білім және мәдениет салаларында да жаңашылдыққа жол ашты. Оңдасыновтың реформаторлық идеялары мен басшылық қабілеті бүгінгі Қазақстанның дамуы мен халықтың бірлігін нығайтуда маңызды рөл атқарды.

Мақала Қазақстан тарихында ерекше орын алған мемлекет және қоғам қайраткері Нұртас Оңдасыновты ғылыми-танымдық әдебиеттерді саралау, зерделеу негізінде тұжырымдалды.

Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов – XX ғасырдың көрнекті мемлекет қайраткері, Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына ерекше үлес қосқан тұлға. Нұртас Оңдасынов 1904 жылғы 26 қазанда Түркістан жеріндегі Үшқайық ауылында дүниеге келген. Бұл өңір қазақ халқының тарихи және мәдени орталығы болғандықтан, оның тұлға ретінде қалыптасуына туған жерінің рухани байлығы мен халқына деген сүйіспеншілігі үлкен әсер етті. Оңдасыновтың отбасы қазақтың салт-дәстүрлері мен рухани құндылықтарына берік болған, сондықтан жас Нұртастың санасында туған жерге деген құрмет пен халыққа адал қызмет ету идеясы ерте қалыптасты.

Оңдасыновтың білімге деген құштарлығы жастайынан байқалды. Ол Ташкенттегі білім ордаларында оқып, өзіндік дүниетанымын кеңейтті, қоғамға деген көзқарасын қалыптастырды. Бұл жерде алған білім оның ой-өрісін кеңейтіп, ел алдындағы жауапкершілігін сезінуге ықпал етті. Білім алу барысында Оңдасынов қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге бейжай қарай алмайтынын байқатты. Оның осы кезеңде алған тәлім-тәрбиесі мен білімі болашақтағы қызметіне берік негіз қалады. Кеңестік дәуірдегі саяси және әлеуметтік мәселелер Нұртастың жастайынан көшбасшы болуға деген құлшынысын арттырды. Ол туған елінің әл-ауқатын арттыруға, халықтың өмір сүру деңгейін жақсартуға ұмтылып, осы мақсатта өзін жан-жақты дамытуға тырысты. Білімі мен қажырлы еңбегі оны Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы лауазымына дейін жеткізді.

Нұртас Оңдасыновтың балалық шағы қиындықтармен өтті. Анасы ерте қайтыс болып, ол өгей анасы тәрбиесінде өсті. Жас кезінен ауыл молдасынан білім алған. Бұл кейінірек оның араб және парсы тілдерін меңгеруіне әсер етіп, сөздік құрастыру жұмыстарына көмектесті. 1916 жылы патша жарлығына байланысты қазақ азаматтарын қара жұмысқа алу және 1917 жылғы құрғақшылық салдарынан ауылдағы өмір қиыншылықтарға толы болды. Осы кезеңде Нұртас және туыстары қиындықтардан зардап шекті. Балалық шағы ауыр болғанымен Оңдасыновтың білім мен еңбекқорлыққа құштарлығын сол кездің өзінен байқауға болады.

Жас Нұртас өңірдегі білім мен мәдениеттің орталығы ретінде танымал қала - Ташкенттегі оқу орындарында білім алды. Нұртас Оңдасыновтың жазбасы бойынша, оның білім алуға деген ұмтылысын байқай аламыз. «Шынында да бұл балалар үйі Тәшкеннен Ғани Мұратбаевтың бастамасымен ашылған екен. Мемлекет өзі оқытады, өзі тамақтандырады, өзі киіндіреді. Ал, жататын жеріміз жұмақ десе де болғандай. Кейбір кеше ғана көшеде қайыр сұрап, үңгір мен вокзалда ұйықтап жүрген балалар үшін нағыз жұмақ болғаны анық еді. Мен үшін: «Шіркін оқысам ғой, білім алсам ғой» деп түн ұйқымды төрт бөліп, армандап, қиялдап жүргенімде мынау бір көктен түскендей болды. Ол күнгі қуанышымды айтып жеткізу қиын.», - дейді Нұртас Оңдасынов бір естелігінде [1, 52 б.].

Нұртас алдымен №14 мектеп-интернатта білім алды. Ол өз ортасында беделді және үлгілі оқушы ретінде қалыптасты. Оқу барысында Нұртас Оңдасынов қоғамның жағдайына, елдің болашағына және ұлттық мәдениетке деген қызығушылықты да бойына сіңірді. Оның өмірге деген көзқарасын қалыптастыруда Ташкенттегі ортаның да рөлі зор болды. Сол ортадағы орны бөлек тұлғалардың бірі, ұстазы – Ғани Мұратбаев. Нұртас Оңдасынов ол кісі туралы былай дейді: «Ғани бұқараның жүрегіне төте жол тауып, жұртшылықты тез арада баурап ала қоятын, әрі өз айтқандарына иландыра білетін. Оның әрбір сөзі сауатсыз адамдардың қараңғы санасына сәуле себезгілейтін, сөйтіп дүниенің тылсым сырларына ой үңгуге жетелеуші еді. Олардың өмірге деген құштарлығын оятатын. Бір бірте-бірте адамдар жарық дүниеге қайғы қасіретті бастан кешіріп, уақыттың құлақкесті құлы болып өту үшін келмейтіндігін түсіндік» [1, 134 б.].

Ғани Мұратбаев, Сәдуақас Оспанов, Әмин Жүсіпов сынды тұлғалардан білім алып, мектеп-интернатын тәмәмдағаннан кейін 1922-1927 жылдары Ташкент шаруашылығы техникумында білім алған.

Н.Д. Оңдасыновтың негізгі көшбасшылық қасиеттері Ташкент шаруашылығы техникумында оқып жүргенде қалыптаса түседі. Оның ұстаздарының мықтылығынан жүрегіне Отанға деген үлкен сенім мен жігер ұялайды. Ол жаңа қоғамға бейімделгендіктен, комсомол ұйымының орталығын басқарушы белсенділердің бірі ретінде көзге түсті. Техникумда оқып жүргенде бірнеше мәрте комсомол басшылығына сайланған. Сондықтан, оған комсомолды нығайтудың жауапкершілігі жүктелді [2, 50 б.].

Техникумды аяқтағаннан кейін кейін, алғашқы еңбек жолын Қызылорда қаласындағы Қызылорда-Қазалы Су шаруашылығы округінде статист ретінде бастаған. Осы жерде партия қатарына кандидат ретінде тіркеліп 1927 жылдың қазан және 1928 жылдың мамыр айлары арасында жұмыс істеген. Осында 7 ай жұмыс істеп, аз уақыттың ішінде жас маман көптеген жұмысқа қатысып, белсенділігімен және іскерлігімен танылған. Нұртас Оңдасынов 1928 жылы еңбек жолының жаңа кезеңін бастау үшін Әулие-Ата қаласына қоныс аударады. Мұнда ол Талас өзенінің су көздерін зерттеу мекемесінде кіші техник қызметінде жұмыс істеп, қоғам игілігіне арналған бірқатар маңызды істер атқарды. Бес айдан кейін Нұртас қызметі бойынша Оңтүстік Қазақстанның Шымкент қаласындағы су шаруашылығы мекемесіне ауысты.

Нұртас Дәндібайұлы өз мамандығы бойынша 1928 жылы Қазақ КСР-ның Су шаруашылығы басқармасына қарасты Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі Сырдария губерниясының Су шаруашылығына Таластан қызметін ауыстырып келіп, онда 1930 жылдың ақпан айына дейін қызмет атқарған. Яғни Ташкент қаласындағы Ирригациялық институтқа оқуға түскенше жұмыс жасаған [2, 65 б.].

Жас маман ретінде Ташкент орман шаруашылығы техникумын тәмамдап келген Нұртас Оңдасынов аймақтың дамуына белсенді атсалысып, әріптестерімен бірге көптеген іс-сапарларға шығып, ауыл-аймақтарға су құбырлары мен суландыру жүйелерін жобалауға қатысқан. Осылайша, ол

туған жерінің өркендеуіне және халықтың тұрмыс жағдайын жақсартуға үлесін қосты. Дегенмен, ол білімін одан әрі жетілдіру қажет екенін түсініп, 1930 жылы Ташкент қаласындағы Орта Азия университетіне қарасты Ирригация институтына оқуға түседі. 1930-1934 жылдары ол осы институтта білім алды. Ирригация институтының үш курсынан өткеннен кейін Н.Д. Оңдасынов Орта Азия университетіндегі Жұмысшылар факультетінің оқытушысы болып жұмыс істеді. 1934 жылдың қазанында ол Қазақстанға оралып, 1936 жылға дейін Қазақстан орман шаруашылығы тресінің бастығының орынбасары, кейіннен бастығы қызметтерін атқарады. Осы кезеңнен бастап оның Қазақстандағы жоғары лауазымды қызмет жолы басталады. Ол өзінің іскерлігі мен терең ойлы көзқарасымен ерекшелене бастайды.

Нұртас Оңдасыновтың жұмысы халық мүддесі мен ел болашағы үшін зор жауапкершілікпен атқарылған әрі нәтижелі болған. Оңдасынов басқарған Орман шаруашылығы тресі Қазақстанның әр аймағында орналасқан жеті облыстық басқарманы қамтыды. Бұл қызметте де Нұртас Оңдасынов халық игілігі мен елдің келешегіне бағытталған тиімді шараларды ұйымдастырған.

Нұртас Оңдасынов 1938 жылғы ақпан-шілде айлары аралығында еңбекшілер депутаттары Шығыс Қазақстан облыстық кеңесінің атқару комитетінің төрағасы болып сайланды. Оны бұл қызметке сол кездегі Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің басшысы Л. И. Мирзоян ұсынған болатын.

Көп ұзамай республика үкіметінің басшысы болған соң Нұртас Оңдасыновтың көпшілікке аян еңбек жолы басталады. Оңдасыновтың істеген еңбектерін кішкене мақалаға сыйғызу мүмкін емес. Бірақ, қазақ халқы үшін, ел болашағы үшін істеген істерін түртіп баян етсек болады.

Оңдасыновтың ұйымдастырушылық қабілеті соғыс кезінде айрықша жарқырып көрінеді. Әр күні кейінге қалдырмай, табан астындай шешуді талап ететін сан сұрақтың бәріне де ол сабырмен, айқай-ұйқайсыз жауап тауып отырады. Алғашқы алты ай ішінде ғана Қазақстанға батыстан ауыр машина жасау зауыттары бастаған түрлі 142 өнеркәсіп орны, 149 жетім балалар үйі мен 16 жарымжан балалар үйі көшіп келеді. 1941 жылдың 9 қарашасы күні Оңдасынов Мәскеуге эвакуацияланған 11 институтты қабылдауға дайын қалалардың атын көрсетіп, жеделхат жолдайды. Кейін сол оқу орындарының бәрі республика игілігіне жұмыс істеді [3].

Соғыс жылдарында Н.Оңдасынов Республиканың білім саласына да көп көңіл бөлді. Бұл туралы ол өзінің «Қазақстан в период Великой Отечественной войны» естелігінде былай баяндайды: «В начале войны в тяжелом положении оказались школы, учебные заведения и учреждения культуры. Это объяснялось прежде всего тем, что в их зданиях пришлось временно разместить военные части, военные госпитали, эвакуированные предприятия и населения, и уходом преподавателей на фронт. Но партийные и советские органы не ослабили внимание и к этому участку. В годы войны были открыты Чимкентский технологический институт, Институт иностранных языков,

Институт физической культуры, Государственный женский педагогический институт, лесной факультет и факультет водного хозяйства при Казахском сельскохозяйственном институте. Алма-Атиинская Государственная консерватория и другие. Успешному решению этой нелегкой задачи во многом содействовал эвакуированный профессорско-преподавательский персонал» [4, 19-20 л.].

Алдымен, мемлекеттік басқару жүйесіне қатысты бір маңызды мысал келтірсек, Оңдасынов 1942 жылы іссапарларының бірінде Лениногорск түсті металдар комбинатының директоры Дінмұхаммед Қонаевпен кездеседі. Осы кездесуде ол Қонаевқа өзінің орынбасары болуды ұсынады, ал Қонаев бұл ұсыныстқ қабылдап, тоғыз жыл бойы Нұрекеңмен бірге еңбек етеді. Бұл одақ Қазақстанның металлургия саласының дамуына және мемлекеттік басқару жүйесінің нығаюына үлкен әсерін тигізді. Кейіннен Дінмұхаммед Қонаев Қазақстанның бірінші басшысы ретінде елеулі қызмет атқарып, елдің дамуына зор үлес қосты.

Нұртас Оңдасыновтың ғылымға қосқан үлесі де айрықша. Ол Қазақ Ғылым академиясын құру бастамасын көтеріп, оны іске асыруда үлкен рөл атқарды. Академия президенттігіне Қаныш Сәтбаевты ұсынуы ғылым саласына қосқан зор еңбегі болды. Бұл туралы Нұртас Оңдасынов былай дейді: «Қазақстан ғылымын көтеру үшін өз ғалымдарымыз болу керек. Оны қайдан табамын? Ойыма ойламаған жерден Қаныш Сәтбаев деген фамилия түсе кетті. Ол кезде мен Орман шаруашылығы басқармасында қызмет істеп жүрген кезім болатын. Қаныш Сәтбаевтың «Қазправда» мен «Социалистік Қазақстан» газетіне геология жөнінде жазған екі мақаласын оқып, іштей жаңа ойларына, терең талдауына, риза болып қалғаным бар болатын. Ал өзін өмірде барын да мақаладан бұрын білген емеспін. Содан көмекшілеріме тапсырма беріп, «Сәтбаевты табыңдар» дедім. Тапты. Ол Жезқазғанда геологиялық экспедиция бастығы болып жүр екен. Ол кезде Мойынты мен Шудың арасы қосылмаған, Жезқазғаннан Алматыға келгеннен гөрі Мәскеуге барған тез, жақын болатын. Содан өзім командировкаға Мәскеуге баратын болып жатқанмын сонда Сәтбаевты шақырттым» [1, 62 б.].

1943 жылы Қаныш Сәтбаевты КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, кейін толық мүшесі болып сайлануына белсене қатысуы арқылы Оңдасынов оның ғылымдағы биік орнына және Қазақстан ғылымының дамуына үлкен жол ашты. Қаныш Сәтбаев кейіннен елдің геология және минералогия салаларында әлемдік деңгейдегі ғалым ретінде танылып, Қазақстанның жер қойнауындағы байлықтарын ашуға орасан зор үлес қосты.

1943 жылы Қостанай облысына іссапармен барған кезінде Нұртас Оңдасынов қарапайым атбағар болып жұмыс істеп жүрген Хакімжан Наурызбаевты байқайды. Жас бозбала саздан жануарлардың мүсіндерін жасаумен айналысатын дарынды жігіт еді. Нұрекең оған оқу жолын ұсынып, талантын дамытуға мүмкіндік береді. Бір жылдан соң, Хакімжан Алматыға оқуға жіберіліп, кейін Қазақстанның алғашқы кәсіби мүсіншісі атанады.

Оңдасыновтың мәдениетке деген қамқорлығының арқасында Хакімжан Наурызбаев Қазақстан мүсін өнерінің негізін қалаған белгілі тұлға болып қалыптасты.

Оңдасынов тек ғылым мен өнерде ғана емес, сонымен қатар жергілікті кадрларды тәрбиелеуде де көп еңбек сіңірді. Мемлекет және қоғам қайраткері Сағидолла Құбашұлының жазуынша, Гурьевте бұрын тіпті облыс түгілі, аудандарға басшы кадрларды сырттан әкелетін, не басқа ұлттан қоятын болса. Нұртас Оңдасынов осы жағдайды өзгерткен. Жергілікті кадрлар тұрақтанды, олар жаппай өсті. Облыстың, ауданның басшы қызметтеріне түгелдей дерлік жергілікті кадрлардан іріктеліп алынды. Нұртас Оңдасынов осы өлкенің мұнайшыларына қамқоршы бола білді, олардың пікірлеріне құлақ асты, оң істерін үнемі қолдап отырды. Нұрекеңмен бірге еңбек еткен және оның тәрбиесінен өткендердің біразы республиканың басқару орындарында өнімде де, тиянақты жұмыстар көрсете білді. Солардың ішінде белгілі мемлекет және қоғам қайраткерлері М.Есенов, С.Өтебаев, С.Мұқашев, З.Камалиденов, О.Көшеков, Ғ.Сағымбаев, Ж.Таңқыбаев, С.Шақабаев, У.Әленова, Х.Өзбекғалиев, Е.Тасқынбаев, Б.Сағынғалиев, Ы.Өтеғалиевтер – республикаға еңбегі сіңген зиялы азаматтар [1, 213-214 б.].

Нұртас Оңдасыновтың басшылық қызметтегі табысы мен оның жұмыс өнімділігі ерекше маңызды. Оңдасынов елдің әртүрлі салаларында ұзақ мерзімді нәтижелерге қол жеткізді. Ол стратегиялық жоспарлаудың шебері ретінде танылып, Қазақстанның экономикасын айтарлықтай дамытты. Бұл сөзге айғақ ретінде Қазақ КСР-іне еңбегі сіңген экономист, профессор Ғарай Сағымбайдың Нұртас Оңдасыновтың Гурьевтегі қызметі туралы сөзін келтіруге болады. «Нұртас Дәндібайұлы облыста ауылшаруашылығын өркендету үшін айтарлықтай еңбек етті. 1951-1952 жылдың қысы қарлы және боранды болып, жем-шөбі аз, жылы қоралары жетіспейтін колхоздар түгелдей дерлік малдарынан айырылып қалды. Бір-екі бас малы бар колхоздар да болды. «Айдағаның бес ешкі, ысқырығың жер жарады» деген мақал соларға арнап айтылғандай еді. Нұрекең мал басын тездетіп өсіруге, одан алынатын өнімді арттыруға қолынан келгеннің бәрін жасады. Мамандығым экономист болғандықтан, айтқан сөзімді нақтылы цифрлармен дәлелдеп отыратын әдетім бар. 1961 жылдың басында облыста 126 мың ірі қара, 1135 мың қой мен ешкі, 53 мың жылқы, 27 мың түйе, 2 мың шошқа болды. Басқаша айтқанда, Нұрекең басқарған уақытта мал басы 4 еседен артық өсті. Жылына 22 мың тонна ет өндіріліп, 100 мың қаракөл елтерісі мемлекетке тапсырылатын. Осыншама ет өндіріп, елтірі тапсыру үшін 700 мың ұсақ мал немесе 100 мың ірі қара және 100 мың қозы сою қажет еді. Осыдан кейін Атырау облысында мал басы қалай күрт өскенін көруге болады. Мұндай қыруар жұмысты іске асыру үшін Нұрекең тек талап қоюмен шектелмей, өзінің республика және одақ көлеміндегі беделін пайдаланып, көптеген қаржы-қаражат, техника, құрал-жабдықтар бөлінуін қамтамасыз етті.», - дейді Ғарай Сағымбай өз сөзінде [2, 235 б.].

Оңдасыновтың қызметіндегі ең елеулі оқиғалардың бірі – соғыс аяқталған кезеңдегі Мәскеуде өткен жиналыста орын алған. Украинаның сол кездегі басшысы Н.С. Хрущев жүргізген жиналыста Нұртас Оңдасынов пен Никита Хрущевтің арасындағы оқиға. Бұл оқиға Қазақстанның үш ауданын Өзбекстанға беру туралы мәселеде екі жақтың позицияларының қақтығысы ретінде танымал. Жиналыста Хрущев Қазақстанның оңтүстігінде орналасқан үш ауданды Өзбекстанға қосу туралы ұсыныс жасады. Хрущевтің ойынша, бұл аймақтар мақта өсіру үшін қолайлы болғандықтан, оны Өзбекстанға беру мақта өндірісін жақсартуға ықпал етеді деп есептеді. Ол сол кездері Кеңес Одағында халық шаруашылығының басым бағытына айналған мақта саласының жоғары көрсеткіштерін негізге ала отырып, бұл ұсынысты ортаға салды. Алайда, Хрущевтің бұл ұсынысы Нұртас Оңдасынов тарапынан қатты қарсылыққа ұшырады.

Осы оқиға Хрушевқа қатты әсер еткенін ол КСРО басшысы болған кезеңнен көруімізге болады. Қазақ КСР-інің 40 жылдық мерекесі 1960 жылы тойланбай, Хрущевтың келуін күтіп, 1961 жылдың 24-ші маусымында өткені белгілі. Қонақтарға арналған кеште «Хрущев был в плохом настрооении и рано ушел с приема» деп жазады Д.А.Қонаев («От Сталина до Горбачева», 143 бет.) Бірақ, Димаш аға себебін ашып айтпайды. Оның себебі мынадай еді. Хрущев қолында арақ құйылған стақаны бар, тойға жайылған дастарханның орта шенінде отырған Оңдасыновтың қасына келіп: «…Нұртас Дәндібаевич, мақта өсіретін үш ауданды Өзбекстанға беруге үнемі қарсы болушы едің, ертең Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің қаулысы қабылданады» дегенде Нұрекең орнынан аспай-саспай тұрып: «Мен Қазақстанның Үкіметін басқарып отырсам, әлі де қарсы болар едім!» депті. Мұндай жауапты күтпеген болуы керек, ашуға булыққан Хрущев қонақасыдан кетіп қалады. Нұрекеңе «кешірім сұра, ертең сессияда аудандарды беру туралы ұсыныс жаса» деген бюро мүшелерінің кеңесін үзілді-кесілді қабылдамайды [1, 222 б.].

Оңдасыновтың бұл батыл жауап беруі Хрущевтің ызасын келтірді. Өйткені, Кеңес Одағында мұндай басшыларға қарсылық білдіру немесе орталық биліктің шешімдеріне күмән келтіру оңай болмаған. Әсіресе, бүкілодақтық масштабтағы мәселені жеке республика басшысының ашық түрде талқылауы және онымен келіспеуі орталық билік үшін үлкен сын еді. Хрущев Оңдасыновтың бұл қадамынан кейін оны қызметінен босатып, зейнеткерлікке кетіруге әрекет жасағаны анық.

Бұл жағдай Қазақстан тарихында ел мен жер мәселесіне деген адалдықтың үлгісі ретінде есте қалды. Оңдасынов үшін ұлт мүддесі, оның мәдени және тарихи тамырлары әлдеқайда маңызды болған. Ол үшін ең алдымен қазақ жерінің тұтастығы мен халықтың болашағы маңызды болды. Осы тұрғыдан алғанда, Нұртас Оңдасыновтың бұл қақтығысы қазақтың елдік санасын қорғау жолындағы бірегей батыл қадам болып саналады. Оңдасыновтың бұл шешімі және оның Хрущевке қарсы тұруы қазіргі заман басшылары үшін де үлгі боларлық жайт. Бұл оқиға елімізде басшының елге адалдығы мен жауапкершілігінің қаншалықты маңызды екенін көрсетеді. Өз

ұлтына, өз халқына қызмет ету үшін ел басқарып отырған тұлғаларға халық мүддесін қорғау және сақтап қалу міндеті тұр.

Бұл тарихи жағдай Кеңес дәуірінде ұлттық мүддені қорғау оңай болмағанын, әсіресе орталық билікке қарсы шығу басшы үшін үлкен қауіп екенін еске салады. Дегенмен, Оңдасынов бұл жолда халықтың мүддесін қорғап, өз басына төнген қауіпке қарамай, тәуелсіз шешім қабылдауға тырысты. Бұл оның нағыз ұлттық көшбасшы екенін дәлелдеді. Оңдасынов пен Хрущев арасындағы бұл текетірес қазақ тарихының бір бөлігі ретінде ұмытылмас тарих. Қазіргі және келешек ұрпақ бұл оқиғадан елге деген сүйіспеншілік пен ерлік қасиеттерді, ел мен жерді сақтап қалу жолындағы табандылықты үйренуі керек. Нұртас Оңдасыновтың Хрущевке қарсы тұруы тек қазақ халқы үшін ғана емес, жалпы ұлттық рух пен патриотизмнің нағыз үлгісі ретінде мәңгі сақталатын болады.

Нұртас Оңдасыновтың ерекше қасиеттерінің бірі – кадрларды таңдау. Ол басшылық қызметте болған кездерінде кадр мәселесіне ерекше көңіл бөліп, елдің әртүрлі салаларына білікті мамандарды тартуға ұмтылды.

Қорытындылай келе, Нұртас Дәндібайұлы Оңдасыновтың өмірі мен қызметі қазақ халқының тарихында терең із қалдырған қоғам қайраткері болды. Ол қазақ жерінің тұтастығы мен әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдени және ғылыми әлеуетінің көтерілуіне айтарлықтай үлес қосты. Елдің қиын кезеңдерінде халық игілігі үшін еңбек етіп, маңызды шешімдер қабылдауда батылдығымен, жауапкершілігімен және табандылығымен танылды. Нұртас Оңдасыновтың басшылығымен жүзеге асырылған жобалар Қазақстанның ұзақ мерзімді дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыруға бағытталды. Ел үшін адал қызмет ету мен халықтың мүддесін қорғау жолындағы қайраткерлігі кейінгі ұрпаққа үлгі боларлықтай. Оның ұлттық рух пен тәуелсіздікке деген сүйіспеншілігі, білім мен өнер салаларына қамқорлығы және жеке тұлғаларға қолдау көрсетуі бүгінгі күнге дейін халық жадында сақталып келеді. Нұртас Оңдасыновтың бұл тарихи еңбектері Қазақстанның болашағы үшін маңызды құндылықтарды қалыптастырды және қазіргі тәуелсіз еліміздің дамуына негіз қалады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1 Нұртас Оңдасынов. Өмірбаяндық деректер. Ой-толғаныстар. Мақалалар мен естеліктер. (Бесінші рет басылуы). /Құраст. Гүлсім Оразалықызы – Алматы: ҚР «Полиграфкомбинат» ЖШС, 2024. – 456 б.

2 Нұртас Оңдасынов: Монография. / Еңсенов Қ.А. – Шымкент: «АЗИАТ» баспа үйі, 2017. – 408 б.

3 Ақжігіт Ө. Халық басшысының қалтқысыз үлгісі / Жалын. –2004 жыл. – № 12. – 88-91 б.

4 Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві. Қ.2330,т.1, іс26

ҚАРАТӨБЕ АУДАНЫ БОЙЫНША ӘУЛИЕЛЕРДІҢ ҚОРЫМДАРЫ (XVIII-XX ғғ.)

Р.Қ.Батырғали, Н.Е.Шарапов, А.С.Сатыбалдиев
«6В01601-Тарих» ББББ 4-курс студенттері:
Ғылыми жетекші: тарих ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы
Ж.К.Мухангалиева

Қаратөбе ауданы — Батыс Қазақстан облысындағы тарихи-мәдени мұралармен бай аймақ. Бұл аудандағы әулиелік қорымдар да маңызды мәдени ескерткіштер болып табылады. Қаратөбе ауданында осындай әулиелердің құрметіне салынған 12 қорым кездестіруге болады. Жалпы, Батыс Қазақстан облысы бойынша, әулиелік қорымдардың көп бөлігін осы ауданнан кездестіруге болады. Бұл аймақтағы әулиелік қорымдардың басқа аумақтардан көп болу себебін, кеңестік тәртіп кезіндегі өте аз қозғалған аудан болуымен жеткізуге болады. Кеңес үкіметі күштеп орнату кезінде батысалашордалықтар үшінші сиезді осы қара топырақта өткізуін, қалың қара қазақ арасында, яғни кеңестің қолы жетпеген аумақта өткізуі дәлел. XX ғасырдың басында кеңес үкіметі үшін бұл аймақ әлі де толық бақылауға алынбаған, сондықтан бұл жерде қоғамдық-саяси қозғалыстардың өрлеуі мен діни элементтердің сақталуы мүмкін болды. Осы себепті Қаратөбе ауданының аумағында әулиелік қорымдар мен діни орындар көп сақталып, олар бүгінгі күнге дейін халықтың рухани мұралары ретінде маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Сонымен қатар, Қаратөбе ауданындағы әулиелік қорымдар — қазақ халқының өз тарихын, дәстүрлерін және рухани құндылықтарын сақтауға деген ұмтылысының көрінісі. Кеңестік кезеңнің қысымдарына қарамастан, бұл аймақта халықтың діни әрі рухани дүниесі тірі қалып, ғасырлар бойы сақталған мәдени мұра ретінде бүгінгі ұрпаққа жетіп отыр.

Әулиелік қорымдардың ең ежелгісі Қоскөл ауылының жанында 1648-1727 жылдары өмір сүрген Қалмырзаұлы Байсары тиесілі. Бисеке хазірет деген атақты ел арасында, үлкен кісінің атын тура атай алмағандықтан, -еке деген жалғау қосып атап кеткен, кейде Қарамолда деп те атаған. Байұлы руының Қалқаман, Тана тармағынан шыққан. Оның ұрпақтары 2008 жылы оның рухына арнап құлпытасын қойған. Бисеке хазірет өз заманында діндарлығы мен білімділігімен танылып, көптеген адамды білімге баулып, халық арасында зор құрметке ие болған тұлға.

Ағайын ішіндегі үлкендер жағы Бисеке әулие туралы естіген-білгендерін кезектесе әңгімелейді.

- Бисеке атамыз жолаушылап бара жатса керек. Арбаның белағаш орнындағы темірі омырылып сынып кетіпті. Қасындағы кісілер қиналып, амал таппай жатқанда Бисеке атамыз әлгі сынған темірді оқудың күшімен қалпына келтірген екен дейді[1].

Атамыздың түнегіне бала таппаған әйелдер, қояншық ауруы бар адамдар келіп, емін тауып кеткендері де кездескен.

Қаратөбе ауданы Егіндікөл ауылдық округіне қарасты Жігерлен ауылынан 2-3 шақырым жердегі Дәуқара батыр қорымы. Дауқара батыр 1687-1751 жылдары өмір сүрген, Еділ бойындағы қалмақтарға қарсы шайқастарға қатысқан, кейіннен есімі бүкіл байұлы тайпасы құрамындағы байбақты руының ұранына айналған батыр, би Дәуқара Қарақожаұлына тиесілі. Ел арасындағы бір аңыздарда дене бітіміне қарай Дәуқара аталыпты делінсе, енді бірінде қарақалпақтар қоныстанған Шымбай – Дәуқара маңында көшіп-қонып жүргенде Дәуқара есімі қойылған дейді. Дәуқара батыр есімі батыс өңірінің ақын, жыраулары шығармаларында жиі айтылады.

Жергілікті халық әулие атап, басына зиярат етуге баратын, 2020 жылдары басына түнек тұрғызған. Ел аузындағы аңызға қарағанда, кезінде Дәуқара батыр әлімнің жас батыры Бармақпен найзаласқан деседі, екеуі екі тауды асқаннан соң, қаза тапқан, сол қаза болған жеріне құлпытас орнатып, қазір де түнек орны орналасқан.

Дәуқара батыр жөнінде өлкетанушы Қайыржан Хасанов «Қос батырдың хикаясы» атты кітабында, өлке шежіресіне қатысты өзге де еңбектерінде бірнеше мәрте жазды. Сондай-ақ Хамит Мадановтың «Кіші жүздің шежіресі» атты кітабында да байбақты руының ұранына айналған Дәуқара батырдың ата-тегі туралы жолдар бар. Ол шежіреге қарағанда Байбақтының ағайыны Жанбақтыдан – Андас, Андастан – Қарақожа, Қарақожадан Дәуқара тарайды[2].

Дәуқара батырдың аты Байбақты руымен тығыз байланысты. Бұл ру ел шетіне жау тигенде батырлар шығарумен ерекшеленген. Бұланты соғысында Дәуқара батыр туды көтеріп, қазақ әскерінің рухын көтеріп, жауды жеңген. Осыдан кейін Есет батыр Байбақты руының ұраны ретінде Дәуқараның атын бекіткен.

Дәуқараның батырлығының басқа бір хикаясы оның жас кезінде өзінің нағашы жұртына барғанында болған. Ол бір байдың қызды зорлықпен тоқалдыққа алмақшы болғанын естіп, оны тоқтатып, байды бір жұдырығымен өлтірген. Осы оқиғадан кейін қыздың өзі Дәуқараға тұрмысқа шыққан.

Жас батырдың жас шағында талай жау қолымен күрескені және ел қорғағаны айтылса, кейінірек оның соңғы шайқасы туралы да бірнеше аңыз бар. Бір аңызда ол Бармақ батырмен жекпе-жекке шығып, ұрыста қаза тапқан. Оның өлімінен кейін Бармақтың сүйегін жерлеу мен оның моласын салу туралы сөздер тараған. Дәуқараның есімі қазақ халқының батырлық дәстүрінде мәңгі қалды.

Қаратөбе ауданы Жусандысай кеңшарының Ханкөл ауылында XVIII ғасырдың тарихи жәдігері – Қоске әулие кесенесі орналасқан. Қолбасшы Қоске сиқырлы, қаһарлы дұғамен топан суды, өртті қайтарады екен. Әруағы ұстағанда, ол кісі екі құлаш темірді отқа салып, жейді екен. Отпен ойнап, домбыра, қобызбен жынын қайтарады екен. Батыр пері оқуын оқыған ғұлама болған, Мекке-Мәдинаға бірнеше рет хазіреттікке барып, басқа да адамдарды жіберген. Ол оқ пенен жауды, келе жатқан апатты қайтаратын дұға оқитын адамдарды жанында ұстап, өзі де сондай дұғалар оқиды екен.

Осы әсем құлыптасы жайында өлкетанушы Қ. Хасанов ел арасында мынадай аңыз қалғандығын айтады: «Мәрмәр, ақық сияқты асыл тастан жасалған құлпытасы 1877 жылға дейін тұрған. Жылан жылдары халықтың орыс байы Текеден келіп, осы тасқа қатты қызықса керек. Әуелі жасырын алғысы келген, бірақ ала алмай, артынша кісі жіберіп түйемен тарттырса да ала алмапты. Кейін өзі келіп сүйменмен ұрып, қашаумен тасты жонып, шапқанда тастың жаңқасы ұшып, көзіне тиіпті. Артынан әлгі байдың көзі ісіп, қайтыс болған деседі. Құлпытасы екіге бөлініп қалған»[3, 92 б.].

Әлі күнге дейін халық оның аруағына сыйынып отырады. Мәселен, 1947 жылы Қаратөбеде топалаң ауруымен ауырған жеті отар қойды Қоске әулиенің басына түнетіп, сол қойларды аман алып қалған деген әңгімелер ел арасында сақталған. Ал, халықтың басына нәубет түскен 1912 жылы жылан жылында бір топ аштықтан босып, шұбырып келе жатқан кезде сиқыршы әулие басына келіпті. Мазардың басында қой, жылқы, сиыр терілері шашылып жатыр екен, соны пісіріп жеп, баба басына түнеп аман қалған».

Егіндікөл аулындағы Арал қыстағы басындағы қалың қауымда жатқан Сүлеймен деген әулие бар. Сүлеймен әулие 1869 жылы дүниеге келген. Әулие зиратына келіп халық түнейді. Басына қойылған құлпытаста «Мұқанбетжан баласы Сүлеймен 1941 жылы 72 жасында қайтты. Тас қойған Жақсығали баласы Сағидолла. Азаматтар атынан. 1962 жыл» деп жазылған. Ел аузында тараған аңыздардың көбінде, Сүлеймен атаның құлпытасының жанында өсетін шөппен тіс шұқып жазатын болған, топырағымен ауырған жерін жазатын болған. Зиярат етем деушілер басына түнек орнатылмаған, себебі Егіндікөл ауылының шет жағындағы Арал қорымындағы құлпытасына барады.

Сүлеймен ата туралы деректер Теректі ауданы, Ақжайық ауылында тұратын, Ұлы Отан соғысының тыл ардагері Сүлеймен атаның немересі Байтокова Салима Нигметовнадан сұхбат алу барысында алынды. Бізге әулие мәліметтерді алу үшін Қажым Жұмалиевтың «Жайсаң жандар» кітабын оқуға ұсынды.

Сүлекең ескіше оқыған кісі. Құранды тапсірімен білуін, тюркі тануын былай қойғанда, нахуынның өзін шырық айналдырғандардың бірі. Әкесі Құдайберген қазірет ең бірінші көрген перзенті Сүлейменді бес жасынан өзі оқытып, араб, фарсыдан өзі білетіндерін осы баласына түгел үйретуді арман етті. Оқуға зейінді, талапты кішкене Сүлеш Құдаекеңді қатты үміттендірді. Араб, фарсы, тюркілердің бәріне де қабілеттілігін көрсетті. Ересек кезінде оны қазіреттікке даярлап, ясинді аяғынан басына қарай жаттатты. Бұл теріс оқу қаншама қиын болса, ол соншама табандылықпен сол қиыншылықты да жеңіп, Құдаекең марқұмды қатты риза еткен-ді. Ясинді бұлай оқу оның әр сөзін шегінен түгел өткізу деген сөз. Ол мыңнан біреудің қолынан келеді-мыс. Ондай адам біршек болып қатып қалады да, еш уақытта толыспайды деседі. Содан ба немесе басқа бір себеп пе, жасы қырықтан асса да, Сүлекең әлі сол біршек қалпында. Қапсағай келген Сүлекең бірінші рет көргенде, сал имектеу тәрізденеді.

Сүлекең мұсылманша көп оқыған дедік. Бірақ ол молдалық құрудан аулақ. Сүлекең жиырма жасынан бастап-ақ етегінен ұшынды да, бозбалалықтың соңына түсті. Құран да, хадис та жайына қалды, есейе келе ел әңгімесіне араласты, өз аулының сөз ұстарлық адамының бірі болды. Кейде оны мәток молда деп те атайтын. Әйтсе де, басқаларға қарағанда Сүлекең анағұрлым көзі ашық. Газет, журнал, кітаптарды да қарастыра жүреді. Солардың әсері ме, басқа себеп пе, өз аулының жастарын алыстағы оқуға бірінші рет әкеле жатқан да сол Сүлекең[4, 8 б].

Бұл деректерден Сүлекең деп отырған, біз сөз етіп отырған Сүлеймен әулие екенін білуге болады. Кітап бойынша Сүлеймен ата өз заманында бала оқытқан, араб, парсы тілдерін жетік білген білімпаз болғанын білуге болады. Ел аузында тараған деректерінде бес уақыт намазын қаза қылмаған, темір құлып дәрет алатын уақытта ашылып, өздігінен дәрет алып, қайта келіп оқитын болған деседі.

Сүлеймен ата көзі тірісінде «Менің басыма үй тұрғызбаңдар, тек ақ бор төгіп тастаңдар» деп өсиет қалдырыпты. Қазір де ауырған кісілер ол борды ем үшін пайдаланып бітірген.

Сондай-ақ аталмыш тақырыпты ұзақ жыл зерттеген, байырғы журналист, өлкетанушы марқұм Қайыржан Хасанов ағамыз жазып қалдырған мәліметке жүгініп, сол дәуірдегі Қаратау би, Едіге ишан, Құли Бекесұлы туралы деректерден кездестіруге болады. Мұндай қорымдар көбінесе халық арасында батырлық, дұшпаннан қорғаушылық, немесе рухани ұстаздық қызметімен танылған адамдардың рухына арналған. Әулиелік қорымдар — қазақ халқының рухани дүниесінің маңызды бөлігі, олар көбінесе белгілі діндарлардың, әулиелердің немесе батырлардың қабірлерінің үстіне салынған. Міне сондай, Қаратөбе ауданындағы әулиелік қорымдар тізімі:

1. Бисеке хазірет (1648-1727 жж)
2. Дәуқара батыр (1687-1751 жж)
3. Қоске әулие (XVIII ғ.)
4. Қаратау би (XVIII-XIX ғғ)
5. Едіге ишан (1850-1926 жж)
6. Сүлеймен ата (1869-1941)
7. Шеруен әулие (XIX ғ. – XX ғ.)
8. Ізімғали әулие (1880-1911 жж)
9. Құтқожа (1884-1905 жж)
10. Жарман әулие мешіті (XIX ғ. – XX ғ.)
11. Құли ата (1902-1985 жж)
12. Темірғали ата (шамамен XX ғ.)

Қазақтың дәстүрінде әулиеге бару — тек рухани ізденіс емес, сонымен қатар ата-баба дәстүрлерінің сақталуына зор ықпал еткен рәсім. Әулиелік орындарға зиярат ету, халық арасында әулиенің қасиеттілігіне сенім арту — бұл дәстүр өткен ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан құндылық. Зерттеу жұмыстарын жалғастыру арқылы осы құндылықтарды сақтап, қазіргі ұрпаққа жеткізу мақсатында әлі де көп іс-шаралар жүргізілуде. Әулиелердің өмірі мен

олардың артында қалдырған рухани мұрасы қазақ халқының тарихы мен мәдениетін тереңірек тануға мүмкіндік береді. Әулиелік қорымдардың сақталуы, олардың мәні мен маңызының дұрыс бағалануы халықтың рухани болмысының жарқын көрінісі болып табылады.

1 Нұртас Набиоллаұлы. Бисеке ата.//DANAqaz журналы. - №56. – 20 қазан 2021 жыл. – 46-49 бб
2 DANAqaz журналы 2012 жыл1 (1) 2012 Дәуқара батыр
3 Кенжебекқызы А. Сиқыршы, қолбасшы Қоске әулиенің шежіресі (руы – Масқар Бабаназар) әруағы – Дию пері патшасы «Көк АЙдар» / ел аузынан теріп жазған. – Алматы, 2006. – 104 бет.
4 Қажым Жұмалиев. Жайсаң жандар (Естеліктер). – Алматы: Жазушы – 1969. – 348 бет

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ КҮМІСТЕН ЖАСАЛҒАН ӘШЕКЕЙЛЕРДІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Кемелова Қалипа Шахизадақызы - «Отырар» мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК аға ғылыми қызметкері, Түркістан облысы, Отырар ауданы

Андатпа. Мақалада қазақ халқының ұлттық құндылықтары мен мәдени мұрасы - музей қорындағы зергерлік әшекей бұйымдарының сақталуы, жиналуы оның зерттелу тарихы тереңінен қамтылады. Музей қорындағы зергерлік әшекей атаулары тарихи-этнографиялық тұрғыдан зерттелген деректерге негізделген. Зергерлік әшекей атауларға, асыл тастарға байланысты ұғым – түсініктің қалыптасуы біздің заманымызға дейін келіп жеткен наным-сенімге деген әсері тарихи, археологиялық, этнографиялық әдебиеттерге сүйене отырып дәлелденген.

Кілтті сөздер: Қазақ халқы, зергерлік өнер, қолөнер, күміс, әшекей бұйымдар.

Әлемдік мәдениетке өлшеусіз үлес қосқан тарихи жәдігерлерімізді ұлттық құндылық ретінде сақтаумен бірге ұлттық мәдениетімізді ұрпақ санасына сіңіріп өсіру кезек күттірмейтін жауапты іс. Ақиқатында ғасырлар бойы халқымыздың қолданбалы өнері сақ пен көк түркілерден бастау алып, болашақпен жалғасқан, бізге жеткен халық мұрасы. «Зергер адам − зерделі адам» - демекші, солардан қалған өшпес мұра жартастағы қашалған суреттер, алтын мен күмістен жасалған заттардың көбісі зергерлік бұйымдар. Өз жұмысымда қазақ халқының тұрмысында ерекше орын алатын күмістен

жасалған бұйымдардың маңызына тоқталмақпын. Осы тақырыпты қозғаудағы мақсатым, ұлттық қолөнер бұйымдарының, оның ішінде күмістен жасалған бұйымдардың халық арасында кеңінен насихатталуын жүзеге асыру, олардың тарихи маңызын жойып алмау мақсатында ұлттық мәдениетімізді ұлықтау.

Зергерлік өнердің түп төркіні мыңдаған жыл әріде жатыр. Қолөнер шеберлерінің өздерінің арасында зергелік өнер ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, өнер құпиясы мұқият сақтаған. Зергерлік әшекей бұйымдардың алғашқы шикізаты − аңдардың тістері болып, адам баласы олардың тістерін жіпке тізіп мойынға тақса, содан кейін өзен жағалауындағы ұлулар мен түрлі-түсті тастарды жинап алып, әшекей алқа ретінде мойындарына тағып пайдаланған. Сол замандағы түсінік бойынша бұл заттар, бір жағынан, әсемдіктің белгісі болса, екінші жағынан, сол кездегі ырым ретінде қолданған. Зергер мен оның құралдарының ерекше бір сиқырлы күші бар деп есептеліп, зергерлік бұйымдар да киелі саналған. Олар «пәле-жаладан сақтайды, ауруды жазады, өнімді көбейтеді» деп есептеген [1, 16б.]. Кейінірек, зергерлер мен темір ұсталары сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын металдан, күміс пен мыс, темірден жасағаны белгілі. Бұл өнердің техникалық және сәндік бұйымдар жасау түрінің тарихы қола дәуірінде б.з.д. II ғасырда өмір сүрген сақ-сарматтардың дәстүрінен және үйсін, кангуй, ғұн өнерінен бастау алатындығы жазба деректерде айтылған [2, 66б.].

Қазақтың әшекей бұйымдары — халықтық қолданбалы өнеріміздің ғана емес, бүкіл ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасы. Көне дәуірде сақтар алтынның қасиетін көп білген. Алтын адамның жүйкесін тазартып, көңіл-күйін көтеріп, жұмысқа қабілеттілігін арттырады, жүрек соғысын қалпына келтіріп, тыныс жолдарын жақсартады деп ұққан [3, 2010ж.].

Зергерлік өнерінде өте жиі кездесетін ақ түсті металды күміс деп атайды. Көне түркі тілінде **күмүш** түрінде қолданған. М.Қашқаридың «Девону луғотит турк » атты сөздігінде «Күмүш кунға урса, алтун азакін кэлір» деген мақал келтіреді. Оны қазақшалап айтсақ; «Күміс күнге қонса, алтын өз аяғымен келер» [4, 77б.]. Күмістің түрлі сапа-белгісін білдіретін бұрама күміс (күміс сымдарының өрімі), жал күміс (сауда –саттыққа қолданылаған күміс теңге), балшабай күміс (таза емес қоспасы бар күміс) т.б. атаулары болған. Қазақ тілінде күміс құймалары жалпы атпен жамбы деп те аталған. Сондықтан, күмістің сапа белгісіне, құймаларының көлеміне, салмағына т.б. байланысты қолданылатын бір сыпыра атаулардың пайда болуына жамбы сөзі әсер етті. Мысалы: ақ жамбы (таза күміс құймасы), асық жамбы (асық формасында құйылған күміс), түйе көз жамбы, қой тұяқ жамбы, құлын тұяқ жамбы, тай тұяқ жамбы т.б. Сонымен, жамбы сөзі күміс құймасының атауларының синонимы болып есептеледі және жамбыға байланысты: «Қозы орнына тай сойып, Асықтай атты жамбыны» деген жыр шумақтарының жолдары бар [5, 116б.].

Сонымен, зергерлер көбіне бағалы металдардың ішіндегі ең қолайлысы — күмісті пайдаланды. Сондай-ақ, қазақ зергерлері күмістің жалтыраған түсін, әртүрлі пішіндер жасауға қолайлығын шебер пайдалана

біліп, оған әртүрлі техникалық тәсілдерді пайдалана отырып, нақыштау, соғу, қалыптау, сіркелеу, түйіршіктеу, тыныкелеу, қаралау, ойып күмістеу сияқты шеберліктерді меңгерді. Ерте кезден халқымыз күмістің тартымды, сыйқырлы қасиеті бар деп есептеп, оның тіл-көзден, түрлі сырқаттан сақтайтын, тазартатын қасиеті бар деп сенген [6, 5б.]. Сондықтан да үй шаруасындағы әйел ас қамдаса да, бала шомылдырса да қолынан күміс жүзігін алмаған.

Міне, мұндай қайталанбас ұлттық қазынамызды жоғалтпай, өскелең ұрпақтың өткеніне ой салуына негіз беретін бірден-бір мекеме музейлер. Осындай сан-салалы өнер мен ғылымның ордасы, Отырар мемлекеттік археологиялық қорық- музей қорында да жалпы саны 24145-тен аса жәдігер болса, онда археологиялық, этнографиялық және басқа да салаларға жататын жәдігерлер саны күн санап арта түсуде. Енді, қазіргі таңда мұражай төрінен орын алған күмістен жасалған сырғалар, білезіктер, құсмұрын жүзіктер мен құдағи жүзіктер т.б. әшекей бұйымдар ата-бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырған мұрасы екені жыл өткен сайын дәлелдене түсуде. Жалпы, музей коллекцияларының ішіндегі қайталанбас туындылардың бірі — күмістен соғылған зергерлік бұйымдар. Енді, солардың басты-бастыларына жеке-жеке тоқталсақ артық болмас. Олар бір-біріне өте ұқсас болғанымен, күмістен жасалған бұйымның көзіне қондырылған тасына, жасалу тәсілі мен ою-өрнегіне қарай атауы да өзгеріп отырады. Негізінен, мұражай қорындағы сырғалардың көпшілігі күмістен жасалған, олардың жасалу тәсіліне қарай атаулары да әртүрлі.



Үкі бас сырға XIXғ. Күміс,соғу,керту,тыныке



Салпыншақты сырға XIXғ. Күміс,орама, тыныке



Сырға XXғ басы. Күміс,соғу, керту



Сырға XIXғ.соңы. Күміс,қалыптама,керту,дәнекерлеу

Ал, енді, жүзіктер бір-біріне ұқсас болғанымен, өзіндік айырмашылықтары бар: саусақ сұғатын шеңбері таза күмістен соғылып, саусақ сыртына қараған бетіне асыл тастан көз орнатылып, әсем әшекейленіп жасалған. Жалпы, бұл әшекейдің жүзік деп аталуының себебі, ажар, бет, жүз деген сөздердің мағынасынан шықса, ал тасы жоқ күмістің өзінен ғана көз

шығарған бұйымды сақина деп, ондағы «сақ» түбірі берік, мықты, мығым деген мағынаны береді екен [7, 16б.].

Күмістен жасалған бұйымдардың тәрбиелік мәніне тоқталсақ, алдымен құстұмсық жүзік пен құдағи жүзік туралы сөз қозғағанымыз дұрыс. Құстұмсық жүзікті бойжеткен қыздар таққан, бұл жүзік - бақыттың, тәуелсіздіктің, құс тәрізді еркіндіктің белгісі. Дәстүр бойынша, ұзатылып бара жатқан қызының қолындағы құстұмсық жүзікті анасы шешіп алып, қыз жасауымен бірге орамалға түйіп, сандығына салып жіберетін болған. Бұл жүзік қыз жағдайының хабаршысы ретінде кейін қайтып келуі керек. Сондықтан қыздың төркін жағынан оның қал-жағдайын білуге барған інілері осы құстұмсық жүзікті қайтып әкелсе, қыздың анасы қатты қуанып, құдағайым қызыма өз қызындай қарайды екен деп, ауыл арасына кішігірім той жасаған. Яғни, біздің түсінігімізде сәндік бұйым болып есептелетін жүзіктердің мағыналы мақсаты болатындығын ата-бабаларымыз ұстанған осы салттан көруге болады. Қазақтар арасында «Сақинаны сәнге салмайды, ол - тазалыққа таразы» деген нақыл сөз бар. Бұл сөздің төркіні сақинаның тек сәндік қана емес, гигиеналық та қызмет атқаратынын, аңғартады. Дана халқымыз сақина соғылатын күмістің таттануға ұшырамайтынын, олардың судың, тамақтың тез бұзылмауына септігін тигізетінін, денсаулыққа жағымды әсер ететінін тым ерте байқап, білген.



Құстұмсық сақина ХХғ. күміс,соғу,ширатпа



Жүзік ХХғ. Күміс,шыны, сымкәптеу.



Құдағи жүзік ХХғ. Күміс, алтын жалатпа, қоңыр шыны, сымкәптеу, дәнекерлеу



Сақина.ХХғ. Күміс,керту,дәнекерлеу

Зергерлер білезіктерге неше түрлі өрнектер салып, тас қондырып, қара ала жүргізіп, сіркелеп түрлі нақыштар, оюлар салып, оның ішінде қошқар мүйіз байлықты, дәулетті шақырады деп ырымдап, ширату, өру техникасы арқылы әртүрлі тастармен әрлеп, топсалы немесе екі қолға қатар киетін етіп соқты. Олар да көбінесе күмістен соғылады.



Білезік. XIX ғ. Күміс , соғу, керту



Білезік. XXғ. Күміс, қалыптама,оймыш, кертпе



Қақпақты білзік. XIXғ.аяғы. Күміс, қарала,шыны, сымкәптеу



Қос білезік.XIXғ.Күміс,алтын жалатпа, шыны,сымкәптеу

Асқан танымал шебер-зергерлердің күмістен соғып, әртүрлі формадағы ұлттық нақышқа келтіріп жасаған күміс әшекей бұйымдары мұражайда көненің көзіндей сақталған. Осы өңірдегі зергерлердің қолынан шыққан әшекей бұйымдар өзгеше бір даралық мәнерімен, әсемдігімен ерекшеленеді. Қазақ жеріндегі әр аймақтың мәдениетінің өзіне тән ерекшелігінің барлығын ескерсек, күміс бұйымдардың жасалуының да өзіндік ерекшелігі барлығын ескеруіміз керек.

Көптеген жазба деректерге мән берсек, күмістің ерекшелігі сумен әрекеттескенде иондалып, оның құрамында ұзақ сақталатындығы және күміс қосылған су ағзадағы көптеген зиянды микроағзаларды жоятындығы жазылған. Халқымыздың дәстүрлі қолөнері − қайнар бұлақ, сарқылмас қазына, бай мұра екенін ұмытпағанымыз жөн. Дәстүрлі қолөнер шеберлері зергерлік бұйымдарды дүниеге әкеліп, сұлулықтың санадағы бейнесін жасаған. Жас ұрпаққа тәрбиелік мәнін ашып, мұра ретінде қалдырып, одан әрі жетілдіре білген.

Әдебиеттер мен дереккөздер тізімі:

1.Х.Арғынбаев. «Қазақ халқының қолөнері». Алматы, «Өнер», 1969, 16-б.

2 . Р.Н.Шойбеков. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. Алматы «Қазақстан» 1993-66 бет.

3. К.Н.Райымхан. Қазақ халқының сәндік қолданбалы өнері. Алматы. Қазақ университеті 2010ж.

4.М.Қошғарий. Девону луғотит турк. Том1. Тошкент, 1960,177-б.

5. Үш ғасыр жырлайды. Алматы, 1965,116-б.

6.Ш.Тоқтабаева. Қазақтың зергерлік әшекей бұйымдары. Алматы, 1985,5б.

7. С.Қасиманов. Қазақ халқының қолөнері. А., 1969,16-б.

ОТЫРАРДЫҢ ӨРНЕКТІ СӘУЛЕТ КІРПІШТЕРІ

Таубек Азат Тұрлыбекқызы
«Отырар мемлекеттік археологиялық музей-қорығы» РМҚК
«Тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау» ғылыми - зерттеу бөлімінің аға ғылыми қызметкері

ТҮЙІНДЕМЕ

Мақалада Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорындағы,Ежелгі және ортағасырлық Отырар қаласының заттай мәдениет айғақтары, әрлеуіш құрылыс кірпіштердің зерттелуі туралы айтылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматривается исследования материальной культуры древнего и средневекового Отрара, облицовочные плитки, которые бережно сохраняется в Отрарском государственном археологическом музее.

RESUME

The article informs the study of the ancient and medieval material culture, façade elements which are carefully preserved in Otrar state archaeological preservation museum.

Кілт сөздер: Орта Азия, Отырар, сәулет өнері, терракота, сырлы қыш қаптамалар, технология, археология, өнер, мәдениет.

Ключевые слова; Средней Азия, Отрар, архитектура, терракота, глазурованная керамическая плитка, технология, археология, искусство, культура.

Keywords; Central Asia, Otrar, architecture, terracotta, qlazed ceramic tiles, technoloqy, archeoloqy, art, culture.

Қазақ елінің материалдық және рухани мәдениетінің тарихында сәулет ескерткіштері мен құрылыстары айрықша орын алады. Көне қалалардың орындары, керуен сарайлары, діни орындар мен мешіттер, кесенелер, қорымды-мінәжат кешендері кең байтақ қазақ даласын мекен еткен байырғы бабаларымыздың әлеуметтік экономикалық және мәдени өмірінің нақты айғақтары. Қай халықтың болса да рухани әлемі оның дәстүрлі өнерінен, мәдениетінен, тұрмысынан көрінеді[1.9 б].

Сәулет құрылыстары мен ондағы салынған ою өрнектерді археологиялық тұрғыда XIXғ. аяғында XXғ. басы мен ортасындағы зерттеушілері С.А.Давыдовтың, В.В.Стасовтың, Ф.И.Волковтың, Г.А.Федоров-Давыдов, Н.Пугаченкова, Л.И.Ремпель, А.Н.Бернштамның, қазақ ғалымдары Ә.Марғұлан, М.М.Меңдіқұлов, Н.Нұрмұханбетов, Ә.Масанов, М.Мұханов, Т.Басеновтың тағы да басқа ғалымдардың еңбектерінде кеңінен зерттелген.

Осы аталған ғалымдардың ішінде Т.Қ.Басеновтің «Орнамент Казахстана в архитектуре» атты еңбегінде Қолөнерінде көңілге қонымды мәнерлер мен ондағы қолданылған әдістер архитектурада кеңінен қолданылып келеді» - деп атап көрсетеді автор өз еңбегінде. Ою-өрнек өнері әлемнің барлық халықтарына тән өте ертеден келе жатқан халықтық мұра болып саналады. Сонымен бірге әрбір ұлттың өз тұрмыс салтына орай өзіндік қол таңбасы бар екендігі де даусыз мәселе. Яғни, кез-келген халықтың ою-өрнек өнерін, қол өнерін зерттей отырып, оның байырғы тұрмысы мен шаруашылығын, дүниетанымын анықтау мүмкіндігіне де ие бола аламыз.

1950 ж. Ә.Х.Марғұланның «Көне Қазақстанның қалалары мен құрылыс өнері тарихынан» атты кітабы жарық көрді. Онда қазақтың ата-бабасының таза көшпелі халық болмағаны, қазақта отырықшылық дәстүрінің ертеден келе жатқаны археологиялық, этнографиялық және сәулеткерлік материалдар негізінде көрсетіледі [2,80 б] .YI-XII ғасырда Орта Азия мен Қазақстанда қалалар тез өсті. Орта Азия мен Қазақстанның оңтүстігіндегі қала мәдениетінің дәуірлеген кезі IX-XII ғғ.тұс келеді. Қалалар маңында мұсылман зираттары пайда болып, кесенелер бой көтеріп, ірі ансамбльдер қалыптасады. Құйрықтөбе қаласынан шартты түрде «бағаналы» типке жатқызылатын ерте кезеңнің мешіті аршылды. Оның қызмет атқарған уақыты X-XII ғғ.бас кезі. Қала ішінде монша секілді қоғамдық ғимарат пайда болды. Отырар рабадының аумағындағы қазбалар нәтижесінде XI-XIIғғ.жататын екі монша табылды [3. 11,12б.б.] Ауқымды ірі қазба жұмыстарының негізі Отырардың өзінде өтті. Онда қаланың XYI-XYII ғасырлардағы бөліктері, XY ғасырдағы мешіт, XI-XY ғасырлардағы моншалар, XIII-XY ғасырлардағы қолөнер шеберханалары және басқа көптеген ғимараттардың орны аршылды [4.7б].

Отырар Қазақстан мен Орта Азия аумағында ең көп зерттелген кейінгі ортағасырлық қала болып табылады. Қазба барысында жинақталған мол материалды талдап қорыту, оларды басқа тарихи деректердің мағлұматтарымен салыстыру өзара байланыстыру жұмыстары көп нәтиже бермек. Қолөнердің ең көп заттай із қалдыратын керамикалық өндірісінің қалдықтары Отырарда көптеп аршылды.

М.Қожаның «Отырардағы керамика өндірісі» атты кітабында Отырардың XIII-XY ғасырлар аралығындағы керамикалық өндіріс орындары қаланың рабадында, шахристанында және оған таяу орналасқан Мыңшұңқыр, Қоңыртөбе (Күйік-Мардан) деген жерлерде болғаны анықтап, бұлардың ішінде хронологиялық тұрғыдан алып қарағанда Мыңшұңқырдағы шеберханалар ең әуелгісі болып табылатынын айтып өтеді [5.105,106 б б].

Отырардың қыш бұйымдар кешенінде, әлбетте пішіндері әртүрлі сырланбаған қызыл балшықтан қыш ыдыстардың саны басым, олардан соң-сырланған қызғыш, сары балшықтан жасалған асханалық ыдыстар кездеседі. Сәулеттік өрнек те бұл кешеннің ажырамас бөлігін құрайды. Ұлттық сәулет өнері ескерткішінің құрылыс материалының дүние жүзі таңқалатындай жоғарғы сапалы болуы сәулет өнерінің, қолданбалы өнерінің орта ғасырда биік деңгейде болғанын дәлелдейді.

X-XIV ғасырлар Қазақстандағы сәулет өнерінде ғимараттарға әсемдік және архитектуралық өзіндік түр беретін алуан түсті жылтыр кірпіштер, қаптамалы тақталардың пайда болуы, сәулет өнерінің жоғары деңгейде болғандығын көрсетеді. Қазіргі Қазақстан жеріндегі Айша бибі, Қожа Ахмет Ясауи, Арыстанбаб кесенелері сияқты ортағасырлық атақты сәулет өнерінің туындылары өткен шақта ұлттық сәулет өнерінің қаншалықты деңгейде дамығанын көрсетеді.

Орта ғасырларда қолданбалы өнердің материалдары сары топырақты балшық пен ғаныш болды. Сәулетті құрылыс жүйелерінің сыртқы көрініс стилі Орта Азия мен Қазақстанда бірдей болды. Діни кешендерге мешітті, кесенелерді, мазарларды, моншаларды жатқызуға болады.

Сәулеттік декордың басқа ешбір саласы ганчқа ойып,әшекейлеу сияқты халықтық қолөнерге мейілінше жақын болған емес. Әр түрлі тұрғыдан орындалған ойып-өрнектеу күн сәулесі түскенде жарық пен көлеңкенің көркем құбылуын туғызған. Бірақ ганч жаңбыр мен желден тез бұзылған, сондықтан сыртқы жақты қаптауға декордың жаңа түрі-оюлы терракота қолданыла бастады. Құрғатылған балшыққа ою-өрнек салып,оны кейіннен күйдіретін ежелгі заманнан белгілі оймыштау тәсілдері сәндік-қолданбалы өнердің осы түрінің дамуына негіз болды [6.481б].Саз балшықты қалыпқа салып,кепкеннен кейін жоғары температурада күйдіріп, түрлі құрылыстарға, кірпіш, бедерлі кірпіш тақта, бедерлі қаптауыш тақталар, құбырлар ретінде пайдаланатыны анық. Зерттеушілердің пікірі бойынша ерте исламдық құрылыстар көбіне ағаш пен қам кірпіштен салынды, ал қыш кірпіштен және кірпіштен өрмелеп өріліп салынған құрылыстар IX-X ғғ.таралып, сәулеттік идея, оның әдіс-тәсілі,мәнері мен сәндік пішіні жетілдірілді[7.191 б].

Сәулет деректері сыртқы бейне пішініне, әсемдік және көркемдік түр, ерекшелік сипаттарына қарай,1) қолдан ойған өрнекті жалпақ қыш қаптамалар, 2) шыңылтырлы трапеция бейнелі кішкентай қаптамалар, 3) майоликалық кеспектер түріндегі сәулет қыштары, 4) әр түрлі өлшемдегі қыш кірпіштер, 5) оймаланған сәулет кірпіштері мен көк түсті терракоталық қаптамалар болып бөлінеді [8 .19 б.].

Яғни, біздің де көңіл аударып қарастыратын мәселеміз архитектуралық құрылыс кірпіштері мен ондағы салынған халықтық мұра ою-өрнек, нақыш өнерінің үздік үлгілерін көне ғасыр сәулетшілерінің қалай пайдаланып, дамытқаны жайлы болмақ. Бұл орайда, зерттеу көзі болып табылатын Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қорындағы сәулеткерлік сырлы және сырсыз, ою-өрнекті кірпіштердің аса көркем түрде безендірілген, қыш өнерінің теңдесі жоқ туындыларын айтуға болады. Көне заманнан бастап қазіргі дәуіргі уақытқа дейінгі сәулет өнері өз құндылығын жоғалтпағанын Отырар музейі қорында қазіргі таңда Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясының зерттеулері мен музей қызметкерлерінің экспедициялық қазба кезінде табылған (толық сақталған, жартылай, бөлшекті) сәулет кірпіштердің көлемді жиынтығының жүздеген данасы сақтаулы, жинақталған сәулет құрылыстарының негізгі бөлігі **XI -XV** ғасырлар аралығы. Оларды құрылыс қажетіне қарай өрнектеп әшекейлеуге байланысты әр түрлі мақсатта қолданған. Сәндік қолданбалы өнер орта ғасырдың дамыған кезінде өркендей бастады. XI-XII ғасырларда ғимараттарды өрнектеп, сәндеу ісінде оюланған кірпіштер-терракота кеңінен қолданылды.

Кірпіштердің ішінде құрылысқа пайдаланған, хронологиялық тұрғыдан зерттеу барысында бірнеше өрнекті әр түрлі көлемдегі сәулет ғимараттарға пайдаланған штамп көмегімен немесе кесіп салынған, шыңылтыр жалатылған немесе ондайы жоқ жапсырмалық кірпіштер, өсімдік пішіндегі және геометриялық оюлармен өрнектелген терракоталық тақташалар мен өрнектері бір жағына ғана салынған сырлы жұқа әрлеуіш кірпіштердің бірнеше топтамасына тоқталатын болсақ.

Терракота . КП - 5794 Сәулетті ғимараттың өрнектелген қыш сынығы,сарғыш түсті саз балшықтан жасалған. Қыш бетіне үшбұрышты, төртбұрышты, ромб тәрізді геометриялық фигуралы өрнектер ойылып, оймыштала салынған, өрнектердің шеттері сызылып өткен, қабырғасының қалыңдығы -4-5,5см. .Геометриялық оюлар затты көркемдік әдістері, сұлулық белгілерімен ерекше түр - түске бөлейді,бұл өсімдік-геометриялық өрнек Орта Азия мен Қазақстан сәулет құрылыстарын әсемдеуге үлкен мүмкіншілікпен кеңінен пайдаланған. Өрнектелу жүйесі астасқан бес бұрыштылықты сақтайды.Самарқан қаласындағы XY ғасырдағы Бағы-Майдан бағындағы

әрлеуіш кыштарда кездеседі. *Терракота .КП–4099* өрнекті қыш сыныгы ,сарғыш түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған, бес бұрышты, бетіне оюлап гүлді өрнегі ойыла салынған, боялмаған. Көлемі 9,5х7,0х7,5 см. Сондай-ақ бұндай қалыппен оймышталып салыну, ортақ ұқсастық тек қана пішінінде ғана емес, сонымен қатар сюжеттік композициялық ұқсастырып жасау Самарқан, Мерв қалаларындағы құрылыстардағы қабырғаның бастапқы өрнектелу негізінде пайдаланған [9.24 б.]. *Өрнекті қыш сыныгы .КП – 6293 саз* балшықтан жасалған, қызғыш түсті күйдірілген.Қыштың жасалу пішіні төрт бұрышты,бір жақ ернеу жиегі ғана өрнекті болып жасалған, өрнегі геометриялық үшбұрышты ромбик тәрізді нақыштылған. Көлемі 26,6х26,5 см қалыңдығы 5 см. Дәл осындай кескінделу пішінді өрнекті қышы Отырар қаласының оңтүстік батыс қақпасының, оңтүстік мұнарасында және Түркменстанның Худай-Назар XII ғ кесенесінің қас бетінде босаға (портал) ретінде айшықталған басты кіретін қасбеті бар ғимарат,ол басқа қасбеттерге қарағанда әшекейлеу жағынан бай келеді және оның үстіңгі жағы портал пештак (қасбет) тәрізді биік, нақ осындай қыштар көлденеңінен және тігінен өрнектеле қаланған.

Терракота 4. КП-8300 сәулетті ғимараттың өрнектелген кірпіш сыныгына тоқталатын болсақ, жасалуы сәулетті баламалары жағынан Түркменстандағы Санжар кесенесінің қас беттерінде нақ осындай кірпіштермен қаланып салынғанын айта кетуіміз керек .Сары саз балшықтан күйдіріліп жасалған ,кірпіш бетіне өсімдік тектес жапырақша тәрізді шымқай өрнек оймышталып түсірілген. Бір шеті сынған. Қалыңдығы – 15,7 см., биіктігі – 5,2см. Сәулет қаптамаларының сырты бояма емес, қам саз күйінде қалыптасып, қолмен өрнектелген.Содан кейін күйдіріліп қыш қаптама күйінде пайдаланған. [10.107 б.]

Сондай-ақ Сүлейменнің алты жұлдызы деп аталған «ислами» мәнерінің әдісі жиі қолданған. Симметриялық бұрыштамалардың ортасына гүл жапырақтары мен қауызы орналасып, бірте-бірте алты бұрыштық жұлдызды құрайды. Оның ортасында бес жапырақты гүл, түйетабан гүлді өрнегі, төрт бұрышты айқыш ойылған. Әрбір бұрыштықтарда ойық нүкте салынып, жүрек бейнелі ою-өрнектер түсірілген. Ал, қыш қаптамалар көбінесе сынған күйінде кездеседі.

Әрлеуіш қыш . КП-1699 жартылай сақталған, көлемі 25х18см, пішіні төрт бұрышты, бетіне салынған ою-өрнектері геометриялық, оның арасы, төрт бұрышты, айқыш ойылған, қарама-қарсы алынған гүл сабақтарымен қайырылып түйіскен әрбір бұрыштықтарда ойық нүкте мен жүрек бейнелі

өрнектер бедерленген. Қызылорда қаласындағы «Кердері» кесенесінде және Самарқандағы құрылыс қыштарында, Тараз қаласындағы Айша – бибі кесенесінің бағанасының жоғарғы жағында осындай өрнекті қыштармен өріліп нақышталған. [11.20 б.]. Қыш кірпіштер арасында сәулет оймалары мен жылтырақ өсімдік бейнелі қаптамалар мен мозайкалық өрнектері және суреттері бір жағына ғана салынған сырлы жұқа кірпіштерге тоқталатын болсақ

Сырлы өрнекті жұқа әрлеуіш қаптама кірпіштің сынық бөлігі. *КП-3217* сары түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған, көлемі, ұзындығы-18,5см, ені-11,5см, кірпіш бетіне көк,сары бояу мен ромбик тәрізді,гүлге ұқсас өрнектер нақышталып салынып,оның үстіне шыңылтырлы жылтыратпа жағылған.

Сырлы әрлеуіш кірпіш сынығы КП - *1670* сары түсті, саз балшықтан күйдіріліп жасалған, жасалу пішіні трапециялы,толық сақталған көк және қара бояулармен гүл тәрізді шымқай өрнектермен бедерленген, көлемі – 18см, ені – 8 см. Аталған кірпіш сынықтары Алтын Орда қалаларындағы Жаңа Сарай (Сарай –Береке) архитектуралық құрылыстарда кезігеді [12.109 б].

*Трапециялы сырлы кірпіштер КП-4292,8928,8911,8929***.** сары түсті саз балшықтан күйдіріліп жасалған,саз құрамында тас қиыршықтар қосылған. Кірпіштердің үстіңгі бір жақ беттеріне қанық көк және көкшіл түсті бояулар жағылған, бояу беті шыңылтырланған (глазурь), төрт қырлы болып жасалған, дуалға жапсырар жағы сүйірлеу, шеттері сынған, негізгі бөліктері толық сақталған. Көлемдері: ұзындықтары – 19 см, 17 см, 13,5 см, 9,5 см, биіктіктері - 6,5 см, 5,5 см, 4,3 см, жалпақтығы – 5 см, 4,5 см, 4,3 см, 3,2см. Кесенелерді ою өрнектеп сәндеу үшін пайдаланылғанын негіз ретінде айтатын болсақ, Қожа Ахмет Ясауи мавзолейінің михрабындағы өрнектер, ал порталын сәндеген «басқұр» тектес, шым-ши өрнегі мен батыс фасад өрнектерінде осындай трапециялы сырлы кірпіштермен өрнектеп сәндеген.

Әлем өркениеті Ұлы Дала деп атаған қазақ халқының кең байтақ жерінде ғасырлар бойы өмір сүріп келген ата-бабаларымыздың, тіршілік салты бүгінгі ұрпақтар өмірімен жалғасуда. Осынау Ұлы Далада өмір сүрген қазақ халқының әлемдік өркениет құндылықтары қатарына енген төлтума мұралары мен тарихи мәдени ескерткіштері де молынан кездеседі.

Кез-келген тарихи-мәдени құндылық, сәндік қолданбалы өнер туындылары өз заманындағы рухани әлемнің шынайы болмысын айшықтайтын жарқын жәдігерлер. Біз солар арқылы тарихымызды танып, ой-танымымызды кеңейтеміз, әдет ғұрпымызды құрметтейміз. Қордағы кірпіштердің ұқсастықтары оның сыртқы пішініне, құрамына, өрнектеріне

және пайдалану мақсатына негізделгені белгілі.Осы зерттеулердің ішінде сыртқы пішініне,пайдалану мақсаты және сыртқы өрнектерге қарап, тарихи – мәдени параллельдері анықталды.

Зерттеу кезінде мынандай тұжырымдарды алға тартамыз. Сол кезеңдегі табылған құрылыс қыштарының негізгі екі композициясы анық байқалады.Олар;геометриялық үлгіде және өсімдік,сондай – ақ «еркін түрде» шымқай салынған өрнектер ұқсастығы қатты байқалды. Қорыта айтқанда Музей қорындағы сәулет құрылыс қыштарының Орта Азия сәулет өнеріндегі өзара ұқсастығына негізделе отырып Орта Азия мен Қазақстанның сәулет кірпіштерінің бірдей болуы басқа аймақтармен тығыз экономикалық және мәдени байланыстарда болғандығын айта аламыз.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Сыр өңірі тарихы-Алматы; Атамұра,1998.9 б
2. Тұяқбаев.М.Түркістан сырлары. Алматы-2000 ж. 80 б
3. Байпаков.К.М, Алдабергенов.Н.О. Отырар алқабы. Алматы 2005ж,11,12б
4. Байпақов.К, Ерзакович.Л. Орта ғасырдағы Отырар керамикасы. Алматы: «Өнер» 1991ж, 7 б.
5. Қожаев.М Отырардағы керамика өндірісі. Түркістан: «Мұра»-1996ж 105,106 б.б.
6. Қазақстан тарихы,1-том,Алматы 2005ж,481б.
7. Веймарн Б.В. Искусство Средней Азии.-М.Л.4-1940.-191с
8. Қазақ тарихы «Кердері » кесенесі,2002.№4 20 б.
9. Пугаченкова.Г.А. Искусство Туркменистана, издательство «Искусство» Москва:1967. С.107
10. Пугаченкова.Г.А. Л.И.Ремпель. Очерки искусства Средней Азии,Москва: «Искусство» 1982,с-24,
11. Қазақ тарихы «Кердері» кесенесі. 2002. №4 18 б.
12. Федоров-Давыдов Г.А.Искусство кочевников и Золотой Орды. Москва «Искусство» 1976 с 109.

СОЗАҚ КӨТЕРЛІСІНЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС: ДІНИ ФАКТОР

Қуандық М., Сарсенова А.
ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент Өскембаев Қ.С
Астана халықаралық университетінің
«Тарих» білім беру бағдарламасының 3 курс студенттері
mquandyq@mail.ru
Астана қ.

Созақ көтерілісі тақырыбындағы соңғы зерттеулер мен жарияланған архив материалдары бұл оқиғаның ауқымын кеңейтіп, жаңа көзқарастар қалыптастыруға мүмкіндік беруде. Зерттеушілер Т. Омарбеков, М. Қозыбаев және Ж. Боранбаев көтерілістің басты себептері ретінде Кеңес үкіметінің қатал саясаты мен экономикалық қиындықтарды атап өтсе, кейінгі зерттеулер осы көтеріліске әсер еткен діни тематиканың маңызын да көрсетіп отыр. Пьянчоло көтерлісті зерттеуде барысында Созақтың Оңтүстік Қазақстандағы маңызды діни орталық болғанын ескереді. Өңірде әулиелердің мазары көп шоғырланған, соның ішінде Қарабура мен Баба-Ата мазары бар. Сонымен қатар, Созақ Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесімен байланысты қасиетті орындар қатарында аталады [1, 316 б]. 1930 жылғы Созақ көтерілісі кеңестік реформалардан туындаған экономикалық және әлеуметтік қиындықтарға реакция ғана емес, сонымен бірге дәстүрлі мұсылман құндылықтары мен қазақ қоғамының мәдени негіздеріне нұқсан келтіруге бағытталған кеңестік әрекеттерге жаппай қарсылықтың көрінісі болды. Созақтың рухани көсемдері ишандар мен молдалар көтерілісті ұйымдастыруда, халықтың әртүрлі әлеуметтік топтарды исламды қорғауға және бұрынғы кезде әділеттілікті қалпына келтіру идеялары төңірігінде топтастыруда басты рөл атқарды. Көтерілісшілер шариғат заңдарын енгізуге ұмтылып, дінге қарсы шыққандарды жазалауды қолға алған, сонымен қатар көтерліс біткеннен кейін көтерліске қатысы жоқ екенін білдіру үшін діни сенімдерін айтқан.

Мақалада тарихнамалық шолу жасалып, молдалар мен ишандардың көтерілістегі рөлі талданады. Халықтың діни сенім арқылы кеңестік билікке қарсы мобилизациялау. Көтеріліске қатысушылардың құрамы мен діни агитацияның орнына ерекше назар аударылып, діннің әлеуметтік және саяси әсері зерттеледі.

1929-30 жылдары Қазақстан жерінде болған антисоветтік көтерлістерді кешенді зерттеулер тек қана 1990 жылдардан кейін ғана басталды, осы кезеңге дейін жабық болған архив құжаттары ашылып ғалымдар жаңадан зерттеулерін жүргізді. Отандық тарихшылар Т. Омарбеков бірнеше еңбектерін жариялады «Зобалаң Күштеп ұжымдастыруға қарсылық», «1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері» бұл еңбектерінде 1929-30 көтерлістерді зерттеу тарихнамасы мен басты мәселелерді көтеріп анықтады [2], [3]. Козыбаев М.К.,

Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. «**Коллективизация** в Казахстане: **трагедия** крестьянства.» еңбектерінде Созақ көтерлісі туралы кейбір мәселелер қарастырылған болатын [4]. Т. Алланиязов пен А. Таукеновтің **«Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы)»** монографиясында 1929-30 жылғы көтерлістердың өзекті мәселелерін көтерген [5]. Тарихшы ғалымдар қазақ жерінде орын алған көтерлістерді жан-жақты зерттеп, көтеріліске нақты себеп болған жағдайларды анықтауға тырысты. 1990 жылдың басындағы зерттеулерде халық наразылығының басты себептері ретінде Кеңес үкіметінің жүргізген дебаизация және ұжымдастыру саясаттары деп көрсетілді.

1929-1931 жылдар аралығында шамамен 397 билікке қарсы наразылық болды, оның ішінде 25 қарулы көтеріліске шамамен 80 мың адам қатысқан [6,188].1920-1930 жылдар аралығындағы көтерлістерді зерттеу кеңестік тарихнамады ұжымдастырудың қателіктері деп есептеліп және осы тақырыптарды зерттеу қауіпті деп саналды, компартия тарапынан 20-30 жылдардағы көтерліс идеалогиялық барьерлер кездесті. Егер де зерттелген жағдайда ғана таптық күрес жаулары мен «бандиттік», «контрревалюциялық» деген сипаттар алды [7,7]. Қазақстан тарихындағы 1920-30 жылдардағы көтерлістерді ғылыми тұрғыда қайта құрудың бірінші шарты қажетті деректік база шыққанда ғана мүмкін бола бастады [8,7].

XX ғасырдың 30 жылдары болған ең ірі көтерілістердің бірі Созақ көтерілісін зерттеген Т. Омарбековтың пікірінше, наразылықтың негізгі себебі – ғасырлар бойы қалыптасқан мал шаруашылығына негізделген дәстүрлердің күшпен өзгертілуі Қазақ қоғамының экономикалық негізіне нұқсан келтірген күштеп ұжымдастыру мен малды тәркілеу болды, көшпелілердің отырықшылыққа көштіруі және басқаларға қарсы қатаң репрессиялар халықтың наразылығын арттыра түсті [3,153]. Басқада зерттеулерде М.Қозыбаевтың пікірінше қысым көрсету мен шектен тыс өктемшіл әпербақандық ауыл шаруашылық өндірісін ғана құлдыратқан жоқ, Қазақстанның бірқатар жерлерінде ереуілге де шықты. 1930 жылдың 4 ақпан-наурыз айларында Сырдария Сарысу және Созақ аударында ереуілге елді аландатты деген [9,77 б]. Жарылқасын Боранбай өзінің «Қазақ ұлт азаттық қозғалыс, Созақ көтерлісі» Созақ көтерлісін зерттеулерінде көтерлістің бірнеше факторларын экономикалық жағдайын айта кеткен болатын. Жарылқасын Боранбай зерттеулерінде Созақ көтерілісінің себептері ретінде экономикалық қысым мен әлеуметтік өзгерістер аталады. 1928 жылғы байларды кәмпескелеу туралы қаулы бойынша, мал-мүлкі көп байлардың мүлкі тәркіленіп, жер аударылды Көшпелі шаруашылыққа негізделген Созақ ауданының тұрғындарын отырықшылыққа мәжбүрлеу мен егіншілікке көшіру халық наразылығын тудырды, бұл олардың дәстүрлеріне қайшы келді. Сондай-ақ, ауыр салықтар халықты қыспаққа алып, экономикалық жағдайын әлсіретті. Мал-мүлікті тәркілеу мен жер аудару көтерілістің басты факторлары болып, кеңес саясатына қарсы наразылыққа ұласты [10,55-59 б].

Алайда, Т.Алланиязов қол жеткізілген жетістіктерге қарамастан, Созақ көтерілісі тарихының негізгі мәселелерін әзірлеу әлі де терең және жан-жақты зерттеуді қажет ететінін атап өтеді [6, 189 б]. Көтерлістердің себебтері әрине барлығы бірдей болмады, көтерлістердің болған аумақтарға қарай себебтері мен мотивтері де өзгеше. Кейбір жерлерде астық пен ет салығы, астық дайындау, ұжымдастыру науқаны**,** биліктің атеистік саясаты көтерлістің туындауына ықпал етті [8,23 б]. Айта кеткендей көтерліс себебтері бірдей болмады, Сара Камерон «Аштық жайлаған дала» еңбегінде көтеріліс себептерінің бірі ретінде елдің оңтүстігі Орталық Азия мұсылмандарының қасиетті жерлеріне жақын орналасқандықтан, діни факторлардың маңызды рөл атқарғанын көрсетеді. Кеңес үкіметінің атеистік саясатына қарсы наразылық ретінде мешіттер мен діни орындарды қайта ашуды талап еткен [11, 215-216 б]. Қазақстанда жаппай көтерілістер кезеңінде екі үрдісті бөліп көрсетуге болады: бірінші — көтерілістердің діни риторикасы, оған белгілі бір мұсылмандық рәсімдерді қолдану тән; екінші — көтеріліс мақсатына бағытталған радикалды үрдіс, оның нәтижесінде мұсылман хандығының орнауы мүмкін болды. Бірінші үрдіс барлық көтеріліске тән болып жаппай сипатқа ие болды, ал екінші үрдіс оңтүстік өңірлерге тән [12, 178 б].

Қазақ жерінің оңтүстігі көптеген ислам дінімен байланысты қасиетті мекендер мен беделді молда-ишандар көп болған. ОГПУ деректеріне сәйкес Қазақстанның оңтүстігі мұсылман дінбасыларының орталығы және Ислам ілімдерін таратудың маңызды аймағы болды. Бұл өңір Бұхара, Самарқанд медреселерімен тығыз байланыста болды, ал молда ишандар Қазақстан, Орталық Азия және Арабия елдерімен діни және мәдени қарым-қатынас орнатты [13,124 б]. Жәңгірқожаев Әлкен ишан, 1878 жылы Созақ ауылында молда отбасында дүниеге келген. Ол 10 жыл медреседе білім алып, Баба ата ауылындағы мешіт пен медресені басқарып, бірнеше молда тәрбиелеген. НКВД деректеріне сәйкес, ол Аппақ ишанмен кездесіп, кеңес үкіметінің дінді жоюға бағытталған саясатын талқылаған. Әлкен ишан кеңес атеистік саясатына қарсы үнсіз қалмау керектігін айтып, діни үгіт-насихатты жалғастыруға шақырды. ОГПУ мәліметтері бойынша, ол Өзбекстандағы «Шура-Исламия» ұйымына қосылып, оның филиалын оңтүстікте ашуды жоспарлаған. Сарысу және Созақ аудандарында көтерілісшілер тобын құрып, басшылық еткені үшін НКВД оны ату жазасына кесіп, мүлкін тәркілеуге шешім шығарды [14,257-282]. Юсупхан Умартюряев — 1878 жылы Сайрам ауданында дүниеге келген діни қайраткер, НКВД деректері бойынша, елдің оңтүстігінде панисламдық, кеңес билігіне қарсы ұйым құрған. Ұйым Өзбекстан мен Оңтүстік Қазақстанда жұмыс істеп, діни қайраткерлерді, бұрынғы басмаштарды және байларды біріктірген. Олардың арасында шетелдермен байланыс орнатқан ишандар болды, мысалы, Сейдхан Мубаширхан, Тайтлиев Алтынхан, Тоқтумұхамед ахун («Ауғанстан»), Ишанхан Алтынхан («Үндістан»), Рахматуллаев Абдрасула, Етжемес Ишанов, Торежан Төре, Тәжімхан Ишанов («Қара Қала», Түркіменстан), Әкімов Мухиден-Ажи, Сражетдин Магзум («Қашқария»). Бұл тұлғалар шетелдермен

байланыс орнатып, панисламдық ұйымдар құрып, қару-жарақ жеткізумен айналысты. Ташкент қаласында 2000 винтовка жасырып, 12 винтовка Закирханов Гулам Төренің ауласынан табылған. Қару-жарақты Ош қаласынан Зайдетахун керуендері арқылы тасымалдаған. Ұйымның басшыларының бірі — Қашқариядан келген бұрынғы басмашы Ишанхан Гүлтөрехан және Ауғанстаннан келген Жәнібекқазы болған. Ұйым шетелдермен байланыс орнатып, бірнеше мақсат қойған. Араб елдеріне 10 сауатты мұсылманды оқуға жіберіп, оларды жыл сайын жаңартып отыруды көздеген. КСРО-дағы мұсылмандарға көтеріліс үшін қару-жарақ жеткізуді әрбір мұсылман мемлекетінің парызы деп санаған. Оңтүстік Қазақстанда белсенді қызмет еткен Юсупхан Умартюряев Мұстафа Шоқай, Ақ ишан, Шами-Хазірет, Сейдхан Мубаширхан сынды тұлғалармен байланысқан. Ол Түлкібас пен Сайрамда екі көтеріліс ұйымын құрды, Оңтүстік Қазақстан мен Өзбекстанда 800 адамды жинады. Сонымен қатар, мұсылман ұйымдарымен қару-жарақ алу үшін байланысып, кеңес аумағындағы мұсылмандарды көтеріліске дайындаған, шетелдерден қарулы интервенция болады деп үгіттеген, ислам идеясын насихаттап, кеңес колхоздарын таратуға және жастарды коммунистік тәрбиеден алыстатуға тырысқан [14, 278-279 б]. Сейдахметов Аппақ Мақсұм ишан (1864-1931) Байдібек ауылында туған, беделді діни қайраткер болған, оның 3000 мүриді болған. Сырдария округінде Кеңес билігіне қарсы агитация жүргізіп, партиялық билікке әсер еткен. Астық дайындау кезінде ол Кеңес билігінің құлайтыны туралы болжам айтып, халықты астық бермеуге шақырған, кеңес өкіметін исламға қарсы жауы деп сипаттаған [14, 194 б].

Р.Киндлер көтерлісшілер халықты жұмылдыру мен өздерінің адал жолда екенін көз жеткізуі барасында дінді өздеріне тірек еткенін атап өтеді, билікке келген С.Шолақов өздерінше сот жүргізу кезінде кеңестік партияның 15 адамының үстінен ашық сот жүргізген. С.Шолақов сот жүргізуінің өзіндік ерекшеліктері болды ондағы жауапқа тартылғандар еуропалықтарша киініп шариғат заңдарын сақтамаған үшін қатаң жазаға тартылған. Созақтың жаңа билеушілері әрбір әрекеттерін шариғатқа сүйеніп халыққа бір дүние айтса оны дінмен байланыстырған. Көтерлісшілер өздерінің агитациясында және халықты өздеріне қолдауға шақыру барысында: міне дінімізді қорғайтын күн туды және ендігі жұмақтағыдай өмір сүреміз әрі біз Құдай жолындамыз сол үшін құдай бізді көмексіз қалдырмайды деп халыққа сөз айтар кезде дінге тіреліп айтқан [15,212-213 б]. Сұлтанбек Шолақов өзі ойлағандай армия құрып, кеңес билігіне қарсы жауап беру үшін материалдық ресурстардан бөлек адам ресурстарыда керек екенін түсініп, көтерлісшілердің жасағын жинау үшін ауылдарға хат жіберіп болсын қалай болсада қол жинау ауадай керек екенін білді. Осы жағдайда көзге түскен Өтембаев Қамбарбек ауылдарға хат жіберіп халыққа «дін үшін күресу керек екенін айтты». Созақты басып алғаннан кейін С.Шолақов «ендігі билік біздің қолымызда және біз рухани билікті құрамыз. Советтік билік жоқ оның орнына қазақ хандығы келді сол үшін біз дінді қорғау мақсатында мұсылман армиясын құрып дінімізді кәпірлерден қорғау керек деп жеткізген» [16,409 б]. Созақ көтерлісіндегі

идеологтар мен көтерілісшілердің жетекшілерінің бірі болған Иран азаматы, Асадулла Сафар-Али Ибрахим, ол 1918 жылы Бакуге, содан кейін Созақ ауданына көшіп келген. Ибрагим көтерліске дейін антикеңестік агитация мен қағаздар таратқан. Көтерліске шақыруда ол кеңестік биліктің заңсыздығы сынаған омен қоса көтерліске тартуда діни тұрғыда шақырған мұсылмандарды кәпірлерге қарсы газауат соғысына шақырған [4,23 б]. Асадулла байлар мен діни қайраткерлерді біріктіріп халық арасында дінге сүйену арқылы антикеңестік агитациялар жүргізген. Халыққа кеңес үкіметінің құлау күні жақын деп үгіттеген. «Кеңес өкіметі мамыр айында міндетті түрде жойылады, өйткені ауғандар КСРО-ға Азиядан, қытайлар Қиыр Шығыста шабуыл жасап жатыр, сондықтан мұсылман (Ислам) дініне қайшы кеңестік заңдарға бағынбау керек» [16,408 б]. Көтерліс басшылары халықтың басты көтерліске басты біріктуші жол ретінде халықтың діни сенімдеріне сүйеніп, өздерінің істеп жатқан әрекеттерінің әділ сонымен қатар легализациялау үшін діни ұстанымдарға жүгінген. Көтеріліске тек шаруашылық қиыншылық көрген кедейлер ғана емес, орта тап өкілдері де қатысқан, бұл кеңес билігі үшін күтпеген жағдай болды.1930 жылдың наурыз айында Қазәскеркомиссарының: Казкрайком ВКП (б) Голощекинге, КазСНК Исаевқа және Сыр-Дарьинский ОК ВКП (б) Гуринге Сырдария, Созақ аударындағы оқиғалар туралы берген баяндамада «кедей және орта таптардың» көтеріліске қатысу себептерін айтар болсақ, Созақ және Сарысу аудандарында мүлдем советтік биліктің жоғы, байлар мен молда ишандардың ықпалының күштілігі [16,96 б].]. Молда ишандар өздерінің ықпалын тағы бір уақытта оңтайлы пайдаланған болатын Созақ көтерілісіне адамдарды жинауға – Рамазан айында молдалардың белсенді қызметі әсер етті. Бұл кезеңде діни ортада айтарлықтай беделге ие болған молдалар,оңтайлы уақытты пайдалана алды. Созақ өңірінде молдалар мен ишандар Рамазан айының көмегімен еңбекші шаруалардың едәуір бөлігін көтеріліске жия алды [17,19 б]. Діни сенім барлық әлеуметтік топтарды біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырды. ислам діні көтеріліске қатысушылар үшін тек рухани тірек қана емес, кеңес билігіне қарсы ұжымдық қарсылықтың символына айналды, осылайша кедейлер де, орта тап өкілдері де бірге күресті. Діни сенім барлық әлеуметтік топтарды біріктіріп, ортақ мақсатқа жұмылдырды. ислам діні көтеріліске қатысушылар үшін тек рухани тірек қана емес, кеңес билігіне қарсы ұжымдық қарсылықтың символына айналды, осылайша кедейлер де, орта тап өкілдері де бірге күресті.

1930 жылы Созақ көтерілісі кезінде Кеңес үкіметінің қазақ қоғамының өміріндегі діннің рөлін жетік бағаламағанын белгілі болды. Ресми баяндамада дінге қарсы үгіт-насихат жұмыстарының әлсіз екені, қазақтар арасында діни фанатизм жоқ деген жаңсақ пікір қалыптасқан. Алайда, Созақтағы оқиғалар керісінше көрсетті: діни ұрандар мәнді бола бастады, халықтың дінге деген терең берілгендігі, мысалы, жаппай дұға ету, діни сарындағы қуаныш білдіру арқылы көрініс тапты. Казкрайком ВКП (б) Голощекинге, КазСНК Исаевке, Сырдария ОК ВКП (б) Гуринге берілген баяндамада «Доклад уполномоченного Казвоенкомата о событиях в Сузаке районе Сыр-

Дарьянского округа» 1930 жж. Созақ көтерлісіндегі діннің әсері туралы берілген баяндамасында: *Осы уақытқа дейін біздің жұмысымызда дінге қарсы насихат ескерілмеген. Дінсіздік және қазақтарда фанатизмнің жоқ деген өте кең таралған қате пікір бар. Созақ оқиғалары бұл пікірлердің қате екенін айқындады. Діни ұрандар үлкен маңызға ие болды. Осы оқиғалар кезінде бұқара діни фанатизмге бой алдырды және көшедегі кәугерлер айтуынша, «көпшілік көшеде ақ жалаушамен, дұға етіп жатты. Әйелдер көшелерде «қуанып жылады»[16, 100 б].*

Созақ ауданында және Сырдария округінің басқа бөліктерінде халықты кеңес өкіметіне қарсы көтеріліске итермелеген себептер туралы негізгі түсінік береді. Ол діни факторды негізгі қозғаушы күш ретінде айтады, жергілікті партия мен кеңес билігінің исламға қарсы «төзімсіз көзқарасы», көтерлістің негізгі себебі болды деп айтты . С.Жақыпов басқа аудандардағы көтерліс туралы берген жауаптарында Қасымов Жұмадулла кеңес билігіне қарсы қарулы көтерлістің күш жинағанын және бұған ешқандай күмән ұстаудың қажеті жоқ өйткені халық беделді адамдардан дінді құтқару үшін белгі күтіп отырғанын жеткізеді.

Жақыповтың тағы берген жауаптарында көтерлістің себебі жайлы айта кеткен белгілі бір уақытқа дейін «қазақ халқы барлық мемлекеттік талаптар мен нұсқауларды сақтаған». Алайда, кеңес өкіметі діни өмірге белсенді араласып шектеу қоя бастағанда, оның ішінде дұғаларға тыйым салу, мешіттерді мемлекеттік мекемелерге пайдалану және оразаны сақтағаны үшін айыппұл салу жаппай наразылық тудырды. Осы әрекеттерге жауап ретінде діни лидерлер-ишандар, моллалар, сондай-ақ байлар ислам идеалдарына адал болып, қарулы қарсылық туралы шешім қабылдады [16, 408-409 б]. Көтерлістің діни тематикаға жақын болған көтерліс басылған соң халықтың көтерліске қатысы жоқ екенін көрсету үшін өздерінің құдайсыз екенін айтып көшеге шыққан : «Құдай жоқ, мен комсомолмын» деп жарыса айқалаған [15, 214 б]. Көтеріліс аяқталғаннан кейін Созақ аймағында дін халық арасында кімнің көтеріліске қатысы барын немесе жоқтығын айқындаудың символына айналды.

1930 жылғы Созақ көтерілісінде діни фактор негізгі себеп болған антикеңестік қарсылықтың бірегей үлгісі. Дәстүрлі діни құндылықтарын жоюға бағытталған кеңес өкіметінің саясаты халық арасында қатты наразылық тудырды. Линн Виола зерттеуіне сәйкес, ауылдық билік пен басқарудың үйреншікті нормаларына, қауымдық ынтымақтастық идеалдарына жасалған шабуылдар халықтың наразылығын тудырып, олардың әрекеттеріне негізі болды [18,10–11 б]. Созақ көтерлісінде ислам көтерілісті ұйымдастыруда және идеологиялық негіздеуде басты рөл атқарды. Молда ишандар діни лидерлер халықты жұмылдыру үшін исламдық риториканы кеңінен қолданды. Көтеріліс тек экономикалық наразылық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік және рухани тұрақтылықтың негізі ретінде қабылданған діни бірегейлікті

қорғау әрекеті болды. Көтерілісшілердің шариғат заңдарын енгізу әрекеттері мемлекеттің араласуынан жоғалған дәстүрлі әділеттілік жүйесін қалпына келтіруге деген ұмтылысын көрсетеді. Көтерліс басылғансоң Созақ халқының өздерінің құдайсыздығы туралы мәлімдемелері символдық актілер репрессиядан қашу амалын көрсетеді, сонымен бірге діннің көтеріліске қатысудың немесе қатыспаудың белгісі ретінде маңыздылығын көрсетеді. Созақ көтерлісінде исламның мәдениеттің элементі ғана емес, Созақ өңірінде кеңестік саясатқа қарсы тұрудың негізгі мотиві болғандығын дәлелдейді.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Pianciola, Niccolò. "Interpreting an Insurgency in Soviet Kazakhstan: The OGPU, Islam and Qazaq 'Clans' in Suzak, 1930." В Islam, Society and States across the Qazaq Steppe (18th–Early 20th Centuries), под ред. Niccolò Pianciola и Paolo Sartori, 297–341.

2. Омарбеков Т. Зобалаң (Күштеп ұжымдастыру қарсылық): Оқу құралы. - Алматы, «Санат», 1994.-272 бет.

3. Омарбеков Т .1929 – 1931 жылдардағы халық көтерілістері: Зерттеу. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2018. – 480 бет.

4. Козыбаев М.К., Абылхожин Ж.Б., Алдажуманов К.С. Коллективизация в Казахстане: трагедия крестьянства. Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова .- Алматы, 1992.- 35 б.

5. Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Последний рубеж защитников номадизма. История вооруженных выступлений и повстанческих движений в Казахстане (1929-1931 годы). Алматы, ОО «OST- XXI век». 2009.С.280-288.

6. Т.К Алланиязов. Сузакское восстание: опыт и проблема изучение

7. Т.К Алланиязов., А.С.Таукенов. Шетская трагедия Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг.- Алматы: Фонд « XXI век» 2000.- 164 с.

8. Алланиязов Т.К Крестьянские выступления 1929-1932 гг. В Казахстане:опыт и проблемы изучение. / Под ред. Т.О. Омарбекова.- Алматы: «Фонд XXI век», 2002.-88 с.

9. Қозыбаев М.Ақтаңдақтар ақиқаты: Оқу құралы. –Алматы: «Қазақ университеті», 1992. -272 б.

10. Жарылқасын Боранбай. Қазақ ұлт азаттық қозғалыс, Созақ көтерлісі.-Алматы: АО «Астана полиграфия», 2011

11. Камерон.С. Голодная степь: Голод, насилие и создание Советского Казахстана; авториз. пер. с англ. А. Терещенко; Алматы, 2023-360 с.

12. Жанбосинова А. С., Лысенко Ю. А., Омурова Ж. О., Омарканова А. О. Исламский фактор в содержании повстанческого движения казахского аула Конца 1920 — начала 1930-х годов // Народы и религии Евразии. 2024. Т. 29, № 3. С. 166–185. DOI 10.14258/ nreur(2024)3–09

13. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары) =

Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века).Т. 14: Антирелигиозная политика советского государства и репрессии против духовенства в Казахстане. Сборник документов и материалов. Составители тома: Д.Т. Кенжетаев, Б.М. Сатершинов, М. Төлеген, Ю.В. Шаповал / Под общ. ред. Е.Т. Карина.– Астана, 2022. – 306 с.

14. Койгелдиев М.К. Сталинизм и репрессии в Казахстане 1920-1940-х годов. -Алматы, 2009. -448 с.

15. Киндлер Р. Сталиндік көшпенділер. Қазақстан билігі және ашаршылық. / Роберт Киндлер; ауд. Ө.Ахмет.- Астана:- Фолиант, 2023.-432б

16. Саяси қуғын сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары).Материалы Государственной комиссии по полной реабилитании жертв политических репрессий (20-50 годы XX вска). Т. 4. Народные восстания и протесты в Казахстане в 1920-1930-х гг. Сборник документов и материалов. Составители: А.С. Мусагалиева. С.А. Касымов. М.М. Козыбаева, Б.Әбдіғалиұлы. ПТ. Исахан. М.Г. Жылысбаева. Т.К. Алланиязов. Л.А. Гривенная / Под общ. ред. Е.Т. Карина. - Астана, 2022. - 536 с

17. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі Мемлекеттік комиссияның материалдары (XX ғасырдың 20-50 жылдары). / Материалы Государственной комиссии по полной реабилитации жертв политических репрессий (20-50 годы XX века). Т.33. Архив құжаттарындағы Түркістан облысының шерлі тарихы. 1918-1954 жж. Құжаттар мен материалдар жинағы. Құрастырушылар: Х. Тұрсұн (жауапты ред.), Д. Кенжетаев, Г. Шардарбекова, Л. Динашева, З. Адилбекова, Р. Хазретәліқызы. / Жалпы редакциясын басқарған Е.Т. Қарин. – Астана, 2022. – 392 б.

18. Виола Л. В41 Крестьянский бунт в эпоху Сталина: Коллективизация и культура крестьянского сопротивления / Л. Виола ; [пер. с англ. А. В. Бардина]. - М.: Российская политическая энциклопедия (РОССПЭН) ; Фонд Первого Президента России Б. Н. Ельцина, 2010. - 367 с.: табл. - (История сталинизма).

ӘӨЖ 94 (574)

Ә.МҰҚТАР ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАТЫС ӨҢІРІ ТАРИХЫ

Дарибек Айжан Жанабершіқызы, Жақсылыкова Динара Толеубекқызы, Моллақанағат Сара Сайпуллақызы

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, гуманитарлық ғылымдар және өнер факультетінің I курс магистрантары, Атырау қаласы, Қазақстан, E01Y6M7, mollakanagats@gmail.com

Әбілсейіт Қапизұлы Мұқтардың өлке тарихын зерттеудегі зерттеуі, ол Қазақстанның батыс аймағының қазан төңкерісіне дейінгі кезеңі болатын.

Қазақ тарихындағы аласапыранды кезеңдерде өмір сүріп, ел басқарған Әбілқайыр ханның ұрпақтары Нұралы, Ерәлі, Айшуақ, Бөкей, Қаратай, Жантөре, Шерғазы, Арынғазы хандардың тұлғалық еңбектерін тарихи саралаған докторлық диссертация негізінде 2001 жылы «Азаттық таңы жолында (Қазақстанның батыс өңірі 18 ғасырдың екінші жартысы және 19 ғасырдың бірінші ширегі аралығындағы тарихи жағдайлар)» атты монографиялық еңбегі жарық көрді. Монография Ресей мен Қазақстан архив қорларындағы тың материалдар негізінде жазылып қазақ хан әулетінің Қытай, Ресей, Бұқара, Хиуа елдерімен байланысы жан-жақты баяндалады. Ә.Мұқтар зерттеуінде осы кезеңдегі азаттық қозғалыс көсемі, батыр Сырым Датов өмірнамасы да толыққанды тарихи сараланған. Қазақстанның батыс аймағында қазақ хандығының өркендеуі Әбілқайыр ханнан бастау алып Бөкей Ордасының құрылуымен тығыз байланысып жатыр.

Зерттеушілер нікірінше Әбілқайыр есімі тарихи әдебиеттерде 1715 жылдардан бастап кездеседі. Шежіреге сүйенсек: Жәнібек хан-оның ұлы Үсек-оның ұлы Бөлекей Қоян-оның ұлы Айшуақ- оның ұлы Ырыс- оның ұлы Қажы- оның ұлы Әбілқайыр болып келеді. Қажы сұлтан 18ғасыр басында Түркістан қаласында билік жүргізген. Әбілқайыр билікке 1710 жылдардан бастап араласа бастаса, 1718 жылдардағы құжаттарда хан деген атақта деп көрсетіледі. Шәкәрім Құдайбердіұлының көрсетуінше Жоңғар шапқыншылығының ең ауыртпалы «ақтабан шұбырынды» кезінде Әбілқайыр өзіне бағынышты ауылдармен 1723 жылдың көктемінде Түркістанннан Жайық өзені бойына қарай қоныс аударады. Еділ өзені мен Жайық өзені арасын жайлаған батыс қалмақтарына қарсы жорық жасайды. Әбілқайырдың 40 мың қолмен Жайық бойына келуі, бұл аймақтың жағдайын түбегейлі түрде өзгертті. Қалмақ ханы Аюке қоныстарын Еділ өзеніне қарай бұрса, Қарақалпақ ауылдары Каспий теңізінен оңтүстікке қарай, ал башқұрттар Елек, Орь өзенінен жоғары қарай сытыла көшті. 1724 жылы Әбілқайыр кейін, Түркістан қаласына қарай оралмақшы болғанмен жоңғарлардың қатты қарсылығына ұшырап Жайық пен Еділ аралығына қайта оралады. Қазақстанның батыс аймағында Әбілқайыр хандығының (кіші жүз) нығаюында Тілеуберген би, тама Есет батыр және табын Бөгенбай батырлар ерекше еңбек етеді. Әбілқайыр ханның тарихи тұлғасы зерттеушілер Ирина Ерофеева, Жаңабек Жақсығалиев еңбектерінде жан-жақты талданған, бұл бағыттағы Ә.Мұқтар зерттеулері де өте қомақты..

Әбілқайырды көптеген зерттеушілер қазақтарды Ресей бодандығына қоскан хан ретінде жазғырса, Әбілқайыр ғұмырнамасын жан-жақты таразылаушылар, оның терең сауаттылығын, әскери талантын, ақсуйектік хан әулеті қағидасына адалдығын ғылыми мойындап төмендегідей қорытынды жасайды. Әбілқайыр 1730 жылдары Ресеймен жақындасуы, біріншіден орыс қаруы арқылы жоңғарларды жеңу, екінші орыс көмегімен бүкіл қазақ даласына билік жүргізу, үшінші көршілес Хиуа хандығы мен башқұрттарды қазақ хандығына қосу еді. Бұл жоспар орындалған жағдайда біртұтас, мықты мемлекет құрылуы да ықтимал

болатын. Ал, орыс саясаткерлері оның бұл ойын түсініп, қарсы болғанда Әбілқайыр орыстардан теріс айналып жоңғар билеушілерімен (өзінің қызын жоңғар қантойшысы Цеван Доржыға береді) және орта азия хандықтарымен байланыс орнатады. 1748 жылы тамыз айында Әбілқайыр хан байқаусызда Барақ сұлтан әскері қолынан қаза табады. Қазақ салтында ханды өлтіру үлкен қылмыс болғандықтан билер соты мәселені терең тексеріп Барақ сұлтанға 2 мың қой есебінде құн салады. (Әбілқайыр хан жасауылдарының Барақ сұлтан қалыңдығына арналған керуенді тонау ісі ашылады). Әбілқайырдың үш ұлы: Нұралы, Ералы, Айшуақ және тоғыз немересі: Есім, Пірәлі, Жантөре, Серғазы, Бөкей, Қаратай, Сығай, Бөлекей, Темір, бес шөбересі: Қасым, Маты, Жәңгір, Қайыпқали, Сауқым болған. 1748 жылы хан болып Нұралы сайланады. Оны осы лауазымға Ресей патшасы 1749 жылы бекітеді. Нұралы өз саясатын тікелей орыс отаршыл әкімшілігі ықпалымен жүргізеді. Башқұрт шаруалары толқуы және Пугачев көтерілісі кезінде орыс әскерін қолдайды. Сондықтан осы жылдары Қазақстанның батыс аймағына башқұрттардың барымтасы күшейе түседі.1786 жылы Сырым Датұлы қозғалысының басталу кезінде, халық толқуынан сескеніп Орск бекінісін паналайды.1786-1790 жылдары орыс отаршыл әкімшілігі шешімімен Уфаға жіберіледі және осы жылдары хандық билік орны бос тұрады.Ресей патша әкімшілігінен Нұралы ханды орнына қайтаруды сұрап, орта жүз ханы Уәли, сұлтан Құдайменде және бұрынғы Әбілқайыр хан жақтастары өтінгенмен талаптары орындалмай Нұралы 1790 жылы Уфада қайтыс болады. Оның 40 ұлы және 30 қызы болған (А.И.Левшиннің көрсетуі бойынша). 1791-94 жылдары Әбілқайырдың екінші ұлы Ералы хандық билік жүргізді. 1794-97 жылдары Нұралының ұлы Есім хандық билік жүргізіп, 1797 жылы Сырым Датұлы көтерілісшілері қолынан қаза тапты. 1797-1805 жылдары Әбілқайырдың ұлы Айшуақ хан болды. Бұл кезеңді, осы жылдары Орынбор шекара комиссиясын басқарған Генс «өте ауыр, революциялық толқулар кезеңі» деп бағалаған. Айшуақ жасының үлкеюіне және денсаулығына байланысты хандықты 1805 жылы тапсырып, 1810 жылы қайтыс болады. 1805 жылы 03 қыркүйекте Орынборға жақын жерде хандық лауазымға Айшуақтың ұлы Жантөре сайланады. Бұған хандық биліктен дәмелі Қаратай сұлтан қарсы болып, 1806 жылы Қобда өзені бойында ру старшындары жиынында өзін хан деп жариялайды. Орыс отаршыл әкімшілігінен қолдау ала алмаған Қаратай 1809 жылы 02 қарашада Мергеневск форпосы маңындағы хан ауылына шабуыл жасап Жантөре ханды өлтіреді. Орынбор шекара комиссиясы есебінше әкімшілікке 36 363 сом ақша шығын келтіреді. Орынбор генерал-губернаторы хандық билікке 1812 жылы Айшуақтың ұлы Шерғазыны хан етіп бекітеді. Міне, осы уақыттан бастап Шерғазы мен Қаратай арасындағы ағайын-араздық, өштесу үлкен соғыс өртіне ұласады. Орынбор губернаторы П.К.Эссен араласуымен соғыс біршама басылып, жергілікті ру старшындары Батыр сұлтанның шөбересі Арынғазыны хандық билікке итермелейді. Ресей әкімшілігі қолдаған

Арынғазы 1816-21 жылдары хандық билік жүргізеді. Қаратай хандықтың батыс бөлігін басқарушы сұлтан лауазымына бекітіледі. Арынғазының басты мақсаты қазақтарды Хиуа хандығы қол астынан босату үшін күрес болды. Осы күресте бауырлары қаза болып, шешесі мен қарындастары хиуалықтар қамауына түсті. Хиуалықтарға қарсы күресте орыстарға сенген Арынғазы, Петерборға шақырылып, сол жерден Калуга қаласына жер аударылып 1833жылы қайтыс болды. Осы кезеңде орданың заңды ханы Шерғазы 1824 жылы Орынборға шақырылып Қазақстанның батыс аймағында хандық билік жойылды. Хандық территориясы үшке бөлінді: бірінші - Батыс бөлік (Елек және Темір өзендерінің батысынан Арал теңізіне дейін), екінші – Орта бөлік (Тобыл,Тоғызақ және Аят өзендерінің бойлары), үшінші – Шығыс бөлік (Сырдария өзенінен солтүстік шығысқа қарай).Қазақстанның батыс аймағындағы хандық билік тарихында Бөкей немесе Ішкі қазақ ордасының орны ерекше. 18 ғасыр соңы мен 19 ғасыр басындағы хандық билік үшін күресте, өзінше бөлек жол таңдаған Нұралы ханның ұлы Бөкей сұлтан 1797 жылы Орынбор губернаторы, барон Игельстромнан Жайық пен Еділ өзендері аралығына көшіп-қону үшін рұхсат алады.Кейін, Жайық пен Еділ өзендері аралығына шекара бақылауын жасайтын Астрахан казак-орыс әскері атаманы П.С. Поповпен етене жақындасып, сол арқылы 1801 жылы 11 наурызда Ресей патшасы Павел 1-ші Бөкей сұлтанға Жайық пен Еділ өзендері аралығын қоныстануға рұхсат берген жарлық шығарды. Бөкей сұлтаннның Жайық пен Еділ өзендері аралығына заңды түрдегі көші 1801 жылы 20 желтоқсанда болды. Желтоқсанның ызғарлы күні көшті бастаған Бөкей сұлтанмен бірге, 183 түтін, яғни 740 адам және мал-мүліктен 24 түйе, 1366 бас ірі қара 3300 жылқы, 102 500 қой малдары Жайық өзенінен өткізілді. Көшті қадағалау Астрахан казак-орыс әскері жүз басы В.Ф.Скворцовқа (1818 - 1822 жылдары Астрахан казак-орыс әскері атаманы) міндеттелді.

Бөкей ордасының саяси-құқықтық мәртебесі 1812 жылы нақтыланып, осы жылы Бөкей Орал қаласында хандық билікке салтанатпен отырғызылды. 1815 жылы Бөкей қайтыс болғасын оның орнына, баласы Жәңгір кәмелетке толғанша Шығай Нұралыұлы, 1823-1845 жылдары Жәңгір Бөкейұлы хандық билік жүргізді. Бөкей ордасы мен оны басқарған хандардың тарихи тұлғалары туралы Қазақстан тарихнамасы өте бай.Олардан тағылым аларлық деректер де баршылық. Жалпы Қазақ хандығы тарихында Қазақстанның батыс аймағында қалыптасып, өркендеген Әбілқайыр хан мен оның ұрпақтарының биліктері ерекше мәнге ие. Бұл, Тәуелсіз еліміздің заңды тарихи шекарасының қалыптасуында ғана емес,халқымыздың қайталанбас ұлттық этникалық құрамының да қалыптасуында деп білуіміз керек. Докторлық диссертациядан кейін де Ә.Мұқтар Каспий-Атырау өңірі тарихымен, Отан тарихының ақтаңдақ беттерімен гранттық қаржыландыру бағытында кешенді айналыса бастады. 2006-2008 жылдары «Қазақстандық Каспий: тарихы,

орны, саяси маңызы», 2008-2010 жылдары «Батыс Қазақстан өлкесіндегі миграция мәселелері», 2018-2020 жылдары «Қазақ Хандығы құрылымындағы билер, батырлар, тархандар, жасауылдар, қожалар институттары: олардың қызметі және жойылуы (XV-XIX ғ.)» тақырыбындағы зерттеулері соның дәлелі.2020 жылы Атырау облысының 80 жылдығына арналған «Біріншілер» атты монографиясы жарық көрді. Зерттеу еңбекте мол архив деректері арқылы 1938-2019 жылдар аралығында Атырау облысын басқарған қайраткер тұлғалардың өмірнамасы сараланған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Төлепбергенов Т.,Бердіғожин Л.Б. Өлке мұнай өнеркәсібінің дамуы.\\Атырау.01 желтоқсан 2013 жыл.
2.Мұқтар Ә.Қ. Қазақстанның батыс өңіріндегі қоғамдық-саяси өмір (XVIII ғ. II жартысы – XIX ғ. бірінші ширегі)».тарих ғылымдарының докторы диссертациясының авторефераты.-Алматы,2002.-40 б.
3.Бақи Жиенбай Базарбайұлы.Атырау арыстары сериясы.Атырау,2024.-300 бет.
4.Студенттер жүрегінен жол тапқан ұстаз.Ғиниятолла Нығмет туралы естеліктер.Атырау,2014.-76 бет.
5.Қалдырған ізің мәңгілік.Күләш Қайырбекова туралы естеліктер.Атырау,2009.-84 бет.
6.Өнегелі өмір.Ибат Қамешев туралы естеліктер.Атырау,2004.-26 бет.
7. Шамғонов А.Ата-мекен тарихи-өлкетану үйірмесі.Атырау,2010.-47б.
8.Зұлқарнай Алдамжар:Еске алу кітабы.Алматы 2007.-228 б.
9.Есмағамбетов Көшім Лекеруұлы.Биобиблиография.Алматы,2014.-144б.
10 Мұқтар Ә. Қазақ мұнайының тарихы. — Атырау. — 2004. — 188 б.
11.Мұқтар Ә.Қ. Азаттық таңы жолында.(тар.ғыл.док.дәрежесін алу үшін жазылған монография).Алматы,2001.-257б.
12.Мұқтар Ә.Қ.Біріншілер.-Алматы,2020.-328 б.

«ДЕНДЕР» ЖЕРГІЛІКТІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРЫНДАРЫНА ТУРИСТІК САЯХАТ ЖОБАСЫ

Қорғанбаева Жарқын Махашевна
Атырау облысы, Индер ауданы, Индербор кенті
Ш.Уәлиханов атындағы орта мектептің
тарих пәні мұғалімі, педагог- зерттеуші

Аңдатпа

Қазақстанда туризмді дамыту саясатына сәйкес Индер ауданындағы тарихи-мәдени орындарды насихаттау мақсатында туристік маршрут ашуды мақсат

ету басты міндеттердің бірі. Ескерткіштер Индерден-Қарабауға шығатын жол бойында орналасқан. Маршрут Дендертас аңызы негізінде баяндалып, жүру маршруттарын Атырау-Индер- Димаштөбе-Мұзқұдық- Индер көлі-Тұзбұлақ-Қожабейіт- Қыз әулие-Махамбет мазары- Малайсары би мазары туристік сапары осылай аяқталады.

Аннотация

в соответствии с политикой развития туризма в Казахстане одной из главных задач является открытие туристского маршрута с целью популяризации историко-культурных достопримечательностей Индерского района. Памятники расположены вдоль дороги, ведущей из Индера в Карабау. Так завершается туристическая поездка Атырау-Индер - Димаштобе-Музкудук - озеро Индер-Тузбулак - Кожабеит - Кыз Аулие-Мазар Махамбет - Мазар Малайсары би.

Annotation

Agylshynsha audarmash, in accordance with the policy of tourism development in Russian Kazakhstan, one of the main tasks is to open a tourist route in order to popularize the historical and cultural attractions of the Indersky district. The monuments are located along the road leading from Inder to Karabau. This is the end of the tourist trip Atyrau-Inder - Dimashtobe-Muzkuduk - Lake Inder-Tuzbulak - Kozhabeit - Kyz Aulie-Mazar Makhambet - Mazar Malaysary bi.

Әр адам өз өлкесінің тарихын сусындап өсетіні ақиқат. Осы өлке тарихының тереңдігін біліп өссе де, әр адам шынайы өз көзімен көргенге не жетсін. Сол үшінде әр адам үшін маңызды дүние тарихи –мәдени орындарды туристік саяхат жобасы аясында таныстыру аса қажеттіліктен туындайды. Олай дейтінім пән мұғалімі ретінде мен көптеген тарихи орындарды аралағанда арнайы туристік жоба аясында тамашалап, аңыз әңгімелер бойынша қызықтыра отырып соның ішінде Оңтүстік Қазақстан жерлерінде өз өлкелері туралы тарихи орындарды туристік деңгейде жоғары ұйымдастырғанын өз көзіммен көргенмін. Осы орайда меніңде өлкемнің тарихи орындары өте көп екенін оны неге өзге елден келген қонақтарға не үшін айтпасқа деген сұрақтарда мені мазалады. Тарих пәні мұғалімі ретінде мен үшін өзекті мәселелердің бірі: оқушылармен саяхат сабақтарын ұйымдастырған тұста белгілі бір аудан көлемінде туристік жобаның жоқтығы, сонымен қатар ауданға келген қонақтарды өлке тарихымен таныстыруда өз білгендері бойынша аралап, әрі киелі жерлерге барып, немесе жәй тек қарап, суға шомылып кетіп жататынын жие көріп жүрміз. Ал Индер өлкесінде тұнып тұрған тарихи орындардың көптігі және ол жерлердің киесі аңыздар бойынша

айтылатынын бірі білсе бірі біле бермейді. Осы орайда өз өлкемнің туристік саяхат жобасын жасақтауды жөн көрдім. Дендертас аңызы бойынша ерте заманда Жамантау баурайында қалың ел, мыңғырған мал болады екен. Адамдардың жағасы жайлауда, мамыражай бір кезең. Бұл Жамантау дегеніңіз сонау Ресейдің Орал тауының сілемі, ол бірте- бірте аласара келіп осы Дендер өңіріне келіп тәмәмдалады. Жергілікті халық кейде бұл тауды «Дендертау» деп те айтады. «Дендер» деген атау қалмақтың ба, әлде монғолдың ба, әйтеуір біреуінің, «төбе, биіктік, қарауылтөбе» деген сөзінен шыққан екен дейді. Дендертас аңызы бойынша жергілікті тарихи-мәдени орындарына туристік саяхат жобасын құрастыратын болсам, атақты байдың Жауһар есімді сұлу қызы болады. Ол Мәтен есімді жігітке ғашық болуы оның отауына баса көктеп кіріп келуімен ерекшеленеді. Жауһар қыздың тілек тілеген төбесіне жергілікті халық бұл жерге жие барып тұрады. Ал ауданға келген қонақтар бұл жерді білмеуі де мүмкін. Сондықтан ең бірінші туристік саяхат жобасын бастамас бұрын аңызды айта отырып тамашалату арқылы бастау алу керек.

1.Димаштөбе (Индерден 12 шақырым)

Жауһар қыздың тілек тілеген төбесі Индерден 12 шақырым жерде қазіргі таңда Димаштөбе деп аталатын орынға айналған. Мұнда Индер Жамантау тауынан шығатын 13 түрлі кен ашық алаңға үйілген. Ал бұл жер Димаштөбе деп аталуы Д.А. Қонаевтың Индерге келген сапарында тоқтаған, дәм татқан төбе.

2.Мұзқұдық (Индер-Қарабау жолынан 5 шақырым жерде орналасқан.)

Одан әрірек Индер- Қарабау жолынан 5 шақырым жерде Қазақстанда теңдесі жоқ «Мұзқұдық» -үңгір. Бұған күн түспейді. Құдық ішіндегі мұз қысы –жазы көбейіп азаймайды, күн тас төбесінен түсіп тұрса да ерімейді. Аңыз бойынша бұл Мұзқұдық Жауһардың Мәтеннің енді таптырмайтынына көзі жетіп, көңілі мүлде суынғанда пайда болса керек. Жергілікті халық мұзды керек кезде қажеттілікке қолданған. Үлкен кісілердің әңгімесі бойынша қайтыс болған адамды сақтау кезінде көптеп қолданған екен.

3. Тұзбұлақ -Мұзқұдықтан оңтүстікке қарай 5 шақырым жерде, атақты Индер көлі.

Мұзқұдықтан оңтүстікке қарай 5 шақырым жерде, атақты Индер көлі. Мұны жергілікті жұрт Тұзбұлақ дейді. Бұл жерде Күркүреуік, Сарқырауық деген бұлақтар ағады. Түрлі ауруларға емдік қасиеті бар. Адамдар жазда келіп балшыққа түсіп емделеді. Бұл жарқырап алыстан көзге түсетін көл Қыз әулиенің көз жасы деген аңыз бар. Жергілікті халықтың айтысымен айтсақ Тұзбұлақ.

4.«Қыз әулие» және «Қожабейіт» әулие (Индер-Қарабау жолының 7-8 шақырым)

Осыдан әрі қарай Индер-Қарабау жолының 7-8 шақырымда «Қыз әулие» және «Қожабейіт» әулиелі (Мәтенқожа) орындары бар. Аңыз бойынша екі ғашықтың бір- біріне деген сезімдері, бойларындағы қасиеті әлі күнге дейін жергілікті халықтың аузында жүр. Қыз әулие өзінің ерекше

қасиетімен ел шетіне жау кіргізбейді, бұқараның байлығын тау астына жасырып ұстайды. Ғашығына көңілі жетсе де қолы жете алмаған ол енді жылай жүріп, Мәтенді іздейді. Алдынан бір қария шығып, Жауһарға Дендертасты еліне шашуын, бұл байлығыңның нұры, бақытыңның жыры деп жоқ болып кетеді. Осыдан кейін Жауһарда жер астына түсіп ғайып болады. Күні бүгінге дейін осы киелі жерлерді қорғап қолдап жатқан Қыз әулиенің аруағы деп сенім білдіреді. Олай дейтініміз бұл жерде түрлі құрылыстардың іргесі әлі де болса бой көтермей тұруы бұған дәлел. Сонымен қатар ауыруына ем іздеп Қыз әулие басына түнеп, ем- домын алып мінәжат етеді.[https://atr.kz/]

5. Махамбет мазары (Индер –Қарабау жолында 20- сыншы шақырымынан жол тауға бұрылып, 18 шақырым жерде орналасқан.)

Сол тауға шығатын жолмен сәл көтерілсең шығыс бетте қазақтың қайсар ақыны Махамбет батырдың мазарына барып тағзым етеді. Бүгінгі ұрпағымыз алған азаттық, еліміз ие болған егемендік – халқымыздың сан ғасырлар бойғы ежелгі арманы. Оның жолында халықтың қаншама қаһарман ұлы қанын төкті, жанын қиды. Бодандықтан құтылу, бостандықтың туын тігу жолындағы халықтық қозғалыстар тарихында 1836-1838 жылдардағы ұлт-азаттық көтерілісінің өзіндік орнын, мәнін жоймайтын маңызы бар. Исатай Тайманов сол көтерілістің ұйымдастырушысы болса, Махамбет Өтемісов отты жырларымен, өршіл күйлерімен Алашты ерлікке үндеген ұраншысы. антрополог ғалым сүйекті Алматыға алып кеткен. Герасимов әдісімен оның Махамбет Өтемісұлының сүйегі екені дәлелденгені туралы хабар да жеткен. Бірақ, сүйек орнына әкеліне қоймады. Жоғары билікте Махамбетті қайта жерлеуге байланысты әртүрлі ұсыныс айтылып, бір тоқтамға келгенше, он жеті жыл өтіп, ақырында бұрынғы орнына жерлеуді жөн делінген. Махамбет Өтемісұлын Қараойдағы орнына қайта жерлеу 1983 жылы 15 мамырда жүзеге асты. 1995 жылы Маңғыстаудың ұлутасынан Қараойда Махамбеттің биіктігі 12 метрлік мазары тұрғызылды. .[2012.-149 бет]

6. Малайсары мазары. (Махамбет мазарынан 3 шақырым жерде орналасқан.)

Темір қоршаумен қоршалған. Ақ мәрмәрден салынған, биіктігі - 9 метр. Малайсары Тілеукеұлы Кіші жүздің ең танымал билерінің бірі. XVIII ғасырда Жайық өзенінің жағасында тұрған. Кезінде 1783-1797 жылдардағы халық көтерілісінің жетекшісі әрі батыры Сырым Датұлына бата берген. Халық арасында би Малайсары ақылды және білімді адам ретінде танымал болған, оның кеңесіне халық мұқият құлақ асып отырған. Берік мінезінің, шешендік шеберлігінің және даулы мәселелерді әділ шешудің арқасында ол халықты ақылмен басқарды. Оның көптеген қанатты сөздері мен ойлары халықтың жадында сақталған. 2001 жылы Малайсары би жерленген жерде ұрпақтары ақ кесене тұрғызды.


7. Мұрат Мөңкеұлы мазары (40 шақырым жерде орналасқан) Мұрат Мөңкеұлы елінің тәуелсіздігін аңсап, бодандыққа қарсы жыр толғады. Зар

заман ақыны атанды. Ата қонысының отарлаушы талауына түскеніне налыған ақын өзі туып өскен даланың кешегі күнін сағынышпен еске алған. Оның «Әуелі жеңіп орыс Еділді алды, Сарытау, Аштарханның жерін алды. Тәмамы су мен нуды орыс ұстап, Қазақтың мұнан жұтап шалынғаны», «Қазақтың жер-мұрасы», «Кең қоныс қайдан іздеп таптырады?» деген жыр жолдары ақынның отаншылдық рухына дәлел болады. Ақынның басты шығармасы - «Үш қиян». Мұнда ақын ескі дәстүрдің іргесі шайқалғанын, адамдар ниетінің бұзылуын сөз етеді. Құнарлы қоныстарды тартып алған отарлау нәтижесінде тұрмысы нашарлап, тығырыққа тірелген ел тағдыры ақынды тебірентпей қоймайды. «Үш қиян» толғауымен «Сарыарқа», «Әттең, қапы дүние-ай», «Қазтуған» жырлары үндес. Мұнда айтылатын басты нәрсе - жер, құтты қоныс жайы. Ол «Қарасай-Қази», «Шәлгез», «Ғұмар Қазиұлына айтқаны» атты жырларына діни аңыздарды негіз еткен. Білімді игермейінше елінің өркендемейтінін «Оқудан қайтқан азаматқа» өлеңінде аңғартады. Ақын мұрасының бір шоғыры - би-болыстарға айтқан арнау өлеңдері. Мұрат Мөңкеұлы майталман жыршы, термеші ретінде де танылған. «Өлім», «Қыз», «Арғымақ сыйлап не керек», «Аттан сұлу болар ма?», «Жалғаншы фәни жалғанда» атты термелерінде заман сырына үңіліп, өмір мен өлім, жастық пен кәрілік, сұлулық хақында толғанады. «Оқудан қайтқан жігітке хат», «Еліне жазғаны», «Бір досқа» атты хат үлгісінде жазылған үш туындысы сақталған. Мұрат ақынның басындағы ескерткіш-белгіні тоқыраудың тоңы жібімей тұрған кезеңде Бердеш Есбосынов деген азаматтың өз қаржысына орнатқаны жөнінде бұрынырақта естігеніміз барды. Әкімшілдік-әміршілдік жүйенің қаһарынан қаймықпай, Мұраттың есімін сүйсініп еске алғаның үшін есеп беруге тура келетін әсіресақ заманда ақынның басын қарайту ерлікке барабар екені белгілі. Құрылыс ауылының тұрғыны Жөкес Кенжеғалиев Бердеш Есбосыновтың немере ағасы екен. Ескерткіш-белгіні орнатуға бұл кісінің де тікелей қатысы бар көрінеді. Осындай киелі мекеннің аймағында орналасқан тарихи – мәдени орындарды саяхаттау жобасы жасақталады. «Ақын Мұрат Мөңкеұлының жерленген жері - Индер ауданы, Жарсуат ауылынан солтүстік-шығысқа қарай 3 км шақырым жерде орналасқан. Қазіргі таңда ескерткіш жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің бірі болып табылады. 1993 жылы қабір үстіне күмбезді мазар тұрғызылған. Кесененің іргетасы - біртұтас бетон. Қабырғасы ақ ұлутаспен қапталған. Кесененің жоспары тікбұрышты, ұзынды 5,4 метр, ені 4,1 метр. Мазарға кіре берістегі порталдың ұзындығы 1,6 метр, ені 2,8 метр, биіктігі 4,5 метр. Басты қабырғаның биіктігі 4,4 метр. Ал күмбезбен бірге есептегенде мазардың биіктігі 8,10 метр. Қоршаудың көлемі 9х7 метр. 2005 жылы күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді» .[«Арыс» баспасы, 2001ж.132-б]

«Дендертасты тапқан да бақытты, таққан да бақытты» деген ел арасында сөз бар. Елдің Жамантауды жағалай қонуы да осы бақытты тасқа бір табан жақын болсам деген ниеттен болар, бәлкім... Бұл таудан Менделеев таблицасындағы кендердің 13 түрі шығады. Елі ешқашан кедейшілікке ұшырап көрген емес. Бұл сол Дендертастың әлі ашылмай жатқан кереметі

десем, тәңірі берген Тәуелсіздіктің алтын заманында Дендертас қайта табылып еліне сөнбес нұр- сәуле шаша беретініне еш күмәнім жоқ! Осындай өлке тарихының таңғажайып аңызға толы елді -мекеннің аймағын туристік жоба аясында аралап қайту үшін арнайы жасақталған жоба. Дендер- ес білмес ерте заманнан келе жатқан атау. Дендер елді- мекенін аралап шығып тарихи орындарын өз көзімен көрудің өзі ғанибет.

«ДЕНДЕР» ЖЕРГІЛІКТІ ТАРИХИ-МӘДЕНИ ОРЫНДАРЫНА ТУРИСТІК САЯХАТ ЖОБАСЫ





ДЕНДЕРТАС АҢЫЗЫ НЕГІЗІНДЕ ИНДЕР ӨЛКЕСІНДЕГІ ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ САЯХАТ





1.Димаштөбе





2. Мұзқұдық





3.Тұзбұлақ





4.«Қыз әулие» және «Қожабейіт» әулие https://yandex.kz/maps/-/CHRv4A9r

5.Махамбет мазары





6.Мұрат Мөңкеұлы мазары





7.Малайсары мазары https://map.atyrau-heritage.kz/public/index-3d.php?id_marker=23





Пайдаланған әдебиеттер:

1.Қыз әулие – святая девушка https://pricom.kz/obshhestvo/yiz-ulie-svyataya-devushka.html

2.Аңыздың астарында ақиқат бар немесе Қыз әулие туралы не білеміз? https://atr.kz/ **Қойшығұл Жылқышиев, ақын, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері.**

3 «Индер күмбезі мен тұзды көлді жоғалтып алмайық» Мұфтах Диаров, ҚР академигі

4 Мұрат.құрастырған мұратану 1992 жыл 10 қараша, 7-бет.

5. Мұрат.құрастырған Б.Қорқытов.-Алматы: «Арыс» баспасы, 2001ж.132-бет.ған Б.Қорқытов.-Алматы:

6. Сакральный Казахстан. т.2. – Астана, 2018 – с.154-155;

7. Атырау облысы тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы:Қызылқоға, Индер ауданы. - Атырау, 2012.-149 бет.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МУЗЕЙ ІСІН ДАМЫТУ, МУЗЕЙЛЕРДІҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ОРНЫН АНЫҚТАУ

Аубекерова Фарида Мұстафаевна - Жалпы білім беретін№21 Жамбыл атындағы орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Қазіргі заманғы қоғамда музейлердің рөлі артып, олар тек тарихи-мәдени мұраны сақтау орындары ғана емес, сонымен қатар ғылыми-зерттеу, білім беру және туристік орталықтарға айналуда. Қазақстанда музей ісін дамыту – ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен мәдени мұраны болашақ ұрпаққа жеткізудің маңызды жолдарының бірі. Елдегі музейлер жүйесі тарихи, археологиялық, этнографиялық және өнер туындыларын қамтитын кең ауқымды экспозициялар арқылы халықтың рухани дүниесін байытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, музейлер мәдени туризмді дамытудың маңызды факторларының бірі болып табылады.

Қазақстанда музей ісі XX ғасырдың басында қалыптасып, бүгінде 250-ден астам музей халыққа қызмет көрсетуде. Астана қаласындағы Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Алматыдағы Орталық мемлекеттік музей, Түркістандағы «Әзірет Сұлтан» тарихи-мәдени қорығы, Шымкенттегі Қожа Ахмет Яссауи кесенесі,Атырау облысындағы «Сарайшық» тарихи-мәдени қалашығы, сондай-ақ әр облыстағы өлкетану музейлері еліміздің мәдени мұрасын насихаттауда үлкен рөл атқарады. Бұл музейлер тек тарихи жәдігерлерді сақтаумен шектелмей, заманауи технологияларды енгізу арқылы да өз қызметін кеңейтуде.

Қазақстанның мәдени мұрасы – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық тарихтың айнасы.Ежелгі қалалар мен тарихи орындар осы мұраны сақтаудың маңызды бөлігі болып табылады. Солардың бірі – Сарайшық қалашығы, Қазақстан аумағындағы ортағасырлық маңызды орталықтардың бірі. Бұл қала XIII-XVI ғасырларда Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы

кезеңдерінде саяси, экономикалық және мәдени орталықтардың бірі болған. Бүгінде Сарайшық – тарихи-мәдени кешен ретінде Қазақстанның тарихи құндылықтарын сақтау мен дәріптеуде ерекше орын алады.

Осы ғылыми жұмыстың мақсаты – Сарайшық тарихи-мәдени қалашығының музейлік әлеуетін зерттеу және оның Қазақстандағы мәдени-туристік саладағы орнын анықтау. Зерттеу міндеттері:

- Сарайшық қаласының тарихи маңызын талдау;
- Қалашықтың музейлендірілу процесін зерттеу;
- Қазақстандағы музейлер мен мәдени туризмді дамытудағы Сарайшықтың рөлін анықтау;
- Сарайшық музей-қорығының туристер үшін тартымдылығын арттыру жолдарын ұсыну.

Зерттеу барысында тарихи-салыстырмалы, мәдени-танымдық және аналитикалық әдістер қолданылды. Бұл жұмыс Қазақстандағы музей ісін дамытуға, соның ішінде Сарайшық қалашығын туристік және мәдени орталық ретінде жетілдіруге бағытталған.

Қазақстандағы музей ісінің қалыптасуы XX ғасырдың басынан бастау алады. Алғашқы музейлердің бірі – 1931 жылы Алматы қаласында ашылған Орталық мемлекеттік музей. Кеңес үкіметі кезеңінде Қазақстанда тарихи, этнографиялық және өнер бағытындағы музейлер көптеп ашылды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін (1991 ж.) музей ісінде жаңа кезең басталды. Мемлекет мәдени мұраны сақтау мен оны зерттеуге ерекше көңіл бөлді. «Мәдени мұра» (2004-2011 жж.), «Рухани жаңғыру» (2017 ж.) сияқты бағдарламалар аясында Қазақстанның музей жүйесі жаңғыртылып, археологиялық зерттеулер жүргізілді. Қазіргі таңда Қазақстанда 250-ден астам мемлекеттік және жеке музейлер жұмыс істейді.

Негізгі музейлер:

Ұлттық музей– Қазақстандағы ең ірі музей, тарихи-этнографиялық жәдігерлер қоймасы.

Орталық мемлекеттік музей – археологиялық, этнографиялық жәдігерлер сақталған жетекші музей.

Әзірет Сұлтан тарихи-мәдени қорығы – Қожа Ахмет Ясауи кесенесі орналасқан тарихи кешен.

Сарайшық музей-қорығы– Қазақ хандығының алғашқы астаналарының бірі болған ежелгі қала орны.

Бүгінде Қазақстандағы музейлер жүйесі – әртүрлі тарихи кезеңдер мен мәдениеттерді, сондай-ақ еліміздің табиғи байлықтарын зерттеу және насихаттау жөніндегі маңызды институт. Елдегі музейлер тек тарихи және мәдени мұраны ғана емес, сондай-ақ қазіргі заманғы өнер мен ғылыми жетістіктерді көрсетуге арналған алаңға айналды. Қазақстандағы музейлердің әрқайсысы өз аймағының ерекшеліктерін, тарихын және мәдениетін көрсетуге бағытталған.

Қазіргі кезде Қазақстанда ұлттық және аймақтық деңгейде, сондай-ақ мамандандырылған музейлер бар. Бұған Қазақстанның тарихын, мәдениетін, табиғатын, өнерін және ғылымын зерттейтін музейлер, сондай-ақ көп салалы музейлер мен галереялар жатады.

Қазақстандағы музейлердің дамуы және қалыптасуы елдің мәдениетіне, тарихына және ұлттық болмысын сақтап, оны болашақ ұрпақтарға жеткізу үшін маңызды рөл атқарып отыр.

Сарайшық тарихи-мәдени музейі – Қазақстанның батыс өңіріндегі Атырау облысының Жылыой ауданында орналасқан, тарихи және мәдени маңызы зор музей.Сарайшық тарихи-мәдени музейі 1991 жылы ашылды. Ол Сарайшық қаласының археологиялық ескерткіштерінің айналасында қалыптасып, тарихи ескерткіштер мен заттарды жинақтап, көрсету мақсатында жұмыс істей бастады. Музейдің құрылысына бастапқыда археологтар, тарихшылар және мәдениеттанушылар тартылды. Сарайшық қаласының өзінде қазба жұмыстарын жүргізу және табылған артефакттарды сақтау қажеттілігі музейдің ашылуына негіз болды. Музейдің ашылуы халыққа тарихи ескерткіштерді ұсыну және ұлттық мәдени мұраны сақтау ісіне серпін берді.

Музейде Сарайшық қаласынан табылған археологиялық жәдігерлер мен мәдени мұралар қойылған. Оның экспозициялары Қазақстанның ортағасырлық тарихына, Сарайшық қаласының саяси, экономикалық және мәдени өміріне арналған. Мұнда монеталар, тұрмыстық заттар, қару-жарақ, зергерлік бұйымдар және басқа да тарихи маңызды артефакттар сақталған. Музейде орналасқан тарихи экспозициялар мен қойылымдар арқылы келушілер Сарайшық қаласының өмірінен, оның Алтын Орда кезеңіндегі маңыздылығынан хабардар бола алады.

Сарайшық қаласының археологиялық қазбалары да музей экспозицияларының негізгі бөлігін құрайды. Зерттеу жұмыстары барысында табылған көптеген жәдігерлер арқылы Сарайшықтың ортағасырлық кезеңдегі тұрмыс-тіршілігі, мәдениеті және өнері туралы толық мәліметтер жинақталды.

Бүгінде Сарайшық тарихи-мәдени музейі – Қазақстанның мәдениет саласындағы маңызды нысандардың бірі болып саналады. Музейдің қалыптасуы мен дамуы Қазақстанның тарихи мұрасын сақтау мен зерттеу жұмыстарына елеулі үлес қосты. Музей қазіргі уақытта жергілікті тұрғындар мен туристер үшін басты тарихи білім орталығы болып табылады. Оның негізінде Сарайшық қаласының тарихына қатысты ғылыми-зерттеу жұмыстары мен археологиялық қазбалар одан әрі жүргізіліп жатыр.

Сарайшық музейі бүгінгі таңда Қазақстанның мәдениетіне және тарихына үлкен үлес қосуда. Музейдің экспозициялары мен зерттеу жұмыстары қоғамда тарихи және мәдени мұраны сақтап қалуға деген жауапкершілікті арттырып, халықты ұлттық тарих пен мәдениетке қызықтыруға көмектесуде.



Сарайшық тарихи-мәдени мұражайы

Қазақстандағы музей туризмі – елдің мәдени мұрасын, тарихын және өнерін танытуға бағытталған туристік саланың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Тарихи және мәдени ескерткіштер, ұлттық және әлемдік деңгейде танылған музейлер Қазақстанның ішкі және сыртқы туризмін дамытуға үлкен ықпал етеді. Мұндай музейлер тек тарихи құнды жәдігерлерді сақтап қана қоймай, сонымен қатар туристерге еліміздің бай мәдениеті мен өткенін таныстыратын орталықтарға айналуда.

Қазақтың дәстүрлі мәдениеті, көне замандардағы сақ, ғұн, түркі кезеңдерінің археологиялық ескерткіштері, Алтын Орда, Қазақ хандығы және Кеңес одағы кезеңдерінің мұралары музейлерде сақталады. Музейлерді тамашалау арқылы туристер Қазақстанның түрлі тарихи кезеңдеріндегі мәдениет, өнер, тұрмыс туралы мәліметтер алады.

Қазақстанның әр аймағында орналасқан музейлер туристер үшін тартымды. Олардың арасында Қазақстанның тарихы мен мәдениетін танытатын бірнеше маңызды музейлерді атап өтуге болады:

Тайғазан– бұл Қазақстанның Шығыс Қазақстан облысында орналасқан, ерекше тарихи маңызы бар музей. Музейдің негізі 1990 жылдардың ортасында қаланды. Тайғазан музейі өскелең ұрпаққа қазақтың өткенінен сыр шертетін маңызды орындардың бірі болып табылады. Тайғазан (немесе Тайғаз) –киіз үйдің негізгі құрылымдық бөлігі ретінде оны орнатуға қажетті киіз, ағаш және металл элементтерді біріктіретін маңызды құрал болып табылады. Музейдің негізгі мақсаты – қазақтың көшпелі мәдениетін, оның тұрмыстық және салт-дәстүрлерін сақтау, сондай-ақ туристерге ұлттық тарихтың тереңіне бойлау мүмкіндігін ұсыну.Қазіргі таңда бұл музей қарқынды дамып,туристерге Тайғазанның түрлері мен олардың қолданысы туралы толық ақпарат беруде.

Қорытындылап айтсақ,музей туризмі еліміздің экономикасына да елеулі пайда әкеледі. Туризм саласындағы осы сегментке инвестициялар тарту, туристік инфрақұрылымның дамуы, жаңа жұмыс орындарының ашылуы және жергілікті бизнеске қолдау көрсету сияқты экономикалық артықшылықтар бар. Сонымен қатар, музейлердің халықаралық деңгейде танылуы шетелдік туристердің санының өсуіне ықпал етеді.

Қазақстандағы музей туризмі болашақта одан әрі дамып, кеңейе түсетініне сенімім мол. Бұл үшін музейлердің инновациялық әдістерді қолдануы, туристердің қызығушылығын арттыратын жаңа жобаларды жүзеге асыруы, сондай-ақ халықаралық деңгейде таныту жұмыстары маңызды рөл атқарады. Сонда ғана музейлердің халықты біліммен сусындатып, мәдениетке деген қызығушылықтарын арттырудағы рөлі зор болмақ.

Сарайшық тарихи-мәдени музейі бүгінгі таңда тек тарихи маңызы бар орын ғана емес, сондай-ақ туризмді дамытуда маңызды рөл атқаратын орталыққа айналған.


Сарайшық тарихи-мәдени музейі туризмнің дамуына маңызды үлес қосып отыр. Бұл музей аймақтың тарихи және мәдени мұрасын сақтап, оны туристерге таныстыруда ерекше рөл атқарады. Сарайшықтың тарихи маңыздылығы мен оның орнын әлемдік мәдениет тарихында ерекше көрсету арқылы музей еліміздің ішкі және халықаралық туризмін дамытуды мақсат етеді.

Сарайшық музейі жыл сайын туристер мен ғылыми қызметкерлердің назарын аударып, Сарайшық қаласы мен оның айналасындағы археологиялық аймаққа келетін туристердің санын арттырып отыр. Музейдің экскурсиялық қызметтері мен заманауи мультимедиялық әдістері туристердің қызығушылығын тудырып, оларды осы тарихи орынмен таныстыруда маңызды құралға айналды. Сонымен қатар, музейдің тарихи және мәдени мұраны көрсету арқылы туристердің Қазақстанның батыс өңірі мен жалпы ортағасырлық кезеңге деген қызығушылығын арттыруда зор ықпалы бар.

Сарайшық тарихи-мәдени музейі тек туризмді дамыту ғана емес, сондай-ақ білім беру мен мәдени ағартушылық қызметті де жүзеге асырып келеді. Әсіресе, мектеп оқушылары мен студенттер үшін бұл музей ғылыми-зерттеу қызметтерін жүргізуге, ортағасырлық тарих туралы жаңа білім алуға мүмкіндік береді. Музейде өтетін дәрістер мен ғылыми конференциялар, экскурсиялар жастардың тарихи білімін кеңейтуге және оларды Қазақстанның мәдени мұрасына деген құрмет сезімін оятуға бағытталған.

Сарайшық музейінің туризмді дамытудағы рөлі тек мәдени салаға ғана емес, аймақтық экономиканы нығайтуға да әсер етеді. Музей аймағында туристерге қызмет көрсететін инфрақұрылымдардың дамуы – қонақ үйлер, кафелер, сувенир дүкендері, көлік қызметтері сияқты салалардың өсуіне әкелді. Бұл өз кезегінде жергілікті тұрғындардың жұмыспен қамтылуына және аймақтың әлеуметтік-экономикалық жағдайының жақсаруына ықпал етеді. Музейдің танымалдылығы артқан сайын, бұл салада жұмыс істейтін кәсіпорындардың саны да көбейіп, өңір экономикасына қосымша пайда әкеледі.

Қорыта айтсам,Сарайшық қаласының тарихи маңыздылығы мен музей қызметі еліміздің туризм саласына жаңа серпін беріп, Қазақстанның мәдени мұрасына әлемдік қызығушылықты арттыруда маңызды рөл атқарып келеді.



Көне Сарайшық макеті

Қазіргі таңда музейлер тек тарихи жәдігерлерді сақтау және көрсету ғана емес, сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізіп, мәдени ағартушылық қызметті дамыту арқылы қоғамның мәдени деңгейін арттыруда маңызды рөл атқаруда. Цифрландыру және инновацияларды енгізу музейлердің дамуындағы жаңа кезеңді белгілеп, олардың келешектегі қызметіне үлкен әсерін тигізуде. Музейлердің цифрландыруы олардың ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті арттыру, экскурсиялар мен білім беру қызметтерін жаңа деңгейге көтеру және мәдени мұраны кеңінен танытуға мүмкіндік береді.

Цифрландыру арқылы музейлерде сақталған мәдени мұралардың сақталуын қамтамасыз ету, зерттеулер мен экспозицияларды әлемнің кез келген бұрышынан қолжетімді ету мүмкіндігі туындайды. Сонымен қатар, сандық форматтағы экспонаттар мен виртуалды экскурсиялар музейге келушілердің санын арттырып, олардың музейлермен қарым-қатынасын тереңдетеді.

Сарайшық тарихи-мәдени музейі өзінің мәдени және тарихи маңыздылығын сақтай отырып, қазіргі уақытта цифрландыруды енгізу арқылы жаңа мүмкіндіктерді аша бастады.

Цифрландыру музейлердің білім беру функцияларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Сарайшық музейінде цифрлық технологияларды қолдану арқылы оқу құралдары, электронды кітаптар, онлайн дәрістер және тренингтер ұйымдастырылса,бұл әсіресе мектеп оқушылары мен студенттер үшін өте қолайлы әрі маңызды болар еді, себебі олар өз уақытында музейлерге барып, тарихи ақпаратты тікелей көзбен көрмей-ақ, сандық ресурстар арқылы толық мәлімет ала алады.

Музейлердің цифрландыруы – заманауи мәдениет пен білім беру саласының негізгі бағыты. Сарайшық тарихи-мәдени музейі тарихи жәдігерлерді сақтап ғана қоймай, қазіргі заманғы технологияларды қолдану арқылы мәдени мұраның танымалдылығын арттыруда, әлемдік деңгейде танытуда жаңа мүмкіндіктер ашып отыр.

Қазақстандағы музей ісін дамыту – тарихи-мәдени мұраны сақтау мен насихаттаудың басты жолдарының бірі. Қазіргі заманғы музейлер тек жәдігерлерді сақтайтын орын ғана емес, сондай-ақ білім беру, ғылыми зерттеу және туризмді дамыту орталықтары болып табылады. Цифрландыру, интерактивті технологиялар мен инновациялық әдістер музейлердің қолжетімділігін арттырып, олардың маңызын күшейтуде.

Музейлердің туризм саласындағы орны ерекше. Олар елдің тарихи және мәдени келбетін айқындап, ішкі және халықаралық туристерді тартудың маңызды факторы болып табылады. Әсіресе, Сарайшық сияқты тарихи-мәдени музейлер өткенді заманауи әдістермен таныту арқылы Қазақстанның туристік әлеуетін арттыруға үлес қосады.

Қорытындылай келе, мен болашақта Сарайшық музейінде тек тарихи құрылыстар мен мәдени мұраларды ғана емес, сондай-ақ осы жерде өткен Ұлы

Жібек жолының тарихын да толыққанды қайта жаңғыртылғанын көргім келеді. Сарайшық – Ұлы Жібек жолының маңызды бөліктерінің бірі болған қала. Мен осы жерде болған сауда-саттықты, түрлі тауарлардың тасымалын және керуендердің өткелдерін балалар мен келушілерге көрсету үшін арнайы экспозициялардың ұйымдастырылғанын қалаймын. Мысалы, үлкен сауда керуенін бейнелейтін макеттер немесе көріністер арқылы балалар караванның қозғалысын, тауарлардың айырбасын және сол кезеңдегі қарым-қатынастарды нақты көру мүмкіндігіне ие болар еді. Бұл тарихи процесс тек ғылыми қызығушылықты арттырып қана қоймай, балалардың өткеннің маңызды кезеңдерін тереңірек түсінуіне, мәдени және сауда байланыстарының маңыздылығын ұғынуына көмектесер еді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі. «Қазақстандағы музей ісін дамыту тұжырымдамасы» – Нұр-Сұлтан, 2021.
2. ҚР Ұлттық музейі. «Қазақстан музейлері: даму үрдістері мен болашағы» – Ғылыми жинақ, Астана, 2020.
3. Сейітқалиев Ж. «Музей ісі және тарихи-мәдени мұраны қорғау» – Алматы: «Қазақ университеті» баспасы, 2019.
4. ҚР Президенті жанындағы Қазақстанның стратегиялық зерттеулер институты. «Қазақстандағы мәдени туризмді дамыту» – Аналитикалық баяндама, 2023.
5. Сарайшық мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы. «Сарайшық – Ұлы Жібек жолының тарихи орталығы» – Музей басылымы, Атырау, 2022.
6. ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі. «Қазақстандағы туризм саласының дамуы» – Ресми есеп, 2023.

ТАРИХТАН ТӘБӘРӘК

Сүйін Сержан Кенесарыұлы - Д. Қонаев атындағы Бином school мектебінің тарих пәні мұғалімі

Аннотация:

Бұл мақалада қазақ тарихының өлкелік деңгейдегі бастау көздері мен оның ұлттық тарихи жадыдағы рөлі қарастырылады. Тайлан батырдың тұлғасы мысалға алына отырып, халық аңыздары мен шежірелер арқылы жеткен деректер сарапталады. Зерттеу ауызша тарихтың маңызын атап өтіп, өлкелік тарихи мәліметтердің мемлекеттік тарихи санаға қосатын үлесін көрсетеді.

Кіріспе.Қазақ халқының тарихы – ғасырлар тереңінен жеткен, бай рухани мұралар мен жауынгерлік ерліктерге толы шежіре. Бұл тарих көбінесе аңыз, жыр-дастан, ауызекі әңгімелер арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткізілген. Әсіресе өлкелік деңгейдегі оқиғалар мен тұлғалар туралы деректер халық жадында ерекше орын алады.

Тамырын тереңге жайған қазақ тарихы бойына әлі күнге дейін сақтаған сырын ешкім ұқтырмаған жабулы тұрған кітаптай. Сан ғасырлар бойы еуразия даласын еркін жайлап, бір шеті европаны бір шеті қиыр шығысты жайлаған бабаларымыз сол кездерде ақ мәңгі елдікті көңілі көксеп өткен. Қазақтың тарихы жұрт жайлаған жердің жер атауларынан бастауын алып сол елдің елдігіне қызмет қылған тұлғаларымен жалғасын тауып жатады. Отанымыздың тау тасы, өзен көлі, тіпті жазығы тарихтан үн қатып сыр шертіп тұрғандай әсер береді. Әр аймақтың тарихта алатын өзіндік орны бар. Санымыз аз болсада әуелден сапамыз ерекшеленіп, жарты әлемге белгілі болған халық екеніміз рас. Әлемді дүр сілкіндерген тұлғалардың бір сыпырасы қазақ сахарасынан кеткеніде жалған емес. Қазақ тарихы қаншама жылдар жазылып, сарапталып, сұрыпталды деседе қазақтың тарихын әлікүнге ешкім толық зерттеп болған жоқ. Тарихымыз күннен күнге жаңарып, толығып келе жатырғаныда көзге көрінеді. Теңіздің толқынын қанша жерден жасырғын келседе келесі толқынның келіп жабатынындай, кезінде қудаланған аталарымызбен көмескіленген тарихымыздың жаңа беттері ашылып, өткеніміз қайта жаңғыруда. Тарих өткеннің болашақтағы еншісі. Бабаларымызды бір ауыз сөзбен суреттейтін болсақ. Түрмесіз далада, қорасыз қой бағып, мылтықсыз аң аулап, алты айлық алыс жолға, есігін ала жіппен байлап емін еркін үйін көршісіне аманаттап кете беретін халық едік деп айтылған ойдың астары кеңде. Қазақта ала деген сөз қасиетке ие. Адамның ала жібін аттама, адамның аласы ішінде деген секілді сөз тіркестері бір ауыз сөзге тоқтаған халықтың көкейіне ұялаған. Қазақтың сахарасында қаншама ғасырлар бойы жайлаған халықтың зынданнан басқа патшаға қарағанға дейін тас пен қаланған түрмесі болмаған. Қазақта обал сауапты білмейді деген сөздің астарында мақұрым деген сөз жатыр. Бабаларымыз баланы осы екі сөзбен тәрбиелеп, сөзімен тентегін тезге салып, қызына қырық үйден тиым салған. Қазақ әуелден малды кәсіп қылып ұлан- ғайыр жерді сақтаудың амалын жасаған. Малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы деп босқа айтпаса керек. Жабайыны қолға үйретіп жабайыға салу олда табиғаттың заңдылығына икемделгенімізді білдіреді. Жалпы халқымыздың қасиеті жоғары. Осы айтылған ойларға қоса бірқатар тарихи фактілерді төменде негізгі мақсатта сараптайық.

Қазақтың шынайы тарихы аңыз, әңгіме, жыр дастандар арқылы сақталып кейінгі ұрпаққа ауызба ауыз тәртібімен жол тартқаны белгілі. Аңыз әңгімені гректің антикалық мифі секілді қабылдар болсақ, онда бұл аңызға негізделген қазақ шежіре тарихы қисынсыз көрінуі заңдылық. Мысалы ел ауызынан тараған батырдың өмірге келер шағында Исатайдың анасы екі қабат уақытында жыланға жерік болып. Тезек жинап жүрген уақытында бір

жылан көзге түсіп соны қолымен ұстап алып, жұтқан кезінде толығымен жұта алмай, кері құсқан екен деген оқиғасы бар, соған байланысты сол кездегі абыздар өмірге батырдың келетінен болжап, бірақ бастаған ісін аяғына дейін апара алмай өмірден өтетінін айтқан [1, 23 б.] Осы секілді мысалдар қазақ тарихының, аңыз әңгіме арқылы құйма құлақ даналардың айтуымен жеткеніне нағыз дәлел болмақ. Ауызба ауыз жеткен тарих бұл қазақ тарихының негізгі баспалдағы. Мысалы біздің мектеп тарих кітабында ата аталатын санаулы ғана батырлар көпшілігі кітап бетіне түспегендіктен аты аталғанда олардың осы өмірде болғанына күмәнмен қарайтындарда жоқ емес. Қазақ шежіресінде есімі айрықшаланып ерлігі мектеп бағдарламасының парақтарында көрінбей қалған қаншама батырларымыз бар.

Мысалы, Себек руынан Саржала, Тайлан, Бөрте, Бөдене, Айтуар, Есет, Бозай, Егіз, Баба, Оразүмбет,
Жайық руынан Шұбар, Құттығай, Айбас
Есенғұл руынан Шойтас,
Қаратоқай руынан Құлбарақ, Жаппарберді
Шеркеш руынан Шағырай, Дербіс
Табын руынан Бөкенбай, Жоламан, Тіленші, Жаппас руынан Баймұрат деген секілді көптеген батырлардың есімін келтіруге болады.

Бұлардан өзге біз білетін, білмейтін батырларымыз қаншама. Бұл аталған батырлар бұрынғы қарттардың ауызында, тыңдағанның құлағында қалып, күні бүгінге шалажансар жеткені анық. Тарихқа тұнаған даламыздың әр бетін ашып қарасыңыз қазіргі күнде елеусіз тұрған елді мекендерге табан тіреріңіз анық. Осындай айналасы тарихқа толы Алға ауылының маңында Жаңбыршы Себектің батырлары Тайлан және Егіз деп аталатын жер бар. Жердің аты белгілі болғаснымен батыр туралы нақты тарих жазылмаған. Осы аталған Тайлан бабамыз жөнінде естігенімізбен, Әміржұлы Базар атамыздың зерттеуін негізге ала отырып баядап көрейік. Тайлан батыр ірі тарихи тұлға [2, 42 б.].

Тайлан батыр 1693 жылы Жайық бойында дүниеге келіп, ел қорғау жолында ерлік көрсеткен. Оның есімі мен ерлігі Базар Әміровтың «Тарихи тұлғалар жаңғырығы» еңбегінде сипатталады. Тайлан батыр Кіші жүздің ханы Әбілқайырмен достық қарым-қатынаста болған, елдің қауіпсіздігі үшін маңызды рөл атқарған.

Тайлан батыр жастайынан ірі тұлғалы болып өсіп жетіледі. Жылқы бағу, құдық қазу, ат үйрету көкпар тарту сияқты жұмыстарды қатар алып жүрген. Қалмақтарға қарсы соғысқа 17 жасынан бастап араласқан.Ағатай батырды аға тұтып. Сол жылдардағы жоңғарларға қарсы бағытталған отан соғысына қатысқан. Тайлан батырды Әбілқайыр хан әскер басқару ісіне араластырып, хан сарайына алдырған. Тайлан, Құттығай, Шұбар батырлар мыңбасы болған батырлар. Осындай деректердің бары көңілді тыныштандырады. Ел ішінде оңтүстікке қиғаш қиғанда оның інісі Егіз батырдың атымен байланысты жер-су атаулары сақталған. Егіз ел аузында Батыр, бай кейпінде суреттеледі. Меккеге барар жолда, теңізге кememен шыққан деген әңгіме бар. Ол ауылдың

Ақсай бетіндегі Сіберті көлдері арқылы кememен Жайыққа шығуы әбден мүмкін. Осы жылғы Су тасқыны бұл әңгіменің мазмұны шындыққа келетініне дәлел бола алады. Қоржынның маңында Шыбыт деген қауымда қалмақтармен үлкен айқас болғаныда осы кітапта баяндалады. Тайлан осы аймақта ел қорғап мекен еткеніне оның атымен аталған қауым нақты дәлел бола алады. Орыс пен шекараны Жайық өзені бөлді. Жайық өзені 1947 жылы тасқын қатты болып арнасын өзгертті. Бір сөзбен айтқанда қалмақтың атақты ханы Аюкеден бастап 1801 жылға дейінгі аралықта кіші жүз жерінің батыс аймағы қалмаққа қарап билік соларда болғаны жасырын емес. Яғни сол Жайық өзенінің бойында қалмақпен көптеген соғыстардың болғаны нақты ақпарат. Осы ақпараттарға сүйеніп, мектеп программасындағы жыр дастан, аңыздарды салыстырып қарасаңыз шындық екеніне көз жеткізуге болады.

Бұл тарихи топонимдер – халық жадында қалған батырлардың нақты өмір сүргенінің дәлелі. Жайық өзені бойындағы соғыстар мен қалмақ шапқыншылығы кезеңіндегі оқиғалар осы деректермен расталады.

Қорытынды. Қазақ тарихының толық жазылып бітуі мүмкін емес, себебі ол күн сайын жаңарып, толықтырылып отырады. Өлкелік деректер – ұлттық тарихтың құрамдас бөлігі. Тайлан батырдың өмірі мен ерлігі осының айғағы. Болашақта осындай деректерді ғылыми айналымға енгізу – тарихи сананы қалыптастырудың маңызды жолы.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мақсұт Неталиев. *Кіші жүз шежіресі*. – Атырау, 1995. – 250 б. – Б. 23.
2. Базар Әміров. *Тарихи тұлғалар жаңғырығы*. – Ақтөбе, 2018. – 300 б. – Б. 42.

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ИСТОРИЙ УЛУСА ДЖУЧИ В ОБРАЗОВАТЕЛЬНЫХ УЧРЕЖДЕНИЯХ

Әбуталиева Әлия Асқарқызы
учитель истории СШ №24
г. Атырау

Введение. История улуса Джучи занимает важное место в изучении исторического развития Евразии. Улус Джучи был одним из крупнейших государственных образований Золотой Орды и оказал значительное влияние на политическую, экономическую и культурную жизнь региона. Настоящий доклад посвящен вопросам методики преподавания в школе истории улуса Джучи, анализу существующих различных эффективных методик и разработке новых подходов к обучению. Как всем нам известна, история

улуса Джучи включена в школьную программу и изучается в 6-м и 10-м классах.

Календарно - тематического планирования 6 класса.

Образование улусов на территории Казахстана Исследовательский вопрос: Как изменилась политическая карта в результате образования монгольских улусов?	6 6.3.1.6 – объяснять политические процессы в государствах XIII-XV вв., используя карту
	6.1.1.2 – определять этносоциальную структуру государств XIII-XV вв.; 6.3.1.7 – определять главные и второстепенные причины распада средневековых государств

Улус Джучи, ставший основой Золотой Орды, оказал значительное влияние на развитие государственности, экономики и культуры многих народов. Важность данной темы требует особого подхода к её преподаванию в школе. Основные аспекты преподавания, которые я использую на своём уроке, направлены на повышение интереса учащихся к данной теме. Чтобы заинтересовать детей, недостаточно только рассказа учителя, необходимо применять творческий подход. Например, можно предложить детям дополнительную литературу, такую как книга "Монголы" Джорджа Лейна, в которой подробно описывается история монгольской империи. Где, Чингисхан установил свою власть во всей Азии и заложил основы масштабной мультикультурной империи, навсегда изменив мир. «В пропаганде Чингисидов XIII века монгольское завоевание - всегда неминуемый разгром и безжалостное истребление. Прикрашенный друзьями и союзниками (а также врагами и» вами), этот образ Чингисидской империи господствует и поныне. Но он слабо связан с реальностью», - отмечает автор этой к доказывая на основе анализа и обобщения исторических источников и документов, что монголы - это не только разрушители тающие все на своем пути. Я предложила ученикам 6-го класса создать свою книгу, и многие из них действительно написали собственные истории о Монгольской империи и Улусе Джучи. Они по-разному озаглавили свои работы, написанные от руки: "Золотая Орда", "Непобедимый Джучи", "Воин степи", "Сильный духом Чингисхан" и другие. В рамках курса истории изучается начальный период формирования Монгольской империи и её деление. Рассматривается личность Джучи, его роль в экспансионистской политике Чингисхана. Даётся общее представление о создании Улуса Джучи, его территориальном составе и хозяйственной деятельности. Используются наглядные пособия, карты и иллюстрации, также инновационные технологии.

Календарно- тематическое планирование 10 класса.

Империя Чингисхана и ее наследники	10.3.1.2 -объяснять исторические этапы формирования государственности на территории Казахстана; 10.3.2.4 -исследовать процесс

	развития улусной системы на территории Казахстана, выявляя преемственность форм государственного устройства; 10.3.2.5 -характеризовать геополитическую активность государств XIII-XV веков, выявляя степень их влияния на ход исторических процессов в Евразии
Ак Орда – основа Казахского ханства	10.3.1.2 -объяснять исторические этапы формирования государственности на территории Казахстана; 10.3.3.1 -устанавливать историческую преемственность Ак Орды и Казахского ханства

В процессе преподавания я использую современные педагогические методы и приёмы, такие как технологии критического мышления, модель 4К (креативность, коммуникация, кооперация, критическое мышление) и другие эффективные стратегии обучения, способствующие углублённому изучению исторических процессов. В старших классах углубляется изучение политической структуры Улуса Джучи, его внутренней политики и внешних связей. Освещаются экономические, социальные и культурные аспекты жизни в Золотой Орде.

Рассматриваются вопросы преемственности власти, важнейшие ханы и их роль в развитии государства. Используются исторические источники, анализ документов и исследовательские работы.

Методические подходы

Историческая реконструкция – создание ученических проектов, анализ карт и генеалогических схем. Работа с первоисточниками – отрывки из летописей, дипломатические документы, сведения путешественников. Интерактивные методы – дискуссии, ролевые игры, моделирование исторических событий. Мои ученики создали ролик и фильм по данной теме. При работе над фильмом они использовали познавательную книгу «Государства Великой степи», автором которой является научный консультант Зардыхан Кинаятулы — доктор исторических наук, профессор.

Вывод. Преподавание истории Улуса Джучи в школе является важной частью исторического образования, способствующей формированию у учащихся целостного понимания процессов формирования средневековых государств. Эффективное применение различных методов обучения позволяет сделать изучение данной темы более доступным и интересным для школьников.

Улус Джучи возник в первой половине XIII века в результате монгольских завоеваний. После походов Чингисхана его старший сын, Джучи, получил обширные территории от Иртыша до Волги, включая земли Дешт-и-

Кипчака. Хотя Джучи скончался ещё при жизни отца, его сын Батый продолжил расширение владений и основал мощное государство – Золотую Орду.

Политическая и экономическая система Улуса Джучи. Государство Джучидов играло ключевую роль в Евразии благодаря своему расположению на Великом Шёлковом пути. Экономика улуса основывалась на кочевом скотоводстве, торговле и ремесленном производстве. Одним из важных центров Улуса Джучи был город Сарайшык.

Сарайшык – торговый и политический центр Улуса Джучи. Сарайшык (ныне территория Атырауской области) был одним из значимых городов Золотой Орды и важным пунктом на торговых маршрутах, соединявших Восток и Запад. В XIV-XV веках город играл роль политического центра, где размещались резиденции ханов. Здесь проходили караваны, связывавшие Среднюю Азию, Иран, Русь и Европу.

После распада Золотой Орды в XV веке Сарайшык продолжал оставаться важным административным центром Ногайской Орды, а затем Казахского ханства. В XVI веке он стал резиденцией казахских ханов, подтверждая преемственность государственных традиций Улуса Джучи. Однако к концу XVI века город был разрушен военными походами, но его историческая значимость сохраняется и сегодня.

Распад Улуса Джучи и его влияние на последующие государства. С XIV века Улус Джучи начал ослабевать из-за династических междоусобиц и нашествий Тамерлана. В XV-XVI веках его территория распалась на Казанское, Астраханское, Крымское, Сибирское ханства и Ногайскую Орду. Часть земель Улуса Джучи стала основой Казахского ханства, которое переняло многие традиции кочевой государственности.

История Улуса Джучи и таких его центров, как Сарайшык, сыграла важную роль в становлении казахской государственности, а сам город остаётся важным символом исторической преемственности. Сегодня Сарайшык является археологическим памятником, напоминающим о величии прошлого и влиянии Улуса Джучи на развитие Евразии.

Особенности культуры и образования. Культура Улуса Джучи представляла собой уникальный синтез кочевых и оседлых традиций, что отразилось в различных сферах общественной жизни – от письменности и религии до архитектуры и дипломатии. Такое взаимодействие стало основой для формирования богатого исторического наследия улуса.

Развитие письменности и образования. Письменность в Улусе Джучи развивалась под влиянием монгольской, уйгурской, арабо-персидской и тюркской традиций. Государственные документы велись на нескольких языках, включая уйгурский, персидский, арабский и кипчакский. Монгольская элита использовала уйгурский алфавит, а в административной переписке широкое распространение получили арабская и персидская письменности.

Образование в Улусе Джучи было представлено медресе – религиозными и образовательными центрами, где изучались Коран, исламское

право (фикх), философия, математика и медицина. В крупных городах, таких как Сарай-Бату, Сарай-Берке и Сарайшык, существовали школы и библиотеки, способствовавшие распространению знаний.

Религия и её влияние на культуру. Сначала правители Улуса Джучи придерживались традиционных шаманистских и тенгрианских верований, однако со временем ислам стал доминирующей религией. При хане Узбеке (1313–1341) ислам был официально признан государственной религией, что привело к укреплению связей с мусульманскими государствами и развитию исламской культуры. В городах строились мечети, медресе и мавзолеи, украшавшие архитектурный облик улуса.

Архитектура и ремёсла. Смешение кочевых и оседлых традиций отразилось и в архитектуре Улуса Джучи. Городские центры, такие как Сарай-Бату и Сарай-Берке, включали дворцы, мечети, караван-сараи и бани, построенные с применением восточных и местных строительных традиций. Развитие ремёсел, таких как ювелирное дело, кожевенное производство, ковроткачество и керамика, свидетельствует о высоком уровне культуры и торговли.

Дипломатия и международные связи. Культура Улуса Джучи также проявлялась в развитии дипломатии. Ордынские ханы поддерживали активные контакты с Русью, Византией, Мамлюкским Египтом, Ираном и другими государствами. Дипломатические посольства способствовали культурному обмену, торговле и укреплению политических связей.

Культурное развитие Улуса Джучи сыграло важную роль в формировании будущих государств, включая Казахское ханство. Наследие письменности, архитектуры, ремёсел и дипломатических традиций улуса оказало влияние на развитие цивилизации в Центральной Азии и за её пределами.

Методики преподавания истории улуса Джучи. Анализ существующих методик.


На данный момент преподавание истории улуса Джучи осуществляется в рамках общего курса истории, что не всегда позволяет глубоко изучить его особенности. Ключевые методы включают:

Лекционные и семинарские занятия;

Исследовательские проекты и анализ источников;

Использование мультимедийных материалов. На уроке по теме «Образование улусов на территории Казахстана» Исследовательский вопрос: Как изменилась политическая карта в результате образования монгольских улусов? Выполняют задания на рабочем листе. Какие результаты мы видим.





После выполнения задания ученики могут:

- Проследить изменения политической карты Центральной Азии и Казахстана после распада Монгольской империи.
- Оценить влияние Улуса Джучи на последующее развитие государственности региона.
- Сформулировать выводы о преемственности политических структур, связывающих Улус Джучи с Казахским ханством.

Применение исследовательского подхода помогает учащимся не только лучше усвоить материал, но и развивать навыки анализа, критического мышления и работы с источниками. На своих уроках я использую современные образовательные платформы, такие как Kahoot! и Quizizz.

Проблемы и недостатки при введении темы Улуса Джучи в учебном процессе.

Хотя изучение истории Улуса Джучи играет важную роль в понимании процессов государственности на территории Казахстана, преподавание этой темы в школах сталкивается с рядом проблем и недостатков.

1. Ограниченное количество учебного времени

История Улуса Джучи изучается в рамках общего курса истории Казахстана и часто представлена всего на одном-двух уроках. Это не позволяет глубоко рассмотреть все аспекты темы, включая экономику, культуру и международные связи.

2. Недостаток учебных материалов и источников

В школьных учебниках тема Улуса Джучи зачастую изложена кратко и поверхностно. Современные исследования, новые археологические открытия и исторические труды редко включаются в учебные пособия. Кроме того, доступ к первоисточникам, таким как арабские, персидские и китайские хроники, ограничен.

3. Сложность восприятия темы учащимися

Многие ученики испытывают трудности в понимании исторических процессов XIII–XIV веков из-за большого количества дат, имен и геополитических изменений. Также сложно объяснить учащимся концепцию улусной системы, её влияние на развитие государственности в Казахстане.

4. Отсутствие интерактивных методик и цифровых ресурсов

Хотя современные технологии, такие как Kahoot! и Quizizz, могут сделать изучение темы более интересным, многие школы недостаточно используют мультимедийные ресурсы. Виртуальные экскурсии, интерактивные карты,

документальные фильмы и игровые методики могли бы значительно улучшить восприятие темы.

5. Недостаточная связь с локальной историей

Хотя Улус Джучи оказал значительное влияние на развитие государственности Казахстана, связь между этим государственным образованием и локальной историей (например, роль городов Сарайшык, Отрар, Сыгнак) недостаточно проработана в школьной программе. Это снижает интерес учеников, так как они не видят связи между темой урока и историей родного края.

Возможные пути решения

- Расширение учебных часов, отведённых на изучение Улуса Джучи.
- Разработка дополнительных материалов, включая современные исследования и переводы исторических источников.
- Использование интерактивных методик, включая анализ карт, исторические реконструкции, дискуссии и проектные работы.
- Связывание темы с локальной историей, например, через изучение городов, находившихся на территории Улуса Джучи.

Таким образом, несмотря на существующие проблемы, внедрение новых подходов к изучению Улуса Джучи в школах может сделать этот раздел истории более доступным, интересным и познавательным для учащихся.

I. Рекомендации по внедрению в учебном процессе улус Джучи

Практические рекомендации для образовательных учреждений

Для успешного внедрения новых методик при преподавании истории Улуса Джучи образовательным учреждениям необходимо:

1. Разработка учебных пособий и электронных ресурсов
    - Создание современных учебных материалов, основанных на новейших исторических исследованиях и археологических открытиях.
    - Разработка интерактивных карт, виртуальных экскурсий по городам Улуса Джучи (Сарайшык, Сарай-Бату, Отрар) и анимационных видеороликов.
    - Включение в учебную программу переводов оригинальных источников (арабских, персидских, китайских летописей).
    - Разработка тестов, онлайн-викторин (на платформах Kahoot!, Quizizz) и интерактивных заданий.
2. Повышение квалификации преподавателей
    - Организация курсов и семинаров для учителей истории, где они смогут познакомиться с новыми методами преподавания.
    - Внедрение тренингов по использованию цифровых технологий и игровых методик в образовательном процессе.
    - Привлечение историков и археологов для проведения лекций и мастер-классов.
3. Создание специализированных курсов по истории Улуса Джучи

- Разработка элективных курсов и факультативов для старшеклассников, углубляющих знания о государственности, культуре и наследии Улуса Джучи.
- Проведение исследовательских проектов, научных конференций и олимпиад среди школьников.
- Включение темы Улуса Джучи в региональные образовательные программы, особенно в тех областях, где расположены исторические памятники, связанные с этим государственным образованием.

Перспективы развития преподавания истории Улуса Джучи:

В долгосрочной перспективе внедрение инновационных методик и расширение изучения темы Улуса Джучи в школах может привести к следующим результатам:

Повышение интереса учеников к истории
Использование мультимедийных ресурсов, ролевых игр, исторических реконструкций и проектных работ сделает процесс обучения более увлекательным и познавательным.

Развитие исследовательских навыков учащихся
Проекты по анализу исторических источников, карт и летописей помогут школьникам научиться критически мыслить, систематизировать информацию и делать обоснованные выводы.

Укрепление связи с локальной историей
Изучение городов и памятников Улуса Джучи (например, Сарайшыка) позволит учащимся лучше осознавать историческое наследие своего региона и его влияние на современный Казахстан.

Интеграция цифровых технологий в учебный процесс
Развитие образовательных платформ и создание интерактивных курсов по истории Улуса Джучи могут способствовать цифровизации школьного образования.

Сохранение исторической памяти и национальной идентичности
Глубокое изучение истории Улуса Джучи поможет сформировать у молодого поколения понимание преемственности государственности и значимости исторического наследия Казахстана.

Таким образом, комплексный подход к преподаванию истории Улуса Джучи может значительно повысить эффективность обучения, сделать его более доступным, интересным и значимым для школьников.

Заключение. История Улуса Джучи (Жошы) представляет собой важный элемент культурного и исторического наследия, оказавший значительное влияние на формирование государственности на территории Казахстана. Этот период стал ключевым этапом в развитии политических, экономических и культурных процессов, заложив основы для последующих государственных образований, включая Казахское ханство.

Однако в современной образовательной практике изучение Улуса Джучи зачастую ограничивается кратким изложением в рамках общего курса

истории. Это не позволяет учащимся глубоко осознать важность данного периода, его роль в формировании государственности, культуры и международных связей. Для преодоления этой проблемы необходимо внедрение инновационных методик, которые помогут сделать обучение более интерактивным и увлекательным.

Использование игровых технологий, мультимедийных ресурсов, исследовательских проектов и работы с историческими источниками позволит не только повысить интерес учеников, но и развить у них аналитические навыки и критическое мышление. Особое внимание следует уделить локальной истории, включая изучение городов Улуса Джучи, таких как Сарайшык, сыгравших значительную роль в экономической и политической жизни региона.

В перспективе развитие преподавания истории Улуса Джучи в школах может способствовать формированию у молодого поколения чувства исторической преемственности, национальной идентичности и понимания значимости культурного наследия. Включение новых методов обучения и цифровых технологий в образовательный процесс позволит школьникам не просто заучивать исторические факты, а осмысливать их значение и связь с современностью.

Таким образом, изучение истории Улуса Джучи должно стать неотъемлемой частью образовательного процесса, способствуя формированию всесторонне развитых и исторически грамотных граждан.

Список литературы.

1. Кинаятулы, З. *Государства Великой степи* – Алматы: Атамұра, 2002.
2. Султанов, Т. И. *Кочевые государства Евразии* – Алматы: Дайк-Пресс, 2001.
3. Бартольд, В. В. *Тюрки. Двенадцать лекций по истории тюркских народов Средней Азии* – Санкт-Петербург: Петербургское Востоковедение, 2002.
4. Почекаев, Р. Ю. *Законы Чингисхана: юридические основы Монгольской империи* – Санкт-Петербург: Евразия, 2005.
5. Гумилев, Л. Н. *Древние тюрки* – Москва: Айрис-Пресс, 2007.
6. Греков, Б. Д., Якубовский, А. Ю. *Золотая Орда и её падение* – Москва-Ленинград: АН СССР, 1950.
7. Кляшторный, С. Г., Султанов, Т. И. *Казахстан: летопись трёх тысячелетий* – Алматы: Рауан, 1992.
8. Плетнёва, С. А. *Кочевники средневековья: по следам исчезнувших народов* – Москва: Наука, 2003.
9. Лейн Дж. Краткая история: Монголы / Джордж Лейн ; [пер. с англ. Т.А. Сафина]. -М. : КоЛибри, Азбука-Аттикус, 2020. - 304 с. : ил.

ЖОШЫ ҰЛЫСЫ- ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІГІНІҢ НЕГІЗІ

Борангалиева Айсауле Салыковна
Тарих пәні мұғалімі
Индер ауданы білім бөлімінің
«Қалам Есқалиев атындағы орта мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Аңдатпа

Мақалада Қара шаңырағы алғаш қазақ даласында көтерілген Жошы ұлысы мен Жошы ханның қазақ елінің қалыптасу мен дамуына тигізген әсері жайлы жазылған. Онымен қоса әлем тарихында Жошы ұлысының рөлі қарастырылған. Жошы ұлысы тарихының білім беру саласында оқытылуы туралы жазылған.

Аннотация

В статье упоминается влияние Улус-Джучи впервые появившихся в казахской степи, формирование и развития казахской земли. Памятник Джучи-хану,который во многим способствовал развитию государство Казакстан, был золожен по месту его жительство. Кроме того роль Улус-Джучи рассматривается в мировой истории. История Улуса Джучи об обучении в сфере образования.

Annotation

The article mentions the influence of the Ulus-Jochi who first appeared in the Kazakh steppe, the formation and development of the Kazakh land. The monument to Jochi Khan, who greatly contributed to the development of the state of Kazakhstan, was gilded at his place of residence. In addition, the role of Ulus-Jochi is considered in world history.

Адамзат тарихында бүкіл әлем мойындаған, жарты әлемге үстемдік жүргізген көптеген империялардың болғаны белгілі. Мұндай империялардан қазақ даласы да кенде болған жоқ, кем қалған жоқ. Әлімсақтан бері қарай Еуразия кеңістігінде үстемдік құрған, ұзақ уақыт бойы тікелей Қазақстан территориясында өмір сүрген, өте үлкен аймақтарды алып жатқан, Еуропа мен Азияда бірнеше мемлекеттердің түзілуіне аса зор ықпалын тигізген ірі империялардың үшеуін біздің ата-бабаларымыз құрған болатын. Олардың біріншісі – Ғұн империясы, екіншісі – Түрік қағанаты, үшіншісі – Жошы ұлысының негізіде құрылған Алтын Орда мемлекеті. Алтын Орда бірнеше хандықтардың құрылуының негізін қалады. Оның ішінде, ең алдында Қазақ хандығы тұр!

Шыңғысхан жер қайысқан жеңімпаз қолымен жаулап алған жерлерін бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына ұлыс қылып бөліп берді. Үлкен ұлы Жошы ханға Ертіс өзені мен Орал тауларына дейінгі жерлер, одан ары қарай батысқа қарай «моңғол атының тұяғы жеткен жерлерге дейінгі аймақтар»,

оңтүстікке қарай Каспий мен Арал теңізіне дейінгі жерлер берілді. Амудариянының төменгі жағындағы аймақтар (солтүстік Хорезм) мен Сырдария өңірі де Жошы ұлысына кірді. Бұл жерлер «Жошы ұлыысы» деп аталды. [1, 276 б.]

Алайда есімі ұлы даладан асып, әлемге кеткен Жошының орны ерекше болмақ. Мәселен, моңғолдар «бабамыз» деп отырған Шыңғыс хан, өзбектер иленіп отырған Ақсақ Темір, орыс жұртын біріктіруші Петр-I – бұлардың бәрі ұлы империя құра білген алып тұлғалар. Солар сияқты Жошы да әлем тархында 250 жылдық тарихы бар Алтын Орда (әу баста Жошы ұлысы деген атпен белгілі болған) атты ұлы империяның негізін қалаушы. 1223 жылы әкесі Шыңғыс хан бөліп берген аймақ – бүгінгі Қазақстан территориясы. Демек, біз Жошыны ұлы бабамыз деп танып, әлемге жар салуға, оны ұлы рухты оятушы тұлға ретінде атап, мақтануға хақылымыз. Жазушы һәм белгілі алаштанушы, ғалым Тұрсын Жұртбай: «Исі қазақ Жошымен, ол артына қалдырып кеткен Алтын Ордамен мақтануына болады. Жошы әлем тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі» дейді. 1223 жылы әкесі Шыңғыстың ұйымдастыруымен өткен Құланбасы жазығында өткен құрылтайға Жошы да қатысады. Осы құрылтайда Шыңғыс хан көзінің тірісінде жаулап алған ұлан-ғайыр өлкені бәйбішесі Бөртеден туған төрт ұлына бөліп береді. Жошының еншісіне Ертістен батысқа қарай, Жетісудың теріскей бөлігін қамти отырып, «атының тұяғы жеткен» төменгі Еділ бойына дейінгі жерді қоса, бүкіл Дешті Қыпшақ аймағы тиеді.[1, 141 б.]

Жошы ұлысы Қазақ мемлекетін қалыптастыруда бірнеше маңызды аспектілерге әсер етті:

1. Этникалық бірлік:

Жошы ұлысы құрамындағы халықтар мен тайпалар тарихи, мәдени және этникалық тұрғыдан бір-бірімен тығыз байланысқан болатын. Жошы ұлысының халқы негізінен түркі тілдес халықтардан тұрды, олардың арасында қазақ халқының ата-бабалары, атап айтқанда, қыпшақтар мен басқа да түркі тайпалары көп болған. Бұл ұлыс ішіндегі этникалық бірігу қазақ мемлекеттігінің негізін қалауға ықпал етті.

2. Саяси және экономикалық ықпал:

Жошы ұлысы өзінің үлкен аумағымен ғана емес, сонымен қатар халықаралық сауда мен дипломатияда маңызды рөл атқарды. Оның экономикалық және саяси ықпалы Алтын Орда мемлекетінің құрамында болғанымен, қазақ жерінде автономияға ұмтылу үрдістерін арттырды. Бұл автономиялық үрдістер қазақтың ұлттық мемлекетінің қалыптасуына негіз болды.

3. Мәдени және әлеуметтік даму:

Жошы ұлысы мәдени, діни және әлеуметтік тұрғыдан қазақ халқының қалыптасуына айтарлықтай әсер етті. Ұлыс ішінде түрлі мәдениеттер мен діни нанымдардың бірігуі, сондай-ақ монғол империясының әкімшілік және құқықтық жүйесі қазақ қоғамының кейінгі дамуына әсер етті. Бұл ықпалдар қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына әсер еткен маңызды факторлардың бірі болды.

4. Ұлысаралық қатынастар және Қазақ хандығының құрылуы:

Жошы ұлысының құрамында қыпшақтардың, қаңлылардың, арғындардың, наймандардың және басқа да түркі халықтарының болғандығы, олардың өзара әлеуметтік және саяси қатынастары Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Жошы ұлысының құрамындағы халықтар мен тайпалар кейінірек біртұтас мемлекет құру мақсатында Қазақ хандығының құрылуына қатысқан.

5.Жошы ұлысы қазақ мемлекеттігінің негізін қалаушы маңызды фактор болып табылады. Оның тарихы мен мәдениеті, әлеуметтік-экономикалық ықпалы мен саяси құрылымы қазақ халқының ұлттық мемлекетін құруға үлкен әсер етті. Жошы ұлысының құрамындағы тайпалар мен халықтар қазақ мемлекеттігінің негізін қалыптастырып, ұлттық бірегейлікті сақтау мен дамыту жолында маңызды рөл атқарды. Осылайша, Жошы ұлысы Қазақ хандығының құрылуына негіз болған және қазіргі қазақ мемлекеттігінің қалыптасуында маңызды орын алған тарихи құрылым болып табылады.

Биыл Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен елімізде Жошы ұлысының 800 жылдығы аталып жатқаны белгілі. «Жер жүзіне Алтын Орда деген атпен танылған әйгілі Жошы ұлысы Орталық Еуразияның байтақ даласындағы ең қуатты мемлекет ретінде мойындалған. Осы ортағасырлық державаның геосаяси мұрасы бірқатар Еуразия мемлекетінің, соның ішінде Қазақ хандығының құрылуына негіз болды. Ұлық ұлыстың жерінде сан алуан этнос және дін өкілдері бір шаңырақтың астында өмір сүрді. Түрлі мәдениеттер өзара астасып, мемлекет құру ісінің бірегей үлгісі қалыптасты», – деген Президент Жошы ұлысының Қазақстан тарихындағы рөлін көрсетті.

Ал, еліміздің мектеп бағдарламасында Жошы ұлысы туралы мәлімет қаншалықты қамтылған?

«Қолданыстағы негізгі орта, ортадан жоғары білім беру деңгейінің 5-9 және 10-11 сыныптарға арналған «Қазақстан тарихы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес, 6 және 10-сыныптарға арналған Қазақстан тарихы оқулығында Алтын Орда дәуірі – Жошы ұлысына, Қазақстан аумағында ұлыстық жүйенің дамуына қатысты мәліметтер берілген», 6-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығы соңғы рет 2018 жылы «Мектеп» және «Атамұра» баспаларында жарық көрген. Онда Жошы ұлысына қатысты 2 тарау қамтылған. [2]

«Оқулықта «Шыңғыс хан империясы. Ұлыстар» және «Алтын орда (Жошы ұлысы) мемлекетінің құрылуы» туралы мәліметтер бар. Оқушылар Шыңғыс хан құрған түркі-моңғол империясының сипатымен, басқару жүйесінің ерекшеліктерімен танысады. Сонымен бірге, Шыңғыс ханның мұрагерлері құрған Шағатай ұлысы, Үгедей ұлысы, Төлен ұлысымен қатар, Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы ханның ұлысы туралы, Ұлыстың құрылуы мен оның аумақтары туралы ақпарат берілген. Осылайша оқушылар мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағында ұлыс жүйесінің дамуын зерттейді. Оқулықта берілген Шыңғыс хан мен оның мұрагерлері құрған империяның картасы бойынша Алтын орда мемлекетінің алып империяға айналу жолына талдау жасайды»

10-сыныпқа арналған Қазақстан тарихы оқулығында («Мектеп» баспасы, 2019 ж.) «Моңғол дәуіріндегі Қазақстан аумағындағы этногенез және этникалық үдерістер» атты тақырып бар. Онда қазақтардың шығу тегінің кезеңдері, қазақ этнонимінің пайда болуы, қазақ хандығының құрылуындағы қазақтар этногенезінің және мәдени-генетикалық кодтың маңызы қарастырылады.
«Оқулықта «Қазақстан аумағында ұлыстық жүйенің дамуы», «XIII-XV ғ.ғ. мемлекеттердің геосаяси белсенділігі және олардың Еуразиядағы тарихи үдерістерге әсері» тақырыбы қамтылған. Оқушылар Жошы ұлысы – Алтын Орда мен Алтын Орданың мемлекеттік құрылысымен танысып, Алтын Орда мен Русь қарым-қатынасы туралы ақпарат алады. Аталған тақырыптар бойынша балалар мемлекет құрылысындағы сабақтастықты анықтай отырып, Қазақстан аумағындағы ұлыс жүйесінің дамуын зерттейді. Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап Алтын Орда (Жошы ұлысы) кезеңіне дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастырады» Алдағы уақытта оқулықтар жаңартылып, Жошы ұлысы, Алтын орда дәуірі туралы тың ақпараттар қамтылатынын министрлік атап өткен болатын. [2]

Жошы ұлысы- қазақ тарихының тарихында маңызды орын алатын мемлекеттердің бірі болып табылады. Ол Алтын орда мемлекетінің негізін қалаушы Жошы ханның ұлысының тарихи мұрасы мен мәдениеті бүгінгі Қазақстан тарихының ажырамас бөлігі болып табылады. Жошы ұлысының тарихы елімізде оқу бағдарламалары мен ғылыми зерттеулердің маңызды тақырыбына айналып отыр. Жошы ұлысы Қазақстанның ортағасырлық тарихының бір бөлігі ретінде мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылады. Қазақстан тарихы пәнінің бағдарламаларында Жошы ұлысының құрылуы, оның саяси ықпалы, шаруашылығы мен мәдениеті туралы ақпараттар беріледі.Бұл тақырыптар оқушыларға Қазақстанның этникалық және саяси құрылымдарын түсінуге көмектеседі. Жошы ұлысы Алтын Орда мемлекетінің алғашқы кезеңінде маңызды рөл атқарды. Жошы ұлысының тарихы арқылы оқушыларға монғол империясының бөлінуі, Алтын Орда мемлекетінің құрылуы және оның қоғамдық құрылымын таныстыру, сондай-ақ орта ғасырлардағы халықаралық сауданың дамуын және мәдени алмасуларды түсіндіру мақсат етіледі. Бұл тақырып Қазақстанның ежелгі дәуірінен бүгінгі күнге дейінгі тарихын толық түсінуге мүмкіндік береді.
Жошы ұлысы туралы жазба деректер мен археологиялық зерттеулер елімізде бірнеше ғасырлар бойы зерттеліп келеді. Жошы ұлысының тарихы туралы тарихи деректердің арасында араб, парсы, орыс және монғол тілдеріндегі жазба ескерткіштер кездеседі. Білім беру саласында Жошы ұлысы туралы әдебиеттерді оқу, тарихи зерттеулерді талдау оқушылардың тарихи санасын қалыптастыруға ықпал етеді. Жошы ұлысы туралы білім беру кезінде түрлі карталар, суреттер, бейнемазмұндар мен тарихи ескерткіштер арқылы оқу материалының визуалды тұрғыдан түсінікті болуына көмектесуге болады. Мысалы, Жошы ұлысының территориясы, Алтын Орда мен оның құрамындағы басқа да ұлыстардың орналасуы туралы карталар оқушылардың

географиялық және тарихи түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді. Оқушылар Жошы ұлысының саяси құрылымын, қоғамдағы экономикалық жағдайды, әскер құрылымын зерттеу арқылы Жошы ұлысының тарихына толыққанды талдау жасап, оны қазіргі Қазақстанның тарихи және мәдени мұрасына интеграциялайды. Тарихи құжаттар мен деректерді зерттеу, түрлі дереккөздерді салыстыру арқылы оқушылар өздерінің зерттеу дағдыларын дамыта алады. Жошы ұлысының тарихын оқытуда сабақтарда рөлдік ойындар, пікірталастар, тарихи реконструкциялар жүргізу тиімді болады. Бұл әдістер оқушыларды тек оқулық материалын емес, тарихи оқиғалардың контекстінде ойлауға, сол кезеңнің тұрмыс-тіршілігін, саяси жүйесін тереңірек түсінуге үйретеді. Жошы ұлысы туралы әдебиеттерді оқытуда, ғалымдардың зерттеулерін талқылап, ғылыми пікірталастар ұйымдастыру, жас ғалымдар мен тарихшылардың пікірлерін ескеру – білім беру жүйесінде маңызды аспектілер болып табылады. Сонымен қатар, тарихи деректер мен құжаттардың маңыздылығын түсіндіре отырып, тарихи әдістемені меңгеру оқушылардың ғылыми ойлау қабілетін дамытады. Қазіргі уақытта Жошы ұлысының тарихын мектеп оқулықтарына енгізу процесі жалғасуда. Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу бағдарламаларында Жошы ұлысының Алтын Орда мен Қазақстанның ортағасырлық тарихындағы орны мен рөлі туралы ақпарат беріледі. Бұл оқулықтарда Жошы ұлысының әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілерін қамтуға ұмтылу маңызды. Жошы ұлысын зерттеуде қолданылатын деректердің негізгі қайнар көздері ретінде жазба ескерткіштер мен археологиялық қазбаларды қолдану ұсынылады. Мұндай деректерді оқу барысында оқушылардың танымдық қызығушылығы арттырылып, олардың сыни ойлау қабілеті дамиды. Мұғалімдердің Жошы ұлысы мен оның тарихын оқытудағы білімдері мен кәсіби дайындықтары маңызды фактор болып табылады. Тарих пәні мұғалімдері Жошы ұлысы туралы материалдарды оқытудың заманауи әдістері мен тәсілдерін меңгеріп, әрбір оқушының қызығушылығын оятуға тырысуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Жошы ұлысы және Сарайшық-қазақ мемлекеттілігінің бастауында» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары 2019 жыл
2. https://kaz.inform.kz/news/zhoshi-ulisi-elmzdn-mektep-bagdarlamasinda-kanday-malmetter-kamtilgan-a2e817/
3. Қазақстан тарихы “Аруна” баспасы, – Алматы, 2010.
4.Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. Алматы: «Атамұра», 2010.

ТУҒАН ӨЛКЕМНІҢ ТАРИХЫ

Ержанова Айжан Бауржановна - Атырау көлік және коммуникация колледжінің география – тарих пән оқытушысы, жаратылыстану ғылымдарының магистрі

Аңдатпа.Өткенді білу – өркениеттің белгісі, ұлт тарихы, ел болмысы, ұрпақ тәрбиесі.

Кілт сөздер:Сейідтер,шейхтер, хафиздер
Ключевые слова: Сейды, шейхы, хафизы
Key words:Seids,sheihs, hafizs

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында «Әрбір халық өзінің арғы – бергі тарихын өзі жазуға тиіс. Бөтен идеологияның жетегімен жүруге болмайды. Ұлттық мүдде тұрғысынан жазылған шежіре ұрпақтың санасын оятып, ұлттың жадын жаңғыруға мүмкіндік береді» деген. Тарихымызға жаңаша көзқараспен, яғни ұлттық мүдде тұрғысынан қарау – бүгінгі күннің ең өзекті мәселесі.

Сарайшық қалашығы Атырау облысындағы республикалық маңызы бар тарихи археологиялық ескерткіштердің бірі болып табылады. Атырау қаласынан 50 км. жерде, Махамбет ауданы сарайшық аулы тұсындағы Жайық өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан. Қалашық аумағы 100 гектардан астам жерді алып жатыр.

Сарайшық қалашығызерттеушілердің жазбаларында XVIII ғасырдың екінші жартысынан бастап кездеседі. Археологиялық ғылыми – зерттеу жұмыстарын 1937 жылы Н.Арзютов, 1950 жылы ұлттық археология мектебінің негізін қалаушы Ә. Марғұлан жүргізді. Одан кейінгі ғылыми жұмыстар 1996 – 2009 жылдары Ә.Марғұлан атындағы археология институтының Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясымен (жетекшісі – З.Самашев) жүргізілді.

Сарайшық пайда болуы туралы бірнеше деректер бар. Соның бірі Әбілғазы Баһадурханның шежіресіне сәйкес, қалашық Алтын Орда дәуірінде Бату мен оның бауыры Берке ханның тұсында XIII ғасырдың екінші жартысында пайда болған.Сарайшық 300 жылдан астам уақыт Батыс пен Шығыс елдерін жалғастырған Жібек жолының бойында саяси – экономикалық маңызы бар қалалардың бірі. Ол алғашында Алтын Орданың басты қалаларының бірі болса, кейін Ноғай Ордасының, XV ғасырдың кезінде Қасым ханның тұсында Қазақ хандығының астанасы болды.Сарайшық стратегиялық жағынан Европа мен Азияның түйісер тұсынан ұтымды орнығуы, Европа елдері мен Еділдің бойындағы Алтын Орда астаналарынан (Сарай – Бату және Сарай – Берке) Хорезм

шаһарларына, Иранға, Үндістанға және Қытайға баратын құрлықаралық керуен жолының қауіпсіздігін қамтамасыз етті. Сарайдан Сарайшыққа, одан әрі Үргенішке дейінгі сауда жолының соқпақтарында құдықтар болды және керуен – сарайлар қызмет етті. XIII – XIV ғасырларда осы жол Шығысты Батыспен негізгі жалғастырушы болды.

Сарайшықта салтанатты сәулетті сарайлар, керуен – сарайлар, моншалар, мешіт – медреселер және басқа да ғаламат ғимараттар салынған.Сарайшық алғашқы кірпіші қаланғаннан бастап Жошы Ұлысының тақ әулеттік таласы, әскери бас көтерулер, сауда – экономиалық және мәдени байланыстардың өсуі, империяның құлауы және жаңа этностардың құралуы сияқты Ордаішілік және халықаралық оқиғалардың ортасында болды.

Алтын Орданың өзге қалалары сияқты, Сарайшықта, бұрын қоныс, қыстақ, рулық, әулеттік зираттар болған, өте шұрайлы, әрі Жайық өзенінің ең бір қолайлы да көрікті тұсында қалыптасқан. Қаланың мәдени қабаттарынан көне шұңқырдан және шикі кірпіштер арасынан шақпақ тас қырғыштар, қола дәуірінде тастан жасалған шағын келсап, екі мың жылдың алдындағы жебенің қоладан құйған ұштары кездескен.

Сарайшық – Алтын Орда астанасы Сарай Бату қаласынан кейінгі үлкен қалалардың бірі әрі мұсылман діни басшыларының орталығы болған қала. Осыған орай, ол жерде хандар «Мұхаммед пайғамбардың ұрпақтары» деп саналатын сейідтер мен шейхтер, молдалар мен қажылар, хафиздер өмір сүрген.

Сарайшықтың ұлылығы – онда тек мұсылман діндерларының жерленгендігінде ғана емес, ең алдымен оның Алтын Орда хандарының қасиетті зиратханасына айналғандығында. Сарайшық пантеоны билеушілер мен атақты адамдарды жерлейтін киелі орын болған. Оның ішінде Қасым хан да жерленген. Ел аузында Жәнібек хан салдырған Секер көлі туралы аңыз сақталған. XIX ғасырдағы зерттеушілердің дерегіне сүйенсек, қалашық аумағында жергілікті мұсылмандар, оның ішінде қазақтар киелі санаған 3 әулиенің жерленген жері болған.

Сарайшықтың қарқынды дамуы, әсіресе қоғамдық және діни ғимараттардың көбейіп көркеюіне 1263 ж. Берке ханның ислам дінін қабылдауынан соң, Алтын Орда тұрғындарының арасында мұсылмандықтың енуі және 1310 жылы Өзбек ханның исламды мемлекеттік дін деп жариялауы әсер етті. Сарайшықта 1341 жылы Жәнібек хан және 1357 жылы Бердібек ханның Алтын Орданың хандық таққа отыру рәсімдері өтті. Қала 1370 жылы Шайбани ұрпағы Айбектің құзырында болды, ол өз ақшасын соқтырды. Осы онжылдықтың ортасында Орда – Ежен ұрпағы Орыс хан биледі, ал аяқ шенінде Шайбанның тұқымы Арабшах иемденді.

Сарайшық Қырымнан Хорезмге дейін, одан шығыс пен оңтүстікке созылып жатқан ірі магистарль бойындағы қала ретінде дамыған. Сарайшық зиратханасында жеті хан жерленген. Бұл деректер Әбілғазы Баһадүр хан,

одан ертеректе өмір сүрген Мұхаммед – Хайдар Дулати және жазушы Әбіш Кекілбаевтың еңбектерінде, басқа да көне жазбалар негізінде жинақталған.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1.Орынғали Қ.Сарайшық билеушілері мен батырлары. «Арыс» Алматы 2004 ж., 10,11,14 б.

2.Мектептен тыс жұмыстар. Республикалық педагогикалық журнал. №11 (239) 2024 ж., 9-11 б.

3. Әлімгереев Ө. Сарайшықтың жеті ханы. «Атырау газеті», 1999, 11 қараша.

ҚАЗАҚСТАН МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ РӨЛІ

Кожантаева Гулбаршын Гилымовна

Атырау қаласы, Саламат Мұқашев атындағы Атырау политехникалық жоғары колледжі

Аңдатпа: Бұл мақалада Қазақстан музейлерінің туризм саласындағы рөлі қарастырылады. Музейлер - елдің мәдени мұрасы мен тарихын сақтаушы маңызды мекемелердің бірі ретінде туристік әлеуетті арттыруда ерекше орын алады. Қазақстанның әр аймағында орналасқан тарихи, этнографиялық және көркемөнер музейлері ішкі және сыртқы туристерге елдің бай мәдениетін таныстырып, білім беру және рухани тәрбие берудің маңызды құралына айналып отыр.

Кілт сөздер: Мұражай, туризм, Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі, Сарайшық, цифрлық технологиялар, экскурсия, маркетинг пен ынтымақтастық

Аннотация: В статье рассматривается роль музеев Казахстана в сфере туризма. Музеи, как одни из важнейших институтов, сохраняющих культурное наследие и историю страны, играют особую роль в повышении ее туристического потенциала. Историко-этнографические и художественные музеи, расположенные в различных регионах Казахстана, становятся важным инструментом образования и духовного воспитания, знакомя отечественных и иностранных туристов с богатой культурой страны.

Ключевые слова: Музей, туризм, Национальный музей Республики Казахстан, Сарайшык, цифровые технологии, экскурсия, маркетинг и сотрудничество

Annotation: The article examines the role of museums in Kazakhstan in the tourism sector. Museums, as one of the most important institutions preserving the cultural heritage and history of the country, play a special role in increasing its tourism potential. Historical, ethnographic and art museums located in various regions of Kazakhstan are becoming an important tool for education and spiritual development, introducing domestic and foreign tourists to the rich culture of the country.

Keywords: Museum, tourism, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Sarayshyk, digital technologies, excursion, marketing and cooperation

Мұражайлар мәдени мұраны сақтауда, білім беруде және қоғамды дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар құнды тарихи жәдігерлерді, өнер туындыларын және ғылыми жетістіктерді сақтай отырып, олардың болашақ ұрпаққа қолжетімді болуын қамтамасыз етеді.

Олар білім беру, ғылыми зерттеулер алаңы ретінде қызмет етеді, сонымен қатар тарихқа, мәдениетке және өнерге қызығушылық тудырады. Экскурсиялар, лекциялар және интерактивті бағдарламалар арқылы мұражайлар келушілердің ой-өрісін кеңейтуге көмектеседі.

Сонымен қатар, мұражайлар адамдарды жақындастыру және мәдени алмасуға ықпал ету арқылы әлеуметтік қызмет атқарады. Олардың дамуы экономикаға, туристерді тартуға және жұмыс орындарын құруға әсер етеді. Цифрлық технологияларды енгізу мұражай экспонаттарын кеңірек аудиторияға қолжетімді етеді.

Мұражайлар саяхатшыларды тарту, олардың мәдени тәжірибесін байыту және аймақтың экономикалық дамуына үлес қосу арқылы туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар тек тарих пен өнердің қоймасы ғана емес, сонымен қатар білім, интерактивті демалыс және ғылыми жаңалықтардың орталықтары болып табылады. Лувр, Британ мұражайы немесе Эрмитаж сияқты ірі мұражайлар жыл сайын миллиондаған адамдарды тартатын негізгі туристік орындарға айналды. Дегенмен, ішкі туризмді дамытуға және жергілікті мәдени мұраны насихаттауға үлес қосып отырған шағын аймақтық мұражайлардың да маңызы зор. Сол себепті де бұл бағыттарды да дамытуға көп көңіл бөлінуі қажет.

Мұражайлар – мәдениет, білім және экономиканы байланыстыратын туризм индустриясының маңызды нысандары. Олардың дамуы туристік маршруттарды кеңейтуге және саяхатшылардың мәдени тәжірибесін байытуға көмектеседі.

Мұражайлар туризмді дамытуда, саяхатшыларды тартуда және экономикалық өсуге ықпал етуде маңызды рөл атқарады. Олар мәдени мұраны танымал етеді, туристік маршруттарды қалыптастырады және жаңа жұмыс орындарын ашады. Музейге келушілер қонақүйлерді, мейрамханаларды және көлікті белсенді пайдаланады, бұл жергілікті бизнестің дамуын ынталандырады. Виртуалды турлар, интерактивті көрмелер, мультимедиялық

гидтер секілді заманауи технологиялар мұражайларды туристер үшін одан да тартымды етеді. Осылайша, мұражайлар тарихты сақтап қана қоймай, сонымен қатар туризм мен экономикалық қызметтің маңызды орталықтары болып табылады [1, 48 б.].

Қазақстанның бай тарихи-мәдени мұрасы бар, оны сақтауда және туристер арасында танымал етуде мұражайлар басты рөл атқарады. Олар тек тарих қоймалары ғана емес, сонымен қатар ішкі және халықаралық туризмнің дамуына үлес қосатын саяхатшыларды қызықтыратын маңызды нүктелер болып табылады.

Қазақстанның бай мәдени мұрасы мұқият сақталған және еліміздің көптеген мұражайларында қойылған. Олар білім мен ғылымның орталықтары ғана емес, сонымен қатар туризм индустриясының маңызды нысандары. Бұл мақалада біз Қазақстандағы мұражайлардың қалыптасу тарихын, олардың түрлерін, қоғам үшін маңызы мен туризмді дамытудағы рөлін қарастырамыз.

Қазақстандағы мұражайлардың тарихты сақтауда, туризмді дамытуда және халықты сауаттандыруда маңызы зор. Олар келушілерді археологиялық олжалар, этнографиялық көрмелер, өнер және заманауи мәдениетпен таныстырады.

Қазақстандағы мұражайларды қызметі мен бағытына қарай бірнеше негізгі категорияларға бөлуге болады:

Тарихи-өлкетану мұражайлары. Тарихи мұражайлар келушілерді елдің өткенімен, ежелгі өркениеттерден бастап бүгінгі күнге дейінгі тарихымен, мәдениетімен таныстырады. Мысал ретінде Астана қаласындағы Қазақстан Республикасының Ұлттық музейін келтіруге болады, онда мемлекеттіліктің дамуы, археологиялық олжалар мен ұлттық мәдениет туралы сыр шертетін жәдігерлер бар. Өлкетану мұражайлары жеке аймақтардың тарихына, олардың табиғатына, этнографиясына, салт-дәстүрлеріне назар аударады. Мәселен, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейінде өнеркәсіптің дамуы мен кеншілер өмірі туралы материалдар қойылған. Өңіріміздегі Атырау облыстық өлкетану мұражай қорында оның облысы бөлімшелеріндегі (Исатай, Құрманғазы, Қызылқоға, Индер аудандары орталықтары мен Сарайшық кентіндегі) тарихи-мәдени мұраны қосып есептегенде 30000-нан астам материалдық-рухани ескерткіштер бар.

Археологиялық-этнографиялық мұражайлар. Бұл мұражайлар қазақ халқының ежелгі мәдениетіне, салт-дәстүріне, тұрмыс-тіршілігіне арналған. Бірегей жартас суреттерін көруге болатын «Таңбалы» қорық-музейі маңызды археологиялық ескерткіш болып табылады. «Ботай» қорық-музейі сияқты этнографиялық мұражайларда көне тұрғын үйлер мен тұрмыстық бұйымдардың реконструкциялары қойылған, сонау өткенге шолу жасайды.

Өнер мұражайлары. Алматыдағы Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайында ұсынылған Қазақстанның бай көркем мұрасы бар. Мұнда Қазақстан, Ресей және Еуропа суретшілерінің туындылары жинақталған. Соңғы жылдары ел мәдениетіндегі жаңа тенденцияларды көрсететін заманауи өнер мұражайлары белсенді түрде дамып келеді.

Мемориалдық мұражайлар. Мемориалдық мұражайлар көрнекті тұлғалар мен маңызды тарихи оқиғаларға арналған. Семейдегі Абайдың үй-мұражайы қазақтың ұлы ақынының өмірінен сыр шертсе, Ақмола облысындағы «АЛЖИР» мұражайында сталиндік қуғын-сүргін жылдарындағы қуғын-сүргінге ұшыраған әйелдердің естелігі сақталған.

Ғылым, техника және табиғат мұражайлары. Бұл санатқа ғылымға, техникаға және табиғатқа арналған мұражайлар кіреді. Мысалы, Байқоңырдағы Космонавтика мұражайы ғарыш саласының дамуы туралы айтса, Алматыдағы Қазақстанның Орталық табиғат мұражайы еліміздің бірегей флорасы мен фаунасымен таныстырады.

Ендігі кезекте Қазақстандағы ең ірі және маңызды мұражайларға және олардың туризм саласына қосқан үлесіне тоқталайық.

Соның ішінде ең маңыздыларының бірі – Астана қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Бұл 2014 жылы ашылған, 74 мың шаршы метр аумақты алып жатқан елдегі ең үлкен мұражай. Мұражай көрмелерінде Қазақстанның көне және жаңа тарихына қатысты жәдігерлер қойылған. Мұнда атақты «Алтын адам», скиф және түркі дәуіріндегі бұйымдар, сондай-ақ ел тәуелсіздігіне қатысты бірегей жәдігерлерді көруге болады. Бұл мұражай маңызды мәдени туризм орны болып табылады және отандық және шетелдік туристерді тартуда үлкен рөл атқарып келеді [3].

Тағы бір маңызды мұражай – Алматы қаласында орналасқан Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұражайы. Алматыдағы Орталық мемлекеттік мұражай – еліміздегі ең көне және ең үлкен мұражайлардың бірі. Ол 1931 жылы құрылған және 300 мыңнан астам экспонаттарды қамтиды. Мұражайда Қазақстанның тарихына, этнографиясына, табиғатына және мәдениетіне қатысты коллекциялар ұсынылған. Мұнда бірегей археологиялық олжалар, көне тұрмыстық бұйымдар, қазақ халқының дәстүрлі киімдері мен зергерлік бұйымдарын көруге болады. Туристер мұражайға өлкенің бай тарихы мен мәдени ерекшеліктерімен жақынырақ танысу үшін келеді.

Қазақстандағы маңызды өнер мұражайы – Алматы қаласында орналасқан Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер мұражайы. Мұражай қазақ, орыс және батыс еуропалық өнердің кең коллекциясын ұсынады. Келушілер әр дәуірдегі кескіндеме, графика, мүсін және сәндік өнер түрлерімен таныса алады. Қазақ суретшілерінің еліміздің ұлттық болмысы мен мәдени дәстүрін көрсететін туындылары ерекше құнды. Бұл мұражай Қазақстандағы ең үлкен өнер мұражайы болып табылады. Ол 1935 жылы құрылған және қазақтың көрнекті суретшісі Әбілхан Қастеевтің есімімен аталған. Мұражай қорында қазақстандық, ресейлік және шетелдік шеберлердің туындылары бар. Қазақ халқының тұрмысы мен салт-дәстүрін бейнелейтін картиналар, сәндік-қолданбалы өнер экспонаттары ерекше құнды. Бұл әлемнің түкпір-түкпірінен өнер сүйер қауымды тартатын мәдени туризмнің маңызды орны.

«Есік» мемлекеттік тарихи-мәдени мұражай-қорығы (Алматы облысы). Бұл мұражай-қорық Есік қаласының маңындағы қорғаннан табылған алтын сауыт киген сақ жауынгері «Алтын адамның» қорымының ашылуымен танымал. Мұражайда археологиялық қазба жұмыстары кезінде табылған заттар, сондай-ақ «Алтын адамның» сауытының реконструкциясы қойылған. Көрме Қазақстан территориясын мекендеген ежелгі көшпенділердің мәдениеті мен өмірін жақсырақ түсінуге көмектеседі. Бұл археология мен ежелгі өркениеттерге қызығушылық танытатын туристер арасында танымал орын.

Ахмет Байтұрсынұлы мұражай-үйі (Алматы қаласы). Мұражай көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, Алаш қозғалысының қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен қызметіне арналған. Мұражайда Ахмет Байтұрсынұлының құжаттары, фотосуреттері, шығармалары мен жеке заттары бар. Бұл мұражай Қазақстанның саяси тарихын жадымызда сақтауда маңызды рөл атқарады және ел тарихына қызығушылық танытатын туристерді тартады.

Қазақстандағы ең ірі мұражайлардың ішінде **Ықлас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптары мұражайын** да атап өткен жөн. Алматыдағы бұл бірегей мұражайда мыңнан астам музыкалық аспаптар жинағы бар, олардың көпшілігі тарихи-мәдени маңызы бар. Мұнда қазақ көшпенділерінің ғасырлар бойы пайдаланған көне домбыра, қобыз, сыбызғы және басқа да дәстүрлі аспаптарын көруге болады [2, 82 б.].

Сондай-ақ, ел тарихын зерделеуде Жамбыл ауданында орналасқан **«Таңбалы» қорық-музейінің** алатын орны ерекше. Бұл жер екі мың жылдан астам бұрынғы тарихы бар ежелгі үңгір суреттерімен танымал. Таңбалы петроглифтері ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енгізілген және Қазақстанның ежелгі халықтарының рухани өмірінің бірегей айғағы болып табылады.

Осылайша, Қазақстандағы ең ірі мұражайлар тек тарихи-мәдени құндылықтарды сақтайтын орталықтар ғана емес, сонымен қатар маңызды танымдық және туристік нысандар болып табылады. Олар еліміздің бай тарихын, дәстүрі мен өнерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді, сондай-ақ болашақ ұрпақтың мәдени мұрасын дамытуға ықпал етеді.

Қазақстандағы мұражайлар тек құнды жәдігерлердің қоймасы ғана емес, сонымен қатар туризмнің дамуына үлес қосатын маңызды білім және мәдени орталықтар болып табылады. Олар қазақ халқының тарихын, өнерін, салт-дәстүрін тереңірек түсінуге, мұрасын келешек ұрпаққа сақтап қалуға көмектеседі. Бұл мұражайларға бару – еліміздің бай мәдени мұрасымен танысу, оның бірегейлігін сезіну және Қазақстан тарихының жаңа қырларын ашу мүмкіндігі болып табылады. Қазақстанда олар ішкі және халықаралық туризмді дамытуда маңызды рөл атқарады. Еліміздің бай тарихы мен дәстүрлердің алуан түрлілігі және мұражайлардың заманауи дамуы қазақстандық мұражайларды әлемнің түкпір-түкпірінен келген туристер үшін тартымды етеді [4, 113 б.].

Енді осы аталғандарды ескере келе Сарайшық қаласының туризм саласындағы рөлін қарастырайық. Сарайшық – Қазақстанның батыс бөлігінде, Атырау облысында орналасқан көне қала. Ол Жайық өзенінің бойында орналасып, Ұлы Жібек жолының маңызды сауда және мәдени орталықтарының бірі болған. Бүгінде Сарайшық қалашығы тарихи-мәдени ескерткіш ретінде туризмді дамытуда үлкен рөл атқаруда.

Сарайшықтың тарихи маңызы. XIII–XVI ғасырларда Сарайшық Алтын Орда, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы кезеңінде маңызды сауда және әкімшілік орталық болған. Қалада түрлі өркениеттер тоғысып, дамыған инфрақұрылым қалыптасқан. Кезінде бұл жерде керуен жолдары түйісіп, саудагерлер, саяхатшылар мен елшілер тұрақтаған. Бүгінде бұл көне шаһардың орнында археологиялық қазба жұмыстары жүргізіліп, тарихи-мәдени мұра ретінде жаңғырту жұмыстары қолға алынуда.

Туризмді дамытудағы әлеуеті. Сарайшықтың туристік тартымдылығы оның бай тарихи мұрасымен тығыз байланысты. Мұнда туристер үшін бірнеше маңызды нысандар ұсынылуы мүмкін. Осыларға тоқталайық:

Сарайшық тарихи-мәдени музей-қорығы – бұл кешен ежелгі қаланың тарихын баяндайтын экспонаттарға толы. Мұражайда археологиялық олжалар, көне жәдігерлер мен интерактивті көрмелер қойылған. Сарайшық Алтын Орданың, одан кейін Қазақ хандығының маңызды орталығы болды. Ол Ұлы Жібек жолының транзиттік нүктесі болды, бұл оны тарихи туризм үшін тартымды орынға айналдырды. Бұл орданың тарихи маңыздылығын көрсетеді.

Қазақ хандары пантеоны – Қазақ хандығының негізін қалаған хандар мен билеушілердің рухына арналған ескерткіш орын. Мұражайда қала өмірі, Қазақ хандығы мен Алтын Орда билеушілері туралы сыр шертетін жәдігерлер қойылған.

Археологиялық аймақтар мен экскурсиялар – туристерге көне қаланың қазба жұмыстары көрсетіліп, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелері таныстырылады. Ежелгі қаланың қирандылары мен қазба жұмыстары туристерге өткенге шолу жасауғамүмкіндік береді. Мұнда XIV–XVI ғасырларға жататын мешіттердің, кесенелердің қалдықтары, тиындар мен тұрмыстық заттар табылды.

Этнографиялық фестивальдер – көшпенді мәдениеттің жандануына үлес қосып, ұлттық дәстүрлерді көрсететін шаралар ұйымдастыру мүмкіндігі. Туристер қазақ халқының салт-дәстүрімен, мәдениетімен танысып, ұлттық тағамдардан дәм татып, көшпелілер өркениетінің тарихына арналған фестивальдерге қатыса алады, яғни этнографиялық туризмді дамыту мүмкіндігіне ие бола аламыз.

Экологиялық және белсенді туризм. Сарайшық Жайық өзенінің жағасында орналасқан, бұл экотуризмге, балық аулауға және ашық ауада демалуға мүмкіндік береді.

Осы аталғандардан біз туризм үшін Қазақстан мұражайларының маңыздылығын көрдік. Осыған байланысты музейлердің туризм саласына тигізетін ықпалына тоқталайық:

Тарихи-мәдени мұраны сақтау және насихаттау – Қазақстан музейлері елдің мәдени мұрасын сақтауға, зерттеуге және әлемге танытуға ықпал етеді.

Экономикалық пайда – музейлерге келетін туристер жергілікті кәсіпкерлікке, қонақ үйлерге, мейрамханалар мен кәдесый дүкендеріне экономикалық пайда әкеледі.

Қалалық инфрақұрылымды дамыту. Танымал мұражайлардың айналасында мейрамханалар, қонақ үйлер мен көлік бағыттары пайда болып, қаланы туристер үшін ыңғайлы етеді.

Білім беру мен зерттеу қызметі – музейлер ғылыми зерттеулер алаңына айналып, келушілерге ұлттық тарих пен мәдениет туралы құнды мәліметтер ұсынады.

Халықаралық туристік ағынды арттыру – Қазақстан музейлері әлемдік деңгейдегі туристік бағыттардың біріне айналуына ықпал етеді. Шетелдік туристер ұлттық мәдениетпен танысып, жергілікті халықтың салт-дәстүрлерін зерттейді.

Жұмыс орнын құру. Мұражайлар тек мекеме қызметкерлерін ғана емес, сонымен қатар туризм индустриясында жұмыс істейтін адамдарды, соның ішінде гидтерді, аудармашыларды және қонақжайлылық қызметкерлерін жұмыспен қамтамасыз етеді.

Мәдениетаралық алмасу. Түрлі елдерден келген туристер білімдерімен әсер алмасады, бұл халықтар арасындағы өзара түсіністікке ықпал етеді.

Мұражайларды цифрландыру. Қазақстанның заманауи мұражайлары виртуалды және толықтырылған шындық технологияларын, мультимедиялық қондырғылар мен интерактивті көрмелерді белсенді түрде енгізуде. Бұл мұражайларға баруды қызықты етеді және өскелең ұрпақты қызықтырады [5, 46 б.].

Мұражайлардың туризмді дамытуға одан әрі үлес қосуы үшін оларды жетілдіру бойынша келесі ұсыныстарды қарастыруға болады:

Жақсартылған инфрақұрылым және қолжетімділік. Мұражайларға (қоғамдық көлік, автотұрақ, жаяу жүргіншілерге арналған аймақтар) ыңғайлы көлік бағыттарын дамыту.

Цифрлық технологияларды дамыту. Интерактивті карталармен, аудио гидтермен және AR/VR экскурсияларымен мобильді қосымшаларды жасаңыз. Билеттерді онлайн брондау мен электронды кезекті енгізу. Саяхатқа дейін туристерді тарту үшін виртуалды экскурсияларды дамыту.

Іс-шаралар мен уақытша көрмелерді ұйымдастыру. Басқа елдерде және өз елімізде де тақырыптық көрмелер, фестивальдар, квесттер және интерактивті бағдарламалар ұйымдастыру және өткізу, яғни халықаралық ынтымақтастықты кеңейту.

Маркетинг пен ынтымақтастықты жақсарту. Қонақ үйлермен, мейрамханалармен және туристік агенттіктермен бірлескен турпакеттерді әзірлеу. Мұражайды танымал ету үшін әлеуметтік желілерді, бейне

платформаларды және блогерлердің парақшаларын белсенді пайдалану. Туристерді қызықтыратын және жарнама ретінде қызмет ететін сувенирлік өнімдерді әзірлеу. Мұражай кешендерін жаңғыртуға инвестиция тарту.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеу. Туристер үшін шеберлік сабақтарын, дәрістер мен танымдық квесттерді ұйымдастыру. Білім беру бағдарламалары арқылы балалар мен жастарды тарту.

Экологиялық тазалық және тұрақты даму. Энергияны үнемдейтін технологиялар мен экологиялық таза материалдарды қолдану. Жауапты тұтыну мен саналы туризмді алға жылжыту. Туристер демалуы үшін мұражайлардың жанында жасыл аймақтарды дамыту.

Бұл шаралар музейлерді туристер үшін тартымды етуге, олардың келушілерді және туризм индустриясының дамуына ықпалын арттыруға көмектеседі.

Қорытындылай келсек Қазақстан музейлері туризм индустриясының ажырамас бөлігі болып табылады. Олар тарихи-мәдени мұраны сақтап, оны кеңінен насихаттаумен қатар, экономикалық және білім беру салаларына да зор үлес қосады. Сондықтан музейлердің инфрақұрылымын дамыту, цифрландыру және халықаралық деңгейде танымал ету – Қазақстан туризмін жаңа деңгейге көтеру маңызды іс шара.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Ахметова Г.Б. Қазақстандағы музейлік туризмнің дамуы: мәселелері мен болашағы. ҚазҰУ хабаршысы. Географиялық серия – 2021. – №3. – 45-52 б.
2. Байтұрсынова А.Ж. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы туризмді дамыту ресурсы ретінде. Туризм және мәдени мұра – Алматы: ҚазҰУ, 2020. – 78-90 б.
3. Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі. Электрондық ресурс. https://nationalmuseum.kz
4. Оразбаев А.Н. Қазақстандағы мәдени туризм: тенденциялар мен перспективаларды талдау. ҚазАТК ғылыми еңбектері – 2019. – №2. – 112-119 б.
5. Юсупова С.К. Музей ісі және туризм: жаһандану жағдайындағы өзара әрекеттестік. Қазақстан туризм және қонақжайлылық журналы – 2022. – №1. – 34-47 б.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННОЙ ЛИТЕРАТУРЫ:

1. Ахметова Г. Б. Развитие музейного туризма в Казахстане: проблемы и перспективы. Вестник КазНУ. Серия географическая – 2021. – №3. – С. 45-52.
2. Байтурсынова А. Ж. Историко-культурное наследие Казахстана как ресурс развития туризма. Туризм и культурное наследие – Алматы: КазНУ, 2020. – С. 78-90.

3. Национальный музей Республики Казахстан. Электронный ресурс. https://nationalmuseum.kz
4. Оразбаев А. Н. Культурный туризм в Казахстане: анализ тенденций и перспектив. Научные труды КазАТК – 2019. – №2. – С. 112-119.
5. Юсупова С. К. Музейное дело и туризм: взаимодействие в условиях глобализации. Казахстанский журнал туризма и гостеприимства – 2022. – №1. – С. 34-47.

РАЗВИТИЕ МУЗЕЙНОГО ДЕЛА В КАЗАХСТАНЕ И ОПРЕДЕЛЕНИЕ МЕСТА МУЗЕЕВ В СФЕРЕ ТУРИЗМА

Жулдаева Жанат Мухтаровна
Учитель истории СШ № 24
педагог- модератор
г. Атырау

Аннотация: В данном докладе рассматривается эффективное использование на уроке истории музейную педагогику, как инновационный метод для формирования у учащихся гуманизма и личностного воспитания в социальной среде. Также анализируется развитие музеев и туризма в Казахстане, их влияние на культурное и экономическое развитие страны.
Ключевые слова: музейная педагогика, туризм.

Введение. Музеи играют важную роль в сохранении культурного наследия и исторической памяти народов. В Казахстане музейное дело активно развивается, адаптируясь к современным тенденциям и инновационным подходам. Одним из ключевых аспектов является интеграция музеев в сферу туризма, что позволяет расширить их функции и привлечь большее количество посетителей.

Однако значимость музеев выходит далеко за рамки туризма. Они являются не только местом сохранения артефактов, но и важнейшей образовательной и социальной площадкой. В музеях хранятся не просто экспонаты – в них заключена история людей, их традиции, культура и быт. Это своеобразный мост между прошлым и будущим, позволяющий современному обществу понять, откуда оно пришло, и куда движется.

Посещение музеев – это не только экскурсионное мероприятие, но и возможность погружения в исторические события, понимания культурных и этнографических особенностей народа. Для молодежи музеи становятся практическими лабораториями знаний, помогая лучше усвоить материал, связанный с историей, искусством и наукой. Многие профессии, такие как археология, искусствоведение, реставрация, берут свое начало именно из

музеев, где студенты и исследователи могут познакомиться с предметами своего изучения вживую.

